Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында тарихтың өткеніне көз жүгіртіп, жаңа тарихи кезеңдерге жан-жақты баға бере отырып, рухани жаңғыру арқылы болашаққа деген өзінің парасатты пікірлері мен көзқарасын білдірді. «Екі дәуір түйіскен өліара шақта Қазақстанға түбегейлі жаңғыру және жаңа идеялар арқылы болашағын баянды ете түсудің теңдессіз тарихи мүмкіндігі беріліп отыр. Мен барша қазақстандықтар, әсіресе, жас ұрпақ жаңғыру жөніндегі осынау ұсыныстардың маңызын терең түсінеді деп сенемін. Жаңа жағдайда жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс – біздің дамуымыздың ең басты қағидасы», - деп ел келешегіне үміт артады.

«Рухани жаңғыру» болса осы міндетті жүзеге асыруға сеп болатын басты құралға айналмақ. Ұлттық құндылықтарымызды насихаттауға қай пәннің болса да ыңғайы мен мүмкіншіліктері мол [1].

Ұлттық мәселе мен елдік мүддеге бағдарланған асыл мұраттар біртұтас ұлттың пайымы терең, парасатты перзенттері болуға үндейді. Көшбасшымыз: «Мен қазақстандықтардың ешқашан бұлжымайтын екі ережені түсініп, байыбына барғанын қалаймын. Біріншісі – ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды. Екіншісі – алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту керек», – деп, қазақ елінің екі ережені түсініп, тереңнен таразылағанымызды қалайды. «Білімнің салтанат құруы» атты тармағында: «Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді», – деп қазақ жұртының әлемдік кеңістікте кеңінен құлаш сермеп, төрткүл дүниені мойындату үшін бәсекеге қабілетті, білімді болуының маңыздылығын зерделейді.

Отан сүйгіштік рух - қазақ елінің әлемдік өркениетті елдер көшіне қосылып, дүниежүзілік қауымдастықтан лайықты орын алуына мүмкіндік беретін бірден-бір күш. Білім беру мен тәрбиенің негізгі міндеті – Отанның, өз елінің ұлттық құндылықтарына, дәстүрі мен тарихына жері мен суына деген сүйіспеншілігін арттырудан туады. Қазақ мектептерінде оқушыларға қазақ халқының этностық ерекшеліктерін, тарихы мен мәдениетін, сондай-ақ халықтың батыр ұл-қыздарының ерлік істерін дәріптеу жастарға патриоттық тәрбие берудің және оны қазіргі жағдайда зерттеудің қажеттілігін арттыра түседі. Қазіргі кезде Қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға үлкен мән беріліп отырғандығы Қазақстан Республикасы Конституциясында, Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңында, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік «Білім» бағдарламасында, Қазақстан Республикасы Президентінің республика халқына жолдауларында, Қазақстан Республикасы тарихи сананы қалыптастыру, Қазақстан Республикасы мәдени-этникалық білім беру тұжырымдамаларында, «Адам» құқықтарының жалпыға бірдей декларациясында, «Бала құқығы туралы декларацияда және үкіметтің құжаттарында, ғылыми-зерттеу жұмыстары мен ағымдағы басылым беттерінде айқын аңғарылады.

Елбасымыздың рухани жаңғыруының әрбір тармақтарының өзектілігіне мән бере отырсақ, халықтың ел болып замана ағымына икемделу арқылы жаңа дәуірге қадам басуына және өскелең ұрпақтың болашақта дамуына зор мүмкіндік берілгендігіне куә боламыз. Бұл рухани жаңғырудың маңыздылығы мемлекет пен ұлттың ұлттық кодын сақтай отырып, жаһандық үдерістерге бейімделуіне септігін тигізетіндігіне сенім білдіріп, қолдау танытамыз. Мақалада елді рухани жаңғыртудың жолы екі түрде келтірілгені баршаны қуантады. Біріншіден, ұзақ мерзімдік стратегия және оны орындау үшін қысқа мерзімдік жоспар жасақталып, көрсетілген. Осыны жүзеге асыру үшін қандай іске көңіл бөлу қажеттілігі және қандай қадамдардан өтетініміз нақтылы баяндалған. Ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту, сананы жаңаша қалыптастыру, ұлттық кодын сақтай отырып, рухани жаңғыруға бел буу, басқа елдердің озық тәжірибесін, жетістіктерін бойға сіңіріп, пайдамызға асыру және заман ағымына икемделу арқылы жаңа дәуірдің жағымды жақтарын бойға сіңіру туралы айтқанын зиялы қауым тегіс қуана құптап, қуаттап отыр [5].

Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласының қорытынды бөлімі: «Жаңа жаһандық үрдістер ешкімнен сұрамай, есік қақпастан бірден төрге озды. Сондықтан, заманға сәйкес жаңғыру міндеті барлық мемлекеттердің алдында тұр. Сынаптай сырғыған уақыт ешкімді күтіп тұрмайды, жаңғыру да тарихтың өзі сияқты жалғаса беретін процесс. Екі дәуір түйіскен өліара шақта Қазақстанға түбегейлі жаңғыру және жаңа идеялар арқылы болашағын баянды ете түсудің теңдессіз тарихи мүмкіндігі беріліп отыр. Жаңа жағдайда жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс – біздің дамуымыздың ең басты қағидасы. Өмір сүру үшін өзгере білу керек. Оған көнбегендер тарихтың шаңына көміліп қала береді»,

деп тұжырымдайды. Ендеше, біз де жаңартылған жаңа әлемге, алып кеңістікке ізгі ниетімізбен, сергек санамызбен, ұлттық құндылықтарымызбен әрі биік рухымызбен қадам басуымыз ауадай қажет. Президент барша қазақстандықтарға, әсіресе, жас ұрпаққа рухани жаңғыру жөніндегі осынау ұсыныстардың маңызын терең түсінетіндігіне кәміл сенім білдіреді. Сол үшін Елбасы сенімін ақтап, болашағымызға темірқазық болар бағдарды өмірлік ұстанымыздың бір бөлшегі етудің қажеттілігі туындайды. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың: «Мемлекет пен ұлт құрыштан құйылып, қатып қалған дүние емес, үнемі дамып отыратын тірі ағза іспетті. Ол өмір сүру үшін заман ағымына саналы түрде бейімделуге қабілетті болуы керек», – деген жаңа рух, жаңа серпін берген түйінді сөзі әрбір қазақ перзентінің, «Мәңгілік ел» азаматтарының күнделікті көкейінде жүретін қанатты сөзіне айналуы тиіс деп санаймыз.

Оның бірі – ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғырудың болмайтындығы. Екіншісі – алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту. Мұндағы басты идея – болашақ пен өткенді үйлесімді сабақтастыра білу. Озығын алып, тозығын тастау. Елбасының идеясы тарихқа деген көзқарасты түзету мен ұлттық бірегейлікті сақтап, ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту жайлы болып отыр [6].

Рухани байлықтың кемел болғаны бұл жеке азаматтарымыз үшін де, әрбір жеке тұлғадан құралған қоғам, туған еліміз үшін де өте маңызды үдеріс. Ұлттық құндылықтарымызды жаңғырту арқылы жас ұрпақтың санасына патриоттық тәрбиені сіңіру рухани жаңғыруға негіз болады. Яғни, замана сынынан сүрінбей өтіп, ата-бабамыздан жеткен озық дәстүрлерді ұрпақ санасына сіңіре отырып, жаңғырта білуіміз қажет. Сондықтан, рухани жаңғыру елдің ұлттық-рухани құндылықтарынан, әдебиеті мен мәдениетінен нәр ала алу керек және ұлтымыздың барлық ұлттық салт-дәстүрлерін, мемлекеттік тіліміз бен әдебиетімізді, мәдениетімізді, ұлттық рухымызды жаңғырту екені анық. Бұл қажеттілік адами құндылықтар, рухани қазына, жастарды тәрбиелеу, олардың бойына патриоттық рухты сіңіре білу жұмысында рухани салаға басымдық берудің қажеттілігінен туындайды. Сол жастарымызға тәлім-тәрбие мен білім беретін ұстаздарымызға жаңаша идеялар ұсынып, олардың жұмыстарына бағыт – бағдар беріп отыру барысында биылғы 2018-2019 оқу жылында Қазақстан Республикасының Жалпы орта білім беретін мектептерінде оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы Әдістемелік нұсқау хатты түсіндіріп, талдау барысын енгіздім. Әдістемелік нұсқау хат кез келген ұстаздың басты қаруы болмақ. Ұстаздарымыз өз қызметіне қатысты басты құжатпен неғұрлым жақсы таныс болса, соғұрлым олардың жұмыстарының нәтижесі көрінбек. Әдістемелік нұсқау хаттың 2018-2019 оқу жылына арналған ерекшеліктерін тек оқып қана қоймай, оны жұмыс барысында қолдану, бір – біріне түсіндіру, талқылау мақсатында мектепшілік бұйрық шығарып, сол бұйрық негізінде әр бірлестіктер ұжым алдында тиімді әдіс – тәсілдерді пайдалана отырып ұжымға таныстырды, бір - бірін үйретті, тәжірибе алмасты.

Ұлттық патриотизмді қалыптастыруда салт-дәстүрлердің атқаратын орны ерекше. Ұлттық патриотизм дегеніміз – ең алдымен, белгілі бір ұлттың өкіліне сүйіспеншілікпен қарау, оның ұрпақтан ұрпаққа үзілмей жалғасып келе жатқан құндылықтарын бойына сіңіру. Ұлттың салт-дәстүріне құрметпен қарау, оның тілі мен ділін, дінін сыйлау, жетістіктеріне шаттану – ұлттың әрбір өкілінің азаматтық борышы. Біздің зерттеуімізде көтеріліп отырған ұлттық патриотизм әр оқушының өз ұлтының тарихы мен географиясымен, батырлары мен біртуар тұлғаларының ерлік істерін білуіне негізделеді.

Ұлттық қасиеттеріміздің ұрпақ бойында қалыптасуы қоғам игілігі үшін маңызды. Ұрпағымызға ұлттық патриоттық тәрбие беру білім беру орындарында кең көлемде жүргізілуі тиіс. Этнопедагогика – ұлттық тәрбие негізі деп білеміз. Ал ұлттық тәрбие ғаламдағы құндылықтарды бойына сіңіріп, өз құндылықтарын арттыра береді. Ұлттық патриотизмді қалыптастырудың басты құралдары: ұлттық тіл, ұлттық-әдеп ғұрыптар мен

салт-дәстүрлер, ауызекі халық шығармашылығы, ұлттық тарих, ұлттық сәндік-қолданбалы өнер, ұлттық ойындар.

Сонымен жас ұрпақты тәрбиелеу жұмысы қазіргі білім жүйесінің қажетті компоненті болып табылады. Тәрбиенің күрделі процесінің маңызды бір қыры оқушыларды патриоттылыққа бағдарланған тұлғасын тәрбиелеу болуы тиіс. Жастарды патриоттық рухта тәрбиелеу тек қоғам мен мемлекеттің сұраныстарына ғана емес, әрбір оқушының дара тұлғалық дамуына бағытталған педагогика ғылымының қазіргі бағыттарына да сәйкес келуі қажет. Өйткені отанға сүйіспеншілік адамның өзін тұлға ретінде сезінуіне, өз елін мақтан тұтуына, өзін онымен байланысты сезінуіне мүмкіндік береді, ал бұл болса, оның өмірде өзіне сенімді болуына, рухани және адамгершілік құндылықтарының артуына септігін тигізеді. Баланың бойында патриотизмнің белсенді немесе баяу дамуы жеке тұлғаның қажеттіліктеріне, мүдделеріне, мотивтеріне байланысты.

Қазақ қашанда өзінің ұлттық өнерімен ұлық. Ендеше, бұл жолдағы ізденіс пен жаңа шығармашылық көкжиектер мектептің мәртебесін әркез асқақтата беретіні анық. Елбасымыз атап айтқандай, «табыстың кілті - білімде» қай кезеңде болсын, қай салада болсын, біз «Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жететінін» түсінетін уақыт келді. Бүгінгі байлық, бүгінгі мақтан тек қана білімнің, білімдінің айналасында салтанат құрады [7].

Рухани - патриоттық, адамгершілік тәрбиесінде алдымен баланы тек жақсылыққа тәрбиелеп, одан кейін білім берсе, соны мақсат тұтса, ұстаздың, ата - ананың да болашағы жарқын болмақ. «Мен үш қасиетімді мақтан тұтам»- депті Ақан сері. Олар: жалған айтпадым, жақсылықты сатпадым һәм ешкімнен ештеңені қызғанбадым. Бұл үш қасиет әркімнің өз құдайы. Өз құдайынан айрылған адам бос кеуде, өлгенмен тең деген екен. Олай болса жеке тұлғаны қалыптастыруда, олардың жан дүниесіне сеніммен қарап, әр – бір іс әрекетіне мақсат қоюға, жоспарлауға, оның орындауға, өзіне - өзі талап қоя білуге тәрбиелеу - адамгершілік тәрбиенің басты мақсаты. Мақсатқа жету үшін сан алуан кедергілер болуы мүмкін. Ондай кедергілерден өте беруді бала бойына жас кезінен бастап әр пән мұғалімі қалыптастыру жеке тұлғаны қалыптастыру негізін қалайды. «Еліміздің күші - патшада, сәбидің күші - жылауында» демекші біздің күшіміз, қорғанышымыз, сеніміміз адамгершілігімізде болуы керек.

Қорытынды

Өз бетімен ұлт тарихы мен мәдениеті тақырыбына байланысты кітаптармен танысуға, өлең, жыр, мақал-мәтел және аңыз-ертегілер оқуға; одан алған білім дағдыларын ұштай түсу мақсатында шығарма жазу, сурет салу және мектеп мұражайына дереккөздер жинастыруға деген қызығушылықтарын өсіреді.

Жоғарыда көрсетілгендей ұлттық тәлім-тәрбие мәселесі бойынша кейінгі жылдары іргелі зерттеулер жүргізіліп ғалымдардың назарынан түскен емес. Қазірде соңғы педагогикалық тәжірибелер, сондай-ақ психологиялық-дидактикалық және қолданбалы педагогикалық озық технологияларға сүйене отырып, ұлттық тәрбие мәселесін одан ары ғылыми негіздеп, қайта жаңғырту мен дамыту бүгінде өмір талабы болып отыр. Ұлттық тәлім-тәрбие мұраларын мектептегі оқушылар ұжымдарының іс-әрекеттерінде барынша пайдалану – қазіргі кездегі негізгі педагогикалық талаптардың бірі

Сонымен қорытындай келе, осындай халқымыздың маңдайына біткен ұлттық құндылықтарымыз, ерекше дәстүрлеріміз арқылы сонау өткен ғасырлардан өшпес мұра болып қалыптасып келе жатқан дархан халқымыздың таратқан үлгі насихаты асыл мұраларымызды өздеріңіздің талмай, қажымай еткен еңбектеріңіздің арқасында дарынды да тәрбиелі оқушылардың бойына сіңіріп, ұлттық мәдениетімізді әлемдік деңгейдегі мәдениетке жеткізіп сақтауға деген патриоттық сезімді қалыптастыруға, рухани жаңғыруға бір кісідей атсалысайық!

Әдебиеттер тізімі

1. Мәңгілік Ел: – Оқулық / М.Б. Касымбеков, С.Ж. Пралиев, К.К. Жампеисова және т.б. Алматы: «Ұлағат» баспасы, 2015, 336 б.
2. Ұлттық патриотизм негіздері. Оқу құралы. Алматы: Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институты, 2004, 206 б.
3. Қалиев С., Майғаранова Ш., Нысанбаева Г. Тәрбиенің өзекті мәселелері. // Қазақстан мектебі, 1996, №12, Б. 34-38.
4. Крамшенко В. Патриоттық және адамгершілік тәрбиесі // Бастауыш мектеп, 1994, №8, Б. 9-10.
5. Жарқынбеков С. Ерлік –ел мұраты //Бастауыш мектеп, 1996, №3, Б. 42-43.
6. Демеуова Ләззат. Ғаламдық ойлауға бейімдеу. "Қазақстан мектебі", 2003, № 8, Б. 40-41.
7. Абсатова М.А. Технология интегративного обучения. Алматы: Ғылым, 2004, 140с.

Аннотация

Глава государства подчеркнул важность возрождения и подчеркнул основные функции и особенности этого возрождения: «Как и в прошлом, возрождение не должно разделять исторические практики или национальные традиции. Напротив, мы должны быть в состоянии преобразовать успешные традиции, которые не прошли испытание временем, в важные предпосылки для успешного возрождения. Если пробуждение не укоренится в духовных корнях нации, оно начнет теряться. В то же время духовное возрождение важно в том смысле, что оно способно трудно пересекать и пересекать различные полюсы национального сознания». Хорошо известно, что наша суверенная страна добилась хороших результатов в политических и экономических реформах. Он подчеркивает необходимость уделять приоритетное внимание духовным ценностям в работе человеческих ценностей, духовных ценностей, воспитания молодежи и воспитания в них патриотического духа. Это означает возрождение всех национальных традиций, национального языка и литературы, культуры и национального духа нашего народа.

Abstract

The head of state emphasized the importance of the revival and emphasized the main functions and features of this revival: “As in the past, the revival should not share historical practices or national traditions. On the contrary, we must be able to transform successful traditions that have not passed the test of time into important prerequisites for a successful rebirth. If revival does not take root in the spiritual roots of the nation, it will begin to be lost. At the same time, spiritual rebirth is important in the sense that it is difficult to cross and cross the various poles of national consciousness”. It is well known that our sovereign country has achieved good results in political and economic reforms. He emphasizes the need to give priority to spiritual values in the work of human values, spiritual values, the education of young people and the education of a patriotic spirit in them. This means the revival of all national traditions, the national language and literature, the culture and national spirit of our people.

ӘОЖ 910:2-13

Р.Н. Кенжебай¹, Д.А. Утеева¹, С.Т. Жорабай¹, Г.Б. Жетпісбаева²

¹п.ғ.к., доцент, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан

¹магистр, оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан

¹магистр, оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан

²география пәнінің мұғалімі, №67 Көмешбұлақ орта мектебі, Сайрам ауданы, Түркістан облысы

«КИЕ» ҰҒЫМЫ ЖӘНЕ ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ КИЕЛІ ЖЕРЛЕРІ

Түйін

Бүгінгі таңда жастарға рухани тұрғыдан тәлім-тәрбие беруде ата-бабаларымыздан қалған асыл мұралар мен құндылықтарды оқу-тәрбие ісінде қолданудың аясы кеңейіп келеді. Техника мен технологияның қарқынды дамыған заманында, жастардың керексіз ақпараттарды ғаламтордан жиі қолдануы – рухани тұрғыдан жұтандаған ұрпақтың қалыптасуына сеп болды. Сондықтан елбасы болашақ ұрпақты дұрыс бағытта тәрбиелеу мақсатында Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдаулары мен бағдарламасын жолдайды. Атап айтсақ, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Мәдени мұра», «Ұлы даланың жеті қыры», «Қазақстанның киелі жерлері» т.б. Сондай-ақ білім беру саласында да жас ұрпақты ұлттық мұралармен тәрбиелеу жұмыстары әр қырынан жүргізіліп келеді. Осы мақсатта сан алуан іс-шаралар өткізіліп, факультативті сабақтар мен тәрбие сағаттары жүргізіледі. Әсіресе, жастарға патриоттық тәрбие беру, Отансүйгіштік сезімдерін дамыту бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналды. Н.Назарбаевтың «Туған жер» бағытындағы «Қазақстанның киелі жерлері арқылы» тәрбиелеу мәселені шешудің дербес жолы болмақ. Мақала мазмұнында кие сөзінің этимологиясы тереңінен қарастырылған. Қазіргі таңда ұлан-ғайыр жеріміздегі тарихи ескерткіштер, қасиетті мекендер, сакральді орындар жан-жақты зерттелініп, жыл өткен сайын құнды мәліметтермен толығып, жаңарып келеді.

Кілттік сөздер: кие, киелі, қасиетті, сакральды, киелі жерлер, рухани, география, Түркістан облысы, табиғи-ландшафтық нысандар, археологиялық ескерткіштер, архитектуралық ескерткіштер.

Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Мәдени мұра», «Ұлы даланың жеті қыры», «Қазақстанның киелі жерлері» т.б. бағдарламалары мен Жолдауларының болашақ ұрпаққа тәлім-тәрбие берудегі маңызы зор. Әсіресе, қазіргі рухани тұрғыдан жұтандаған заманда ұлттық құндылықтарды дәріптеудің қажеттілігі айқын көрініс беруде. Оның басты мақсаты – болашақ ұрпақты ата-бабалардан қалған жауһарлар мен жәдігерлер арқылы тәрбиелеу. Мұны елбасы өзінің әрбір халыққа арнаған үндеуі мен жолдауында айтып келеді. Солардың бірі қазақ жеріндегі «киелі», «қасиетті», «сакральды» орындар.

Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласындағы «Төртіншіден, жергілікті нысандар мен елді мекендерге бағытталған «Туған жер» бағдарламасынан бөлек, біз халықтың санасына одан да маңыздырақ - жалпыұлттық қасиетті орындар ұғымын сіңіруіміз керек. Ол үшін «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» немесе «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы керек. Әрбір халықтың, әрбір өркениеттің баршаға ортақ қасиетті жерлері болады, оны сол халықтың әрбір азаматы біледі. Бұл - рухани дәстүрдің басты негіздерінің бірі....Біз жат идеологиялардың әсері туралы айтқанда, олардың артында басқа халықтардың белгілі бір құндылықтары мен мәдени символдары тұрғанын есте ұстауымыз керек. Тиісінше, оларға өзіміздің ұлттық құндылықтарымыз арқылы ғана төтеп бере аламыз. Қазақстанның қасиетті жерлерінің мәдени-географиялық белдеуі - неше ғасыр өтсе де бізді кез келген рухани жұтандықтан сақтап, аман алып шығатын символдық қалқанымыз әрі ұлттық мақтанышымыздың қайнар бұлағы. Ол -

ұлттық бірегейлік негіздерінің басты элементтерінің бірі» сөздері осының басты дәлелі іспеттес [1].

Қазіргі таңда ұлан-ғайыр жеріміздегі тарихи ескерткіштер, қасиетті мекендер, сакральді орындар жан-жақты зерттелініп, жыл өткен сайын құнды мәліметтермен толығып, жаңарып келеді. Зерттеу жұмыстарын ҚР-ның көптеген ғылыми-зерттеу институттары, ЖОО-ның ғалымдары мен білімгерлері, жергілікті жердің «Рухани жаңғыру» штаб-пәтерлері және дербес адамдар жүргізіп келеді. Осы тақырыптың аясында ғылыми мақалалар, диплом жұмыстары, диссертациялар, оқу құралдары жазылып, ғылыми жобалар қолға алынған. Біздер де магистрлік диссертацияны аяқтап, болашақта «Түркістан облысының киелі жерлер географиясы» атты монографияны жазуды жоспарлап отырмыз.

Біздер зерттеу жұмысымызда, алдыменен «кие», «қасиетті», «сакральды» сөздерінің этимологиясын қарастырдық. Докторант М.И.Рахимов «Киелі сөзінің этимологиясы туралы» атты мақаласында: «Ғылымның дамуы адамдар өміріндегі рухани өлшем қажеттілігімен, олардың оны жоғары, киелі мағынасымен үйлесімді үндестіруге ұмтылысымен байланысты екендігі сөзсіз. Сондықтан да ненің сакральді екендігін түсіну, қоғамның рухани жаңғыруында киелі жерлер географиясының рөлін анықтау, киелі жерлердің жүйесін құрылымдау қағидаттарын жасауымен маңызды болып отыр» жазылған.

Отандық тарих ғылымында киелі географияға қызығушылық салыстырмалы түрде жақында ғана пайда болды. Тек «киелі» сөзіне қатысты ой-пікірлер әр түрлі тұжырымдармен ерекшеленеді. Мазмұнды түрде «киелі» сөзі жиі дін немесе метафизикамен байланыстырылады. Сондықтан Қазақстанның киелі жерлерін зерттеуде, ең алдымен «қасиетті», «киелі» сөздерінің этимологиялық астарына тоқталу керек. «Киелі» деп біз нені айтамыз? «Қасиетті», «киелі» санатына қандай орындар кіреді? Неліктен ол киелі? Себебі осы сауалдың нәтижесінде қоғамда әр түрлі көзқарастар туындаса, ғылымда әр қилы ұстанымдар қалыптасқан.

М.И.Рахимов «киелі» сөзінің мағынасын зерттеуде көне деректер мен бүгінгі тың мәліметтерді үйлестіре қолданған. Еуропалық ғалымдар Э.Дюргейм, Р.Отто, М.Элиаде тура немесе жанама түрде «киелі» мәселесін қарастырған. Ғалымдар киелі терминінің анықтамасына қатысты түрлі тұжырымдар қалыптастырып, тарих пен мәдениеттегі көрініс ерекшеліктеріне сипаттама жасаған. Қазіргі кезде ғылымда «киелі» сөзінің анықтамасына қатысты бірнеше түсініктемелер беріледі [2].

Философиялық сөздіктерде «киелі» дегеніміз (латын тілінен – *sager*) – құрмет тұту, қасиетті деп жариялау, құдайға арналған [3], ал «қасиет» сөзінің мағынасын (латын тілінен – *mysterium, tremendum*) – адамды бір мезетте бақытты ете алатын немесе қорқыныш пен үрейге иландыратын белгісіз күш деп анықтаған [4]. Э.Бенвениста тұжырымы бойынша, «*sager*» құпия мағынасын білдіреді, ал «*sanctus*» - жағдай, адамдар қалыптастырған тыйым салулардан туындайды деп келтірген [5].

Терминологиялық сөздіктерде «киелі» мен «культ» терминдерінің мағынасының үйлесетінін көрсеткен. Латын тілінде «*cultus*» - сыйыну, құрметтеу, қамқорлық жасау дегенді білдірген [6]. Ағылшын тілінде «культ» термині тұңғыш рет 1617 жылы адамға немесе затқа адал болу мағынасында қолданылған. Негізі культпен көбіне діни рәсімдер байланыстырылады.

Докторант сонымен қатар қазақ халқындағы кие сөзінің этимологиясын қарастырған. Қазақ сөзіндегі «киелі» ұғымының мағынасы М.Қашқаридың «Түрік сөздігінде» «КИЕ» - қасиет қонған «кісілік» [7], анықтамасында берілсе, Ж.Баласағұнидің «Құтты білігінде» киелі сөзі орнына «иесі» сөзін қолданған екен [8].

Бұл жерде «ие» деген жанның иесі, иелік етушісі Тәңірі екендігін айтады. Яғни «киелі» түсінігі трансцендентальдік, мистикалық дүниемен байланыс ретінде қарастырылған. Қазақтың түсіндірме сөздігінде «киелі» сөзіне екі түрлі анықтама берілген, біріншісі – ескі, қасиетті мағынасында, екіншісі – қадірлі, абыройлы, ардақты [9].

Бұл орайда зерттеуші С.И.Ожеговтың түсіндірме сөздігін қарастырып,

«сакраментальный – қасиетті, маңызды» ұғымының қазақша түсіндірмемен мағынасының үндесетінін анықтаған [10].

Докторант сонымен қатар әлеуметтанушы Э.Дюргейм, неміс философы Р.Отто, дінтанушы М.Элиаделердің еңбектерін қарастырып, «сакральдылық», «нуминоз», «sanctum», «augustum», «Иерофания» ұғымдарын қарастырып, «кие», «сакральды» сөздерінің мағынасын айқындай түскен.

Айғаным Мұстапаева «Қазақстандағы киелі жерлер географиясының объектілерін зерттеу тарихы» атты мақаласында жоғарыдағы терминдерді қазіргі зерттеулермен ұштастырған.

Қазіргі заманауи қоғамда «сакральдік», «сакральді кеңістік» секілді ұғымдарға әр түрлі түсініктер берілген. Ал ол қоғамдық танымды құрылымдауда олардың құндылығын сөзсіз төмендетеді. Жоғарыда аталған дефинициялар, анықтамалар түсінігі үшін негізгі қайнар көзі ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың еңбегі болып табылады.

Ә.Марғұлан атындағы Археология институтының ғылыми қызметкері, Түркістан археологиялық экспедициясының жетекшісі Е.Смағұловтың пікірінше «әр елде, әр халықта өзінің киелі, әулие орындары, әйгілі тарихи немесе мифологиялық нүктесі болған. Олар мемлекет аймағында өмір сүріп жатқан әр халықтың этногенезі үшін, түсінігі үшін маңызды болып саналады. Бұлар адамдарды жерге, мәдениетке бекітетін негіздер деп аталатын тірек нүктелер» [11].

Шығыстанушы-ғалым М.К.Әбусейітова киелі жерлер ескерткіштерін халықтың бірегей мәдени мұрасы ретінде бағалаған. Ол: «Ескерткіштер – біздің тарихи жадымызды қалыптастырудың бағдары.

«Қасиетті Қазақстан» Ғылыми-зерттеу орталығының мүшесі, танымал археолог К.Байпақовтың пікірінше: «Киелі жерлер – бұл Қазақстан арқылы өткен, біздің ата-бабаларымыздың ізі жатқан Жібек жолы. Бұл – батырлар шайқасқан орындар. Бұл – біздің орта ғасырдағы қалаларымыз бен сақтардың орасан зор қорғаны: Есік, Берел, Алматы, бұлар – петроглифтер мен түркі дәуірінің киелі жерлері, осының барлығы тарихымыздың негізін құрайды».

Ал «Қасиетті Қазақстан» ғылыми-зерттеу орталығының басшысы Б.Әбдіғалиұлы берген анықтамасы: «Киелі жерлер нысандар - Қазақстан халықтарының жадындағы мәңгі құндылыққа ие және ұлттық бірлік пен жаңғыру символы ретіндегі ардақ тұтатын табиғи және мәдени мұралар объектілері, зайырлы және мәдени сәулет өнерлері, кесенелер, тарихи және саяси оқиғалармен байланыстағы орындар.

ҚР Мәдениет және спорт министрі А.Мұхамедіұлы «Киелі жерлер географиясының қазақстандықтар үшін, оның барлық тарихи, аңызға толы өзінің Отанын білуі үшін, сонымен қатар Қазақстанның табиғи деректерін әлемдік қауымдастыққа көрсете білуі үшін жасалатындығын» атап өткенді. «Қасиетті Қазақстан» орталығының сараптама тобы киелі жерлер нысандарды іріктеу өлшемдерін жасап шығарған. Оларға сәйкес келесі киелі орындардың ара-жігін ашып көрсетеді:

- табиғи-ландшафтық нысандар;
- археологиялық ескерткіштер;
- архитектуралық ескерткіштер;
- аса ардақты мәдени нысандар;
- тарихи тұлғалар және саяси оқиғалармен байланысты орындар.

2018 жылғы зерттеу бойынша облыста 1278 тарихи және мәдени ескерткіштер орналасқан, оның ішінде - 1 халықаралық маңызы бар нысан (Қ.А.Яссауи кесенесі), 33-республикалық маңызы бар нысандар (ҚР-ның 100 киелі орындары), 434-жергілікті маңызы бар нысандар және 810 нысанның алдын-ала тізімдері жасалынған. Дегенмен бұл тізімге енбей қалған нысандар да болуы мүмкін. Ал оны анықтау болашақтың еншісінде. Біз өзіміздің жұмысымызда 33-республикалық маңызы бар нысандарды қарастырдық. Соның негізінде төмендегідей кесте құрастырдық.

Кесте 1- Түркістан облысының киелі жерлер географиясы

№	Киелі жерлер географиясының санаты	Енгізілген нысандар	Географиялық орны
1	2	3	4
1	Ерекше қорғалатын табиғи мұра ескерткіштері	Қазығұрт тауы	Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы
2	Археологиялық және архитектуралық ескерткіштер	-	-
3	Ірі орта ғасырлық қалалық орталықтар және Қазақ хандығының астаналары	Сауран қалашығы (XIII-XVIII ғғ.)	Түркістан облысы Түркістан қаласы
		Отырар қалашығы (I-XVIII ғғ.)	Түркістан облысы Отырар ауданы
		Созақ қалашығы (X-XVIII ғғ.)	Түркістан облысы Созақ ауданы
		Сайрам (Исфиджаб) қалашығы (XIII-XVII ғғ.)	Түркістан облысы Сайрам ауданы
4	Діни және ғибадат орындары	Қ.А.Яссауи кесене-кешені (Рабия Сұлтан Бегім кесенесі XV ғ., Үлкен Қылуат XII ғ., Күлтөбе (Ясы) қалашығы, Гауһар ана кесенесі), Үкаш ата мазары (IX-X ғғ.).	Түркістан облысы Түркістан қаласы
		Арыстан баб кесенесі (XII ғ.)	Түркістан облысы Отырар ауданы
		Ибраһим ата кесенесі (XI-XII ғғ.), Қарашаш ана кесенелері (XI-XII ғғ.)	Түркістан облысы Сайрам ауданы
		Қарабура кесенесі	Түркістан облысы Сарыағаш ауданы
		Бәйдібек би кесенесі, Домалақ ана кесенесі.	Түркістан облысы Бәйдібек ауданы
5	Тарихи тұлғаларға қатысты	-	-
6	Тарихи оқиғаларға байланысты	Ордабасы тауындағы «Бірлік» монументі	Түркістан облысы Ордабасы ауданы

Жинақталған мәліметтерді жүйелеу мен сараптаудың негізінде біздер, төмендегідей тұжырымдар жасадық:

1. «Киелі», «қасиетті», «сакральды» сөздерінің этимологиясын қарастырдық.
2. Облыстың киелі орындары көбінесе Ұлы Жібек жолы бойының маңында орналасқан.
3. Зерттеу кезінде киелі орындарға кіргізуге болатын нысандар санының көптігі анықталды.

Әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру». АСТАНА. Мына сілтемеде: <http://www.akorda.kz/ru> (2017-жыл 12-сәуір).
2. Рахимов М.И. «Киелі сөзінің этимологиясы туралы. Мына сілтемеде: <http://www.edu.e-history.kz> (2017-жылғы 12-сәуір)
3. Циренова Л.А. Краткий философский словарь. 2-е изд. М.: РГ – Пресс, 2014, 496с.
4. Бенвенист Э. Словарь индоевропейских социальных терминов: пер. с фр. /общ. ред. и вступ. ст. Ю.С. Степанова. М.: Прогресс-Универс, 1995, 456с.
5. Ефремова Т.Ф. Новый словарь русского языка. Толково-словообразовательный. М.: Русский язык, 2000, 122с.
6. Егеубай А.Қ. Махмұт Қашқари Түрік сөздігі. Үш томдық. Алматы: Хант, 1998, 600 б.

7. Әдеби жәдігерлер. 20 томдық. ҚР мәдениет және ақпарат министрлігі, ҚР Білім және ғылым министрлігі, М. Әуезов ат. Әдебиет және өнер институты; [құраст. М.Жармұхамед - ұлы, С.Қорабай, С.Қосан]. 11-том: Хорезми Мұхаббат-наме/ Тәзкіре-и Бұғрахан, Алматы: Таймас, 2010, 488б.
8. Жүсіп Баласағұн. Құтты білік /Көне түркі тілінен аударып, алғы сөзі мен түсініктерін жазған А.Қ.Егеубаев. Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2007, 477б.
9. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі/ бас редактор І.К.Кеңесбаев. 2 том. Алматы: Рауан, 1971, 956 б.
10. Ожегов С. И. Толковый словарь русского языка. М.: Русский язык, 1986, 900 с.
11. Мұстапаева А. «Қазақстандағы киелі жерлер географиясының объектілерін зерттеу тарихы». Мына сілтемеде: <http://www.edu.e-history.kz> (2017-жылғы 12-сәуір).

Аннотация

Сегодня сфера использования наследия и ценностей наших предков в образовательном процессе расширяется в духовном воспитании молодежи. В быстро развивающейся технологии и технологии частое использование нежелательной информации через Интернет привело к формированию духовно искаженного поколения. Именно поэтому Президент посылает ежегодные послания и программы народу Казахстана для воспитания будущих поколений в правильном направлении. «Ориентация на будущее: духовное наследие», «Культурное наследие», «Семь граней Великой степи», «Святая земля Казахстана» и другие. Также в сфере образования - работа подрастающего поколения с национальным достоянием. С этой целью организуется широкий спектр мероприятий, организуются факультативные занятия и учебные часы. В частности, патриотическое воспитание молодежи, развитие патриотизма стало сегодня актуальной проблемой. Воспитание Н.Назарбаева «Через священные места Казахстана» в направлении «Земли суши» является личным способом решения проблемы. В содержании статьи этимология слова глубоко предусмотрена. Исторические памятники, святилища, святые места теперь тщательно исследуются и ежегодно пополняются ценными сведениями. Исследования проводятся многими научно-исследовательскими институтами Казахстана, учеными и студентами университета, штаб-квартирой «Духовного Ренессанса» и независимыми людьми. В рамках этой темы были написаны научные статьи, дипломы, диссертации, учебные пособия и научные проекты.

Abstract

Today, the sphere of using the heritage and values of our ancestors in the educational process is expanding in the spiritual education of youth. In rapidly developing technology and technology, the frequent use of unwanted information over the Internet has led to the formation of a spiritually distorted generation. That is why the President sends annual messages and programs to the people of Kazakhstan to educate future generations in the right direction. "Orientation to the future: spiritual heritage", "Cultural heritage", "Seven faces of the Great steppe", "Holy land of Kazakhstan" and others. Also in the field of education - the work of the younger generation with a national treasure. To this end, a wide range of events is organized, optional classes and study hours are organized. In particular, the patriotic education of youth, the development of patriotism has become an urgent problem today. The education of N. Nazarbayev "Through the sacred places of Kazakhstan" in the direction of "Land Land" is a personal way to solve the problem. The etymology of the word is deeply provided for in the content of the article. Historical monuments, shrines, holy places are now carefully researched and annually updated with valuable information. The research is carried out by many research institutes of Kazakhstan, scientists and university students, the headquarters of the "Spiritual Renaissance" and independent people. As part of this topic, scientific articles, diplomas, dissertations, study guides and research projects were written.

ӘОЖ37.013.28

Ж.У. Керимбекова, Ж.Т. Досжанова, А.А. Садыкова

аға оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент,
Қазақстан

аға оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент,
Қазақстан

аға оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент,
Қазақстан

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУДЫҢ НЕГІЗІНДЕ ЖАҢА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ САПАСЫН ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Түйін

Бүгінгі таңда ХХІ ғасырдың білім беру саласы негізгі үш ерекшеліктен тұратынын байқауға болады. Олар: біріншіден, адамдар өмір бойы алған білімдерін жаңғыртып, дамытып отырады; екіншіден, оқушының жас, ой, мүмкіндік ерекшеліктеріне қарай білім беріледі; үшіншіден, бүкіл білім беру жұмысы халықаралық деңгейде басқалармен қатар, қат-қабат іске асырылады. Білім бәсекеге сәйкес, қазіргі кезеңнің талабына сай жұмыс істеуге бағытталады. Бұл ерекшеліктер қазірдің өзінде бізге байқалып келеді. Ал, сол жаңарған технологияны өз уақытында тілін тауып, жұмыстың мүддесінен шығудың өзі тыным таппай ізденуді, білмегенімізді күні-түні үйренуді талап етеді. Жоғарғы технология саласын айтпағанның өзінде, қарапайым өмірде осыдан оншақты жыл бұрын компьютерді игеру дәл бүгінгідей жалпыхалықтық сипатқа ие болуы мүмкін еместей көрінуші еді. Бүгінгі таңда жас ұрпақты өз халқының тарихын, тегін, салт-дәстүрін, тілін, білімін меңгерген мәдениетті, адами қасиеті мол, шығармашыл тұлға етіп тәрбиелеу – өмір талабы, қоғам қажеттілігі. Ақпараттық- коммуникациялық технологияны бәсекеге ұлттық білім беру жүйесін дамытуға және оның мүмкіндіктерін әлімдік білімдік ортаға енудегі сабақтастыққа қолдану негізгі мәнге ие болып отыр.

Кілттік сөздер: Қазіргі жаһандану процесі, рухани жаңғыру, инновациялық білім, коммуникациялық технологиялар, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар.

Кіріспе

Қазіргі жаһандану процесінде рухани жаңғыру негізінде инновациялық білімді қалыптастыру мен қатар, ұлттық тәрбиені болашақ ұрпақтың бойына сіңіру де аса қажет.

Тәуелсіз Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің міндеті – ұлттық және адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағыдайлар жасау» екендігі атап көрсетілген.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы жас ұрпаққа жан-жақты білім мен тәрбие берудің мемлекеттік саясатының негізгі ұстанымдарын айқындап берді: Қазақстанның барлық азаматтарының білім алуға тең құқылы, әрбір азаматтың интеллектуалдық дамуына, психо-физиологиялық ерекшеліктеріне қарай, білімнің барлық деңгейіне кең жол ашылды. Әрбір азаматтың білім алуға құқылығын негізге ала отырып, оқушы бойына ұлттық құндылық қасиеттерін қалыптастырып, құрметтеуге тәрбиелеуде дидактикалық шарттар, яғни оқыту, тәрбиелеу, дамыту, қалыптастыру үрдісін жан-жақты қамту қажеттілігі туындайды.

Теориялық талдау

Оқытудың жаңа ақпараттық- коммуникациялық технологияларын меңгеру – қазіргі заман талабы. ХХІ ғасыр – ақпараттық технология ғасыры. Қазіргі қоғамдағы білім жүйесін дамытуда ақпараттық – коммуникациялық технологиялардың маңызы зор. Білім беруді ақпараттандыру және пәндерді ғылыми – технологиялық негізде оқыту мақсаттары алға қойылуда. Ақпараттандыру технологиясының дамуы кезеңінде осы заманға сай білімді, әрі

білікті жұмысшы мамандарын даярлау оқытушының басты міндеті болып табылады. Қоғамдағы ақпараттандыру процестерінің қарқынды дамуы жан-жақты, жаңа технологияны меңгерген жеке тұлға қалыптастыруды талап етеді.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 11 – бабының 9 тармағында оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кәсіптік білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттеріне тез бейімделуіне ықпал ететін кредиттік, қашықтан оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану міндеті қойылған [1].

Елбасының «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты жолдауында «Ақпараттық технологиялар мен ақпаратты таратудың жаңа нысандарына бағытталған мамандандырылған білім беру бағыттарын құру міндеті де алдымызда тұр» делінген сондай - ақ «Он лайн тәсіліне оқыту тәжірибесін дамытып, елімізде оқу теледидарын құру қажет» деп атап көрсеткендей бүгінгі күні білім беру жүйесі жаңа педагогикалық технологияға негізделуін және ақпараттық құралдардың кеңінен қолданылуын қажет етеді [2]. Осылайша, оқу – тәрбие үрдісінде жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану заман талабынан туындап отыр. ХХІ ғасыр – бұл ақпараттық қоғам, технологиялық мәдениет дәуірі, айналадағы дүниеге, адамның денсаулығына, кәсіби мәдениеттілігіне мұқият қарайтын дәуір. Кәсіптік оқытуда ақпараттық коммуникациялық технологияларды пайдаланудың басты мақсаты-оқушылардың оқу материалдарын толық меңгеруі үшін оқу материалдарының практикалық жағынан тиімді ұсынылуына мүмкіндік беру. Бұл мақсаттарға жету жолында электрондық оқулықтар, тексеру программалары, оқу программалары сияқты программалық өнімдер қызмет етеді. Кәсіптік оқыту саласында компьютер оқушы үшін оқу құралы. Жаңа заман талабына сай білімді, бәсекеге қабілетті, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды жетік меңгерген, кәсіби біліктілікті жұмысшы мамандарды даярлауда кәсіптік оқытуды жетілдірудің , оның материалдық – техникалық базасын толық жаңартып отыру қажетті оқу құралдарымен қамтамасыз етіліп отырылуы қажет. Осыған байланысты мәлімет алмасуына, қарым – қатынасына ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың кеңінен қолданысқа еніп жылда дамып келе жатқан кезеңінде ақпараттық қоғамды қалыптастыру қажетті шартқа айналып отыр. Келешек қоғамымыздың мүшелері – жастардың бойында ақпараттық мәдениетін қалыптастыру. Осы мақсатты орындау барысында оқушылардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыруда жаңа әдістерді қолдану қажеттілігі туындап отыр.

Білім – болашақ бағдары, кез-келген маман даярлайтын оқу орынның басты міндеттерінің бірі – жеке тұлғаның құзіреттілігін дамыту. Құзірет – оқушының жеке және қоғам талаптарын қанағаттандыру мақсатындағы табысты іс-әрекетіне қажетті білім дайындығына әлеуметтік тапсырыс. Құзыреттілік – оқушының әрекет тәсілдерін жан-жақты игеруінен көрінетін білім нәтижесі. Ақпараттық құзыреттілік – бұл жеке тұлғаның әртүрлі ақпаратты қабылдау, табу, сақтау, оны жүзеге асыру және ақпараттық – коммуникациялық технологияның мүмкіндіктерін жан-жақты қолдану қабілеті. Оқушылардың түпкілікті құзіреттіліктері – білім берудің жаңа нәтижелер. Құзіреттілікті оқушының пән бойынша игерген білім, білігінің жинағы деп қабылдауға келмейді. Ол – оқу нәтижесінде өзгермелі жағдайда меңгерген білім, білік, дағдыны тәжірибеде қолдана алу қабілеті болып табылатын жаңа сапа.

Қазіргі заман талабына сай адамдардың мәлімет алмасуына, қарым-қатынасына ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың кеңінен қолданысқа еніп, жылдам дамып келе жатқан кезеңінде ақпараттық қоғамды қалыптастыру қажетті шартқа айналып отыр. Ақпараттық қоғамның негізгі талабы – оқушыларға ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық ойлау-құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны пайдалану дағдыларын қалыптастыру және оқушы әлеуметінің ақпараттық сауатты болып өсуі мен ғасыр ағымына бейімделе білуге тәрбиелеу, яғни ақпараттық қоғамға бейімдеу.

Ақпараттық технология – қазіргі компьютерлік техника негізінде ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу және тасымалдау істерін қамтамасыз ететін математикалық және

кибернетикалық тәсілдер мен қазіргі техникалық құралдар жиыны [3].

Коммуникация – ақпаратты тасымалдап жеткізу әдістері мен механизмдерін және оларды жазып жинақтап жеткізу құрылғыларын қамтитын жалпы ұғым. Ақпараттық-коммуникативтік технология жағдайындағы жалпы оқыту үрдісінің функциялары: оқыту, тәрбиелеу, дамыту, ақпараттық болжамдау және шығармашылық қабілеттерін дамытумен анықталады.

Оқытудың ақпараттық-коммуникативтік және интерактивтік технологиялары бағыттары:

- а) электронды оқулықтар;
- ә) телекоммуникациялық технологиялар;
- б) мультимедиялық және гипермәтіндік технологиялар;
- в) қашықтықтан оқыту (басқару) Интернет.

Ақпараттық-коммуникативтік технологияны оқу-тәрбие үрдісіне енгізуде мұғалім алдына жаңа бағыттағы мақсаттар қойылады:

- Өз пәні бойынша оқу-әдістемелік электронды кешендер құру, әдістемелік пәндік Web –сайттар ашу;
- Жалпы компьютерлік желілерді пайдалану;
- Бағдарламалау ортасында инновациялық әдістерді пайдаланып, бағдарламалық сайттар, құралдар жасау. (мультимедиялық және гипермәтіндік технологиялар).
- Қашықтықтан оқыту (Internet желісі) барысында өздігінен қосымша білім алуды қамтамасыз ету.

Интерактивтік оқыту технологиясы – бұл коллективтік, өзін-өзі толықтыратын, барлық қатысушылардың өзара әрекетіне негізделген, оқу процесіне оқушының қатыспай қалуы мүмкін болмайтын оқыту процесін ұйымдастыру [4].

Интерактивтік оқыту – бұл, ең алдымен оқушы мен мұғалімнің қарым-қатынасы тікелей жүзеге асатын сұхбаттасып оқыту болып табылады. Сабақтағы интерактивтік әрекет өзара түсіністікке, өзара әрекетке, қатысушының әрқайсысына қажет есепті бірлесіп шешуге алып келетін - ұйымдастыру және сұхбаттасып қарым-қатынас жасауды дамытуды ұсынады.

Оқытудың ақпараттық-коммуникациялық және интерактивтік технологияларын пайдалану – педагогикалық іс-әрекеттердің мазмұны мен формасын толықтыру негізінде оқыту үрдісін жетілдірудің бірден бір жолы. Компьютерлік желілерді, интернет жүйесін, электрондық оқулықтарды, мультимедиялық технологияларды, қашықтан оқыту технологиясын пайдалану оқу орындарында ақпаратты-коммуникациялық технологиялар кеңістігін құруға жағдай жасайды [5].

Ақпараттық-коммуникациялық технологияны дамыту білім берудің бір бөлігі. Соңғы жылдары заман ағымына сай күнделікті сабаққа компьютер, электрондық оқулық, интерактивті тақта қолдану жақсы нәтиже беруде. Білім беру жүйесі электрондық байланыс, ақпарат алмасу, интернет, электрондық пошта, телеконференция, On-line сабақтар арқылы іске асырылуда.

Нәтижелер мен талқылау

Бүгінгі күні инновациялық әдістер мен ақпараттық технологиялар қолдану арқылы оқушының ойлау қабілетін арттырып, ізденушілігін дамытып, қызығушылығын тудыру, белсенділігін арттыру ең негізгі мақсат болып айқындалады [6].

Қарастырылып отырған мәселе ”Жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологиялар ұғымының пайда болуы мен және кәсіптік білім беру саласында компьютердің қолданыла бастауы мен тығыз байланысты. Сонымен, оқушының ақпараттық – коммуникациялық құзырлығын қалыптастырудың негізгі тәсілдеріне мыналар жатады:

Компьютерлік білімдарлықтың белгілеріне компьютерлер мен танымал бағдарламалардың кең түрлілігін бағдарлай білу, олардың мүмкіндіктерін білу, нақты бір жұмыс үшін тиімді программалық құралдарды таңдай білу, бағдарламалық құралдар бойынша және кітапханасының болуы жатады. Кәсіптік білім беретін оқу орындарындағы

ақпараттық – коммуникациялық технологияларды оқытуға арналған мамандық курстарын оқытуды атап көрсету қажет. Осыған байланысты мынадай 2 факторды ұсынуға болады[7].

Соны мен, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды кәсіптік оқыту үрдісінде олдандуға байланысты білім беруді ақпараттандырудың маңызды міндеттерінің біріне айналып отыр. Кәсіптік білім беру ұйымдарының техникалық базасын нығайту, компьютерлерді желілерге қосу, электронды оқу құралдарын дайындау. Өзімнің тәжірибемде тест бағдарламаларын, программалау тілдерін, электронды оқулық немесе электронды көмекші құрал пайдалану барысында өз нәтижесін беріп, білім көрсеткіштері жоғарылауда.

- Компьютермен, түрлі коммуникациялық жүйелер мен алғашқы танысу;
- Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың жеке түрлерін терең, зерттеу, жұмыс істей білу дағдыларын қалыптастыру;
- Ақпараттық - коммуникациялық технологияларды мамандықтарына байланысты қолдана білуді меңгерту.

Компьютер, телекоммуникациялық және желілік құралдар ақпараттарды қабылдаудағы әдістерді өзгертіп, әртүрлі әрекеттерге жаңа мүмкіндіктерді ашып отырып, қазіргі қоғамның даму кезеңіндегі оқыту мақсатының көкейкесті және маңызды мәселелеріне қол жеткізеді. Білім берудегі ақпараттық технологиялар оқытуда қолданылатын электронды құралдар мен оларды функцияналдау тәсілдерінің жиынтығын анықтайды. Кәсіптік оқытуда қолданылатын бағдарламалық-техникалық құралдардың классификациялық белгілері ретінде мыналарды айтуға болады:

- дидактикалық бағыт;
- программалық, техникалық ұсыныс;
- пәндік аумақта қолданылуы.

Бағдарламалық – ақпараттық комплекстің дидактикалық бағыты бойынша классификация белгілері бар, мысалы, іренушілерге компьютер арқылы берілетін білімді келесідей класификациялау керек. Біріншіден, білімді анықталған және анықталмаған деп бөлу қажет болып табылады. Ал, кейінірек жасанды интеллект аумағында зерттеулердің бұл білімдер артикулденетін және артикулденбейтін болып аталатын болды.

Білімнің артикулденетін бөлімі –бұл үйренушілерге ақпараттарды бірнеше бөліктерге бөлу арқылы беруге болатын және оңай құралатын білімдер.

Білімнің артикулденбейтін бөлімі-иитуиция, өтіл (опыт) негізінде құралған білімдер. Бұл бөлімнің білімі үйренушілерге берілмейтін практикалық есептерді шығаруда жеке тапсырмаларды орындау кезінде болатын жерлікті, тапқырлықты және адам өтілінің басқа бөлімдерін қамтиды. Білімнің мұндай классификациясына сүйене отырып, бағдарламалық- аппараттық комплекстерді классификациялауға болады. Осы комплекстер негізінде құралған және артикулденген бөлімін оқытуда қолданылатын технологиялар декларативтік деп аталады. Декларативтік технологияларға мыналарды жатқызуға болады.

- компьютерлік оқулықтар;
- оқытылатын мәлімттер қоры;
- үйренушілерге белгіленген ақпаратты ұсынатын, дұрыс еңгеруін тексеретін, сақтауға мүмкіндік беретін мәтіндік және.....программалары мен басқа компьютерлік құралдар.

Бағдарламалық-аппараттық комплекстерді құруда және.....артикулденбеген бөлімін меңгеруде қолданылатын технологиялар процедурлік деп аталады. Бұл топтың компьютерлік ақпараттық технологиялары білімнің ақпараттарын бірнеше бөліктерге тексермейді және ақпарат бөліктерін қамтымайды. Олар әртүрлі модельдер негізінде құрылған. Бұл жағдайда компьютерлік ақпараттық технологияларға мыналар жатады.

- Қолданбалы бағдарламалар пакеті (ҚБП) ;
- Компьютерлік тренажерлер (КТ) ;
- Зертханалық практикумдер ;
- Ойындардың программалары;
- Мамандықтарына байланысты аппараттарды АКТ көмегімен үйрену.

Білім беруді ақпараттандыру процесі пән мұғалімдеріне, әдіскерлерге, білім мекемелерін басқарушыларға жаңа ақпараттық технологияны өз қызметтеріне жан-жақты пайдалану саласына үлкен талап қояды.

Қазақстан Республикасы білім беру жүйесін ақпараттандырудың Мемлекеттік бағдарламаларының негізгі міндеттерінің бірі ретінде мамандардың осы сала бойынша біліктілігін көтеру және қайта даярлау қарастырылған. Аталған міндеттерді жүзеге асыру мақсатында мамандардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау бойынша курс тақырыптарының мазмұны өзгертіліп, жаңаланды. Оның негізгі мазмұны білім беру мекемелері қызметкерлерінің кәсіби шеберлігін жаңа ақпараттық технологияны пайдалану бойынша жетілдіруге, басқаша айтқанда, білім беруді ақпараттандыруға сай мамандарды жан-жақты даярлауға бағытталған.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияны бәсекеге ұлттық білім беру жүйесін дамытуға және оның мүмкіндіктерін әлімдік білімдік ортаға енудегі сабақтастыққа қолдану негізгі мәнге ие болып отыр. Білім беруді ақпараттандыру, білім салаларының барлық қызметіне ақпараттық технологияны енгізу және ұлттық модельді қалыптастыру қазақстандық білім беруді сапалы деңгейге көтерудің алғы шарты.

Білім беруді ақпараттандыруды жағдайында педагог мамандардың біліктілігін арттыру процесі қазіргі заманның негізгі міндеттерінің бірі болып табылады. Сонымен қатар, олардың ақпараттық сауаттылығын, ақпараттық мәдениетін, ақпараттық және кәсіби құзырлылығын қалыптастыру мәселесі де бүгінгі таңда өзекті міндеттердің бірі. Педагог мамандар біліктілігін арттыруда ақпараттық әлемде оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастырудың негізгі құралдарын, жаңа әдістер мен формаларды кез келген уақытта таба біліуіне мүмкіндік туғызуға, өзін-өзі дамытуына және өздігінен білім алуыға мүмкіндік алады. Бұл жағдайда дамытудың өзектілігі- жаңа ақпараттық коммуникациялық технологияны оқу-тәрбие процесіне жан-жақты, әрі еркін пайдалана білуге үйрету, дайындаудың сапалығымен анықталады.

Жеке - қызметтік тәсілдемеге сүйенсек, мұғалімнің ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану жөніндегі қызметін біз үйренушінің шығармашылық әлеуетін дамытуға, коммуникативтік әрекеттер жасау қабілеттерін дамытуға, оқу қызметі мәдениетін дамытуға, оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерін жандандыруға, оның тиімділігі мен сапасын арттыруға қазіргі қоғамның ақпараттануына байлынысты туындап отырған әлеуметтік тапсырысты өткізуге (информатика және ЕТ саласының мамандарын әзірлеу, АКТ құралдарын пайдаланушыларды даярлау) бағытталған қызмет түрі ретінде қарастырамыз.

Мұғалімнің АКТ пайдалану қызметінің мазмұны қызметтің бір түрі ретінде мыналарды қамтиды:

- уәж- субъектінің қызметке ынталандырады;
- мақсаттар-қызмет қорытындысында қол жететін нәтижелер;
- құралдар-қызметті атқаруға көмектеседі.

Ғылыми зерттеулерде кез келген қызмет берілген жеке тұлғаның қажеттіліктері себепші болатын объективті мақсаты сезінуден басталады деп көрсетеді. Қызметтің тағы бір қосалқы құрылымы нақты қызметті атқаруға итермелейтін уәж болып табылады. Уәж нақты орындалатын қызмет құрылымына әлі кірігіп үлгермеген, яғни әлеуетті болуы мүмкін және аталған құрылымға енген, яғни көкейкесті болуы мүмкін. Қызметтің үшінші құрауышы оны орындау тәсілі. Ол бір жағынан қызмет субъектісінің мақсаттары мен уәжіне сәйкес болса, екінші жағынан оның қызметті орындау үшін қажетті білімнің, еп-дағдылардың болуын көздейді.

Демек, АКТ пайдалану жөніндегі қызмет те үш құрауштан: мақсат-уәж-құралдан тұрады. АКТ пайдалану жөніндегі қызметтің мақсаты:

-үйренушінің шығармашылық әлеуетін дамыту; коммуникативтік әрекеттерге қабілетті болуды дамыту; сараптамалық-зерттеу қызметі дағдыларын дамыту; оқу қызметі мәдениетін

дамыту;

-оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерін қарқындандыру, оның тиімділігі мен сапасын арттыру;

-қазіргі қоғамның ақпараттануымен байланысты пайда болған әлеуметтік тапсырысты өткізу;

АКТ пайдалану жөніндегі қызметтің уәжі – типтік еп – дағдыларды және т.б. бақылау, түзету, басқару, жаттықтыру сияқты педагогикалық функцияларды жеңілдету болып табылады[7]. Демек оқытушының АКТ пайдалану жөніндегі қызметі табиғаттың, оның мақсаттарының, уәжінің өзінің сапалық өзгеруі оқыту мақсатында АКТ пайдалану дағдысына әсер ету жолы мен мүмкін болуы мүмкін. Соны мен бірге АКТ пайдаланудың қызметтік бастауын жандандыру «оқытушының АКТ пайдалану қызметіне дайын болуын» көздейді, бұл өз кезегінде мазмұны жағынан күрделі болып келетін оқу еңбегінің білімін, еп-дағдыларын, компьютерлік –сауатты тұлғаның құндылық бағдарларын, жеке адамның танымдық, зияткерлік, ұйымдастырушылық, эмоционалдық-жігерлілік қасиеттерін қамтиды.

Ақпараттық технологияларды пайдаланудың артықшылықтары мынадай:

1. Олар оқытудағы тақырып шеңберіндегі немесе белгілі бір уақыт аралығында айтылуға тиіс мәліметтер көлемін ұлғайтады.

2. Білімге бір – бірінен үлкен ара қашықтықта орналасқан әр түрлі оқу орнында отырып қол жеткізуге болады:Жоғары сынып оқушыларын емтихандар мен ҰБТ даярлауға арналған жаттықтыру бағдарламаларын пайдалану;

3. Оқытудың жүйесінің көп деңгейлі жетілдіруі олардың таралымдалуы мен оқу сапасын арттырады.

4. Оқушы өз бетінше немесе өзге оқушылармен топтасып бірге жұмыс істеуге мүмкіндік алады.

5. Оқушының танымдық іс-әрекеттері күшейіп, өзіндік жұмыстарды тез орындау мүмкіндіктері артады.

Осылайша оқыту құралдарының бірі – электрондық оқулық. Ол оқушыларды даралай оқытуда жаңа информацияларды жеткізуге, сондай-ақ игерілген білім мен біліктерді тесттік бақылауға арналған программалық құрал.

Білім беру жүйесінде электронды оқулықтарды пайдаланып, үлкен табыстарға жетуге болады. Электронды оқулықтарды пайдалану барысында оқушы екі жақты білім алады: біріншісі -пәндік білім, екіншісі - компьютерлік білім. Электронды оқулықтарды пайдалану оқушының өз бетінше шығармашылық жұмыс жасауына, теориялық білімін практикамен ұштастыруына мүмкіндік береді. Электронды оқулық арқылы оқушы көптеген қосымша материал ала алады, осы алған мәліметтерін компьютерден көргендіктен есінде жақсы сақтайды, өз бетінше жұмыс жасау қабілеті қалыптасады. Осылайша жас ұрпақты оқытуда инновацияны пайдаланудың – шығармашылық жетістіктің негізгі көзі.

Ақпараттық технологиялар орталарын пайдаланудың мақсаттары:

1. Ақпараттық технологияларды қолдану негізінде оқу-тәрбие процесінің барлық деңгейін жетілдіру:

- оқыту процесінің ықпалы мен сапасын арттыру,
- пәнаралық байланысты тереңдету,
- қажетті ақпаратты іздеуді оңайлату және көлемін ұлғайту.

2. Оқушы тұлғасын дамыту, ақпараттық қоғамда өмір сүруге даярлау.

- коммуникативтік қабілеттерді дамыту,
- күрделі жағдайда оңтайлы шешім немесе шешу нұсқаларын қабылдау дағдыларын қалыптастыру.

- компьютерлік графика, мультимедиа технологиясын пайдалану арқылы эстетикалық тәрбие беру,

- ақпараттық мәдениетті қалыптастыру, ақпаратты өңдей білу:

3. Қоғамның әлеуметтік тапсырысын орындау:

- Ақпараттық сауаты бар тұлғаны даярлау;
- компьютерлік орталарды пайдаланушыны даярлау:

Оқыту үрдісінде компьютерлік технологияларды пайдалану келесі мақсаттарға бағытталады:

- компьютерлік технологиялардың мүмкіндіктерін іске асыру арқылы оқыту үрдісінің ықпалдығы мен сапасының деңгейін көтеру;
- танымдық әрекеттердің белсенділігін арттыратын ынталарды қамтамасыз ету;
- қазіргі заманғы ақпарат өңдеу орталарын пайдалану негізінде пәнаралық байланысты тереңдету.

Сабақ АКТ-ны қолданумен өту үшін не істеу керек? Біріншіден, құрал-сайман, кем дегенде бір компьютер, оқытушының идеалды түрде автоматтандырылған жұмыс орны, бірнеше оқушы жұмыс орны, видеопроектор және интерактивті тақта.

Екішіден, компьютерде жұмыс істеу дағдысы бар мұғалім мультимедиялық проектор ережелерімен және интерактивті тақтамен таныс болуы қажет.

Үшіншіден, білім беру өнімдері бар цифрлық компакт-дискілер болуы қажет.

Тәжірибе көрсеткендей, компьютерлік жүйе қолданылатын сабақтар мұғалімнің орнын баспайды, керісінше, мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынасты неғұрлым мазмұнды, жеке тұлғалы және әрекетті етеді. ЭЕМ-ды математика сабақтарында қолдану уақытты үнемдейді, оқушылардың түрткісін (мотивациясын) және оқу-танымдық үдерістің тиімділігін арттырады.

Мұғалім – сабақтағы негізгі әрекетті тұлға. Сондықтан компьютер мен мультимедиялық құралдарды оқытудың тек инструменті ретінде қарастыру керек. Бұл инструменттің көмегі өте мәнді.

Қорытынды

Ақпараттық технологиялардың оқу үрдісінде қолданылуы оқушылардың мүмкіндіктерін кеңейтеді. Ақпараттық технологияның міндеті-оқушыларды білімге қызығушылығын, ізденушілікке баулу. Заман талабына сай сабақта қолданылатын электрондық байланыс оқушылардың қызығушылығын арттырып, зейін қойып тыңдаумен қатар, түсінбей қалған сәттерін қайталап көруге, тыңдауға және алған мағлұматтарды нақтылауға мүмкіндік береді. Өз сабағымда оқушыларды шығармашылыққа жұмылдырып, электронды оқулықты пайдаланамын. Компьютердің мультимедиялық мүмкіндіктерін, анимация мүмкіндігін, ілеспені, дыбыс меншіктеуді, гиперсылқа көріністерін пайдаланып, осы көріністерді пайдалану әрекеттерін қолданып, тамаша, көрнекті, оқушыларды қызықтыра түсетін білім беру сабақтарын ұйымдастырған ыңғайлы. Электрондық оқулықпен оқытудың негізгі мақсаты-оқыту үрдісін үздіксіз және толық деңгейін бақылау, сонымен қатар ақпараттық-ізденіс қабілетін, шығармашылық қабілетін дамыту.

Бүгінгі күні ақпараттар ағымы өте көп. Ақпараттық ортада жұмыс жасау үшін кез келген педагог өз ойын жүйелі түрде жеткізе алатындай, коммуникативті және ақпараттық мәдениеті дамыған, интерактивтік тақтаны пайдалана алатын, Онлайн режимінде жұмыс жасау әдістерін меңгерген мұғалім болуы тиіс. Заман талабына сай жаңа технология әдістерін үйрету, бағат-бағдар беруші – мұғалімдерміз. Оқушылардың жаңа тұрмысқа, жаңа оқуға, жаңа қатынастарға бейімделуі тиіс. Осы үрдіспен бәсекеге сай дамыған елдердің қатарына ену ұстаздар қауымына зор міндеттер жүктелетінін ұмытпауымыз керек.

Әдебиеттер тізімі

1. Назарбеу Н. "Қазақстан — 2030" Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы, Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. Алматы: Білім, 1997, 176 б.
2. Демеуова Ләззат. Ғаламдық ойлауға бейімдеу. // Қазақстан мектебі, 2003, № 8, Б. 40-41.
3. Жошыбаева Гүлнар. Ұлттық мектеп - ел еңсесі. // Қазақстан мектебі, 2003, № 5, Б. 53-59.
4. Абсатова М.А. Технология интегративного обучения. Алматы: Ғылым, 2004, 140с.

5. Кобдикова Ж.У. Оқытудың жаңа технологиясы мен оқушылардың даму мониторингі. // Бастауыш мектеп, 2000, №3, Б. 25-30.
6. Мәңгілік Ел: – Оқулық / М.Б. Касымбеков, С.Ж. Пралиев, К.К. Жампеисова және т.б. Абай атындағы ҚазҰПУ. Алматы: «Ұлағат» баспасы, 2015, 336 б.
7. Абсатова М.А. Технология интегративного обучения. Алматы: Ғылым, 2004, 140с.

Аннотация

Сегодня можно отметить, что образование XXI века состоит из трех основных черт. Они являются: во-первых, улучшить знания, полученные на протяжении всей жизни, будет развиваться; Во-вторых, студент воспитывается в соответствии с возрастом, идеей, особенностями ученика; В-третьих, все образовательные мероприятия осуществляются на международном уровне наряду с другими уровнями. Образование направлено на работу в гармонии с современными требованиями. Эти функции уже видны нам. И тот факт, что пришло время привыкнуть к этой модернизированной технологии и бросить работу, требует, чтобы мы учились день и ночь без остановки. Несмотря на индустрию высоких технологий, разработка компьютера всего несколько десятилетий назад в простой жизни, казалось, носила сегодня общенациональный характер. В наше время воспитание подрастающего поколения как культуры, гуманного, творческого человека, знающего историю, свободу, обычаи, язык, образование, является необходимостью, потребностью общества. Использование информационных и коммуникационных технологий в развитии национальной системы образования и ее способность интегрироваться в мир образовательной среды имеет решающее значение.

Abstract

Today it can be noted that the formation of the 21st century consists of three main features. They are: firstly, to improve the knowledge gained throughout life, will develop; Secondly, the student is brought up in accordance with the age, idea, characteristics of the student; Thirdly, all educational activities are carried out at the international level along with other levels. Education aims to work in harmony with modern requirements. These features are already visible to us. And the fact that it's time to get used to this modernized technology and quit work requires us to study day and night without stopping. Despite the high-tech industry, computer development just a few decades ago in simple life seemed to be nationwide today. Nowadays, the upbringing of the younger generation as a culture, a humane, creative person who knows history, freedom, customs, language, education, is a necessity, a need of society. The use of information and communication technologies in the development of the national education system and its ability to integrate into the world of the educational environment is crucial.

ӘОЖ 374.3.16

А.М. Нұрбекова, И.А. Корнилко

п.ғ.к., доцент, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент,
Қазақстан

п.ғ.к., доцент, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент,
Қазақстан

ЕРЕКШЕ ОҚЫТУДЫ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН БАЛАЛАРДЫ КІРІКТІРЕ ОҚЫТУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

Түйін

Мақалада Қазақстан Республикасының инклюзивті білім берудің тұжырымдамалық негіздері Білім беру ұйымының түрі мен мүмкіндіктеріне байланысты интеграцияның әр түрлі модельдері мен формаларын пайдалануды қарастырады. Бұл әр түрлі санаттағы балаларды бірлесіп оқытудың артықшылықтарын барынша толық іске асыруға мүмкіндік береді. Білім беруде интеграциялық үдерістерді дамыту мүмкіндігі шектеулі балалардың дені сау құрдастарымен бірге білім алудың орындылығы мен мүмкіндігі туралы пікірталасқа алып келеді. Осы пікірталасқа әрбір оқушының білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қажетті жағдайлардың болуы және жалпы білім беру

жүйесіндегі қайта құрулар шекаралары негіз болады. Кейбір жағдайларда (көбінесе зияткерлік салада бұзылған балалар үшін) сыныптастардың когнитивті даму деңгейімен айтарлықтай айырмашылыққа байланысты тек жалпы білім беру сыныбында оқыту аз нәтижесіз болды. Сондай-ақ, табысты интеграция тұрақты бірлескен оқыту жағдайында ғана қамтамасыз етілуі мүмкін екенін атап өтеді.

Кілттік сөздер: әлеуметтік бейімдеу, мүмкіндігі шектеулі балалар, даму кемістігі бар адамдарды әлеуметтік оқшаулау, инклюзивті білім беру бойынша мұғалімдерді кәсіби даярлау.

Кіріспе. Қазақстан Республикасының инклюзивтік білім беруінің тұжырымды негіздері біріктірудің саналуан үлгілері мен түрлерін білім беру ұйымының түрі мен мүмкіндіктеріне байланысты қолдануды қарастырады. Бұл түрлі санаттағы балаларды біріктіріп оқытудың артықшылықтарын мейлінше толық жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Кәзір әлемде инклюзивтік білім беруді ұйымдастырудың барынша жеткілікті үлгілері белгілі, олар көптеген авторлармен арнайы педагогикалық әдебиеттерде ұсынылады [1]. Жалпылап алғанда олар кіріктіре оқытудың келесі нұсқаларын ұсынады:

1. Қажеттіліктері ерекше жекелеген оқушыларды жалпыға білім беру мектептерінің қалыпты сыныптарына қосу: жалпыға білім беру мектептерінің оқу үдерісіне балаларды ішінара қосу (бала тұрақты арнайы мектепте оқиды және қалыпты мектептің жекелеген сабақтарына ғана қатысады); баланы оқуға белгілі бір мерзімге уақытша қосу (әдетте, ұзақ уақытқа емес және баланың барлық пәндер бойынша өз қатарларымен бірдей оқу мүмкіндігін тексеру үшін); барлық оқу мерзіміне толық қосу.

2. Қажеттіліктері ерекше балалар үшін жалпыға білім беру мектептерінің жанынан енгізілген арнайы сыныптар ұйымдастыру: жалпыға білім беру мектептерінің қалыпты жоспарлары және бағдарламалары бойынша бірдей жұмыс жасайтын; қажеттіліктері ерекше балаларға арналған арнайы жоспарлар мен бағдарламалар бойынша жұмыс жасайтын; білім беру жеке білім беру жоспарлары негізіндегі жалпы білім беру стандарттары бойынша ұйымдастырылады.

3. Модулді кіріктірілген білім беру психикалық және тұлғалық кемшіліктері бар балалар үшін жалпыға білім беретін мектептер жанынан арнайы (түзету) мектептің жоспарларымен және бағдарламаларымен жұмыс жасайтын, оқу үдерісімен қатар оңалтуды да қамтамасыз ететін жеке инфроқұрылымы бар модуль-сыныптарын ұйымдастыруды білдіреді.

Теориялық талдау. Білім берудегі интеграциялық үдерістердің дамуы мүмкіндіктері шектеулі барлық балаларды дендері сау қатарларымен бірге оқытудың пайдалылығы мен мүмкіндіктері туралы пікірталастар тудырды. Жалпыға білім беру жүйесін өзгерту шегінің және әр оқушының білім алу қажеттілігін қанағаттандыру үшін қажетті жағдайдың болуы туралы ереже осы пікірталасқа негіз болды [2]. Келесі пікірлер айтылды: кейбір жағдайларда (негізінен интеллектуалдық саласында бұзылулары бар балалар үшін) сыныптастар арасындағы когнитивтік даму деңгейінің бірталай алшақ болуына байланысты, тек жалпыға білім беру сыныбында оқыту тиімсіз. Сонымен қатар, табысты бірлесу үнемі бірге оқу арқылы ғана қамтамасыз етілмейтіні туралы да айтылды.

Бұл пікірталастар бірге оқытудың көптеген нұсқаларын жасауға алып келді, оларға жоғарыда келтірілген үлгілердің түрлі элементтері кіреді. Сонымен, Н.Н. Малофеевтің, Н.Д.Шматконың жіктеулеріне сәйкес [3], жалпыға білім беру мектептеріне даму мүмкіндіктері шектеулі балаларды кіріктірудің келесі түрлерін қарастыруға болады:

1. Тұрақты толық кіріктіру – бұл нұсқада ақыл-есі және психикалық даму деңгейі бойынша жасына сай келетін даму мүмкіндіктері шектеулі балалар жалпыға білім беру сыныптарында жалпы негізде оқытылады және қажетіне қарай жеке маманның көмегін алады. Тұрақты толық кіріктіру дамуында қандай да бір кемшілігі бар баланы мектепке дейінгі топтар мен сыныптарда дамуы қалыпты балалармен тең оқытуды білдіреді. Бұл үлгі психофизикалық және тілдік даму деңгейі жасына сәйкес немесе соған жақын келетін балалар үшін және дендері сау қатарларымен бірге оқуға психологиялық жағынан дайын

балалар үшін тиімді болуы мүмкін [4]. Даму мүмкіндіктері шектеулі оқушыларды толық кіріктірудің маңызды шарты – жалпыға білім беру сыныбында жалпы және арнайы білім беру жүйесінің екі мұғалімінің болуы. Қосымша мұғалімнің міндетіне білім алу қажеттілігі ерекше оқушыға көмек көрсету мен оның сабағын қадағалау ғана кіріп қоймайды, сонымен қатар негізгі мұғаліммен бірігіп, білім беру үдерісін жекелендіру қағидасына сәйкес, педагогикалық әдістер мен тәсілдерді түрлендіру де кіреді.

2. Тұрақты, бірақ толық емес кіріктіру мүмкіндіктері шектеулі мектеп жасына дейінгілермен қатар мектеп жасындағы балаларға да тиімді болуы мүмкін. Ол психикалық даму деңгейі жасынан біршама төмен, түзету көмегін жүйелі және мейлінше қажет ететін, бірақ бірқатар пәндер бойынша қалыпты дамып келе жатқан қатарларымен бірге және тең оқуға, сонымен қатар сабақтан тыс уақытының көп бөлігін олармен бірге өткізуге қабілетті мектеп жасындағы балалар үшін тиімді болуы мүмкін. Тұрақты, бірақ толық емес кіріктіру психикалық даму деңгейлері әртүрлі, бірақ жанама ауытқулары жоқ мектеп жасына дейінгі және мектеп жасындағы балаларға пайдалы болуы мүмкін. Бұндай кіріктірудің мағынасы – баланың бойында бар барлық жасырын мүмкіндіктерді және қалыпты дамып келе жатқан балалармен араласу, әрекеттесу, оқу мүмкіндіктерін мейлінше пайдалану болып табылады [5]. Кіріктіре оқытудың бірнеше тәртіптері мен түрлері бар.

3. Жартылай кіріктіру – кіріктірудің бұл түрінде оқушылар жеке сынып жағдайында оқиды, бірақ қалыпты дамыған оқушылармен бір білім беру ортасында біріктірілген. Олар жалпы мектепшілік барлық оқыту және тәрбие беру шараларына, жалпыға білім беру сыныптарының оқушыларымен қатар, тең құқықта тартылады. Сонымен қатар, бұл түр жеке оқытылатын, бірақ сыныптағы кейбір сабақтарға оқушылармен бірге қатыса алатын балалар үшін де қолданылады. Жартылай кіріктіру қажетті біліктер пен дағдылардың аздаған бөлігін ғана өзінің қалыпты дамып келе жатқан қатарларымен тең игеруге, олармен бірге сабақтан тыс уақытының аз бөлігін ғана өткізуге қабілетті балалар үшін пайдалы болуы мүмкін. Жартылай кіріктіру – мектеп бағдарламасын дендері сау қатарларымен тең меңгеруге қабілетсіз балалар үшін басым түр болып саналады. Жартылай кіріктіру аясында дамуларында кемшіліктері бар балалар уақыттарының бір бөлігін ғана дендері сау қатарларымен бірге өткізеді (мысалы, күннің екінші жартысын).

Нәтижелер мен талқылау. Тұрақты жартылай кіріктірудің мәні – мүмкіндіктері шектеулі балалардың өздерінің қалыпты дамып келе жатқан қатарлармен қарым-қатынастарын кеңейтуі болып табылады [6]. Жартылай кіріктіру қалыпты топтары да, арнайы топтары да бар аралас түрдегі мектепке дейінгі ұйымдарда, сонымен қатар дамуларында белгілі бір ауытқулары бар балалар үшін ашылған арнайы сыныптары бар жалпыға білім беру мектептерінде қамтамасыз етілуі мүмкін.

Жартылай кіріктіру үлгісі мүмкіндіктері шектеулі балаларды тек жалпыға білім беру сыныптарында оқыту мен арнайы білім беру мекемелерінде оқыту арасындағы аралық нұсқаны білдіреді. Жартылай кіріктіру үлгісін жүзеге асыру білім беруді ұйымдастырудағы екі түрдің үйлесуін білдіреді – қалыпты дамып келе жатқан қатарларымен біріктіру жағдайында және арнайы ұйымдастырылған сыныптарда немесе аз топтарда (жалпы мектеп кеңістігіндегі). Сипатталып отырған бұл үлгі аясында білім алу қажеттіліктері ерекше барлық оқушылар толық кіріктіру үлгісіндегіге ұқсас қажетті қосымша психологиялық-педагогикалық көмек алады.

Бірқатар елдерде (Германия, Австрия, Польша, АҚШ және басқа) бұл үлгі интеллектуалдық дамуларында ауытқулары бар балаларды оқытудағы басым түр ретінде қарастырылады. Даму деңгейлері қалыпты балалардан бөлек оқытылатын пәндер тізімі, оқушылардың білім алу мүмкіндіктері ескеріле отырып, анықталады: мейлінше қиын пәндер (математика, ана тілі және басқалар) – бөлек оқытылады, аса қиындық тудырмайтын пәндер (мысалы, эстетикалық циклдегі) – біріктіріліп оқытылады. Сонымен бірге, жалпыға білім беру мектептебінде даму мүмкіндіктері шектеулі балалар үшін сабақтан тыс шараларға (экскурсиялар, мерекелер, мектептегі концерттер мен мерекелер) қатысуға жағдайлар

жасалады [7].

4. Уақытша кіріктіру – кіріктірудің бұл түрі денсаулық мүмкіндіктері шектеулі, жеке оқытылатын, бірақ өздерінің дендері сау қатарларымен әлеуметтік араласуға (сыныптан тыс тәрбие сағаттарына, жалпы мектепшілік шараларға қатысуға) мүмкіндіктері бар балалар үшін қолданылады. Уақытша кіріктіру кезінде арнайы топтың немесе сыныптың барлық тәрбиеленушілері, қол жеткізген даму деңгейлеріне қарамастан, біріккен тәрбие сағаттарын өткізу үшін айына 2 реттен кем емес өздерінің қалыпты дамып келе жатқан қатарларымен бірігеді. Уақытша кіріктірудің басты мақсаты қалыпты дамып келе жатқан қатарларымен қарым-қатынас жасаудың алғашқы тәжірибелерін меңгерту болып табылады. Уақытша кіріктіру, негізінен, келешекте мүмкін болатын кіріктіре оқытудың мейлінше жетілдірілген түріне дайындық сатысы. Кіріктірудің бұл үлгісі қалыпты топтары да, арнайы топтары да бар аралас түрдегі мектепке дейінгі ұйымдарда, сонымен қатар арнайы сыныптары бар жалпыға білім беру мектептерінде жүзеге асырылуы мүмкін [8].

5. Кіріктірудің эпизодтық үлгісі - өз тәрбиеленушілерін қалыпты дамып келе жатқан балалармен бірге тәрбиелеу және оқыту бойынша бағытты жұмыс жасау мүмкіндіктері шектеулі арнайы мектеп пен мектепке дейінгі ұйымдарға бағытталған. Эпизодтық кіріктірудің мәні дамуларында айқын кемшіліктері бар балалардың қатарларымен аз да болса араласуын ұйымдастыру, тек мүмкіндіктері шектеулі балалар ғана оқитын арнайы (түзету) ұйымдарда жасалатын әлеуметтік қарым-қатынастың объективті шектеулерін жеңу.

6. Аралас кіріктіру – кіріктірудің бұл түрі даму мүмкіндіктері шектеулі балаға жоғары білікті маманның көмегін ұсына отырып, оны жалпыға білім беру сыныбына қосуды және жалпы сыныпта оқыту үшін, оның білім алуындағы ерекше қажеттіліктеріне сәйкес, арнайы жағдай жасауды қарастырады. Аралас кіріктіру даму деңгейлері қалыпқа жақын балаларға, арнайы ұйымдастырылған сабақтарда дефектолог мұғалімнен көмек ала отырып, жалпыға білім беру сыныптарында оқуға мүмкіндік береді.

7. Мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпыға білім беру мектептерінің арнайы сыныптарында оқытуды кіріктірудің бір түрі деп санауға болады. Дегенмен де, бұны инклюзивтік білім беру деп атауға болмайды. Жеке сыныптарда оқыту кезінде қатарларының мүмкіндіктері шектеулі балалармен жиі араласа бермейтіндерін тәжірибе көрсетеді, ал инклюзивтік білім берудің алғышарты қарым-қатынас екені белгілі.

Қорытынды. Кіріктірудің саналуан үлгілерін сараптау әр баланың өзінің білім алу құқығын білім беру ұйымының кез-келген түрінде жүзеге асыруына және бұл кезде өзіне қажетті арнайы көмек алуына мүмкіндігі барын растайды. Білім беру үдерісін осылай ұйымдастыру кезінде барлық оқушы балалар мектептің қоғамдық өміріндегі әлеуметтік белсенді қызметке тартылады, бұл баланың бейімделу мүмкіндіктерін жоғарлатуға және тұлғаның жеке қабілеттерін ашуға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі

1. Пугачев В.П. Руководство персоналом организации. Москва: Аспект пресс, 2005, 54 с.
2. Дружилов С.А. Профессиональная компетентность и профессионализм педагога: психологический подход. Сибирь: Образование, 2005, 44 с.
3. Маркова А.К. Психология профессионализма. Москва. Знание, 1996, 312 с.
4. Даму мүмкіндіктері шектелген балаларға кіріктірілген (инклюзивті) білім беруді ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар. Астана: ҚР БҒМ Хаты № 4.02.4.45. - 2009.
5. Ерекше қажеттіліктері бар балаларды жалпы білім беру үдерісіне енгізу үлгілерін дайындау. Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2015, 48 б.
6. Назарова Н.М. Арнайы педагогикадағы интеграция түсінігі. Екатеринбург: Знание, 2008, 264 б.
7. Коркунов В.В., Брызгалова С.О. Арнайы білім алу қажеттіліктері бар баланы жалпыға білім беру ортасына енгізудегі арнайы білім берудің қазырғы заманғы үлгісі //Арнайы білім

беру. 2006, №7, Б. 7-12.

8. Малофеев Н.Н. Инклюзивтік білім беру мәселелері және денсаулық мүмкіндіктері шектеулі балалардың құқықтарын қорғау. Москва: Знание, 2011, 43 б.

Аннотация

В данной статье рассматриваются концептуальные основы инклюзивного образования в Республике Казахстан. Понятие «инклюзивное образование» сформировалось из убеждения в том, что образование является основным правом человека и что оно создаёт основу для более справедливого общества. Все учащиеся имеют право на образование, независимо от их индивидуальных качеств и проблем. Понятие «инклюзивное образование» сформировалось из убеждения в том, что образование является основным правом человека и что оно создаёт основу для более справедливого общества. Все учащиеся имеют право на образование, независимо от их индивидуальных качеств и проблем. Права детей на развитие личности в системе образования, ориентированного на индивидуальные потребности, и в том числе право детей с отклонениями в развитии учиться в тех же школах, где учатся их сверстники, живущие по соседству, признаны международными стандартами прав человека. Также рассматривается проблема успешной интеграции детей с особыми потребностями в общество.

Abstract

This article discusses the conceptual foundations of inclusive education in the Republic of Kazakhstan. The concept of "inclusive education" was formed from the belief that education is a fundamental human right and that it provides the basis for a more just society. All students have the right to education, regardless of their individual qualities and problems. The concept of "inclusive education" was formed from the belief that education is a fundamental human right and that it provides the basis for a more just society. All students have the right to education, regardless of their individual qualities and problems. The rights of children to develop their personality in an education system that focuses on individual needs, including the right of children with developmental disabilities to study in the same schools as their peers who live in the neighborhood, are recognized by international human rights standards. The problem of successful integration of children with special needs into society is also considered.

ӘОЖ 374.3.16

А.М. Нұрбекова¹, Г.Д. Сейдулла¹, А.С. Керімбай²

¹п.ғ.к., доцент, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан

¹магистр, аға оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан

²магистрант, Silkway халықаралық университеті, Шымкент, Қазақстан

ЕРЕКШЕ ОҚЫТУДЫ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН БАЛАЛАРҒА БІЛІМ БЕРУ ИНТЕГРАЦИЯСЫНЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТТАРЫ

Түйін

Мақалада білім берудегі интеграциялық үдерістердің дамуы мүмкіндігі шектеулі балалардың дені сау құрдастарымен бірге білім алудың орындылығы мен мүмкіндіктері туралы пікірталасқа әкеп соқтырды. Осы пікірталасқа әрбір оқушының білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қажетті жағдайлардың болуы және жалпы білім беру жүйесіндегі қайта құрулар шекаралары негіз болды. Кейбір жағдайларда (көбінесе зияткерлік салада бұзылған балалар үшін) сыныптастардың когнитивті даму деңгейімен айтарлықтай айырмашылыққа байланысты тек жалпы білім беру сыныбында оқыту аз нәтижесіз болды. Сондай-ақ, табысты интеграция тұрақты бірлескен оқыту жағдайында ғана қамтамасыз етілуі мүмкін екенін атап өтті. Педагогтар мен мамандар баланың қамы үшін өзара келісіп жұмыс істеу керектігі түсінікті. Алайда, инклюзивті білім беруде басымдылық даму мүмкіндігі шектеулі балалармен нәтижелі жұмыс тәжірибесі бар мамандарға, яғни мұғалім-дефектологтарға беріледі.

Кілттік сөздер: әлеуметтік бейімдеу, мүмкіндігі шектеулі балалар, даму кемістігі бар адамдарды әлеуметтік оқшаулау, инклюзивті білім беру бойынша мұғалімдерді кәсіби даярлау.

Кіріспе. Инклюзивті білім берудің маңызды қағидаларының бірі ведомствоаралық интеграция және әлеуметтік серіктестік қағидасы болып табылады. Мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға білім беру интеграциясының стратегиялық мақсаттары тек әлеуметтік серіктестік және жалпы білім беретін педагог пен медициналық, психологиялық, дефектологиялық сала мамандары арасындағы тұрақты әрекеттестік барысында ғана орындалатыны түсінікті болып отыр. Педагогтар мен мамандардың өзара әрекеттестігі - бұл баланың проблемаларын шешуде кешенді ыңғай жасауды қамтамасыз ететін, балалар мен жасөспірімдерді дамыту, оқыту, тәрбиелеу мен әлеуметтендіру міндеттерін шешуге бағытталған, білім беру үдерісінің субъектісін (бала, сынып, топ) қолдау бойынша педагогтар мен мамандардың біріккен әр түрлі әрекеті дегенді білдіреді [1]. Осылайша, психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде жалпы білім беру үдерісінде даму мүмкіндігі шектеулі балаларды педагогикалық қолдауда мамандардың өзара әрекеттестігі, бұл пәнаралық ыңғай жасау үдерісінде психологиялық-педагогикалық қолдаудың стратегиясын, тактикасын, мазмұны мен динамикасын жасауға, даму мүмкіндігі шектеулі бала мен оның отбасының проблемаларын нәтижелі және кешенді шешуге қабілетті әр түрлі саладағы мамандардың (педагогтар, дефектологтар, психологтар, логопедтер) біріккен күшімен жасалған жүйелі түрдегі ықпал ретінде қарастырылады.

Теориялық талдау. Жалпы білім беру үдерісінде даму мүмкіндігі шектеулі балаларды педагогикалық қолдауда мамандардың өзара әрекеттестікке мыналар жатады:

- бала проблемаларын анықтау және шешуде, әр түрлі саладағы мамандардан білікті көмек көрсетілуде кешенділік;
- баланың тұлғалық және танымдық дамуын көпәспектiлi талдау;
- баланың оқу-танымдық, сөйлеу тiлдiк, эмоционалды-ерiктiк және тұлғалық салаларының жеке жақтарын түзету және жалпы дамытудың кешендi жеке бағдарламасын жасау [2].

Мұндай өзара әрекеттестік әр түрлі міндеттерді нәтижелі шешу және координациялауды анықтайды:

- даму мүмкіндігі шектеулі балалардың психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңестен өтуі және оларды білім беру үдерісіне қосудың, оның ішінде инклюзивті сыныптары үшін білім беру бағдарламалары мен оқу-әдістемелік кешенді таңдау шарттарын анықтау;
- оқушыларға арналған оқу құралдары мен дидактикалық материалдарды бейімдеу;
- жалпы білім беретін ұйым мамандарының кәсіби құзыреттілігін арттырумен байланысты іс-шараларды жоспарлау және ұйымдастыру;
- бірігіп өткізетін іс-шараларды жоспарлау және ұйымдастыру (пәнаралық консилиумдар, оқыту және тәжірибелік семинары, әдістемелік бірлестіктер және т.б.);
- жалпы білім беретін ұйымдарда инклюзивті тәжірибесін мониторингілеу және бағалауды ұйымдастыру;
- координацияланған шешімдерді қажет ететін басқа да сұрақтар бойынша.

Жалпы білім беретін мектепте инклюзивті білім беруді нәтижелі жүзеге асыру үшін жұмысы мүмкіндігі шектеулі және басқа балаларға бағытталған педагогтар мен мамандардың міндеттерін бөлісуде белгілі бір теңгерім (баланс) сақтау қажет. Осы жерде атақты ресейлік ғалым Н.Н.Малофеевтың [3] сөзін еске алуға болады: «инклюзивті мектепте мұғалім ешқашан проблемамен жалғыз қалмайды, себебі, арнайы көмек пен қолдаудың көлемі мен сипаты баланың барлық ерекше қажеттіліктерін ескере отырып, құрамына мектеп әкімшілігі, жалпы білім беру мұғалімдері, педагог ассистенттері, арнайы педагогтар, психологтар мен оқушы ата-анасы кіретін ұжыммен – барлық командамен анықталады». Ресейлік ғалымның пікірінше, бұл анықтама жақсы естілгенмен, шынайы өмірдегі жағдайды

емес, идеалды модельді сипаттайды [4]. Малофеев Н.Н. маман - дефектологтың орнын «команда» ауыстыра алады деген «шынайы сенім» өткен ғасырдың 60-жылдардағы халық театры кәсіби театрды ығыстырады деген ұстаным сияқты екендігін ескертеді. Сол сияқты, керемет санаторийлер мен демалыс үйлерінің көбеюіне байланысты ауруханаларды қысқарту ешкімнің ойына келмейтіні анық. «Құрамына мектеп әкімшілігі, жалпы білім беру мұғалімдері, педагог ассистенттері, арнайы педагогтар, психологтар мен оқушы ата-анасы кіретін команда» оларға білікті көмек көрсете алады. Сонымен қоса, ЕБА бар балаға арнайы дайындықсыз мектеп әкімшілігі, пән мұғалімдері, ата-аналар, тіпті дефектологтар мен психологтардың ұжымдық әрекеті еш пайда әкелмейді» [5].

Нәтижелер мен талқылау. Ресейлік ғалымның кейбір пайымдауының кесімділігіне қарамастан, оның дұрыстығын мойындау керек. Педагогтар мен мамандар баланың қамы үшін өзара келісіп жұмыс істеу керектігі түсінікті. Алайда, инклюзивті білім беруде басымдылық даму мүмкіндігі шектеулі балалармен нәтижелі жұмыс тәжірибесі бар мамандарға, яғни мұғалім-дефектологтарға беріледі. Инклюзивті білім беруді нәтижелі ұйымдастыруда мектеп мұғалімдері өз жұмыстарында мұғалім-дефектологтар берген ұсыныстар мен ұстанымдарды бағдар ретінде, жетекшілікке алуға үйренуі керек.

Инклюзияның мақсатын жүзеге асыру үшін жалпы білім беретін ұйымда әр түрлі саладағы мамандар – психологтар, дефектологтар, логопедтер, медициналық қызметкерлер, т.б. жұмыс істейді. Инклюзивті топта нәтижелі жұмыс істеу үшін мамандардың өзара әрекеттесуін ұйымдастыру үшін түрлі сызбаларын жасау қажет. Әр түрлі санаттағы мамандардың (мұғалім-логопедтер, мұғалім-дефектологтар, педагог-психологтар және т.б.) жұмыс тәжірибелерін көрсету арқылы жиналыстарды, семинар-практикумдерді, әдістемелік бірлестіктерді жоспарлы және тұрақты түрде өткізу, сондай-ақ даму мүмкіндігі шектеулі балаларға инклюзивті білім беру сұрақтары бойынша авторлық әдістемелік құралдарды басып шығару білім беру үдерісіне барлық қатысушыларының өзара байланыс орнатуына, ақпарат алмасуына әсерін тигізеді [6].

Білім беру үдерісінің жалпы сапасын жақсарту үшін оның барлық қатысушылары: әкімшілік, педагогтар, мамандар, балалар мен ата-аналар:

- ✓ Әрдайым бір-бірімен әрекеттестікте жұмыс жасайды.
- ✓ Ашық түрде бір-біріне көмек көрсетеді және көмек алады, кері байланысты жүзеге асырады, кеңестер береді, сыни ескертулер жасайды және оларды тыңдайды.
- ✓ Ортақ іске қосып жатқан жеке үлестері үшін бір-біріне сыйластықпен, алғыспен қарайды.

✓ Мысалы, балалар мен жалпы топтың актуалды даму деңгейі туралы келісілген түсінік жасау, тақырыптық жобалар немесе бала дамуының жеке білім беру жоспарын жасау арқылы топты және балаларды дамытуға ықпал ететін келісілген әрекеттерді жоспарлау секілді, ортақ мақсатқа жету үшін біртұтас кәсіби команда ретінде нәтижелі жұмыс істейді.

✓ Мектеп мұғалімдері мен мамандары өздерінің, әрі жас педагогтардың кәсіби құзыреттілігін жақсарту мақсатында жаңа педагогтармен тәлімгер ретінде жұмыс істейді.

Жалпы білім беретін педагогтарға даму мүмкіндігі шектеулі баланы нәтижелі оқыту мен тәрбиелеу үшін оның барынша ыңғайлы орын мен жағдайды (педагогқа жақын, кейбір балалардан, қоздырғыш болатын заттардан алыстау, тиімді жарықтандыру мен температура, т.б.) ескеру керек.

Мектеп мұғалімдері мен мамандардың командалық жұмысының *бес негізгі қағидаларын* бөлуге болады:

- ✓ инклюзивті білім беруді біртұтас психологиялық-педагогикалық идеология және стратегия ретінде мойындау;
- ✓ маманның шектес пәндерге қызығушылығы, әмбебаптық пен жаңашылдыққа, жаңа білімдерді меңгеруге дайын болу;
- ✓ команданың барлық мүшелерін сыйлау, өзара түсіністік, шынайылық, өзара көмекке дайын болу;

- ✓ білім беру үдерісіне команданың барлық мүшелерінің теңқұқылы қатысуы,
- ✓ ортақ жұмыстың нәтижелері үшін жауапкершілік;
- ✓ команда мүшелерінің рөлдерін нақты бөлу, педагогикалық міндеттерді шешуде көбіне олардың қатысуын қадағалау [7].

Мамандардың командалық жұмысының негізгі бағыттарын қарастырайық:

Бірінші бағыт: біртұтас инклюзивті білім беру траекториясы – мектепке келгеннен оны бітіргенше. Берілген міндетті нәтижелі жүзеге асыру шарттары:

- әрбір кезеңдерде қалыпты даму заңдылықтары мен кезеңдерін білу;
- оқытудың мәжбүрлеген нормативтерін емес, әрбір жастың психологиялық және педагогикалық міндеттерін түсіну;
- «ерекше» балалардың ерекшеліктерінің себебі мен механизмдерін түсінуге сүйене отырып, психикалық дамуының спецификасын есепке алу;
- медикаментозды көмектің мүмкіндіктері мен қандай да бір даму нұсқасының клиникалық көріністерін білу;
- білім берудің әрбір сатысының білім беру міндеттерін есепке алу;
- әр түрлі жас кезеңдерінде балалар ұжымындағы өзара әрекеттестік дамуының кезеңдері мен заңдылықтарын білу.

Екінші бағыт: жалпы білім беретін мектептің инклюзивті кеңістікті қалыптастыру жолдары:

- әр түрлі тренингтерді, соның ішінде команда жасаутренингтері; топтық пікірталастар; фокус-топтар; жеке кеңестер өткізу
- кәсіби «шеберханаларда»; өзара қолдау топтарында жұмыс жүргізу
- нақты проблемалы жағдайларды талдау.
- *Үшінші бағыт:* инклюзивті білім беру үдерісінің мазмұны. Бұл аспектке пәнаралық қолдау әрекеттерінің нәтижелілігі анықталады:
 - инклюзивті білім берудің мазмұнды аймағын анықтайтын нәтижелі мамандардың командасын жасаумен;
 - бала дамуының ерекшеліктеріне және білім беру ұйымының білім беру ортасына, мектеп сыныптарының құрамдалуына адекватты қарым-қатынаспен;
 - даму мүмкіндігі шектеулі балаға көмектің көлемі мен тиімді бірізділігімен;
 - бағдарламалық материалды жеткізу бірізділігі мен тереңдігі баланың мүмкіндіктеріне сәйкес құрылуымен, білім беру бағдарламаларын дұрыс модификациялаумен;
 - бірыңғай пәнаралық команда жағдайында әрекет ету үшін педагогтар мен басқа мамандарды әдістемелік қолдау және біліктілігін арттырумен;
 - ата-аналар және олардың күткен нәтижелерімен психотерапевтік жұмысымен [8].

Қорытынды. Осындай арнайы ұйымдастырылған жұмыстың нәтижесінде даму мүмкіндігі шектеулі баланың білім алу қажеттіліктерін түсінуге көмектесетін, оның жеке даму бағдарламасын жоспарлауға мүмкіндік беретін барлық мамандармен бала дамуының толық көрінісі жасалады. Ерекше білім беруде қажеттілігі бар оқушыларды оқытудағы саралап, деңгейлеп оқыту тәсілі, педагогикалық саралауға сәйкес, оқушылардың жетістіктерін бағалау кезеңін қоса алғанда, тұтас білім беру процесінің барлық кезеңдерінде іске асырылуы тиіс. Қарастырылып отырған санаттағы балалардың даму деңгейіне барабар, баланың дағдылары мен біліктілігі саласындағы табыстарына қатысты педагогикалық есепті білдіретін сипаттаушы баға болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Даму мүмкіндіктері шектелген балаларға кіріктірілген (инклюзивті) білім беруді ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар. Астана: ҚР БҒМ Хаты № 4.02.4.45. - 2009.
2. Пугачев В.П. Руководство персоналом организации. Москва: Аспект пресс, 2005, 54с.

3. Дружилов С.А. Профессиональная компетентность и профессионализм педагога: психологический подход. Сибирь: Образование, 2005, 44 с.
4. Маркова А.К. Психология профессионализма. Москва. Знание, 1996, 312 с.
5. Ерекше қажеттіліктері бар балаларды жалпы білім беру үдерісіне енгізу үлгілерін дайындау. Әдістемелік ұсыныстар.– Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2015, 48 б.
6. Назарова Н.М. Арнайы педагогикадағы интеграция түсінігі. Екатеринбург: Знание, 2008, 264б.
7. Коркунов В.В., Брызгалова С.О. Арнайы білім алу қажеттіліктері бар баланы жалпыға білім беру ортасына енгізудегі арнайы білім берудің қазырғы заманғы үлгісі //Арнайы білім беру. 2006, №7, Б.7-12.
8. Малофеев Н.Н. Инклюзивтік білім беру мәселелері және денсаулық мүмкіндіктері шектеулі балалардың құқықтарын қорғау. Москва. Знание, 2011, 43б.

Аннотация

В статье рассматривается проблема реализации детьми с особыми образовательными потребностями своего права на образование в любом типе образовательного учреждения и получения необходимой им специализированной помощи. При данной организации образовательного процесса все обучающиеся дети оказываются вовлеченными в социально-активную деятельность общественной жизни школы, что позволяет повысить адаптивные возможности ребенка и раскрыть индивидуальные способности личности. Возможность интегрированного обучения – в школе, в классе с обычными одноклассниками с освоением учебного плана, приближенного к общеобразовательному, рассматривается заранее. Сейчас образовательная система настроена на то, чтобы как можно больше детей с инвалидностью и ОВЗ могли учиться в интегрированной инклюзивной форме, так как это благотворно влияет как на ребенка с ограниченными возможностями, обеспечивая ему пребывание в адекватном социуме, так и на окружающих его учеников, обучая их пониманию и толерантности.

Abstract

The article deals with the problem of realization of children with special educational needs of their right to education in any type of educational institution and receive the necessary specialized assistance. With this organization of the educational process, all students are involved in socially active activities of the public life of the school, which allows to increase the adaptive capabilities of the child and reveal the individual abilities of the individual. The possibility of integrated learning – at school, in a classroom with regular classmates with the development of a curriculum close to the General education, is considered in advance. Now the educational system is set up to ensure that as many children with disabilities and disabilities as possible can study in an integrated and inclusive manner. Since this has a beneficial effect on both children with disabilities, ensuring that they stay in an adequate society and on the students around them, teaching them understanding and tolerance.

УДК 37.091

Е.В. Пономаренко, К.Ш. Абдираманова, Г.Е. Тұрлыбекова

д.п.н., профессор, Южно-Казахстанский государственный университет им. М. Ауэзова, Шымкент,
Казахстан

к.т.н., доцент, Южно-Казахстанский государственный университет им. М. Ауэзова, Шымкент,
Казахстан

магистр, преподаватель, Южно-Казахстанский государственный университет им. М. Ауэзова,
Шымкент, Казахстан

ФОРМИРОВАНИЕ ЭКОЛОГИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ СТУДЕНТОВ ПРИ ИЗУЧЕНИИ ФИЗИКИ

Аннотация

Статья посвящена актуальным проблемам экологического образования. Необходимо разработать экологическую оценку будущей профессиональной деятельности в соответствии с условиями преподавания физики. Актуальность статьи заключается в том, что педагогическая технология проектирования является ключевым компонентом в обучении. Процесс физического воспитания должен ориентировать учащихся на экологические ценности в будущей профессиональной деятельности. Личностная ориентация экологического образования знаменует его роль в общей системе непрерывного образования. В статье приводятся цели, задачи и содержание ролевой игры. Как показала практика, проведение ролевых игр по физике способствует решению ряда актуальных проблем. Внимание студентов привлекается к важнейшей проблеме человечества – проблеме выживания в условиях экологического кризиса; усиливается мотивация личности к изучению физических основ экологии; самостоятельно добывается и анализируется полезная с точки зрения физико-экологических аспектов учебная информация. Данная игра является эффективным способом формирования экологической культуры личности.

Ключевые слова: экология, физика, обучение физике, экологическая культура.

Введение

Проблема формирования экологической культуры подрастающего поколения не теряет своей актуальности. В формировании бережного, гуманного, рационального, грамотного отношения к природе и ее ресурсам должны принять активное участие все без исключения организации образования. Каждый педагог должен в рамках своего предмета, своей дисциплины решать задачи экологического образования и воспитания молодежи. Для модернизации экологического образования необходимо более широко внедрять инновационные образовательные технологии, повышать эффективность применения интерактивных методов обучения, разрабатывать новые подходы.

В Южно-Казахстанском государственном университете имени М. Ауэзова экологическому образованию и воспитанию всегда уделялось самое пристальное внимание. В частности, на кафедре «Высшая математика и физика для технических специальностей» в настоящее время проводятся научные исследования по изучению, разработке и внедрению эффективных методов и приемов формирования экологической культуры обучающихся. По результатам анкетирования обучающихся, бесед с преподавателями и студентами было сделано заключение, что экологическое образование реализуется силами отдельных преподавателей, но зачастую носит формальный характер. Соответственно, необходимо привести в систему педагогическую деятельность, педагогические усилия по формированию экологической культуры.

Физику как базовую дисциплину изучают студенты технических специальностей разных направлений подготовки. В рамках одного семестра, одновременно с физикой, изучаются и другие естественнонаучные дисциплины (экология, химия и др.). Логично предположить, что решать задачи формирования экологической культуры следует через

решение общих для естественнонаучных дисциплин методических проблем.

Опираясь на результаты научно-исследовательской работы, предлагаем повысить эффективность формирования экологической культуры студентов при изучении физики с помощью метода ролевой игры. Данный метод достаточно хорошо зарекомендовал себя в обучении, однако его эффективность в аспекте формирования экологической культуры при обучении физики ранее не была выявлена.

Теоретический анализ

Экологическое образование и воспитание являются неотъемлемыми компонентами любой образовательной системы, которая должна быть модернизирована в соответствии с запросами времени на основе анализа и отбора наиболее эффективных моделей образования. Формирование логически выверенной и структурно-завершенной методологии экологического образования будет происходить еще достаточно долго; тем не менее, в соответствии с требованиями государства и общества уже сейчас могут быть обозначены теоретические предпосылки для обоснования и разработки новой модели формирования экологической культуры подрастающего поколения.

Одним из перспективных направлений модернизации образования является обучение педагогов грамотному проектированию [1] как процессу производства знаний и представлений обучающихся о собственном будущем. Проектная деятельность педагога включает: выявление и анализ проблемы, основу которой составляет физиологический, психологический, интеллектуальный или духовный дискомфорт личности; определение свойств, параметров, показателей некоторого будущего объекта, подлежащего проектированию, в форме списка требований к нему; сопоставление требований с параметрами существующих объектов-аналогов и выявление их недостатков и противоречий; формулирование задач проектирования, решение которых снижает степень значимости проблемы; поиск возможных вариантов решения задач с использованием моделей системного анализа и методов активизации мышления; определение критериев и выбор оптимального варианта; визуализация мысленного образа выбранного варианта решения в любой форме и разработка необходимой документации, пригодной для воплощения проекта в реальной действительности; создание, испытание, оценка путем сопоставления свойств нового объекта с исходными требованиями к нему [2] и принятие решения о возможности его практического применения.

В мировом образовательном процессе наметились новые тенденции: на смену репродуктивному образованию приходит творческое овладение знанием, включающее в себя не только освоение мира, но и формирование отношения к нему. Содержание экологического образования рассматривается как открытая система, в которой предполагается возможность его изменения в условиях объективной реальности и в процессе организационно-методического построения учебно-воспитательного процесса [3]. Цели и принципы экологического образования, технология проектной деятельности, основные личностные качества педагога, а также система понятий, содержащая в себе общие контуры и сущность экологизации образования, явились основой его модели. В упрощенном виде она может быть представлена в форме матрицы, вершины которой включают элементы содержания, а ребра – взаимосвязь элементов, направленность и интенсивность его прироста. В этой структуре отчетливо проявляются три линии: дидактическая, воспитательная и синергетическая.

Предметное содержание экологического образования, отражающее явления, факты, закономерности в природе, характеризует дидактическая линия. Воспитательная линия, скрытая как от обучающихся, так и от педагогов, отвечает за включение в содержание образования экологического мировоззрения, мышления, способностей, отношений и коммуникаций. Синергетическая линия является непредсказуемым совокупным результатом совместного действия множества факторов, в том числе внешних (межпредметное взаимодействие, интеграция в изучении явлений природы с позиций смежных наук, межличностные контакты) [4].

Особенности и закономерности развития современных образовательных систем, интеграционных процессов, среды жизнедеятельности, отношений и деятельности человека, позволили обновить принципы экологического образования и воспитания. Это принципы единства культуры и науки, инновационного направления преобразовательной деятельности, концептуальности и недостаточности знаний, упреждения по времени, незавершенности, недосказанности, проблемности, неопределенности и динамичности, системности, целесообразности, направленности на устранение противоречий и преодоление экологических проблем.

Экологические сведения составляют ныне неотъемлемую и важную компоненту курса физики; на их базе формируется экологическая культура специалистов, которая предполагает, в частности, овладение системой знаний о физико-технических и технологических аспектах поддержания равновесия в природе, о способах предотвращения его нарушения. В условиях научно-технического прогресса это служит залогом правильного выбора направления развития производственной деятельности общества, выбора, в котором предстоит участвовать студентам, т.е. служит важным аспектом подготовки молодежи к жизни и труду. Выпускники вузов должны быть готовыми к участию в принятии решений, касающихся хозяйствования в стране и на планете в целом. При изучении физики нужно раскрыть роль понятий и величин как важных физических факторов и параметров протекания различных процессов в биосфере, выяснить их допустимые нормы.

Испытанным средством имитации сложных форм поведения человека является ролевая игра, включающая элемент неопределенности, действия случайных факторов. В игровой ситуации обучающиеся принимают решения, учитывая множество обстоятельств: как довести теоретический замысел до исполнения, какие необходимы для этого сведения, расчеты, детали, устройства, какой это даст экономический эффект, как лучше распределить обязанности, спланировать эту работу во времени. Сложности игровой ситуации тем выше, чем больше факторов приходится учитывать при принятии решения. Взаимодействие партнеров, выполняющих различные роли, должно вытекать из необходимости эффективного, оптимального движения к результату.

Здоровье человека, состояние его физического, духовного и социального благополучия, напрямую связано с общим экологическим состоянием биосферы Земли. Количественные параметры утраты здоровья выражаются в различных показателях: рождаемость, смертность, продолжительность жизни, физическое развитие и др. Один из разделов экологии - экология человека - изучает закономерности взаимодействия человеческих общностей с окружающими их природными, производственными, эколого-гигиеническими факторами. Медицинскими исследованиями доказано, что развитие техногенных изменений биосферы значительно опережает адаптационные возможности человеческого организма. Почти четверть всех болезней и травм в мире связаны с разрывами взаимосвязей в природе и ухудшением состояния окружающей среды. Развитие энергетики, транспорта, промышленности в эпоху научно-технической революции привело к сильному загрязнению биосферы и большим отклонениям от нормы ее основных параметров, что неизбежно ведет к изменению законов функционирования, как ее отдельных биологических систем, так и всей биосферы в целом, к подрыву ее способности к самостабилизации и самоочищению [5-7].

Поскольку именно физика открывает законы природы, используемые техникой в процессах производства, эту связь физики и техники важно раскрыть со «здоровьесберегающей» точки зрения.

Результаты и их обсуждение

Нами разработано несколько ролевых игр, в частности, ролевая игра «Физика, экология и проблемы здоровья». Особенность игры в том, что каждый из игроков старается как можно лучше «разыграть» свою роль: студент-«физик» разъясняет явление с точки зрения науки физики; студент-«курильщик» доказывает свое право на курение; студент-«врач» описывает вред, наносимый организму; студент-«биолог» объясняет процессы, происходящие в живой

клетке; студент-«эколог» рассказывает об экологических проблемах, связанных с антропогенным воздействием вредных веществ на биосферу; студент-«экономист» делает прогнозные предположения о моральных и материальных убытках, и т.д. Именно в диалоге, возникновение которого по ходу игры неизбежно, будет рождаться простая истина об универсальности научного знания, о его востребованности и влиянии на здоровье, природу, общество.

Цели и задачи ролевой игры в том, чтобы: помочь осознать масштабы вреда курения для здоровья человека и окружающей его среды с помощью физических явлений и закономерностей; убедить студентов в необходимости здорового образа жизни; формировать экологическую культуру на основе интеграции естественнонаучных знаний. Предварительная подготовка заключается в том, что студентам предлагается найти материал и подготовить сообщения на тему «О вреде курения». Девизом игры выступает следующее изречение: отношение людей к той или иной опасности определяется тем, насколько хорошо она им знакома. При подготовке к игре студентами подбираются материалы, информация разного рода.

Обратим внимание, что игра проводится со студентами первого курса, для которых применение ролевой игры во время обучения – весьма привычное дело. Они, как правило, хорошо знакомы с ее правилами и преимуществами перед традиционными методами.

Особенностью игры является то, что вопросы ставятся в форме утверждений, а студент, разыгрывающий определенную роль, должен эти утверждения подтвердить на основе знаний по физике. Опишем основные утверждения.

1. *Студенты всегда могут узнать, курят их сокурсники или нет.* Отвечает студент, разыгрывающий роль «физика»: основной фактор - табачный запах, исходящий от курильщиков. Почему мы чувствуем этот запах? Ответ на вопрос дает определение явления диффузии. Диффузия – это самопроизвольное перемешивание веществ. При диффузии частицы одного вещества проникают в промежутки между частицами другого вещества, и вещества перемешиваются. Наиболее быстро этот процесс происходит в газах.

2. *Табачный дым вреден.* Отвечает студент, разыгрывающий роль «биолога». Он приводит ряд фактов, например: 1) табачный дым хорошо смешивается с воздухом и проникает повсюду; запах дыму придает никотин, являющийся одним из сильных растительных ядов, который действует не только на низших, но и на высших животных; 2) если в помещении много табачного дыма, в аквариумах с искусственным продуванием воздуха наблюдались случаи отравления рыб; 3) ядовитые свойства никотина используются в сельском хозяйстве, он является одним из главных компонентов многих препаратов для защиты растений от вредителей.

Продолжает студент-«эколог»: курильщики ежегодно выбрасывают в атмосферу 720 тонн синильной кислоты, 384000 тонн аммиака, 108000 тонн никотина, 600000 тонн дегтя и более 550000 тонн угарного газа. Общая масса окурков на Земле за год составляет 2520000 тонн. Табачный дым, окутывая Землю, задерживает ультрафиолетовые лучи. В среднем 25% всех видов веществ, содержащихся в табаке, сгорает и разрушается в процессе курения; 50% уходит в окружающую среду; 20% попадает в организм курильщика и только 5% остается в фильтре сигареты.

3. *Курение наносит непоправимый вред здоровью.* В дискуссию вступает студент-«физик»: изменение объема происходит из-за механического воздействия на тело. Если его нагревать, то промежутки между частицами увеличиваются, и тело увеличивает объем. Продолжает студент, разыгрывающий роль врача. Он озвучивает следующие факты: температура табачного дыма на 40 градусов выше температуры воздуха, поступающего в рот при курении, что вызывает во рту довольно резкий перепад температур; во время курения одной сигареты происходит 15-20 таких перепадов, что плохо отражается на состоянии зубной эмали; в газовой фракции табачного дыма находится газообразный дёготь, который при охлаждении переходит в жидкое состояние, т.е. конденсируется. При этом он оседает на

пальцах рук, зубах, стенках воздухоносных путей, лёгких, попадает в желудок. При выкуривании одной пачки сигарет курильщик производит около 1 грамма жидкого дёгтя.

4. *У курильщиков хриплый голос.* Звуковое явление – это слуховое ощущение, которое у нас вызывают различные звуки. Продолжает студент-«врач»: «Когда про человека говорят, что у него «прокуранный голос», тем самым уже предполагают, что причина этой особенности – курение. Действительно, хроническое раздражение голосовых связок табачным дымом ведет к тому, что голосовая щель сужается, голос утрачивает чистоту и звучность, становится хриплым, меняется его тембр, создающий «окраску» произносимым словам. При проверке слуха новейшей электронной аппаратурой выяснилось, что у курильщиков слух значительно хуже. И вот почему: под действием никотина барабанная перепонка утолщается и втягивается вовнутрь, подвижность слуховых косточек уменьшается.

5. *Глаза курящего человека красные.* Оптическое явление – это процесс и результат распространения света в различных средах. Свет проявляет себя как волна или как поток частиц. Это та часть электромагнитного спектра, которая воспринимается глазами животных и человека. Видимый свет действует на химические вещества в окончаниях нервных клеток, находящихся в глазном дне человека. Нервные окончания затем посылают сигналы в мозг, интерпретирующий эти сигналы.

Продолжает диалог студент-«эколог». Он обращает внимание на то, что глаза длительно и много курящего человека часто слезятся, краснеют, края век распухают. Никотин, действуя на зрительный нерв, вызывает его хроническое воспаление, вследствие чего снижается острота зрения. При курении сужаются сосуды, изменяется сетчатка глаза, что ведет к частичной потере цветоощущения сначала зеленого свет, а в дальнейшем – красного и желтого.

Это, в свою очередь, снижает быстроту реакции человека в среднем на 25%. Данную информацию нужно иметь в виду, прежде всего специалистам таких профессий, как, пилот, водитель, оператор пультов управления, ибо появившийся дефект зрения может сделать их профессионально непригодными.

6. *Курение не экономично.* В дискуссию вступает студент-«экономист». Он озвучивает ряд фактов. Если запретить в общественных зданиях курить, то расход энергии на вентиляцию можно будет снизить в 2 раза и более, что несколько не скажется на чистоте воздуха в помещениях. Подсчитано, что один курильщик, ежедневно выкуривая 20 сигарет, за год сжигает 117000 квадратных сантиметров бумаги, которой хватило бы на издание книги объемом 300 страниц. Если отказаться на год от привычки курить, то этим можно сэкономить бумагу на выпуск одной книги, а если это сделало 10 человек, то уже можно из сэкономленной бумаги сделать мини – библиотеку.

7. *Рост числа курильщиков увеличивает количество опасных болезней.* В беседу вступает студент-«биолог». Если человек курит в день до 9 сигарет, то сокращает свою жизнь в среднем на 4,6 года. Установлено, что люди, начавшие курить до 15-летнего возраста, умирают от рака легких в 5 раз чаще, чем те, которые начали курить после 25 лет.

Курящие люди в 13 раз чаще заболевают стенокардией, в 12 раз – инфарктом миокарда, в 10 раз - язвой желудка и в 30 раз – раком легких. Ученые выяснили, что курение в 2 раза опаснее для растущего организма, чем для взрослого. Смертельная доза для взрослого человека содержится в одной пачке сигарет, а для подростка – в половине пачки.

Завершить ролевою игру лучше всего следующими словами: «Просто так запретить курить нельзя, а вот убедить бросить курить можно. Изучая физику, мы можем объяснить вред курения своему организму и окружающей среде на научной основе. При курении першит в горле, учащенно бьется сердце, появляются и другие неприятные ощущения, искажается вкус. Это защитная реакция организма, и надо ей воспользоваться – отказаться от следующей сигареты, пока не наступил час, когда сделать это будет не так легко».

В статье приведен лишь один вариант проведения ролевой игры.

Обратим внимание, что игра зачастую «уходит» от намеченного плана, в ходе игры число игроков меняется, появляются новые роли. Бывает и так, что игра не укладывается во временные рамки и требует продолжения, в том числе в виде новых научных исследований, выявления и решения новых проблем, и т.д.

Это доказывает «многовекторность» метода ролевой игры, его практически неограниченные возможности в плане демонстрации новых перспектив самостоятельной работы обучающихся, самообразования и самовоспитания личности студента и преподавателя.

Выводы

Как показала практика, проведение ролевых игр по физике способствует решению ряда актуальных проблем. Внимание студентов привлекается к важнейшей проблеме человечества – проблеме выживания в условиях экологического кризиса; усиливается мотивация личности к изучению физических основ экологии; самостоятельно добывается и анализируется полезная с точки зрения физико-экологических аспектов учебная информация. Иначе говоря, внедрение в процесс обучения физике ролевых игр экологического содержания способствует решению проблем здоровья человека и общества в целом, и является эффективным средством формирования экологической культуры, в том числе за счет системной организации естественнонаучного знания.

Список литературы

1. Егоренков Л.И. Экологическая культура. М.: МГОУ, 2018, 159 с.
2. Зимин В.А. Истоки и развитие экологической культуры, этики и эстетики. Самара: Ас Гард, 2011, 545 с.
3. Казаков Ю.Н. Компетенции экологической культуры и безопасности личности. М.: МПГУ, 2011, 257 с.
4. Яковлева Е.Л. Экологическая культура. Казань: ИЭУП, 2016, 191 с.
5. Яницкий О.Н. Экологическая культура: очерки взаимодействия науки и практики. М.: Наука, 2017, 270 с.
6. Павлов А. Н. Основы экологической культуры. Учебное пособие. СПб.: Политехника, 2004, 334 с.
7. Попова Т.В. Экологическая культура преподавателя высшей школы. М.: МГТУ им. Н.Э. Баумана, 2013, 167 с.

Түйін

Мақалада экологиялық білім берудің көкей кесті мәселелері қарастырылған. Физика пәнін оқыту шарттарына сәйкес болашақ кәсіптік қызметте экологиялық бағалауын жобалау керек. Мақаланың көкейкестілігі педагогикалық жобалау технологиясы жаратылыс ғылымдарын оқытудағы негізгі компонент болып табылатындығын қарастырғанында. Экологиялық білім берудің жеке тұлғаға бағдарлануы оның жалпы үзтіксіз білім беру жүйесіндегі ролін көрсетеді. Мақалада ролдік ойындардың мақсаты, тапсырмалары және мазмұны келтірілген. Тәжірибе көрсеткендей, физикадан рольдік ойындарды өткізу бірқатар өзекті мәселелерді шешуге ықпал етеді. Студенттердің назары адамзаттың маңызды проблемасына – экологиялық дағдарыс жағдайында өмір сүру мәселесіне тартылады; жеке тұлғаның экологияның физикалық негіздерін зерделеуге деген уәждемесі күшейтіледі; физикалық-экологиялық аспектілер тұрғысынан пайдалы оқу ақпараттары өз бетінше өндіріледі және талданады. Берілген ойын оқытудың экологиялық құралы болып табылады.

Abstract

The article is devoted to actual problems of environmental education. It is necessary to develop an environmental assessment of future professional activities in accordance with the conditions of teaching physics. The relevance of the article lies in the fact that pedagogical design technology is a key component in teaching. Process of physics education should orientate pupils on ecological values in future professional activity. Personal orientation of ecological education sign its role in shared system uninterrupted education. In article cited aim, tasks and maintain of role playing game. As practice has shown, role-playing games in physics contribute to solving a number of topical problems. Students ' attention is drawn to the most important problem of humanity – the problem of survival in an environmental crisis; the motivation of the

individual to study the physical foundations of ecology is strengthened; educational information that is useful from the point of view of physical and environmental aspects is independently extracted and analyzed. This game is an effective way of forming an environmental culture of the individual.

ӘОЖ 37.013.28

А.А. Садыкова, С.Б. Айнабек

аға оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент,
Қазақстан

аға оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент,
Қазақстан

ОҚУШЫЛАРДА РУХАНИ АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Түйін

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында ұлттың рухани дамуының жаңа бір бағыт-бағдарын айқындап беріп, Қазақ елінің алдында тағы бір үлкен жауапты міндет тұрғандығын атап өтті. Осыған орай ұлттық сананы айшықтайтын, жаңа рухани қоғам қалыптастыратын, рухы биік, санасы жаңашыл, ұлттық рухта тәрбиеленген, ұлтжанды, отан сүйгіш өскелең ұрпақ қажет екендігі айдан анық. Рухани-адамгершіліктің мәні – адам еңбегіне құрметпен қарау, шығармашылық күші мен мүмкіншілігін дамытудағы рөлінен көрінеді. Рухани-адамгершілік мәдениеті жалпы адамгершілік тұрғысынан алғанда, ол адамның жемісті іс-әрекеті болып табылады. Рухани-адамгершілік қасиеттер адамдардың еңбек мәдениетінде, қоғамдық мәдениеттің көркем және эстетикалық, ғылыми және білім беру компоненттерін өзара байланысын, қоғамдық қатынастағы мәдениетін, рухани-адамгершілік көзқарасын қалыптастырады.

Кілттік сөздер: Қазіргі жаһандану процесі, рухани жаңғыру, “ұлттық”, “ұлтшылдық”, “ұлттық идея”, “ұлттық мүдде”, ұлттық білім беру, ұлттық сананың жаңа белесі.

Кіріспе

Рухани-адамгершілік тәрбиесі – өзіндік сананы дамытуға жағдай жасауды, жеке тұлғаның әдеп ұстанымын, оның қоғам өмірінің нормалары мен дәстүрлерімен келістірілетін моральдік қасиеттерін және бағдарларын қалыптастыруды болжайды. Оқушыларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеу, болашағына жол сілтеу – бүгінгі қажетті, кезек күттірмес мәселе. Әсіресе, мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің мазмұны осы жастағы балалардың ерекшеліктеріне сай келуі тиіс. Рухани-адамгершілік қасиетін қалыптастыру отбасынан басталып, орта балабақша мен мектеп табалдырығында жалғасын табады. Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпаққа-адамгершілік-рухани тәрбие беру. Құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру оның туған кезінен басталуы керек. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған [1].

Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші рөл атқарады. Рухани-адамгершілік тәрбие екі жақты процесс. Бір жағынан ол үлкендердің, ата-аналардың, педагогтардың балаларға белсенді ықпалын, екінші жағынан тәрбиеленушілердің белсенділігін қамтитын қылықтарынан, сезімдері мен қарым-қатынастарынан көрінеді. Сондықтан белгілі бір мазмұнды іске асыра, адамгершілік ықпалдың әр түрлі әдістерін пайдалана отырып, педагог істелген жұмыстардың нәтижелерін, тәрбиелеушілерінің жетіктіктерін зер салып талдау керек. Рухани-адамгершіліктің мәні – адам еңбегіне құрметпен қарау, шығармашылық күші мен мүмкіншілігін дамытудағы рөлінен көрінеді. Рухани-адамгершілік мәдениеті жалпы адамгершілік тұрғысынан алғанда,

ол адамның жемісті іс-әрекеті болып табылады. Рухани-адамгершілік қасиеттер адамдардың еңбек мәдениетінде, қоғамдық мәдениеттің көркем және эстетикалық, ғылыми және білім беру компоненттерін өзара байланысын, қоғамдық қатынастағы мәдениетін, рухани-адамгершілік көзқарасын қалыптастырады. Тәрбиелі мінез адам бойында ибалық қасиеттердің бар екендігін көрсетеді. Рухани дүниесі бай, қажеттіліктері мен қызығушылықтары, талғамы, ой-өрісі кең адамдарды толық мінезді адам дейміз. Мінездің тұрақтылығы адамның адамгершілік түсініктерінен туындайды. Рухани адамгершілік тәрбиесінде тәрбиеші оқу шебері тұлға ретінде тани біліп қана қоймай, үш кезеңді ескеруі, оның дамуын көре білуі қажет. - бұрынғысы; - қазіргісі; - болашағы [2].

Рухани адамгершілік тәрбиедегі педагогикалық шарттардың бірі – кешенділік. Яғни, педагогикалық үрдісте оқушының дүниетанымымен, мінез- құлқының бағалы негіздерімен, оқуға, еңбекке, табиғатқа, өз-өзіне, басқа адамдарға қатынасымен байланысты жүргізілетін рухани тәрбиелік шарт. Рухани адамгершілік тәрбиенің тағы бір шарты, оқу-тәрбие жұмыстарының өмірімен тығыз байланыста жүргізілуі. Балаларды ұжымдық ортада өзін-өзі ұстауына қатысты педагогикалық үрдістегі адамгершілік тәрбиесінің орны ерекше. Рухани адамгершілік тәрбиенің тағы бір шарты балалардың шығармашылық қабілетін дамыту болып табылады. Рухани адамгершілік тәрбиесінде алдымен баланы тек жақсылыққа – қайырымдылық, мейірімділік, ізгілікке тәрбиелеп, соны мақсат тұтса, ұстаздық, ата-ананың да болашағы зор болмақ. Мұғалім мен ата-ананың беделін орынды пайдалануды да шарт ретінде қарастырамыз. Жасөспірімдерді рухани адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеу адамдармен достық, мейірімділік, басқаны түсіну, біреулердің қайғысы мен қуанышына ортақтасу, өзгелердің мінез-құлқы мен пікіріне төзімділік таныту кезінде жетіле түседі. Қазіргі уақыттағы оқушыларды тәрбиелеу ісінде олардың ішкі жан дүниесі мен рухани әлемін тану, дамыту, жетілдіруге арналған бірнеше ісшаралар жүзеге асуда.

Мұндай озық педагогикалық тәжірибелер оқушылардың рухани-адамгершілігін дамыту мақсатында қазіргі кезде біздің оқу тәрбиесі үрдісінде кеңінен қолданылуда. Демек, рухани адамгершілік тәрбиесіндегі басты мәселе – баланы құрметтеу. Өзінің оқушысын өз бетінше білім мен тәрбие алуға үйретпеген мұғалім қазіргі түпкі нәтижеге қол жеткізе алмайтыны белгілі. Бала ықпал ету объектісі емес, ынтымақтаса қызмет ететін тұлғаға айналуы керек. Сондықтан мұғалімге мынадай қызметтер қажет: жылылық, түсінгіштік, сезімталдық, кең ойлай алу, шабыттандыра алу, шығармашылық ізденіс. Сонымен қатар махаббат сезімін, достықты, жауапкершілік пен шындықты түсінеді, яғни мектептердегі тәрбие өсіп келе жатқан балалардың барлық, өмірлік іс-әрекетіне ықпалын тигізеді.

Рухани тәрбиесі дұрыс жастар әрқашан жақсы қасиеттерді бойына сіңіріп, өз идеяларына ұқсауға ұмтылады. Таңдаған болашақ мамандығына лайықты мінез-құлық қалыптастырғысы келеді. Кейбір оқушылар алғашқы кездескен қиындықта-ақ өз күшіне сенімсіздік тудырып, бастаған ісін аяқсыз қалдырады. Оқушының жақсы қасиетке ұмтылған ниетін мұғалімдер кезінде біліп, қиын психологиялық сәттерден байқап, оған қолдау көрсетіп отырған болса мектептерде қайшылық жағдайлар кездеспейді. Оқушыларды ибалыққа баулып, мейірімділік, қайырымдылық, кішіпейілділік, қамқорлық, ізгілік және адамгершілік сияқты қасиеттерді бойларына сіңіру әрбір мұғалімнің және мектептің басты парызы [3].

Оқушылардың рухани-адамгершілік жеке басының даралық ерекшеліктеріне мінез-құлық көрсеткіштігі жатады. Мінез ол адамның өзіндік бағыт-бағдардың, жан дүниесінің ерекшеліктерінің тұрлаулы белгісі. Дана ақын, рухани адамгершілік қасиеттерін талдап жеткізген халықтың ырысы. «Құтты біліктің» негізін қалаушы Ж. Баласағұн адамның мінез-құлқы мен оның қоғамдағы орнына ерекше тоқталады. Адам дүниеге қонақ, сондықтан ол артына ылғи да жақсы сөз бен жақсы ісін қалдырып отыруы қажет. Ол үшін әр кез жаман қылықтан сақтанып, адалдықпен жүріп-тұруы тиіс деген ойлары жақсы мәлім. Ендеше, оқушыларды рухани-адамгершілік тәрбиесі арқылы толыққанды жетілген азамат етіп тәрбиелеу-қоғамымыздың басты мақсаты [4]. Қазақстан – тәуелсіз мемлекет. Тәуелсіз елді

өркенниетті әлемге танытатын, елдер қатарына терезесін тең ететін күш – білім мен білімді ұрпақ. Білімді ұрпақ – егеменді елдің берік тірегі, себебі мемлекеттің болашағы білімді де саналы жас ұрпақтың жеке басының қалыптасып дамуымен тікелей байланысты. Біз білімді ұрпақтың, рухани жан-дүниесі бай, біліктілігі жоғары, талап-талғамы терең болуын, салауатты өмір салтын дұрыс қалыптастыруын қалаймыз. Жаңа ғасырға аяқ басып отырған заманымызда қоғам мүддесіне лайықты, жан-жақты жетілген, басында ұлттық сана-сезім қалыптасқан ертеңгі қоғам иелері боларлық азамат тәрбиелеп өсіру әрбір отбасының, мектептің, жоғарғы оқу орындарының, ортаның, ұжымның барша жұртшылықтың міндеті [5].

Ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, жеке адамның рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтын берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту. Белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеу мектептің оқу-тәрбие үдерісінде алдына мақсат қоя отырып жүргізілген іс-шаралар негізгі орын алады. Жекелей-тұлғалық педагогикалық құндылықтар жүйесіне төмендегі құндылық бағыттарын ұсынады: 327 - құндылықтар, оқушыны әлеуметтік және кәсіби ортада тұлға ретінде қабылдауы; - құндылықтар, тұлғаның талаптарының, көзқарастарының сәйкес келуі (қарым-қатынаста, құрбыларымен іс-әрекеттерінің сәйкес келуі, рухани құндылықтармен алмасуы); - құндылықтар, тұлғаның шығармашылық ерекшелігін дамытуға бейімдеу (әлемдік мәдениетті менгеруі, сүйікті ісімен айналысуы, үнемі жетілуіне ықпалы); - құндылықтар, тұлғаның бойындағы ерекшеліктер іс-әрекет барысында іске асуы (шығармашылық); - құндылықтар, қоғамнан өз орнын таба білуі.

Жоғарыдағы құндылықтар жүйесі өзара бір-бірімен бірлікте іске асса тұлғаның бойындағы құндылықтар қалыптасады деген тұжырым жасайды. Олар тұлғаның толыққанды білім алуының өзін жалпыадамзаттық құндылықтарға жатқызады. Білім беру жүйесінің мәдени-ізгілендіру функциясына бірінші, рухани құндылығын, рухани дамуын қалыптастыруды ұсынады. Тұлға өмірде кездесетін өмірлік кедергілерді жеңе білуі, екінші, моральдық жауапкершілік; үшінші, тұлға ретінде өзін-өзі іске асыруы; төртінші, тұлғаның рухани адамгершілік құндылықтарының қалыптасуы, бесінші, рухани құндылықтарды аша білуі және шығармашылық тұлға ретінде өзін-өзі іске асыруы. Рухани – адамгершілік құндылықтар мәселесін зерттеуші ғалым Ш. Майғаранова “Құндылықтар – тәрбие мен оқытудағы адамгершілікке бағытталған идеалдар. Оларға шындық, қайырымдылық, тұлға, пайда, бостандық, махаббат, шығармашылық, т.б. жатады. Құндылықтар – идеалдарды қабылдау немесе қабылдау сезімі арқылы айқындалып, ақыл-ой сана арқылы қабылданды. Құндылықтар құрметтеу, қошаметтеу, қабылдау тәрізді ұмтылысты білдіреді [6].

Құндылықтар – сезім мен ақыл-ойдың ұштасуын және сол арқылы адамның іс-әрекетін белгілейді. Білім берудегі құндылық бағдар сезім мен ақыл-ойға тең дәрежеде сүйенуі қажет. Осы тепе-теңдіктің болмауынан білім жүйесінде сыңаржақты педагогикалық көзқарастар орын алып келгені белгілі. Сондықтан да, мектептерде құндылық – бағдарлы тәрбие үлгісін ұстанып, оны өмірге ендіру көкейтесті мәселелердің бірі болып табылады, -деп атап көрсетеді. Оқушылардың бойында рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруда олардың жеке бас және жас ерекшелігіне байланысты тұлғаның тәрбиелілігін білімге, қоршаған әлеуметтік ортаға, табиғатқа, еңбекке, өзіне деген қатынасы оның іс-әрекеті, мінез-құлқы, қарым-қатынасы арқылы айқындалады.

Рухани-адамгершілік тәрбиені ұйымдастыру барысында төмендегі іс-әрекеттер атқарылды: - қоғамдағы жаңа әлеуметтік экономикалық және мектептегі әлеуметтік ортаның ерекшеліктерін ескере отырып рухани адамгершілік тәрбие берудің жалпы мектептік бағдарламасы жасалды; - оқушылардың білімдік және тәрбиелік деңгейлерін анықталды; - мақсатты нақты айқындауға байланысты тәрбие беруге байланысты формалар мен әдістерді таңдау және практикаға ендірілді; - зерттеудің аралық және қорытынды нәтижелелерін айқындауға байланысты бақылау срездерін жүргізілді; - негізделген және нақтыланған

әдістемелік ұсыныстарды іс-тәжірибеге енгізілді. Оқушылардың пән сабақтарында меңгерген білімдерін, үлгі-өнегелерін сыныптан тыс жүргізілетін жұмыстарда пайдалану қоғамдық еңбекпен айналысуға, ой-өрістерінің кеңеюіне үлкен ықпалын тигізе отырып, рухани адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Адамгершілік – адамның өзіне тән жеке тәртібін реттейтін, сүйіспеншілік, адалдық, шындық, әділдік, еңбексүйгіштік, ұжымшылдық сынды адамгершілік категорияларды, адамгершілік нормаларды, сапаларды біріктіретін тұлғалық сипаттама. Адамгершілік норма – тұлғаның қоғаммен, табиғатпен, қоршаған әлеуметтік ортамен қарым-қатынастағы іс-әрекеті болып табылады.

Адамгершіліктің негізгі мінез - құлық нормалары мен ережелерінен тұрады. Ол адамдардың іс- қылықтарынан, мінез- құлықтарынан көрінеді, моральдық өзара қарым-қатынастарды басқарады. Отанға деген сүйіспеншілік, қоғам игілігі үшін адам еңбек ету, өзара көмек, сондай-ақ қоғамға тән адамгершіліктің өзге де формалары, бұл- сананың сезімдерінің, мінез- құлық пен өзара қарым- қатынастың бөлінбес элементтеріне, олардың негізінде қоғамымыздың қоғамдық- экономикалық құндылықтары жатады [7]. Баланың өмірге белсенді көзқарасының бағыты үлкендер арқылы тәрбиеленеді. Адамгершілікке, еңбекке тәрбиелеу күнделікті өмірде, үлкендердің қолдан келетін жұмысты ұйымдастыру процесінде, ойын және оқу ісінде жоспарлы түрде іске асады. Руханилық жеке тұлғаның негізгі сапалық көрсеткіші. Руханилықтың негізінде адамның мінез- құлық қалыптасады, ар-ұят, өзін- өзі бағалау және адамгершілік саналары дамиды. Мұның өзі мейірімділікке шақырады. Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат- міндеттерінің ең бастысы- өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, сапалы ұрпақ тәрбиелеу. Қазақ халқының әлеуметтік өмірінде үлкенді сыйлау ұлттың дәстүрге айналған. Халқымыздың тәлім- тәрбиелік мұрасына үңілсек, ол адамгершілікті, қайырмдылықты, мейірбандықты дәріптейді.

Рухани құндылықтардың ең қайнар көзі адамгершілікке, моральдік қалыптарда, жамандықты жаман қасиеттерді жете білуінде. Мұндағы рух табиғи моральдық бастамадан өзгеше, затсыз идеалды бастаманы білдіретін философиялық ұғым; рухани, руханиялық- адамның ой- санасына, ішкі жандүниесінің дамуы, жетілуі, кеңеюі; рухтану- қайраттану, жігерлену, шабыттану, белсенділік; рухтандыру- серпілту, құштарландыру, жігерлендіру, тазалау, жаңаландыру, қанағаттандыру, кемелдендіру, сүйсіндіру т.б; рухтандырғыш- күшжігер беруші, қайраттандырушы, шабыттандырушы, үлгі көрсетуші т.б руханиялық- ішкі жан- дүниесінің байлығы, жан- жақты кемелденуі, сана болмысының тазалығы, идеялық үлгі, өнеге, тұрақтылық; руханият- ғасырлар бойы қалыптасқан, ұрпақтан- ұрпаққа жеткен сапалы білімі мен ғылымы және мәдениеті.

Қортынды

Ұлттық тәрбие деп, жеке тұлғаның ұлттық сана сезімі мен мінез-құлқының ана тілін, ата тарихын, төл мәдениетін және ұлттық салтдәстүрлерді меңгеруі негізінде қалыптасуын айтамыз. Ұлттық мәдени құндылықтар дегеніміз не? Қарапайым тілмен айтқанда ұлттық мәдени құндылықтар – белгілі бір ұлтқа, ұлт азаматына тән зат, адами қадір-қасиет, яғни халық ғасырлар бойы жинақтаған ұлттық рухани және материалдық құндылықтар. Адамдардың бойында қалыптасқан имандылық қадір қасиеттер рухани құндылықтарға, ал адамдардың қолымен жасалған тұтыну заттары мен кәсібі материалды құндылықтарға жатады. Өзімізді өзіміз бағалай білуге бет бұру – ұлттық байлығымызды игеру, ұлттық санамызды дамыту. Ұлттық құндылықтарды іріктеп, оқыту процесіне енгізу арқылы ұлттың тұнып тұрған асыл мұралық рухани байлығынан болашақта ел билейтін ұрпақтарды сусындатып, отбасында да, мектепте де ұлтжандалылық пен отаншылдыққа баулып, өз халқын, өз мемлекетін көздің қарашығындай қорғайтын тұлғаларды тәрбиелеп шығару.

Әдебиеттер тізімі

1. Назарбеу Н. "Қазақстан — 2030" Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы, Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы.

Алматы: Білім, 1997, 176 б.

2. Мәңгілік Ел: – Оқулық / М.Б. Касымбеков, С.Ж. Пралиев, К.К. Жампеисова және т.б. Абай атындағы ҚазҰПУ. Алматы: Ұлағат, 2015, 336 б.

3. Демеуова Ләззат. Ғаламдық ойлауға бейімдеу. // Қазақстан мектебі, 2003, № 8, Б. 40-41.

4. Жошыбаева Гүлнар. Ұлттық мектеп - ел еңсесі. // Қазақстан мектебі, 2003, № 5, Б. 53-59.

5. Байғазиева Г. “Жаңа педтехнология”. // Қазақстан мектебі, 2005, № 8, Б. 53-54.

6. Ұлттық патриотизм негіздері. Оқу құралы. Алматы: Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институты, 2004, 206 б.

7. Қалиев С., Майғаранова Ш., Нысанбаева Г. Тәрбиенің өзекті мәселелері. // Қазақстан мектебі, 1996, №12, Б. 34-38.

Аннотация

Нурсултан Назарбаев в своей статье «Ориентация на будущее: духовное возрождение» обозначил новое направление в духовном развитии нации и подчеркнул, что перед казахской нацией стоит еще одна важная задача. В связи с этим ясно, что нам нужно молодое поколение, которое является национальным духом, которое создает новое духовное общество, которое является духовно мыслящим, инновационным и воспитывается в национальном духе. Суть духовно-нравственных ценностей - уважение к человеческому труду, роль, которую он играет в развитии своего творческого потенциала и потенциала. Духовно-нравственная культура в целом является плодотворной деятельностью человека. Духовно-нравственные качества образуют взаимосвязь художественного и эстетического, научного и образовательного компонентов культуры общества с культурой труда, культурой общественных отношений, духовно-нравственного отношения.

Abstract

Nursultan Nazarbayev in his article “Orientation to the Future: Spiritual Revival” outlined a new direction in the spiritual development of the nation and emphasized that the Kazakh nation faces another important task. In this regard, it is clear that we need a young generation, which is a national spirit, which creates a new spiritual society, which is spiritually minded, innovative and educated in a national spirit. The essence of spiritual and moral values is respect for human labor, the role that he plays in the development of his creative potential and potential. Spiritual and moral culture as a whole is a fruitful activity of man. Spiritual and moral qualities form the interconnection of the artistic and aesthetic, scientific and educational components of the culture of society with the culture of work, the culture of social relations, and spiritual and moral relations.

ӘОЖ 37.013.28

А.А. Садыкова, Қ. Ауелова

аға оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент,
Қазақстан

аға оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент,
Қазақстан

«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ МЕКЕМЕЛЕРДЕ БАЛАЛАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ ТАНЫМДЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Түйін

Елбасының «Қазақстан жолы-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауы бойынша Президенттің жалпыұлттық идеясы-болашақ табыстардың негізі екені баса айтылды. Ал ең бастысы –еліміздің рухын көтеретін, ұлы мақсатына талай дәуір сынынан сүріндірмей жеткізетін тұғырлы идея. Осының барлығы дамыған 30 елдің қатарына кіруімізге жаңа серпін білім берудің барлық буынының сапасын жақсартуда бізді ауқымды жұмыс күтіп тұр. Бүгін еңбек нарығына сыни тұрғыда ойлайтын, бірнеше тілді меңгерген, ақпараттық технологияларды еркін пайдалана алатын

бәсекеге қабілетті азамат қажет. «Адам ұрпағымен мың жасайды» - дейді халқымыз. Ұрпақ жалғастығымен адамзат баласы ғасырлар бойы өмір сүріп, өзінің жеке болмысын, салт-дәстүрін шынайы түрде сақтап, жалғастырып келеді. Әрқашанда еліміздің тірегі - тәриелі әрі білімді, қайратты рухты ұрпақ болып келген. Бүгінгі біз өмір сүріп отырған қоғам талабы – егемен еліміздің қара шаңырағының есі болып қалатын қоғам мүшелерін, жас ұрпақты тәрбиелеу, кемел болашаққа жол бастайтын, өзге озық елдердің қатаында терезесі тең тұратын, білікті маман бәсекеге қабілетті тұлға болатындай тиянақты білім беру.

Кілттік сөздер: Рухани жаңғыру, инновациялық білім, ұлттық танымдық құзыреттілік, әлеуметтік-ақпараттық, тілдік-коммуникативтік, танымдық, шығармашылық.

Кіріспе

Бұл Бағдарлама пәндік білімдердің ықпалдасуын таныттырады. Оқу үрдісінде күтілетін нәтижеге жету үшін критериялды бағалау жүйесі қарастырылады, оның пайдалану жолдары қамтамасыз етіледі. Бастауыш сынып пәндерінің аясындағы педагогикалық тәсіл белсенді оқуды көздейтін сындарлы оқуға негізделеді. Бүкіл әлемде білім беру жүйелерінің келешек ұрпаққа қандай білім беретіні туралы мәселе қайта қаралуда. Осы мәселе аясында «Балалар ХХІ ғасырда табысты болу үшін нені оқыту керек?» және «Оқытудың тиімді әдістері қандай?» деген сияқты негізгі сауалдар туындайды. Бұл сауалдар оқу бағдарламасымен және оқу жоспарларын жүзеге асыруда пайдаланылатын педагогикалық әдістемелермен тығыз байланысты. Оқыту әдісін қайта құру — күрделі процестің бірі. Кейбір әдістерді қолдануда біржақты асыра сілтеушілікке жол бермеу керек. Тіпті әр тақырыптың өзі де оқытудың ерекше тәсілдері мен жолдарын талап етеді. Сондықтан, оқытуда әртүрлі әдістерді қолдану қажет. Сабақтың тақырыбы мен мақсатына, оқу материалының мазмұны мен көлеміне, дайындық дәрежесіне сәйкес, сабақтың құрылысы мен оқу әдісін ұдайы толықтырып отыруды мұғалім өзі белгілеп, өзі таңдап алады [1].

Бүгінгі біз өмір сүріп отырған қоғам талабы – егемен еліміздің қара шаңырағының есі болып қалатын қоғам мүшелерін, жас ұрпақты тәрбиелеу, кемел болашаққа жол бастайтын, өзге озық елдердің қатаында терезесі тең тұратын, білікті маман бәсекеге қабілетті тұлға болатындай тиянақты білім беру. Сондықтан да мектепке дейінгі білім беру жүйесінің педагогтарының алдында тұрған міндет: бала тәрбиесіндегі білім мен мәдениет білуге құмарлық, бәсекеге қабілеттілік, парасаттылық, функционалды сауаттылық, өзінің пікірін еркін білдіре алатын және өзінің іс-әрекетімен өмір сүріп отырған қоғам үшін жауапкершілігін түсіне алатын қабілетті, әрі қоғамға өзіндік ықпалы бар екендігін түсінетін құзырлы тұлғаны қалыптастыру болып табылады. «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деген халық даналығы бала тәрбиесінде ерте жастан бастап, ұлттық тәрбиеге ерекше мән беруді меңзеп отырған. Өзінің ұлттық ерекшеліктерін бойына сіңіру қай халықтың болмасын үнемі назарында тұратын басты қағида [2].

Сондықтан да баланың сәбилік шағында жаңадан айналасын, қоғамын тани бастаған әрекетінде оның танымдық құзыреттіліктерін бірден ұлттық бағытқа назар аударту туған өлкесіне, елінің ұлттық сал - дәстүріне құрметін арттырып, терең отансүйгіштік қасиеттерінің дамуына зор ықпалын тигізеді. Өз елінің ұлттық мұраларын: салт-дәстүрлері мен мәдени құндылықтарын, туған өлкесінің табиғатын танып білуге, оны аялап, қорғау мен таза күйінде сақтауға тәрбиелеу балаға ерте жасынан үйретілгені маңызды. Себебі баланың сезімталдығы мен пәк таза көңіл - ниеті сәбилік шақта дамиды. Осы шақта бала жақсы мен жаманды ажыратуды, қорғау мен қамқоршы болуды, достық қарым-қатынас пен өз ұлтына, еліне жеріне деген махаббатының қалыптасатын кезеңінде болады. Ол шынайы күліп, шынайы ренжиді, барлық ақиқатты шынайы қабылдап, оған деген өзінің көзқарасын қалыптастырады. Өзінің туған өлкесінің табиғатына тамсанып, ерекше әдемілігін байқап, сүйуге үйренеді. Ұлтымыздың салт-дәстүрлеріне бойлайды. Домбыраның қоңыр үнін, қобыздың әуелі сарынын құлағымен естіп, ондағы әуендер арқылы тарихи уақиғаларды танып, елінің өткен кезеңдерін жүрегіне сақтауды үйренеді. Осы шақта қалыптасқан

сезімдері мен қасиеттерін өмірлік қағидаға айналдырады [3].

Балалардың ұлттық танымдық құзыреттілігін арттыруда «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында балабақшаларда балалардың ұлттық танымдарын кеңейту жұмыстары қарқынды атқарылуда. Еліміздегі барлық ведомстволық бағыныстылығына қарамастан мектепке дейінгі мекемелерде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 28,29-баптарында көрсетілгендей оқу тәрбие процесін ұйымдастыру мен оқу әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру туралы нақты тапсырмалар берілген [4]. Оның ішінде көкейкесті назар сапалы білім беруді жүзеге асыруға, озық тәжірибені қолдануға тапсырыстар ұсынылған. Сонымен қатар Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында мектепке дейінгі ұйымдарға балалардың білім алуының сапасын бақылайтын мониторинг жүргізудің бірыңғай тәсіліне ерекше назар аударылу керектігі айтылған.

Сонымен қатар, әлемдік трендтерді ескере отырып, өзіміздің ұлттық танымдық құзыреттіліктердің меңгерілуіне көңіл бөліну керектігі тапсырылған. Мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбиелеу мен оқыту үрдісін ұйымдастыру мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты негізінде жүзеге асырылады. Білім беру типтік үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес базалық білім, білік, дағдыларды, жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде мектеп жасына дейінгі балалардың түйінді құзыреттілігінің қалыптасуын қамтамасыз етеді. Осыған орай, біздің бала тәрбиесі мен білім беру үрдісіміздің бағыты – балалардың танымдық әрекетіне ерекше назар аудара отырып жүзеге асыруға негізделген. Таным - адамның санасындағы ақиқаттылық және нағыздықтың оны одан өрі өзгерту мүмкіндігін мақсат ететін, мақсатты бағытталған белсенді бейнелену үдерісі.

Таным барысында болмыстың түрлі қырлары ашылады, қоршаған дүниедегі заттардың, құбылыстардың сыртқы жақтары мен мәні ашылады, сонымен қоса таным қызметінің субъектісі - адам адамды, демек, өзін-өзі зерттейді. Таным - адам қызметінің қоршаған дүниені және ондағы өзін тануға бағытталған арнайы түрі. Адам таным бойынша әрекеттің екі негізгі түрін жүзеге асырады:

– қоршаған дүниені өзге ұрпақтардың болған танымдық қызметінің нәтижелері арқылы таниды;

– қоршаған дүниені тікелей таниды.

Таным - білім алу және дамыту үдерісінде үнемі тереңдетіліп және кеңейтіліп отыратын, нәтижесінде, жаңа білім алынатын таным объектісі мен субъектісінің әрекеттесуі болып табылады.

Таным ол әрекеттің мақсаты мен оның түрткісін анықтайтын тұлғаның ақпараттық қорын құрайтын, қоғамдық-тарихи үдеріс философиялық категория болып табылады. Философиялық сөздікте: таным – заттардың эмоциялық мазмұнын немесе ақиқатты табу мақсатындағы заттардың күйін, жағдайын меңгеру болып табылады. Педагогикалық сөздікте таным – әлем туралы шынайы білімдерді алуға деген субъектінің шығармашылық іс - әрекеті деп жазылып, сыртқы орта туралы ақпарат алу тұрғысынан берілген [5].

Қазақстандық ғалымдар Д. Кішібеков, Ғ.Ғ Ақмағамбетов, Г.Нұрышева танымға сыртқы заттар мен құбылыстардың, олардың қатынастарының адам санасында идеалды образдар жүйесі ретінде бейнелеуінің қайшылыққа толы күрделі үдерісі деп анықтама берген. Таным барысында адам өзін қоршаған ортаны игереді, ол туралы білімі кеңейіп, тереңдей түседі, адамның заттар мен құбылыстар туралы жалпы мәліметі кеңейіп, ішкі мәнге қарай ұмтылып, жүйелі, шынайы білімге айналады, сондықтан танымды адамның жаңа әрі тың білімді игеріп, рухани баюы деп те есептеуге болады деген [3].

Сондықтанда баланың тәрбиесінде басмдылық танымдық әрекетке берілуі тиіс деп есептейміз. Сонымен қатар, танымдылық әрекет тек, жалпы меңгерілуі емес, баланың негізгі құзыреттіліктерін қалыптастыратын фактор ретінде де қаралады. Өйткені мектепке дейінгі жастағы балалардың бойында өздерінің жас ерекшеліктеріне сәйкес, функционалды

сауаттылығы қалыптасып, алғашқы өмір жаттығулары мен өз өлкесінің қоршаған ортасына деген қызығушылықтары артып, білуге, тануға, қолдана алуға деген танымдық құзыреттілікті қалыптасып, жас шағының ұлғаюына байланысты қарапайымнан күрделіге ауысып отыру үрдісі қарқынды жүре бастайды. Бала бойында нақты құзыреттілік қалыптастыру әрі оны дамыту өте күрделі іс болып табылады. Оның толыққанды жүзеге асырылуы үшін педагогтың нақты білімдері мен методикалық нұсқаулықтарды қолдана алуы жеткіліксіз болып табылады. Өйткені, әр балаға өзінің болмысы мен табиғи мінезіне, қабілеті мен икеміне қарай құзыреттіліктерді қалыптастыру талап етіледі.

Мәселен, белгілі ғалым Г.Ж.Меңлібекованың пікірі бойынша, құзыреттілік — субъектінің өзін анықтай білу қабілеті, әрекетті басқару ретінде нақты әлеуметтік білім категорияларын, әлеуметтік болмысты толығымен өзіне біріктіретін интегративті қасиеті. Ал Т.Е.Исаева «құзыреттілік» ұғымын философиялық тұрғысында жеке тұлға құрылысында алатын орны, оның дамуындағы атқаратын ролі, өмір әрекетінен тәжірибе алуы, әлемдік мәдениет деңгейіне қатыстыру және өнегелі-этикалық байланысты меңгеруі немесе қабылдауы жағынан қарастырған [5]. Б.Д.Эльконин құзыреттілік туралы көзқарасты өз еңбегінде былай көрсетеді: «құзыреттілік» ұғымы тек танымдық (когнитивтік) және технологиялық құраушы ғана емес әрі мотивациялық, әлеуметтік және мінез-құлықтың, яғни оқыту нәтижелерін (білім, білік, дағды), құндылық бағдар жүйелерін қамтиды; құзыреттілік – алған білім, білік, тәжірибе мінез-құлық тәсілдерін нақты жағдаятта, нақты іс-әрекет жағдайында жұмылдыру қабілеті; құзыреттілік ұғымында «нәтижеден» қалыптасатын білім мазмұны интеграциясы; құзыреттіліктер тек білім беру мекемелеріндегі оқыту үдерісінде ғана емес, яғни дәстүрлі және дәстүрден тыс білім алу жағдайында да қалыптасады. М.М.Чошанов құзыреттілікті білім, білік, дағдының өзара байланысы деп қарап, оның төмендегідей формуласын ұсынады: білімді қолданудың жылдамдығы, әдістердің оралымдылығы, ойлаудың сынаулығы. Қазақ тілінде терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігінде «құзыр» (компетенция) деп белгіленеді. Ол тапсырманы орындауға қабілеттілік немесе бір нәрсені жасау; Ал түсіндірме сөздіктерде «құзыреттілік» ұғымы құзырлықты басқарушы ретінде қарастырылады.

Шет тілінде құзыреттілік «Competent» сөзі французша «компетентті», «заңға сай», латынша «сай болу», «қабілетті», «талап қою», «жарамды», ағылшынша «қабілетті» деген мағыналарды білдіреді. Бүгінгі еліміздің білім жүйесінде әлеуметтік, экономикалық, қоғамдық-саяси өмірге белсенді араласуға дайын, құзыретті тұлғаны қалыптастыруда оқыту үдерісін тың идеяларға негізделген жалпы ұлттық деңгейдегі жаңа мазмұнмен қамтамасыз етуде құзыреттілік тұғырының маңызы зор болуда. «Құзыреттілік» ұғымы мектепке дейінгі салада бүлдіршіндердің денсаулық және өмір ережелері, әлеуметтік-ақпараттық, тілдік-коммуникативтік, танымдық және шығармашылық құзыреттіліктерін қалыптастырумен түсіндірілуде [6]. Бүгінгі мектепке дейінгі білім беру ұйымының нәтижелі еңбегі ретінде мемлекеттік міндетті білім беру стандарты негізінде бес білім беру саласы бойынша баланың жан-жақтылығын қалыптастыру мен арттыруы деп белгіленген. Оның ішінде Республиканың мектепке дейінгі ұйымдарының меншік нысаны мен ведомствалық бағыныстылығына қарамастан барлық түрлерінде білім беру процесі балаларды мектепте оқуға табысты дайындауға сапалы білім беру қызметін ұсынуға бағытталған. Аталған мақсатты іске асыру үшін келесі міндеттер айқындалған:

- балалардың физикалық және психикалық денсаулығын нығайту;
- балаларды жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға баулуды «Рухани жаңғыру» бағдарламасы, «Туған жер» кіші бағдарламасы аясында жүзеге асыру.

Осыған орай, баланың сапалы білім алуы Республикамыздың әрбір сала бойынша өтпелі тақырыптар негізінде спиральді түрде білім алып, танымдық-іскерлік құзыреттілігінің қалыптасатындығы негізге алынған. Балабақша бүлдіршіндеріне білім беру мен тәрбиелеу үрдісінде барлық бес білім беру саласы бойынша құзыреттіліктерін арттыру, олардың алғашқы өмір сатысындағы өзіндік жас шағына орай, ақиқаттылық, туған өлкесінің

табиғаты, еліміздің ұлттық мұраларын танып білуге, тарихи тұлғаларымыздың ерліктерімен таныса отырып, бейнелену үдерісін арттыру болып табылады. Бүлдіршіндердің құзыреттілігінің артуы барысында болмыстың түрлі қырлары, қоршаған дүниедегі заттардың, құбылыстардың сыртқы жақтары мен мәні ашылады, сонымен қоса қалыптасқан құзыреттіліктер қызметінің субъектісі – бала өзін - өзі зерттейді.

Жаңартылған білім беру бағдарламасының ең негізгі мақсаты білім алушылардың оқу нәтижелерін жетілдіру болып табылады. Жаңартылған оқу бағдарламаларының мазмұндық ерекшеліктері: – пән мазмұнын жобалаудың күрделілік (спираль тәрізділік) ұстанымы; – тану заңдылығы мен пәндік операциялардың неғұрлым маңызды түрлері бойынша жіктелімге негізделген Блум таксономиясы бойынша оқыту мақсаттарының иерархиясы; –білім беру деңгейлері бойынша және тұтас оқыту курсы бойына педагогикалық мақсаттар қою ішкі пәндік байланыстарды барынша ескеруге мүмкіндік береді; – пәндер арасында «ортақ тақырыптардың» бір білімдік сала ішіндегі тақырып ретіндегі болмысын танып, пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру; – пәннің бөлім мазмұндары мен тақырыптарының уақыт талабына сәйкес болуы, әлеуметтік дағдылардың қалыптасуына назарды шоғырландыру; – ұзақ мерзімді, орта мерзімді, қысқа мерзімді жоспар түрінде оқу үдерісін технологияландыру. «Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды». Қай мемлекеттің де өркендеп-дамуына азаматтарының Отанға деген сүйіспеншілігі, патриотизмі іргетас болады. Осы орайда Елбасының Ұлт жоспары. «100 нақты қадам» жоспарындағы 89-қадамда мектептік білім берудің қолданыстағы оқу бағдарламаларына Мәңгілік Ел құндылықтарын енгізу жөнінде айтылған [7].

Біз «Болашақ –жастардікі» дейміз. Расында, алдағы жылдарда елді дамытатын да, сол дамыған дәуірдің жемісін көретін де - жастар. Жастарымыздың білімді, денсаулықтары мықты болып өсулері үшін ғана емес, сонымен қатар, олардың өз елінің шынайы патриоттары болып ержетуі жолында тер төгу бүгінгі аға буын өкілдері ұстаздар қауымы үшін зор міндет деп білеміз.

Бала бойындағы шығармашылық немесе танымдық құзыреттіліктер қоршаған дүниені және ондағы өзін тануға бағытталған арнайы түрін меңгереді. Әсіресе әлеуметтік құзыреттіліктердің басымдығында бала екі негізгі түрін меңгеріп, жүзеге асырады. Ол: өзін қоршаған дүниені өзге ақпараттық деректер арқылы таниды және болып жатқан оқиғаларды өзі көзімен көрген немесе өзімен болған жағдайлардың куәсі болу арқылы таниды. Өмір ережелері құзыреттілікерінде баланың сыртқы заттар мен құбылыстардың, олардың адамға қатынастарының жүйесі ретінде бейнелеуінің, қайшылыққа толы күрделі үдерісі екендігін түсінеді. Әрбір бала бойындағы өзінің жас шамасы аумағында меңгерілген құзыреттіліктерімен өзін қоршаған ортаны игереді ол туралы білімдерін үнемі толықтырып, тереңдетіп отырады. Өзінің өмір қажеттілігіне қатысты факторларды танып, оны функционалды сауатты түрде бір жүйемен орындайды. Мектепке дейінгі жастағы баланың функционалды сауаттылығының талаптары қатарында ұлттық танымдық құзыреттілік қатар жүруі тиіс, себебі бала өзінің бұл әлемде кім екенін, қанай халық екенін ата-бабасының қалыптасқан салт-дәстүрін, шынайы болмысын білмей, оны қадірлеп үйренбей мемлекетіміздің болашағы кемел жарқын қоғамының мүшесі бола алмайтыны белгілі. Өйткені балаға тәрбиесі берілген білім Ұлы данамыз Әл – Фараби айтқандай: «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы» екендігін ұмытпағанымыз абзал.

Қорытынды

Қорыта келгенде, мектеп жасына дейінгі балалардың ұлттық танымдық құзыреттіліктерін арттыру – баланың қоршаған орта туралы білімін, сенсорлық мәдениетін, оларды қолдану біліктілігін, іскелік дағдысын, өмірлік тәжірибесінің жиынтығын құрап, мектепке қадам басқан шағында беделді, алғыр, зерек, өзінің туған өлкесі мен ұлттық салт-дәстүрінен сусындаған оқушы болып ғана қоймай, білім алу мен әлеуметтенудің жаңа сатысына қорқынышсыз қадам басатын кішкентай тұлға қалыптастыруға әсерін тигізеді.

Әрбір бала бойына осындай қасиеттерді барынша жинап қалыптасуында педагог-тәрбиешінің бағбан тәрзідес екен дәнi- берген тәрбиесі мен білімі, зор еңбегінен шығатындығы ақиқат. Әрбір едагог баланың бойына қандай қасиет ексе, соның жемісін көретін болады. Сондықтан балаларға ерте жастан-ақ бойында өмір тәжірибесін үйретуде ұлттық танымдық құзыреттіліктерін арттыруға үлкен мән берілуі тиіс.

Әдебиеттер тізімі

1. Н.Назарбаев. «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» 2016.01.03 № 205 жарлығы
2. Мәңгілік Ел: – Оқулық / М.Б. Касымбеков, С.Ж. Пралиев, К.К. Жампеисова және т.б. Абай атындағы ҚазҰПУ. Алматы: «Ұлағат» баспасы, 2015, 336 б.
3. Демеуова Ләззат. Ғаламдық ойлауға бейімдеу. // Қазақстан мектебі, 2003, № 8, Б. 40-41.
4. Нұрмұхамбетова, Т.Р. Тәжірибелік психология : Оқулық / Т.Р. Нұрмұхамбетова; М. Әуезов атындағы ОҚМУ. - Шымкент : Нұрлы бейне. – 2006 -І бөлім. - 188 с
5. Детская практическая психология: Учебник для студ. вузов, обучающихся по педагогическим спец.; Рекомендовано МО РФ / Т. Д. Марцинковская [и др.] ; под ред. Т.Д. Марцинковской. - М. : Гардарики, 2007. - 253 с
6. Нұрмұхамбетова Т.Р.Тәжірибелік психология : Оқулық / Т.Р. Нұрмұхамбетова, ОҚМУ. - Шымкент : ОҚМУ. – 2007, 2 бөлім : Психологиялық кенес беру және психокоррекция жүргізу технологиясы мен әдістемесі. - 216 с
7. Лекерова, Г.Ж. Практический курс по детской психологии: учебное пособие / Г. Ж. Лекерова, С. К. Калыбекова. - Шымкент: Нұрлы Бейне, 2011. - 260 с.

Аннотация

В Послании Президента Республики Казахстан «Казахстанский путь-2050: общие цели, общие интересы, общее будущее» было подчеркнуто, что национальная идея Президента является основой будущего успеха. И самое главное, это фундаментальная идея, которая поднимает дух нашей страны и достигает ее целей с большим успехом. Все это дает нам новый импульс для присоединения к 30 ведущим развитым странам, где нам предстоит проделать большую работу по повышению качества образования на всех уровнях. Сегодня рынку труда нужен конкурентоспособный гражданин, который критически настроен, знает несколько языков и может свободно использовать информационные технологии. «Наши потомки сделают тысячу», - говорит наш народ. На протяжении поколений человеческая раса жила веками, по-настоящему сохраняя свою самобытность и свои традиции. Столпом нашей страны всегда было хорошо образованное и образованное поколение. Требование общества, в котором мы живем сегодня, - это просвещать членов общества, которые остаются отличительными чертами нашей суверенной страны, обучать молодое поколение, прокладывать путь к лучшему будущему, быть компетентным, конкурентоспособным человеком с равными возможностями в глазах других развитых стран.

Abstract

In the Address of the President of the Republic of Kazakhstan “Kazakhstan Way-2050: Common Goals, Common Interests, Common Future” it was emphasized that the national idea of the President is the basis of future success. And most importantly, this is a fundamental idea that raises the spirit of our country and achieves its goals with great success. All this gives us a new impetus to join the 30 leading developed countries, where we have a lot of work to do to improve the quality of education at all levels. Today, the labor market needs a competitive citizen who is critical, knows several languages and can freely use information technology. “Our descendants will make a thousand,” says our people. For generations, the human race has lived for centuries, truly preserving its identity and its traditions. The pillar of our country has always been a well-educated and educated generation. The requirement of the society in which we live today is to educate the members of society who remain the hallmarks of our sovereign country, educate the younger generation, pave the way for a better future, be a competent, competitive person with equal opportunities in the eyes of other developed countries.

ӘОЖ37.013.28

А.А. Садыкова, С.К. Каракпаева, Ғ. Омарова

аға оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент,
Қазақстан

оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан
оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ: БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУДЫҢ БАСТАМАСЫ

Түйін

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақала қоғам тарапынан үлкен қолдау тауып, болашақ ұрпақ санасын қалыптастырудағы жаңа бағдарларға назар аудартты. Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғы шарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды» - деп жалғасатын мақалада ел ертеңі – жас ұрпақтың тәрбиесіне аса мән берілгенін көру қиын емес. Елу жылда – ел жаңа. Бүгінгі жаһандану процесі әрбір ісімізден асқан жауапкершілікті, әсіресе ой-санасы енді дамып, ұлттық болмысы жаңадан қалыптасып келе жатқан балаларымызға дұрыс тәрбие беруді меңзейді. Өскелең ұрпақтың ұлттық кодын сақтау біздің парызымыз.

Кілттік сөздер: «Мәңгілік ел», адамгершілік, кәсіби білік, руханилық, азаматтық, ізгіліктік.

Кіріспе

Қазақстан үшін бүгінгісі мен ертеңісінің басты жаңалығы – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы. Жақсылыққа әуес, дұрыс бастамаға бойын түзейтін ел жақсылары бұл мақаланы үлкен қуанышпен, зор мақтанышпен қолдап, оның жүзеге асырылуына аянбай тер төгіп келеді. «Рухани жаңғыру» аясында жаңашылдық орнап, оқу-тәрбие үрдістері жүйелену үстінде. Ұстаздық сала мамандарының өз тәжірибесінде көргені – білім реформасының белгілі бір бағдарсыз жүзеге аспайтындығы. Елбасының идеясы бастапқы бағдармалардың жетілуіне ұйтқы болғандай. Ол «Тәуелсіздік толғауы», «Мәңгілік ел» бастамаларының заңды жалғасы. Мемлекет басшысының: «Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озық жүруі, яғни, одан әрі жаңғырып отыруы тиіс» [1], – дегеніндей, бүгінгі жасампаз болмысымыздан озық, оны алға бастайтын идеяларды көріп, жұмысымызды жандандыруға қуат алғандаймыз.

Қай халықты алсақ та, жалпы бүкіл адамзат ендігі жерде рухани тәрбиеге, өзін-өзі тәрбиелеуге бет бұрмаса, жер бетінде үлкен қасірет болары анық. Оның негізгі салдарының бірі ретінде «батыстану», яки «еуропалану» саясатының әсері деген бастама дұрыс. ХХІ ғасырда әуестенгіш жас ұрпақ ақпараттық технологияларды қолдана отырып, өзіне керекті мағлұматтарды Бастыстың биік мәдениетінен емес, азғындық жағынан қорек етеді, әрі соның насихаттаушы болып келе жатыр. Оған төтеп беру үшін руханият, өз дәстүріміз бізге қорған болары сөзсіз. Сөйтіп, қана ұлтты дағдарыстан алып шыға аламыз.

Ал жақсылықтың жаршысы, жас ұрпақтың отбасысынан кейінгі тәрбиешісі – мектептегі мұғалім. Қай жағынан алсақ та, мұғалім деген құр ат болмай, ол өзінің затына сай болуы тиіс. Ол үшін ұстаздар қауымын рухани жағынан байытуымыз керек.

Мақаланың алғашқы тарауларында айтылатын ұлттық, қоғамдық сананы жаңарту туралы мәселелер таяу жылдары атқарылатын нақтылы жобаларды жүзеге асыруды талап ететіні, осыған орай алдағы жылдарда қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру мәселесін сөз етеді. Бұл жауапты іс-шара да оқу-білім ісімен тікелей байланыста орындалатыны еш дәлелдеуді қажет етпейді. Мұны яғни латын жазуына көшу жайын Елбасы сонау 2006 жылы Қазақстан халқы Ассамблеясының мәжілісіне қатысып, сөйлеген сөзінде ресми түрде алғаш әңгіме еткен болатын. Сонда ол: «Латын әліпбиін қарайтын кез келді. Бұл мәселені кезінде

кейінге қалдырған едік. Қалай болғанда да, латын әліпбиі бүгінде телекоммуникациялық салаларда басымдыққа ие болып отыр. Сондықтан да бұрынғы кеңестік елдердің көпшілігінің латын әліпбиіне көшуі де кездейсоқ емес. Мамандар осы мәселені зерттеп, нақты ұсыныстар жасауы тиіс», дегенеді.

Осы тұсты тереңірек астарлайтын болсақ, мынадай ой тұжырымдауға болады. Мәселен, Абайды, Шәкәрімді, Мағжанды үлгі ету ұлттық рухани жаңғыруға жататыны сөзсіз, әйтсе де Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» Жолдауында: «Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс. Абайдың даналығы, Әуезовтің ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күйлері, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні – бұлар біздің рухани мәдениетіміздің бір парасы ғана»[2] дей келе, сонымен бірге, жаңғыру ұғымының өзі мейлінше көнерген, жаһандық әлеммен қабыспайтын кейбір дағдылар мен әдеттерден арылу дегенді білдіреді деп түсінік береді. Халқына, еліне, оның ұрпағына көмек жасаған жандарды қолдап-құрметтеудің түрлі жолдарын табу керек дейді. Жолдаудың «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасында: «Біз ХХІ ғасырдың жаһандық картасында ешкімге ұқсамайтын, дербес орны бар ұлт боламыз десек» [2] деп талқылап келе, төртінші мәселе ретінде: «Бұған ауқымды мемлекеттік қолдау жасалуы қажет. Сыртқы істер, Мәдениет және спорт, Ақпарат және коммуникациялар министрліктері жүйелі түрде, қоян-қолтық жұмыс істеуі керек» - деп міндет қояды.

Осы дәлелдемелерді қолдана келе, «Қаздар қайтып барады» әңгімесін алайық. Ол үшін сол кездегідей орын алған түрлі қуғын-сүргіннен кейінгі елге қайту тақырыбы, өз еліне оралу, қайту кезіндегі сағынышты жырлау басты тақырып болғаны анық. Біз мұны жаңғырту үшін мұғалімдерге ой тастауымыз керек, олардың туған жерге деген махаббатын оятуға түрткі болуды мақсат ету.

Ол туралы: «Патриотизмнің ең жақсы үлгісі орта мектепте туған жердің тарихын оқудан көрініс тапса игі» [3]. Әрине мұны жүзеге асыру үшін ұстаздар қауымының өзі осы тарихи жәдігерлерді көргені дұрыс. Себебі Республикамызда өлкетану жұмысының бірден-бір орталығы – ол мектеп. Сондықтан тарихи өлкетану жұмысының басты міндеті оқу мен тәрбиені өмірмен байланыстыру. Иә, аңшылық туралы барлығымыз білеміз. Әйтсе де, дәл баса түсінбейміз, сезіне алмаймыз. Мұғалімдер турасында да осы ойға тоқталуға болады. Еліміздің тарихи жәдігерлерін мұғалімдер көзімен көрмей, дәл жеткізе алмайды, сабағы да тұшымсыз шығады. Егер ұстаз тарихи жәдігерлерді көрген, білетін болса, ол сабағын кітаптағы материалдардан да жетілдіре отыра түсіндіре алады. Ең бастысы, сабақ мақсатына жету жолында бір қадам ілгері болады. Мұғалімнің кәсіби даму форматы әлдеқайда кең. Ол курстарға, семинарлар мен конференцияларға барумен ғана шектелмейді. Тиімді кәсіби оқыту мен практиканы қамтиды. Ойдың негізгі желісі тарихи жәдігерлерді насихаттайтын тарих пәні мұғалімдерін еліміздің әр өңіріндегі тарихи ескерткіштерді көруге ұмтылдыру, бағыттау барысында арнайы жоба қарастыру мәселесі бар, «көп сүргеннен емес, көп көргеннен сұра» деген ұғым астары жатыр. Осы орайда өлкетану жұмысын оқушыларға отансүйгіштік, адамгершілік, этикалық - эстетикалық, ұлтжандылық тәрбие беру құралы ретінде саралайтын болсақ, мұны қазіргі ұстаздардың қоғамдық санасын жаңғырту мәселесі деп қарастырып, еліміздегі тарихи жәдігерлерді насихаттаушы тарих пәндері мұғалімдерін жыл сайын тарихи ескерткіштерді көруге арналған жоба ұйымдастырылса, соның нәтижесінде Елбасының алға қойған міндеттерінің бірін орындауда мақсатымызға жетер едік.

Осындай ұтымды шешімдер негізінде тарихи өлкетанулық зерттеулер арқылы үлкен қоғамдық міндеттерді шешуге болады. Жергілікті тарихи мәдени ескерткіштерді, ата - баба мұраларын, салт - дәстүрлерін жетік білген мұғалімнен оқып үйренген баланың бойында ұлтжандылық сезім қалыптасып, ұлттық сана жандана түседі.

«Еліміздің Тәуелсіздік жылнамасы жазыла бастағанына небәрі 25 жыл болды. Бұл –

тарих тұрғысынан қас қағым сәт десек те, еліміз үшін ғасырға бергісіз кезең. Әрине, жасалған жұмыстардың маңызы мен ауқымына ешбір күмән жоқ. Дегенмен, осы қыруар істі атқарған, ел дамуына зор үлес қосқан азаматтардың өздері мен олардың табысқа жету тарихы әдетте құрғақ фактілер мен цифрлардың тасасында қалып қояды. Шын мәнінде, Қазақстанның әрбір жетістігінің артында алуан түрлі тағдырлар тұр...» [4], - делінген Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында.

Осы жолда Елбасы Н.Ә.Назарбаев мына жобаны іске асыруды мақсат етеді: «Мен бүгінгі замандастарымыздың жетістіктерінің тарихына даназар аударуды ұсынамын. Бұл идеяны «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы арқылы іске асырған жөн» [5] дейді. Иә, бүгін де тәуелсіздігімізге дейін ата-бабамыздың жасаған сан алуан тар жол тайғақ кешуін ұмытпаймызда, әйтсе де еліміздің Президенті Н.Ә. Назарбаевтың жоғарыдағы сөзін еске алсақ, тәуелсіздіктен кейін де еліміздің өркендеуі мен көркеюіне ат салысып келе жатқан әр түрлі тағдырларды ұмытпауымыз керек. Аспанымыздың заңғар биігіне шыққан қыран да, өздігінен жаратылып ұшып кеткен жоқ. Оның да бастаушысы, баптаушысы, я қамқоры бар. Осы секілді заңғар тұлғалар да мұғалімнің, ұстаздың алдын көріп, тәрбиесін алып, білімін жетілдірді. Сондай бір қырлардың тасасында қалып келе жатқан ұстаздар қауымына осы жобаны неге асырмасқа?! «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы – Тәуелсіздік жылдарында табысқа жеткен, еліміздің әр өңірінде тұратын түрлі жастағы, сан алуан этнос өкілдерінің тарихы» десе, осы жобаның төңірегінде «100 жаңашыл ұстаз» деп әр қалада, я елді-мекенде қолға алуға болады. Себебі он сегіз миллион халқы бар республикамызда әр еңбек саласындағы 100 ғана адам жай аз емес, өте, тым аз. Осы арқылы Қазақстанның әр түпкіріндегі ұстаздардың нақты тағдырлары мен өмірбаяндары арқылы бүгінгі, заманауи Қазақстан ұстаздарының келбеті көрініс табады. Занды да, заңгерді де ұстаз үйреткен болса, олардың білімі қайтіп ұстаздан артпақ?

Атап айтқанда: «Экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымы елдерінде, сонымен қоса, әлемдік практикада мұғалімнің қоғам дамуына қосатын үлесі негізгі болып саналады. Оқытушылық мансап ретінде қарастырылады. Мұғалім кәсібінің мәртебесі мен беделінің жаһандық индексі өсуде. Аустрияда үздік мұғалімдер үшін "Білім берудегі Оскар" бағдарламасы кең таралуда», «Оскар» сыйлығы әдетте кино саласына қатысты екені барлығымызға түсінікті. Ал біздің талқылап отырған жобамыз, әлем елдерінің осы сынды жобаларынан әлдеқайда орнықты. Бірақ біздің де сүйенеріміз «Қазақстандық 100 жаңа есім» жобасының төңірегінде, бір ғана білім саласына қатысты.

Бұл мақсатта ұстаздар қауымы да осы өздеріне лайықты құрмет үшін ерінбей еңбек етері анық. Себебі мұғалімдердің жасаған еңбектері шарадай ғана бөлмеде жүзеге асса да, олардың алдына қойған мақсаттары анық, айқын.

Осы жоба аясында елді-мекендерде емес, нақты мектептерде де жүзеге асырудың шараларын қолға алуға болады. Кез-келген аудан я қала мектебінің біріне осы жоба орнаса, бір мектеп үшін «10 жаңашыл ұстаз». Бірақ қатып қалған «100» емес, жай бір мектеп үшін «10 жаңашыл ұстаз» деп санын қысқартып отырмыз, себебі 100 ұстаз бір мектеп үшін өте көп. Мұның берер нәтижесінде мектеп мұғалімдерінің арасында бәсеке арта түсері анық. Сонда «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» идеясындағы тұтас қоғамның және әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың бірінші бағытында нәтижеге жетіп, қазіргі таңда жеке адам ғана емес, тұтас халықтың өзі бәсекелік қабілетін арттырса ғана табысқа жетуге мүмкіндік алады деп көрсеткені шындыққа айналса, Президентіміз айтқандай бәсекеге қабілетті ұстаздан, бәсекеге қабілетті оқушы да шығады деп толықтай айтуға болады.

Еліміздің ертеңі, ұлтымыздың болашағы – бүгінгі мектеп қабырғасында отырған бүлдіршіндер екені мәлім. Олардың қамын ойлау баршамыздың парызымыз. Кез-келген мектептің мақсаты мен мұраты өркениетті елдердің қатарынан көріну, жер мен жер байлықтарын ысырапқа салмай игере білетін ұрпақ тәрбиелеу. Ол үшін бүгінгі жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие бере отырып, елдің өткенін, ұлттың тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін, табиғат ерекшеліктерін етене таныстыру қажет. «Тәрбиесіз берілген білім

адамзаттың қас жауы, келешекте оның өміріне опат әкеледі, адамға ең бірінші керегі – тәрбие» – деп Әл-Фараби айтқандай, педагогика ғылымының зерттейтін негізгі мәселелерінің бірі - тәрбие.

Расында да, уақыт талабынан туындап, білім беру жүйесінде болып жатқан өзгерістер баланы тәрбиелеу осы заман талабына сай үйлесімді деңгейді қайта құруды міндеттейді. Тәрбие мен оқу егіз деген сөз бар. «Тәрбие бар жерде ғана сапалы білім, саналы ұрпақ болады» деген дана халқымыздың мақал сөзіне сүйенсек, тәрбиені ұстаздықтан бастағанымыз жөн.

Ескіліктің шырмауынан енді босап келе жатқан ұстаздар қауымын рухани-адамгершілік қағидаларына үйреткен абзал. Осы тәрбиені қоғамға бағыттайтын болсақ, жақсы тәрбие жақсы тәрбиеленген адамнан дариды. Қазіргі таңдағы ұстаздар қауымы осы талаптарға сай ма, олар өзін-өзі тәрбиелей ме деген сұрақ туындап отыр. Сұрақ орынсыз емес, себебі бүгінге дейін, тіпті қазір де мұғалімдер қауымы арасында оқушыға деген қаталдық, ауыр сөздер қатары арылмай келеді. Оның бірден-бір себебі ескішілдіктен арыла алмауымыз. Мұнда ескілік деп тұрғаным “Сүйегі — менікі, еті — сенікі” деген түсініктің әлі де қоғамнан жойылмауы. Бұл дегеніміз Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» идеясынан тысқары қалып бара жатқанымыздың дәлелі. Осы жолды алдағы уақыттарда ұстана берсек, жас ұрпақтың сенімінен орын ала алмауымыз мүмкін[6].

Мұғалім – болашақ ұрпақтарды қоғамдық өмірге тез әрі жеңіл қосылу үшін және сол қоғамның сол мақсаттарды орындайтын адамдарды қамтамасыз ету қабілетін арттыру үшін тәрбиелеу мен оқыту қажеттілігі себебінен әлемдегі ең кең тараған мамандықтардың бірі.

Осы орайда адамгершілік тақырыбы – «мәңгілік» тозбас тақырып. Жас ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіру – ата - ана мен ұстаздардың басты міндеті. Адамгершілік әр адамға тән асыл қасиеттер. Адамгершіліктің қайнар бұлағы - халқында, отбасында, олардың өнерлерінде, әдет - ғұрпында. Әр адам адамгершілікті күнделікті тұрмыс - тіршілігінен, өзін қоршаған табиғаттан бойына сіңіреді. Олай болса, ұрпақтың рухани-адамгершілік қасиеті мұғалімнің де рухани байлығын көрсетеді.

Бұл жолда жақсы бір ұтымды талпыныс керек екені түсінікті. Қазақстан ұстаздарына арналған «Мұғалімнің ережесі» деген оқулық шығарсақ, оның негізі жақсы қарым-қатынас жасаудың түрліше жолдарын көрсететін амал-тәсілдерінен болып, барлық мұғалімдерге таратылса, ескіліктің таяғынан құтылуға үлкен жәрдемі болар еді. Мысалға оның мазмұны «қызға қырық үйден тыйым» деген сияқты идея төңірегінде орын алса, Президентіміздің тағы бір бастамасы орындалар еді.

Ал мұғалімнің басты мақсаты - өзіндік рухани - азаматтық құндылықтарын оқушы бойына дарыта отырып, оның жүрек түкпіріндегі рухани қазынасын жарыққа шығару, әрбір баланы жеке тұлға ретінде жетілдіру үшін оның бойындағы бар құндылықтарды дамыту. Мектептегі, сабақтан тыс уақыттағы біздің ісімізді жалғастыратын жеке тұлға болып табылатын оқушыларды рухани-адамгершілікке, азаматтық жүйеге тоғыстыру [7].

Қорытынды

Қорыта айтқанда, осы жоғарыда баяндалғандай «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» аясында білім нәрін құюшы ұстаздардың білім берудегі біліктілігін, жаңашылдығын дамыта білсек, сол жолда оқушының көкейіне патриотизм туралы ой салып, үлгі көрсетіп, заманға сай, қоғамға керекті азамат, отансүйгіш, елсүйгіш, елге қызмет ететін қайраткер тәрбиелеуге болар еді. Аталған ойлар, тұжырымдар нақты дәйектемелер арқылы беріліп, адамзат қауымының бұл дүниеде азғындалып кетпес үшін жасап отырған Елбасымыздың Жолдауына сүйене отырып жазылған. Шынында да ұрпақ жақсы болып өсуі үшін, жақсы ұстаздың, тәрбиешінің алар орны ерекше екенін тағы да айта кетуге болады. Жас баланың патриоттық сезімін ояту, рухани-адамгершілік қасиетін арттыру, ұлттық құндылықтарымызды бойына сіңіру, отбасыға деген махаббатын арттыру, еңбекке баулу, мәдениетілікке тәрбиелеу және салауатты өмір салтын ұстанатын, бәсекеге қабілетті ұрпақ өсіру ұстаздың және ата-ананың басты миссиясы екендігінде.«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасының іс-

шараларын жүзеге асыру жұмысы оқу-біліммен, ғылыммен тығыз байланыста атқарылатын жүйелі үдеріс. Мұныкүнделікті өміртәжірибесікөрсетіпкеледі.

Әдебиеттер тізімі

1. Н. Назарбаев. «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» 2016.01.03 № 205 жарлығы
2. Мәңгілік Ел: – Оқулық / М.Б. Касымбеков, С.Ж. Пралиев, К.К. Жампеисова және т.б. Абай атындағы ҚазҰПУ. Алматы: «Ұлағат» баспасы, 2015, 336 б.
3. Кобдикова Ж.У. Оқытудың жаңа технологиясы мен оқушылардың даму мониторингі. // Бастауыш мектеп, 2000, №3, Б. 25-30.
4. Лекерова, Г.Ж. Практический курс по детской психологии: учебное пособие / Г.Ж. Лекерова, С.К. Калыбекова. Шымкент: НұрлыБейне, 2011, 260 с.
5. Абсатова М.А. Технология интегративного обучения. Алматы: Ғылым, 2004, 140с.
6. Кобдикова Ж.У. Оқытудың жаңа технологиясы мен оқушылардың даму мониторингі. // Бастауыш мектеп, 2000, №3, Б. 25-30.
7. Демеуова Ләззат. Ғаламдық ойлауға бейімдеу. // Қазақстан мектебі, 2003, № 8, Б. 40-41.

Аннотация

Статья «Сосредоточение внимания на будущем: духовное возрождение» получила широкую поддержку сообщества и сфокусировалась на новых направлениях формирования сознания будущих поколений. Возрождение, как и прежде, не должно забывать об исторических практиках и национальных традициях. Наоборот, необходимо сделать лучшие традиции, не прошедшие современность, важной предпосылкой для успешного возрождения. Если пробуждение не укоренится в духовных и духовных корнях нации, тогда оно начнет сбиваться с пути. Пятьдесят лет - страна новая. Сегодняшний процесс глобализации подразумевает большую ответственность за каждого из нас, особенно за правильное воспитание наших новорожденных, новорожденных детей. Наш долг - сохранить национальный кодекс подрастающего поколения.

Abstract

The article “Focusing on the Future: Spiritual Revival” received widespread community support and focused on new directions in shaping the consciousness of future generations. The revival, as before, should not forget about historical practices and national traditions. On the contrary, it is necessary to make the best traditions that have not passed the present, an important prerequisite for a successful revival. If revival does not take root in the spiritual and spiritual roots of the nation, then it will begin to go astray. Fifty years is a new country. Today's globalization process implies a great responsibility for each of us, especially for the proper education of our newborns, newborns. Our duty is to preserve the national code of the younger generation.

ӘОЖ37.013.28

А.А. Садыкова, Н.Р. Мирзалинова, С.М. Бектурганова

аға оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент,
Қазақстан

аға оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент,
Қазақстан

аға оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент,
Қазақстан

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ АЯСЫНДА ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ТҰЛҒА БОЙЫНДА ҚАЛЫПТАСТЫРУ НЕГІЗІДЕРІ

Түйін

Ұлттық құндылық – этникалық қауымдастықтың тарихи өзгешеліктері көрініс табатын рухани

идеялар жиынтығы болып табылады. Олар нақты құндылығымыз: біріншіден ана тіліміз, мәдениетіміз, діліміз, тарихымыз, дінімізден тұратынын атап көрсетті. Ең бастысы, ана тіліміз болмаса, ұлт болмайды. Тіл – ұлт ретінде сақталу кепілі. Біздің қазақ тіліміз – тамыры терең, бай тіл. Рухани жаңғырудың 6 бағытын: бәсекеге қабілеттілік, прагматизм, ұлттық бірегейлікті сақтау, білімнің салтанат құруы, сананың ашықтығы, еліміздің революциялық емес, эволюциялық дамуы және сананың ашықтығы деп белгілейміз. Н.Мұқаметханұлы шәкірттеріне ең басты сана арқылы қоғамдық болмыс адамдардың қоғамдық санасын белгілейді. Бірінші өзіндік санадан бастау керек. Біз кімбіз деген сұраққа жауап беруіміз керек. Сонымен қатар, әйелдің рөлінің отбасында ерекше орны бар. Себебі, алғашқы бала тәрбиесі – ана тәрбиесі. Өзіміздің ұлттық бейнемізде қалыптасқан үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуіміз қажет. Ұлттық болмысымызда, бейнемізде де адасып жүргендер өте көп. Бізде діни заң әлі де әлсіз, ол болашақта қайта қаралып, алдын-алу жұмыстары жүргізіледі.

Кілттік сөздер: Ұлттық құндылық, этникалық қауымдастық, жаһандану үдерістері, адамгершілік, руханилық, азаматтық, ізгіліктік

Кіріспе

Елбасы жыл басынан бері бірқатар реформалар енгізіп, Қазақстанның одан әрі дамуы үшін ел халқына маңызды міндеттерді жүктеді. Әлемдегі дамыған 30 елдің қатарына қосылу үшін жаһандық бәсекеге қабілетті мемлекетті қалыптастыру керектігін айтты. Алайда, алға қойған мақсаттарды жүзеге асыру жолында саяси реформалар мен экономикалық жаңғыруды қолға алу аздық етеді, Қазақстанның рухани жаңғыруына да баса назар аудару қажет. Ол үшін, ең алдымен, бұқаралық сананы өзгерту керек. Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында осылай деді.

Біртұтас қоғамның және әрбір қазақстандықтың ұлттық санасын жаңғыртудың негізгі бағыттарының бірі – Ұлттық бірегейлікті сақтау. Әр ұлттың өзінің дәстүрі, мәдениеті, тарихы, әдебиеті болатыны анық. Қазір өркениет дамыған заманда ұлттық рухымыздан арылып қалмауымыз керек. Ол үшін бүгін Қазақстанға рухани жаңғыру аса қажет.

Теориялық талдау

Жаһандану үдерістері халықаралық ынтымақтастықтың жаңа экономикалық формаларына, ақпараттық ағымдардың күшеюіне, өзге мәдениеттердің іс тәжірибесін игеруге деген сұраныстың туындауына, жаңашылдық пен өзгерістерге деген ынтаның өсуіне байланысты қарқын алып келеді. Осы жаһандық үдерістерге байланысты әр мемлекет ұдайы бәсекеге қабілетті болу үшін әрі ақиқат өмірдің талаптарына жауап беру үшін өзінің экономикалық даму, қауіпсіздік, әлеуметтік инвестициялар, мәдениет пен білім және т.б. траекториясын түзуде. Мемлекеттің немесе ұлттың рухани санасына зақым келтірсе, рухани әлемін бағындырса ұлттың не мемлекеттің жоқ болып кетуіне апаруы әбден мүмкін.

«Білім туралы» Заңында тәрбиелік бағдарламалардың білім алушылардың, тәрбиеленушілердің патриоттық, азаматтық сезімдерін, интернационализмді, жоғары моралін және рухани дүниесін қалыптастыруға, сонымен қатар жан-жақты қызығушылықтарымен қабілеттерін дамытуға бағытталатыны атап көрсетілген [1].

Қазақстан мектептерінің қазіргі кезеңдегі тән ерекшеліктерінің бірі – оның барлық сатыларда жаңартылып отырғанында. Жаңарту ерекшеліктерінің бірі ретінде білімнің құндылықтары ретінде «Мәңгілік Ел» Патриоттық Актісінде белгіленген құндылықтары тұжырымы анықталды. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевпен «Болашаққа бастар жол - 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы балалар мен жастардың бойында әлеуметтік жауапкершілікті, қазақстандық қоғамның игілігі және бірлік сезімі үшін еңбек етуге дайындықты тәрбиелеуге бағытталған. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын іске асырудың іргесі мектептің кезінде қалануы тиіс [1].

М.Жұмабаев жастарға білім мен тәрбие берудің шалғай нәтижелері мен этномәдени мүдделерді іске асыру жөнінде толғана отырып, бай рухани қазынаны, ұлттық тәрбиедегі көпғасырлық тәжірибені сақтау қажеттігіне баса назар аударып, «әр ұлттық ұландары өз

халқының ортасында өмір сүріп, еңбек ететіндіктен, тәрбиеші оларды ұлттық дәстүрлер рухында тәрбиелеуге міндетті» екендігін айтады [2].

Ұлттық құндылықтар – қандай да бір этникалық қауым өкілдерінің өзіндік тарихи көрінісі бар рухани мұраттарының жиынтығы.

Ұлттық құндылықтар бір этностық топқа тиесілі адамдардың мінез-құлқының әлеуметтік және нормативтік-мәдени аксиомасы рөлін атқарады.

Мемлекет басшылыққа алатын құндылықтар, идеялар мен басымдықтар жүйесі Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың еңбектерінде тұжырымды түрде баяндалған. Бұл – ұлтаралық келісім және ұлттар ішіндегі бірлік, қазақстандық патриотизм, жоғары тіл мәдениеті, толеранттылық, тұрақтылық және жаңғырту. Президенттің Отанымыздың алға басуы және гүлденуі жолында этностар мен этникалық топтарды рухани біріктіру идеялары өте өзекті.

Берілген мемлекеттік аксиологиялар негізінде жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар жүйесінде тәрбие жүйесін жаңғыртудың мемлекеттік басымдықтары «Қазақстан 2020: болашаққа жол» Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасында көрсетілген. Жастардың әлеуметтену процесі келесі құндылықтарға негізделеді: патриотизм, халық бірлігі, мәдени саналуандық, толеранттылық, отбасы, денсаулық және спорт, саламатты өмір салтын сақтау [3].

Патриотизм. «Патриот болу – бұл Қазақстанды өз жүрегіңде ұялату», Мемлекет басшысы бұл құндылықты осылайша айқындап берді. Жас қазақстандықтар үшін Елбасының өмірі мен еңбек жолы өз елінің патриоты болудың жарқын үлгісі болып табылады.

Ұлтаралық келісім және толеранттылық. Қоғамда саяси тұрақтылық пен ұлтаралық келісім сақталған. Бұл құндылықтар қоғамның іргетасы, ерекше қазақстандық толеранттылықтың негізі болды.

Отбасы барлық адамзаттың басты құндылығы болып табылады. Әрбір адамның өмірдегі жолы отбасынан басталады және отбасы тұлға қалыптасуы мен дамуына баға жетпес ықпал етеді.

Тұрақтылық – Қазақстан жетістігінің негізі және дамуының басты нәтижелерінің бірі. Елдегі көпэтникалы және көпконфессиялы халықтың бірлігі толық құндылық және барлық ұрпақтың міндеті – елдің өркендеуі үшін осы құндылықты сақтау және көбейту

Мәдени әр алуандық – бөлмейтін, керісінше біріктіретін құндылық. Этникалық әр алуандыққа негізделген Қазақстан халқының ділін жас ұрпақ әлемдік мәдениет ағынында жоғалтпастан бірегей ұлттық игілік ретінде сақтауы қажет.

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізіндегі тәрбие Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан – 2030» Жолдауында, «Білім туралы» Заңда, Халықаралық конвенцияларда, Үкіметтің және Білім және ғылым министрлігінің басқа да нормативтік құжаттарында көрсетілген тұжырымдамалық идеяларды дамытады [4].

Жалпыадамзаттық құндылықтар мәңгі, тарихи тұрғыдан шектелмеген рухани табиғатқа ие, әлеуметтік, саяси, ұлттық, ғылыми, тұлғалық және басқа құндылықтар жүйесінің өзгермелі инварианты болып табылады, әр адамда және материалдық әлемде барынша қалыптасады. Олар барлық адамдар үшін эталон, үлгі болып саналады, оларды дамытуға педагогикалық процесс бағытталған.

Тәрбие – үздіксіз процесс, ол мектептегі тәрбие жүйесінің барлық компоненттерімен іске асырылады, оларға: сабақтар, сыныптан тыс және мектептен тыс тәрбие шаралары, сынып ұжымындағы іс-әрекет, қосымша білім беру жатады. Оқу процесінің тәрбие әлеуеті күшті. Заманауи білім беру бағдарламаларының мазмұны елеулі тәрбие мүмкіндіктерінен тұрады, оларды іске асыру оқу процесінің негізгі бірлігі ретінде сабақтың ойластыра ұйымдастырылуына байланысты. Сабақ тек ақпарат көзі болып қана емес, тұлғаның қалыптасуына ықпал етіп, дамытуы, тәрбиелеуі үшін келесі талаптар сақталуы қажет:

Сабақтың мақсаты мен міндеттерінде оқыту, тәрбие және дамыту бірлігі принципінің бейнеленуі;

Адамгершілік, руханилық, азаматтық және ізгіліктің жоғары үлгісінен тұратын оқу материалын мақсатты таңдау;

Оқушылардың жалпыадамзаттық құндылықтар жүйесінде дұрыс бағдарлануы үшін ізгілендіру және ізгіліктендіру принциптерін, балада қоршаған дүние үшін жауапкершілігін дамытатын экологияландыру принципін, іс-әрекеттің түрлі бағыттарында балалардың бейімі мен шығармашылық қабілеттерін анықтауды және дамытуды көздейтін сыртқы және ішкі саралау принциптерін іске асыру;

Педагогикалық технологиялардың тәрбиелік әлеуетін пайдалану;

Білім берудің түрлі сатылары және оқу бағдарламаларының мазмұндары арасында сабақтастықты жүзеге асыру;

Оқушылардың өзіндік шығармашылық, зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру;

Сабақ мазмұнына оқушылардың жағымды әлеуметтік мәдени тәжірибесін кеңейтуді қамтамасыз ететін әлеуметтік рөлдердің ойнатылуын белсенді түрде қосу [5].

Сонымен бірге, итальяндық педагог М.Монтессоридің догмалық оқытудың баламасы ретінде балабақшада және бастауыш мектепте еркін тәрбие беру мен ерте дамыту идеясын іске асырған өздігінен даму технологиясы бойынша ұйымдастыру қызметі кең тарады. М.Монтессори баланың дербес даму қабілетіне сүйене отырып, педагогтың басты міндеті қоршаған ортаның қалыптасқан жағдайларында өзіндік дамудың табиғи процесі үшін «азық жеткізу» деп білді [6].

Қазақстанның білім беру теориясы мен практикасын тарихи-педагогикалық талдау инновациялық мектептің тәрбие жүйесін ізгілікті идеяның маңына топтастырылған, теориялық (жаңа адам тәрбиесі тұжырымдамасын әзірлейтін) және практикалық-бағдарлық (берілген тұжырымдамаларды жаңа үлгідегі оқу орындарында іске асыратын) бағыттар бойынша іске асырылатын философиялық, жаратылыстану ғылыми және қоғамдық-педагогикалық ізденістердің бірлігі ретінде анықтауға мүмкіндік береді.

Құндылықтар негізгі жол – өз халқының, сол сияқты өзге ел халықтарының мәдениеті арқылы тасымалданады. Оқушылардың жалпыадамзаттық құндылықтарға бағдарын қалыптастыру олардың жас ерекшеліктерін ескерген жағдайда ғана іске асуы мүмкін. Бұл ізгіліктілік бағдарын қалыптастыру процесінде мұғалімнің рөлін арттырады.

В.А.Караковскийдің тәрбие жүйесінің басты идеяларына: міндетті мектепшілік ұжым құру; оның ішінде өзін-өзі басқару элементтерінің болуы; басты міндеті ұжымдық жұмысқа дайындау болып табылатын коммунарлық әдіс енгізу жатады. Ол мектеп жұмысына пәрменді әдістерді: балалардың тұлғалық ерекшеліктеріне сүйену; оқушылардың коммуникативтік қабілеттерін дамыту, білім беру процесіне тек балалардығана емес, сонымен бірге олардың ата-аналарын да қатыстыруды енгізуге тырысты [7].

Песталоццидің: «Мектептің мақсаты – тәрбие және тек қана тәрбие» деген сөзі барлық кезде де тәрбиеге аса зор көңіл бөлінгенін дәлелдейді. Ал жұмыстың жаңа, заманауи технологияларын, түрлері мен әдістерін меңгеру – мұғалімнің педагогикалық шеберлігінің міндетті шарты. Сыныптан тыс және мектептен тыс жұмыстың тиімділігі оқушы қызметін ұйымдастыруына байланысты [8].

Нәтижелер мен талқылау

Ұлттық отаншылдықты қалыптастыруда ата-бабаларымыздың ұлағатты ойлары мен тәлімдік тәрбиесінің атқаратын орны ерекше. Осы жерде қазақ халқының ұлы ақыны, ғалым М. Жұмабаевтың мына сөзі ойға оралады: «Ұлт тәрбиесі – баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тақпақ жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиіс. Және әр ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесі мен тәрбие қылуға міндетті». Бала тәрбиесінің ұлттық сипатта болуына ерекше мән беру керектігін атап өтеді. Ал ұлттық сипат – сол ұлт тарихының таңбасы. Қазақтың ұлттық құндылықтарын жаңғырту бүгінгі мемлекеттен өзінің ішкі және сыртқы саясатын ұлттық сипатта жүргізуді талап етеді. Қазақи

рухы биік ұлттық идеяның қалыптасуында ұлттық құндылықтардың маңызы зор. Ұлттық тәрбие туралы идея бүгінгі күн талабы мен өмірлік қажеттіліктен туындап отыр.

Ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне үлес қоса алатын, ұлттық құндылықтар мен жалпыадамзаттық құндылықтарды өзара ұштастыра алатын толық кемелді, ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеу ұлттық идеяның негізгі бағыты болып табылады. Ұлттық идея – қазақ халқы тудырған моральдық нормаларда және ұлттық құндылықтарда бекітілген патриоттық тәжірибені меңгеру, ұлттық этномәдени дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды тану, тарихты құрметтеу арқылы іске асырылады. Көрнекті ғалым, қоғам қайраткері Амангелді Айталы «Ұлттың рухани мұралары мен дәстүрлерін, қаһармандық ерлік салтын қастерлеу – ұлттық идеяның басты көзі болады, оның дүниежүзілік өркениеттер арасындағы өзіндік дербестігін нығайтады» - деп келтіреді. “Жас бала – жас бір шыбық, жас күнде қай түрде иіп тастасаң, есейгенде сол иілген күйінде қайтып алмақ” – деген тұжырым жасаған қазақ халқының ұлы ақыны ғалым М. Жұмабаев. Бүгінгі жас ұрпақты бала шақтан, яғни ерте жастан ұлт құндылықтарына сүйене отырып тәрбие жүргізу керек. Тәрбие ісі – мемлекеттік іс. Өйткені бүгінгі дұрыс тәрбие – болашақтағы жақсы елдікті танытар азаматтардың өсетінін танытады. Сол себептен де Елбасы өзінің мақаласында «Ұлттық салт-дәстүріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуы тиіс» – деп ой қорытады. Бүгінгі күн тұрғысынан қарайтын болсақ, егемен елдің бейбітшілігі мен бірлігін сақтайтын жас ұрпақтың бойына жастайынан ата-бабаларымыз негізін салған ерлік рухты, отаншылдық сезімді сіңіру кезек күттірмейтін мәселелердің бірі болып отыр.

Ұлттық сезім мен ұлттық намыс, ұлттық рухты көтеру – бүгінгі таңның кезек күттірмес міндеті деп білемін. Яғни елдің туын көтеріп, тәуелсіздік талаптарын орындау ісіне батыл бетбұрыс жасаған бүгінгі таңда адамзаттық игіліктерді, халқымыздың ғасырлар бойы армандаған мәдени-рухани мұрағаттары мен ұлттық тәрбие саласында жұмыс жасау басты міндетіміз. Ұлтымыздың көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Мұстафа Шоқай: «Ұлттық құндылықтардан жұрдай рухта тәрбиеленген ұрпақтан халқымыздың қажеті мен мүддесін жоқтайтын пайдалы азамат шықпайды»-деген болатын.

Қорытынды

Білім берудің ұлттық құндылықтарына тән ерекшеліктер ретінде мыналарды тануға болады: халықтық педагогикадағы олардың терең, тарихи тамырын; рухани және материалдық ұлттық құндылықтармен табиғи байланысты; тарихи даму процесінде олардың жаңару және көбею қабілеттері, сонымен бірге оларға тән дәстүрлермен сабақтастықты сақтай отыра, бірақ бір мезгілде өз генезисінің белгілі бір кезеңдерінде өзектілігін жоғалтуы немесе керісінше осы ұлттық мектептің және педагогикалық теорияның алға жылжуында басым бағдары болуы мүмкін, бұл кезде білім берудің жалпыадамзаттық құндылықтары сәйкес жоспармен тығыз байланысын үзбейді. Рухани жаңғыру ұлт пен оның өкілі жеке адамның кісілік табиғатына тәуелді. Ұлттық санада шынайылық, туралық, ұқыптылық орын алмаса әлеуметтік ортаның даму күші әлсірейді. Осы себептен тарихтың тәжірибесінен, уақыттың елегінен өткен құндылықтар сақталып, адамның қоғамдық ортадағы іс-әрекеті, қоғамдық психология сонымен реттеліп, кез-келген ел мүддесіне қажет нәрсе прагматикалық және реалистік принципте зерделенуі тиіс. Қазақ ұлтының ата мекен кеңістігін игеру, қорғаудағы ұстанымы да осы қағидамен жүзеге асып отырған.

Әдебиеттертізімі

1. Мәңгілік Ел: – Оқулық / М.Б. Касымбеков, С.Ж. Пралиев, К.К. Жампеисова және т.б. Абай атындағы ҚазҰПУ. Алматы: «Ұлағат» баспасы, 2015, 336 б.
2. Назарбеу Н. "Қазақстан — 2030" Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы, Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. Алматы: Білім, 1997, 176 б.
3. Демеуова Ләззат. Ғаламдық ойлауға бейімдеу. // Қазақстан мектебі, 2003, № 8, Б. 40-41.

4. Жошыбаева Гүлнар. Ұлттық мектеп - ел еңсесі. // Қазақстан мектебі, 2003, № 5, Б. 53-59.
5. Абсатова М.А. Технология интегративного обучения. Алматы: Ғылым, 2004, 140с.
6. Кобдикова Ж.У. Оқытудың жаңа технологиясы мен оқушылардың даму мониторингі. // Бастауыш мектеп, 2000, №3, Б. 25-30.
7. Абсатова М.А. Технология интегративного обучения. Алматы: Ғылым, 2004, 140с.
8. Детская практическая психология: Учебник для студ. вузов, обучающихся по педагогическим спец. Рекомендовано МО РФ / Т. Д. Марцинковская [и др.]; под ред. Т.Д. Марцинковской. М.: Гардарики, 2007, 253 с.

Аннотация

Национальная ценность - это совокупность духовных идей, отражающих исторические особенности этнической общности. Они подчеркивают, что наша реальная ценность - это, прежде всего, наш язык, культура, язык, история и религия. И самое главное, если у нас нет родного языка, нет нации. Язык - это гарантия сохранения как нации. Наш казахский язык - глубокий и богатый язык. Мы отмечаем шесть направлений духовного возрождения: конкурентоспособность, прагматизм, сохранение национальной идентичности, празднование образования, прозрачность сознания, нереволуционное развитие страны и прозрачность сознания. Н. М. Мухаметанулы определяет общественное сознание общественности с наибольшим сознанием своих учеников. Надо воздерживаться от первого самосознания. Мы должны ответить на вопрос, кто мы есть. Кроме того, роль женщины занимает особое место в семье. Причина в том, что воспитание первого ребенка - это воспитание матери. Уважение к пожилым в нашем национальном видео, нам нужно проявить уважение к младшим. В нашей национальной идентичности и видео столько людей. У нас есть более слабый религиозный закон, который будет пересмотрен и предотвращен.

Abstract

National value is a set of spiritual ideas that reflect the historical characteristics of an ethnic community. They emphasize that our real value is, first of all, our language, culture, language, history and religion. And most importantly, if we do not have a native language, there is no nation. Language is a guarantee of preservation as a nation. Our Kazakh language is a deep and rich language. We note six areas of spiritual revival: competitiveness, pragmatism, the preservation of national identity, the celebration of education, transparency of consciousness, non-revolutionary development of the country and transparency of consciousness. N. M. Mukhametanuly defines the public consciousness of the public with the greatest consciousness of his students. One must refrain from the first self-awareness. We must answer the question of who we are. In addition, the role of women occupies a special place in the family. The reason is that raising the first child is raising the mother. Respect for the elderly in our national video, we need to show respect for the younger. There are so many people in our national identity and video. We have a weaker religious law that will be revised and prevented.

ӘОЖ 37.013.28

А.А. Садыкова, Г.Б. Нурханова

аға оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент,
Қазақстан

аға оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент,
Қазақстан

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ДӘРІШТЕУДЕГІ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Түйін

Ұлттық жаңғыру дегеніміз – ұлттық санамен тығыз байланысты. Оның түпкі мақсаты – ұлттық бірегейлікті сақтап, ел ішінде бейбітшілік пен келісім үйлесе отырып, ұлттық береке, бірлік салтанат құрған бәсекеге қабілетті, табысты ел болу. «Сонымен бірге, жаңғыру ұғымының өзі мейлінше көнерген, жаһандық әлеммен қабыспайтын кейбір дағдылар мен әдеттерден арылу дегенді білдіреді»

-дейді Н.Ә.Назарбаев. Сондықтан рухани жаңғыру үдерісін дер кезінде қабылданған оң шешім деп танымыз. Құндылықтар мен адамгершілік бағдарлар және патриотизм өзара байланыса отырып, ұлттық идеяны қалыптастырады. Осыған байланысты патриотизм ұлттық мемлекет стратегиясының бөлігі ретінде қарастырылады және оның негіздері өзінің кіші отанына, атамекені – Туған жеріне деген махаббатқа қаланады. Мемлекет басшысы аталмыш жаңғырудың негізгі қызметі мен ерекшеліктеріне ой жүгіртіп, бұл жаңғырудың маңыздылығына тоқталады: «Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды.

Кілттік сөздер: Рухани жаңғыру, инновациялық білім, ұлттық таным, ұлттық құндылықтар, Тәрбие және білім.

Кіріспе

Қазақ халқы – дәстүрін ұмытпаған, салтын жоғатпаған халық. Үлкенді құрметтеп, кішіні ізеттеген халық. Қаншама жаңа сілкіністер келсе де, өзегін жоғалтпаған халық. Алғашында, ұрпақты сақтау міндеті, кейіннен тілді сақтау міндеті тұрды. Ендігі кезекте, болашақты ойлайтын кезек келді. Елбасымыздың енгізген жаңа бағдарламасы осы кезеңнің бастамасы болып тұр. «Болашақ – жас ұрпақ» демекші, келешекті жетектейтін жас өспірімдер мен жас мамандарды қолдау керек. Ол үшін, бірінші кезекте, сана мен білімді дамыттыруымыз керек. Халық санасы жоғары болса, білімге деген құштарлық жоғарылайды. Әр бір бала сауатты болып, болашағын жоспарлай алатын, бәсекеге қабілетті болады[1].

"Рухани жаңғыру" бағдарламасының басты мақсаты - өз ауылы, қаласы, жеріне, оның тарихына, мәдениетіне, салт - дәстүріне деген махаббат, мақтаныш пен адалдық, адамгершілік борыш, Отан алдындағы борышы, қазақстандықтардың сезімін шынайы патриотизм ретінде қалыптастыру. "Рухани жаңғыру" бағдарламасының төрт Кіші бағдарламаларының бірі «Тәрбие және білім» – жан-жақты және үйлесімді дамыған жеке тұлғаны қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеу. Саяси, әлеуметтік және экономикалық салалардың дамуы қоғамдық сананы жаңғыртуымен қатар жүреді. Қоғамдық сананы қайта құру үшін, жаһандық сын-қатерлері жоқ және салт-дәстүрлерді сақтайтын жобаларды іске асыру мүмкіндігін қарау керек.

Патриотизм өз жеріне, кіші Отанына деген махаббаттан бастау. Кіші отанымызға деген махаббаттан үлкен отанымыз – туған елімізге деген махаббат басталады. Бұл кіші бағдарламаның мақсаты – бәсекеге қабілетті, прагматикалық, мықты, жауапты, шығармашыл тұлғаларды тәрбиелеп, біртұтас ұлттың жетістік іргетасы болып білімге деген табынушылықты күшейту. Білім беру ұйымдарын, отбасы және басқа да институттардың тәрбие мен оқытудың күшін жұмылдыру арқылы Ұлттық жүйені дамыту.

Қоғамдық сананы жаңғыртудың негізгі жобасы ретінде «Жаңа гуманитарлық білім. «Қазақ тілінде 100 жаңа оқулық» қарастырылады. Оның орындалуы келесі нақты қадамдарды қамтиды:

Еліміздің барлық жоғары оқу орындарында гуманитарлық кафедралардың қалпына келтірілуі;

Гуманитарлық білімнің барлық бағыттары бойынша әлемнің жүз үздік оқулықтарын қазақ тіліне аудару;

Мемлекеттік емес аудару бюросын құру;

Білім – табысты болудың басты факторы. Ол ел жастарына болашағына ғана емес, бүтіндей мемлекеттің дамуына әсер етеді. Сондықтан, оған әрдайым ерекше басымдық берілетіні – түсінікті де.

Білім және ғылым саласындағы әр түрлі өткізіліп жатқан іс-шаралар мақсаты – білім деңгейін көтеру. Олардың орындалуын толығымен қадағалау, қатысушылардың ішінен

қабілетті жастарды жоғалтпай, көпшілік ішінен көзге түспей қалудан сақтау керек. Өткізіліп жатқан жарыстар мен олимпиадалар талаптарын бір қайта қарап, ерекше оқушыларды тани алатын дәрежеге жету керек [2].

Сана мен білімді дамытатын, ол – кітап. Қазақ тілінде оқылатын кітаптар санын көбейтіп, шет елдердің рухани құндылықтардың қадірін көрсеткен кітаптарды қазақ тіліне аударып, сонымен қатар, қазақ халқынан шыққан ұлы ойшылдар мен жазушылардың кітаптарын өз елімізде жетік меңгерту керек. Өз халқынан шыққан білім сәулесін жарқын шашқан ғалымдар мен жазушыларды, классиктер мен реалисттерді өз ұрпағы оқу және ұстану, сана мен ішкі патриоттық сезімдердің алғы шарттары.

Елбасының бағдарламалық мақаласында елдің рухани жаңғыруы мемлекеттік тіл мен салт – дәстүрі, әдебиеті мен мәдениетін сақтай отырып, патриоттық тәрбие беру арқылы жүзеге асырылуы тиіс делінген. Қазіргі заманғы жағдайда қазақ тілі әлемдік қауымдастықтан өзіндік орнын қалыптастыруы қажет. Рухани бай әрі білімді адамзат қана тарихты өзгерте алады. Себебі білімді, сауатты адамдар ХХІ ғасырда адамзат дамуының негізгі қозғаушы күші болмақ. Мемлекеттік тілдің ұстанымдарын білім және ғылым саласында күшейту, сонымен қатар қазақ тілінде оқитын студенттердің тенденциясын өсіру – қазақ тіліндегі оқулықтардың гуманитарлық білімнің барлық бағыттарын объективті факторлармен анықтайды. Сонда да, мемлекеттік тілде оқитын студенттерді оқу әдебиеттерімен қамтамасыз етуде қиындықтар бер. «жаңа гуманитарлық білім. 100 жаңа қазақ тіліндегі оқулықтар» жобасы, әлеуметтік-гуманитарлық пәндердің оқытушыларын есептемегенде, кумулятивті жарқын әсер көрсететін болады.

Қазақ Елінің жастары білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылулары керек. Себебі, жаңа дәуірде тек бәсекеге қабілетті, аса білімді, сауатты адамдар ғана табысқа жетеді. Ел жастарында осындай қасиеттер болса, кез-келген мемлекеттің болашағы жарқын болары анық. Ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында осылайша Қазақ Елінің болашағын білікті жастармен байланыстарынын ерекше атап өтті. Кез-келген елдің болашағы қашан да – өсіп келе жатқан ұрпағына байланысты Сол себепті де, Қазақстан бәсекеге лайықты, білікті жастарды дайындауға баса назар аударып келеді. Мәселен, тоқсаныншы жылдардың басында «Болашақ» бағдарламасы қолға алынып, бүгінге дейін оң мыңдаған ел жастары әлемнің маңдайалды оқу орындарында білім алды, тәжірибе жинақтады. Ел аумағында жоғары деңгейдегі университеттер ашылып, зияткерлік мектептер қалыптасты. Десе де, мұнымен тоқтап қалуға болмайды. Заман жаңарған сайын, білім беру саласын да жетілдіріп отыру қажет[3].

Мемлекет басшысы аталмыш жаңғырудың негізгі қызметі мен ерекшеліктеріне ой жүгіртіп, бұл жаңғырудың маңыздылығына тоқталады: «Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын құдіретімен маңызды». Саяси, экономикалық реформаларда егеменді еліміз бірқатар жақсы нәтижелерге қол жеткізгені баршаға мәлім. Ол адами құндылықтар, рухани қазына, жастарды тәрбиелеу, олардың бойына патриоттық рухты сіңіре білу жұмысында рухани салаға басымдық берудің қажеттілігін алға қойып отыр. Бұл дегеніміз – ұлтымыздың барлық ұлттық салт-дәстүрлерін, мемлекеттік тіліміз бен әдебиетімізді, мәдениетімізді, ұлттық рухымызды жаңғырту деген асыл ұғымға келіп саяды. Елбасымыздың рухани жаңғыруға, руханиятқа, білім, ғылымға маңыз беруі – үлкен көрегендік пен ұлттың алға ілгерлеуін жылдам қарқынмен жылжытатын қозғаушы күш. Бұл – тәуелсіз еліміздің бақытты болашағы мен алаңсыз келешегі үшін жасалып жатқан жұмыс. Өйткені, рухани байлықтың кемел болғаны бұл жеке азаматтарымыз үшін де, әрбір жеке тұлғадан құралған қоғам, туған еліміз үшін де өте маңызды үдеріс [4].

Жаңашылдықты ескі әдістермен оқытуға болмайтыны аян. Сондықтан да бағдарламаны жүзеге асыру аясында жобаның әдістерін оқу-тәрбие үрдістеріне кеңінен енгізуге бағыт алынды. Біздің таңдауымыздың негізінде прагматизм қағидасы тұр. Жобаның қызметі сөзден іске көшіп, қажетті қолданбалы икемділіктерге ие болуға мүмкіндіктер туғызу.

Ұлы Абайдың философиясындағы танымдық-ағартушылық ойлардың «Рухани жаңғыру» бағдарламасында көтерілген мәселелермен үндесіп жатқанын байқауға болады. Абай философиясы еш уақытта ескірмейтін, замана сұраныстарына лайықты жауап табуға болатын жауһарлардың қатарында. Сондықтанда гуманитарлық саладағы білім беру және тәрбие ісінде Абайдай ойшылдарымыздың еңбектері де қолға алған тағдырлық маңызы үлкен осы ұлы іске септігін тигізери анық. Осы мәселелерді іске асыру үшін ең бірінші қажеттілік - жастарды Елбасының еңбектерімен кең ауқымды танысуға мүмкіндіктер туғызу. Бүгінгі таңдағы ең маңызды мәселеге көңіл аударуымыз керек. Рухани жаңғыру бағдарламасы, шын мәнінде қоғамдық сананы өзгерту бағытындағы гуманитарлық ғылымдағы инновациялық серпіліс. Алайда кез-келген ашылулардың ғылымилығы оның методологиялық дайындығымен анықталады. Сондықтан да бүгінгі таңдағы жоғары мектептің, гуманитарлық ғылымдардың алдындағы маңызды міндет - «Рухани жаңғыру» бағдарламасының методологиясын негіздеу болып табылады. Методологияның өзін, күрделі теориялық және тәжірибелік міндеттерді жүзеге асыру мен қолданудағы дүниетанымдық қағидаларының жиынтығы деп, кең мағынада түсінуіміз керек.

«Сананы жаңғыртудың» мазмұнын негіздей отырып, Президент жаңғырудың алты бағытын белгілейді: бәсекеге қабілеттілік, прагматизм, ұлттық бірегейлікті сақтау, білімнің салтанат құруы, Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы, сананың ашықтығы.

Аталмыш бағыттардың бәрі барынша өзектендірілген және уақыттың талаптарына нақты жауап береді. «Мәңгілік ел» болуымыз үшін бізге ауадай қажетті қасиеттер мен құндылықтардың қайнары тоғысып, ақыл-парасаты толысқан, ғаламдық ғылымды игерген адамдар көп болса, еліміз өркениетті, бәсекеге қабілетті болатыны ақиқат[5].

Заманауи әлемде мемлекет пен ұлттың бәсекеге қабілеттілігі – тек қана экономикалық детістіктер мен маңызды халықаралық бастамалар емес, сонымен қатар бәсекеге қабілетті мәдениеттің қалыптасуы, жеке мәдени жетістіктердің арасындағы бастамалар. Бұл байланыста маңыздысы мәдени-әлеуметтік қарым-қатынастың тиімді құрамасы. Жалпылама бірдей қабылданғаны – білімдер мен ойларды еркін алмасу алу. Бұл алмасулар, көп жағдайда, кітап арқылы жүреді, соған байланысты, білім саласы мен ғылымның да қатысы бар[6].

Білім берудегі заманауи талаптар - нәтижеге жетудің негізгі белгісі, соңында біз қандай дәрежеде дайындалатынымызды, қандай бір бітірушіні дайындайтынымызды, ол бәсекеге қабілетті бола ма, жоқ па, соны қоғамда елеулі түрде көрсете ала ма. Білім беру студенттердің әлеуметтік әлемге кіруін қамтамасыз етуге және ондағы өнімді бейімделуге бағытталуы керек.

Дифференцияланған білім беру студенттің білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыруға, олардың қабілеттерін ашуға және дамытуға, оқу процесін жеке тұлғаға бейімдеуге, өзін-өзі тану процестерін ынталандыруға және жеке тұлғаның өзін-өзі анықтауына мүмкіндік береді[7-8].

Модульдік оқыту – студентті оқыту үшін субъективті негізде және өзін-өзі оқыту мен танымдық қызметін жүзеге асыру үшін өз мотивациялық сала, интеллект, тәуелсіздік, командалық жұмыс, қабілеттермен студенттерді қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін технология. Модульдік оқыту тренинг мазмұнының нақты құрылымын болжайды.

Инновациялық саясатты қалыптастыру жоғары білім берудің инновациялық қызметін ұйымдастыратын және ынталандыратын және жоғары білімнің ғылыми-техникалық кеңістікте интеграциялануына ықпал ететін жоғары кәсіби білім беру жүйесіндегі іс-шаралар кешенін дамытуға ықпал етуі тиіс. Инновациялық даму стратегиясын және тактикасын қалыптастыруға негіз болатын интеграцияның бұл үрдісі.

Әдебиеттер тізімі

1. Назарбеу Н. "Қазақстан — 2030" Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы, Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. Алматы: Білім, 1997, 176 б.
2. Демеуова Ләззат. Ғаламдық ойлауға бейімдеу. //Қазақстан мектебі, 2003, № 8, Б. 40-41.
3. ЖошыбаеваГүлнар. Ұлттықмектеп - ел еңсесі. //Қазақстанмектебі, 2003, № 5, Б. 53-59.
4. Абсатова М.А. Технология интегративного обучения. Алматы: Ғылым, 2004, 140с.
5. Кобдиқова Ж.У. Оқытудың жаңа технологиясы мен оқушылардың даму мониторингі // Бастауыш мектеп, 2000, №3, Б. 25-30.
6. Мәңгілік Ел: – Оқулық / М.Б. Касымбеков, С.Ж. Пралиев, К.К. Жампеисоважәнет.б. Абай атындағыҚазҰПУ. Алматы: «Ұлағат» баспасы, 2015, 336 б.
7. Абсатова М.А. Технология интегративного обучения. Алматы: Ғылым, 2004, 140с.
8. Бурбаев Т. Ұлтмәдениеті. Астана:Елорда, 2001, 248 б.

Аннотация

Национальное возрождение тесно связано с национальным самосознанием. Его конечная цель - стать конкурентоспособной, успешной нацией, в которой поддерживается национальная солидарность и солидарность, сохраняя при этом национальную самобытность, мир и согласие внутри страны. «В то же время концепция возрождения означает отказ от некоторых старомодных привычек и привычек, которые не соответствуют глобальному миру», - сказал Нурсултан Назарбаев. Поэтому процесс духовного обновления по праву считается своевременным решением. Ценности, моральные ценности и патриотизм взаимосвязаны и формируют национальные идеи, в связи с чем патриотизм рассматривается как часть стратегии национального государства, а в основе его лежит любовь к малой родине, родине - родине. Глава государства подчеркнул важность возрождения и подчеркнул основные особенности и функции возрождения: «Как и в прошлом, возрождение не должно пренебрегать историческими практиками и национальными традициями. Напротив, мы должны быть в состоянии трансформировать успешные традиции, которые прошли через вызовы современности, в важные предпосылки для успешного возрождения. Если пробуждение не может питать духовные корни нации, оно начинает сбиваться.

Abstract

National revival is closely linked to national identity. Its ultimate goal is to become a competitive, successful nation in which national solidarity and solidarity are maintained, while maintaining national identity, peace and harmony within the country. "At the same time, the concept of rebirth means giving up some old-fashioned habits and habits that are not consistent with the global world," said Nursultan Nazarbayev. Therefore, the process of spiritual renewal is rightfully considered a timely decision. Values, moral values and patriotism are interconnected and form national ideas, in connection with which patriotism is considered as part of the strategy of the national state, and it is based on love for a small homeland, homeland - homeland. The head of state emphasized the importance of the revival and emphasized the main features and functions of the revival: "As in the past, the revival should not neglect historical practices and national traditions. On the contrary, we must be able to transform successful traditions that have gone through the challenges of our time into important prerequisites for a successful rebirth. If awakening cannot nourish the spiritual roots of a nation, it begins to stray.

ӘОЖ37.013.28

А.А. Садыкова, Г.С. Раимбекова

аға оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент,
Қазақстан

оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ: МҰҒАЛІМДЕРДІҢ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУДЫҢ БАСТАМАСЫ

Түйін

Мақалада еліміздің тарихи жәдігерлерін мұғалімдер көзімен көрмей, дәл жеткізе алмайды, сабағы да тұшымсыз шығады. Егер ұстаз тарихи жәдігерлерді көрген, білетін болса, ол сабағын кітаптағы материалдардан да жетілдіре отыра түсіндіре алады. Ең бастысы, сабақ мақсатына жету жолында бір қадам ілгері болады. Мұғалімнің кәсіби даму форматы әлдеқайда кең. Ол курстарға, семинарлар мен конференцияларға барумен ғана шектелмейді. Тиімді кәсіби оқыту мен практиканы қамтиды. Ойдың негізгі желісі тарихи жәдігерлерді насихаттайтын тарих пәні мұғалімдерін еліміздің әр өңіріндегі тарихи ескерткіштерді көруге ұмтылдыру, бағыттау барысында арнайы жоба қарастыру мәселесі бар, «көп сүргеннен емес, көп көргеннен сұра» деген ұғым астары жатыр. Осы орайда өлкетану жұмысын оқушыларға отансүйгіштік, адамгершілік, этикалық - эстетикалық, ұлтжандылық тәрбие беру құралы ретінде саралайтын болсақ, мұны қазіргі ұстаздардың қоғамдық санасын жаңғырту мәселесі деп қарастырады.

Кілттік сөздер: рухани жаңғыру, мұғалімдердің кәсіби біліктілігі, коммуникациялық технологиялар, ұлтжандылық тәрбие беру.

Кіріспе

Қазақстан үшін бүгінгісі мен ертеңгісінің басты жаңалығы – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы. Жақсылыққа әуес, дұрыс бастамаға бойын түзейтін ел жақсылары бұл мақаланы үлкен қуанышпен, зор мақтанышпен қолдап, оның жүзеге асырылуына аянбай тер төгіп келеді. «Рухани жаңғыру» аясында жаңашылдық орнап, оқу-тәрбие үрдістері жүйелену үстінде. Ұстаздық сала мамандарының өз тәжірибесінде көргені – білім реформасының белгілі бір бағдарсыз жүзеге аспайтындығы. Елбасының идеясы бастапқы бағдармалардың жетілуіне ұйтқы болғандай. Ол «Тәуелсіздік толғауы», «Мәңгілік ел» бастамаларының заңды жалғасы. Мемлекет басшысының: «Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озық жүруі, яғни, одан әрі жаңғырып отыруы тиіс» [1], – дегеніндей, бүгінгі жасампаз болмысымыздан озық, оны алға бастайтын идеяларды көріп, жұмысымызды жандандыруға қуат алғандаймыз.

Қай халықты алсақ та, жалпы бүкіл адамзат ендігі жерде рухани тәрбиеге, өзін-өзі тәрбиелеуге бет бұрмаса, жер бетінде үлкен қасірет болары анық. Оның негізгі салдарының бірі ретінде «батыстану», яки «еуропалану» саясатының әсері деген бастама дұрыс. ХХІ ғасырда әуестенгіш жас ұрпақ ақпараттық технологияларды қолдана отырып, өзіне керекті мағлұматтарды Бастыстың биік мәдениетінен емес, азғындық жағынан қорек етеді, әрі соның насихаттаушы болып келе жатыр. Оған төтеп беру үшін руханият, өз дәстүріміз бізге қорған болары сөзсіз. Сөйтіп, қана ұлтты дағдарыстан алып шыға аламыз.

Ал жақсылықтың жаршысы, жас ұрпақтың отбасысынан кейінгі тәрбиешісі – мектептегі мұғалім. Қай жағынан алсақ та, мұғалім деген құр ат болмай, ол өзінің затына сай болуы тиіс. Ол үшін ұстаздар қауымын рухани жағынан байытуымыз керек.

Осы тұсты тереңірек астарлайтын болсақ, мынадай ой тұжырымдауға болады. Мәселен, Абайды, Шәкәрімді, Мағжанды үлгі ету ұлттық рухани жаңғыруға жататыны сөзсіз, әйтсе де Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» Жолдауында: «Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс. Абайдың даналығы,

Әуезовтің ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күйлері, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні – бұлар біздің рухани мәдениетіміздің бір парасы ғана»[1] дей келе, сонымен бірге, жаңғыру ұғымының өзі мейлінше көнерген, жаһандық әлеммен қабыспайтын кейбір дағдылар мен әдеттерден арылу дегенді білдіреді деп түсінік береді. Халқына, еліне, оның ұрпағына көмек жасаған жандарды қолдап-құрметтеудің түрлі жолдарын табу керек дейді. Жолдаудың «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасында: «Біз ХХІ ғасырдың жаһандық картасында ешкімге ұқсамайтын, дербес орны бар ұлт боламыз десек» [2] деп талқылап келе, төртінші мәселе ретінде: «Бұған ауқымды мемлекеттік қолдау жасалуы қажет. Сыртқы істер, Мәдениет және спорт, Ақпарат және коммуникациялар министрліктері жүйелі түрде, қоян-қолтық жұмыс істеуі керек» [3] деп міндет қояды.

Осы дәлелдемелерді қолдана келе, «Қаздар қайтып барады» әңгімесін алайық. Ол үшін сол кездегідей орын алған түрлі қуғын-сүргіннен кейінгі елге қайту тақырыбы, өз еліне оралу, қайту кезіндегі сағынышты жырлау басты тақырып болғаны анық. Біз мұны жаңғырту үшін мұғалімдерге ой тастауымыз керек, олардың туған жерге деген махаббатын оятуға түрткі болуды мақсат ету.

Ол туралы: «Патриотизмнің ең жақсы үлгісі орта мектепте туған жердің тарихын оқудан көрініс тапса игі» [4]. Әрине мұны жүзеге асыру үшін ұстаздар қауымының өзі осы тарихи жәдігерлерді көргені дұрыс. Себебі Республикамызда өлкетану жұмысының бірден-бір орталығы – ол мектеп. Сондықтан тарихи өлкетану жұмысының басты міндеті оқу мен тәрбиені өмірмен байланыстыру. Сөзіме дәйек ретінде Абайдың «Қансонарда бүркітші шығады аңға» өлеңінің идеясы төңірегінде айтуымызға болады, мәселен:

Мұны оқыса, жігіттер, аңшы оқысын,

Біле алмассың, құс салып дәм татпасаң - дейді.

Иә, аңшылық туралы барлығымыз білеміз. Әйтсе де, дәл баса түсінбейміз, сезіне алмаймыз. Мұғалімдер турасында да осы ойға тоқталуға болады. Еліміздің тарихи жәдігерлерін мұғалімдер көзімен көрмей, дәл жеткізе алмайды, сабағы да тұшымсыз шығады. Егер ұстаз тарихи жәдігерлерді көрген, білетін болса, ол сабағын кітаптағы материалдардан да жетілдіре отыра түсіндіре алады. Ең бастысы, сабақ мақсатына жету жолында бір қадам ілгері болады. Мұғалімнің кәсіби даму форматы әлдеқайда кең. Ол курстарға, семинарлар мен конференцияларға барумен ғана шектелмейді. Тиімді кәсіби оқыту мен практиканы қамтиды. Ойдың негізгі желісі тарихи жәдігерлерді насихаттайтын тарих пәні мұғалімдерін еліміздің әр өңіріндегі тарихи ескерткіштерді көруге ұмтылдыру, бағыттау барысында арнайы жоба қарастыру мәселесі бар, «көп сүргеннен емес, көп көргеннен сұра» деген ұғым астары жатыр. Осы орайда өлкетану жұмысын оқушыларға отансүйгіштік, адамгершілік, этикалық - эстетикалық, ұлтжандылық тәрбие беру құралы ретінде саралайтын болсақ, мұны қазіргі ұстаздардың қоғамдық санасын жаңғырту мәселесі деп қарастырып, еліміздегі тарихи жәдігерлерді насихаттаушы тарих пәндері мұғалімдерін жыл сайын тарихи ескерткіштерді көруге арналған жоба ұйымдастырылса, соның нәтижесінде Елбасының алға қойған міндеттерінің бірін орындауда мақсатымызға жетер едік.

Осындай ұтымды шешімдер негізінде тарихи өлкетанулық зерттеулер арқылы үлкен қоғамдық міндеттерді шешуге болады. Жергілікті тарихи мәдени ескерткіштерді, ата - баба мұраларын, салт - дәстүрлерін жетік білген мұғалімнен оқып үйренген баланың бойында ұлтжандылық сезім қалыптасып, ұлттық сана жандана түседі.

«Еліміздің Тәуелсіздік жылнамасы жазыла бастағанына небәрі 25 жыл болды. Бұл – тарих тұрғысынан қас қағым сәт десек те, еліміз үшін ғасырға бергісіз кезең. Әрине, жасалған жұмыстардың маңызы мен ауқымына ешбір күмән жоқ. Дегенмен, осы қыруар істі атқарған, ел дамуына зор үлес қосқан азаматтардың өздері мен олардың табысқа жету тарихы әдетте құрғақ фактілер мен цифрлардың тасасында қалып қояды. Шын мәнінде, Қазақстанның әрбір жетістігінің артында алуан түрлі тағдырлар тұр...» [5], - делінген

Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында.

Осы жолда Елбасы Н.Ә.Назарбаев мына жобаны іске асыруды мақсат етеді: «Мен бүгінгі замандастарымыздың жетістіктерінің тарихына да назар аударуды ұсынамын. Бұл идеяны «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы арқылы іске асырған жөн» [6] дейді. Иә, бүгін де тәуелсіздігімізге дейін ата-бабамыздың жасаған сан алуан тар жол тайғақ кешуін ұмытпаймызда, әйтсе де еліміздің Президенті Н.Ә.Назарбаевтың жоғарыдағы сөзін еске алсақ, тәуелсіздіктен кейін де еліміздің өркендеуі мен көркеюіне ат салысып келе жатқан әр түрлі тағдырларды ұмытпауымыз керек. Аспанымыздың заңғар биігіне шыққан қыран да, өздігінен жаратылып ұшып кеткен жоқ. Оның да бастаушысы, баптаушысы, я қамқоры бар. Осы секілді заңғар тұлғалар да мұғалімнің, ұстаздың алдын көріп, тәрбиесін алып, білімін жетілдірді. Сондай бір қырлардың тасасында қалып келе жатқан ұстаздар қауымына осы жобаны неге асырмасқа?! «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы – Тәуелсіздік жылдарында табысқа жеткен, еліміздің әр өңірінде тұратын түрлі жастағы, сан алуан этнос өкілдерінің тарихы» десе, осы жобаның төңірегінде «100 жаңашыл ұстаз» деп әр қалада, я елді-мекенде қолға алуға болады. Себебі он сегіз миллион халқы бар республикамызда әр еңбек саласындағы 100 ғана адам жай аз емес, өте, тым аз. Осы арқылы Қазақстанның әр түпкіріндегі ұстаздардың нақты тағдырлары мен өмірбаяндары арқылы бүгінгі, заманауи Қазақстан ұстаздарының келбеті көрініс табады. Заңды да, заңгерді де ұстаз үйреткен болса, олардың білімі қайтіп ұстаздан артпақ?

Атап айтқанда: «Экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымы елдерінде, сонымен қоса, әлемдік практикада мұғалімнің қоғам дамуына қосатын үлесі негізгі болып саналады. Оқытушылық мансап ретінде қарастырылады. Мұғалім кәсібінің мәртебесі мен беделінің жаһандық индексі өсуде. Аустрияда үздік мұғалімдер үшін "Білім берудегі Оскар" бағдарламасы кең таралуда» [7], «Оскар» сыйлығы әдетте кино саласына қатысты екені барлығымызға түсінікті. Ал біздің талқылап отырған жобамыз, әлем елдерінің осы сынды жобаларынан әлдеқайда орнықты. Бірақ біздің де сүйенеріміз «Қазақстандық 100 жаңа есім» жобасының төңірегінде, бір ғана білім саласына қатысты.

Бұл мақсатта ұстаздар қауымы да осы өздеріне лайықты құрмет үшін ерінбей еңбек етері анық. Себебі мұғалімдердің жасаған еңбектері шарадай ғана бөлмеде жүзеге асса да, олардың алдына қойған мақсаттары анық, айқын.

Осы жоба аясында елді-мекендерде емес, нақты мектептерде де жүзеге асырудың шараларын қолға алуға болады. Кез-келген аудан я қала мектебінің біріне осы жоба орнаса, бір мектеп үшін «10 жаңашыл ұстаз». Бірақ қатып қалған «100» емес, жай бір мектеп үшін «10 жаңашыл ұстаз» деп санын қысқартып отырмыз, себебі 100 ұстаз бір мектеп үшін өте көп. Мұның берер нәтижесінде мектеп мұғалімдерінің арасында бәсеке арта түсері анық. Сонда «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» идеясындағы тұтас қоғамның және әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың бірінші бағытында нәтижеге жетіп, қазіргі таңда жеке адам ғана емес, тұтас халықтың өзі бәсекелік қабілетін арттырса ғана табысқа жетуге мүмкіндік алады деп көрсеткені шындыққа айналса, Президентіміз айтқандай бәсекеге қабілетті ұстаздан, бәсекеге қабілетті оқушы да шығады деп толықтай айтуға болады.

Еліміздің ертеңі, ұлтымыздың болашағы – бүгінгі мектеп қабырғасында отырған бүлдіршіндер екені мәлім. Олардың қамын ойлау баршамыздың парызымыз. Кез-келген мектептің мақсаты мен мұраты өркениетті елдердің қатарынан көріну, жер мен жер байлықтарын ысырапқа салмай игере білетін ұрпақ тәрбиелеу. Ол үшін бүгінгі жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие бере отырып, елдің өткенін, ұлттың тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін, табиғат ерекшеліктерін етене таныстыру қажет. «Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, келешекте оның өміріне опат әкеледі, адамға ең бірінші керегі – тәрбие» – деп Әл-Фараби айтқандай, педагогика ғылымының зерттейтін негізгі мәселелерінің бірі - тәрбие.

Расында да, уақыт талабынан туындап, білім беру жүйесінде болып жатқан өзгерістер баланы тәрбиелеу осы заман талабына сай үйлесімді деңгейді қайта құруды міндеттейді.

Тәрбие мен оқу егіз деген сөз бар. «Тәрбие бар жерде ғана сапалы білім, саналы ұрпақ болады» деген дана халқымыздың мақал сөзіне сүйенсек, тәрбиені ұстаздықтан бастағанымыз жөн. Ескіліктің шырмауынан енді босап келе жатқан ұстаздар қауымын рухани-адамгершілік қағидаларына үйреткен абзал. Осы тәрбиені қоғамға бағыттайтын болсақ, жақсы тәрбие жақсы тәрбиеленген адамнан дариды. Қазіргі таңдағы ұстаздар қауымы осы талаптарға сай ма, олар өзін-өзі тәрбиелей ме деген сұрақ туындап отыр. Сұрақ орынсыз емес, себебі бүгінге дейін, тіпті қазір де мұғалімдер қауымы арасында оқушыға деген қаталдық, ауыр сөздер қатары арылмай келеді. Оның бірден-бір себебі ескішілдіктен арыла алмауымыз. Мұнда ескілік деп тұрғаным “Сүйегі — менікі, еті — сенікі” деген түсініктің әлі де қоғамнан жойылмауы. Бұл дегеніміз Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» идеясынан тысқары қалып бара жатқанымыздың дәлелі. Осы жолды алдағы уақыттарда ұстана берсек, жас ұрпақтың сенімінен орын ала алмауымыз мүмкін.

Мұғалім – болашақ ұрпақтарды қоғамдық өмірге тез әрі жеңіл қосылу үшін және сол қоғамның сол мақсаттарды орындайтын адамдарды қамтамасыз ету қабілетін арттыру үшін тәрбиелеу мен оқыту қажеттілігі себебінен әлемдегі ең кең тараған мамандықтардың бірі.

Осы орайда адамгершілік тақырыбы – «мәңгілік» тозбас тақырып. Жас ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіру – ата - ана мен ұстаздардың басты міндеті. Адамгершілік әр адамға тән асыл қасиеттер. Адамгершіліктің қайнар бұлағы - халқында, отбасында, олардың өнерлерінде, әдет - ғұрпында. Әр адам адамгершілікті күнделікті тұрмыс - тіршілігінен, өзін қоршаған табиғаттан бойына сіңіреді. Олай болса, ұрпақтың рухани-адамгершілік қасиеті мұғалімнің де рухани байлығын көрсетеді.

Бұл жолда жақсы бір ұтымды талпыныс керек екені түсінікті. Қазақстан ұстаздарына арналған «Мұғалімнің ережесі» деген оқулық шығарсақ, оның негізі жақсы қарым-қатынас жасаудың түрліше жолдарын көрсететін амал-тәсілдерінен болып, барлық мұғалімдерге таратылса, ескіліктің таяғынан құтылуға үлкен жәрдемі болар еді. Мысалға оның мазмұны «қызға қырық үйден тыйым» деген сияқты идея төңірегінде орын алса, Президентіміздің тағы бір бастамасы орындалар еді.

Ал мұғалімнің басты мақсаты - өзіндік рухани - азаматтық құндылықтарын оқушы бойына дарыта отырып, оның жүрек түкпіріндегі рухани қазынасын жарыққа шығару, әрбір баланы жеке тұлға ретінде жетілдіру үшін оның бойындағы бар құндылықтарды дамыту. Мектептегі, сабақтан тыс уақыттағы біздің ісімізді жалғастыратын жеке тұлға болып табылатын оқушыларды рухани-адамгершілікке, азаматтық жүйеге тоғыстыру.

Олай болса, бұл оқулықтың құрамында адамды сөздің құдіреттілігіне жетелеуші сөздер орын алғандығы дұрыс. Себебі жақсы ой, жақсы сөз ғана адамды табыстан-табысқа жетелейді.

Мен бұл жерде мұғалім мамандығын иемденген әрбір адамның бойынан табылуға тиісті-ау деп ойлаған қасиеттердің бірең-сараңын ғана таңдап жазып отырмын. Өз пәнін жақсы білу, білген білімін оқушыларға жан-тәнімен үйрете білу мұғалімнің өз мамандығын сүйе білуіне, қоғам алдындағы жауапкершілікті терең сезіне білуіне тікелей байланысты. Бұл мұғалім бойында болуға тиісті басты қасиет екені рас. Ұлт көсемі — Ахмет Байтұрсынов бұл туралы: «Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектеп сондай болмақшы. Яғни, мұғалім білімді болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика, методикадан хабардар, жақсы оқыта білетін мұғалім».

Қорытынды

Қорыта айтқанда, осы жоғарыда баяндалғандай «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» аясында білім нәрін құюшы ұстаздардың білім берудегі біліктілігін, жаңашылдығын дамыта білсек, сол жолда оқушының көкейіне патриотизм туралы ой салып, үлгі көрсетіп, заманға сай, қоғамға керекті азамат, отансүйгіш, елсүйгіш, елге қызмет ететін қайраткер тәрбиелеуге болар еді.

Аталған ойлар, тұжырымдар нақты дәйектемелер арқылы беріліп, адамзат қауымының

бұл дүниеде азғындалып кетпес үшін жасап отырған Елбасымыздың Жолдауына сүйене отырып жазылған. Шынында да ұрпақ жақсы болып өсуі үшін, жақсы ұстаздың, тәрбиешінің алар орны ерекше екенін тағы да айта кетуге болады.

Жас баланың патриоттық сезімін ояту, рухани-адамгершілік қасиетін арттыру, ұлттық құндылықтарымызды бойына сіңіру, отбасыға деген махаббатын арттыру, еңбекке баулу, мәдениетілікке тәрбиелеу және салауатты өмір салтын ұстанатын, бәсекеге қабілетті ұрпақ өсіру ұстаздың және ата-ананың басты миссиясы екендігінде.

Әдебиеттер тізімі

1. Мәңгілік Ел: – Оқулық / М.Б. Касымбеков, С.Ж. Пралиев, К.К. Жампеисова және т.б. Алматы: «Ұлағат» баспасы, 2015, 336 б.
2. Ұлттық патриотизм негіздері. Оқу құралы. Алматы: Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институты, 2004, 206 б.
3. Қалиев С., Майғаранова Ш., Нысанбаева Г. Тәрбиенің өзекті мәселелері. // Қазақстан мектебі, 1996, №12, Б. 34-38.
4. Крамшенко В. Патриоттық және адамгершілік тәрбиесі // Бастауыш мектеп, 1994, №8, Б. 9-10.
5. Жарқынбеков С. Ерлік –ел мұраты //Бастауыш мектеп, 1996, №3, Б. 42-43.
6. Демеуова Ләззат. Ғаламдық ойлауға бейімдеу. "Қазақстан мектебі", 2003, № 8, Б. 40-41.
7. Абсатова М.А. Технология интегративного обучения. Алматы: Ғылым, 2004, 140с.

Аннотация

Учителя не могут видеть исторические экспонаты страны, они не знают точно, и уроки бесконечны. Если учитель видит или знает исторические реликвии, он может уточнить урок, уточнив материал в книге. Самое главное, это на шаг впереди цели урока. Формат профессионального развития учителя гораздо шире. Он не ограничивается посещением курсов, семинаров и конференций. Включает в себя эффективную профессиональную подготовку и практику. Суть идеи заключается в том, чтобы привлечь учителей истории к популяризации исторической экспозиции, чтобы увидеть исторические памятники в каждом регионе страны, с особым вопросом направления специального проекта с просьбой «просить большего, но не больше». В связи с этим изучение краеведения как средства патриотического, нравственно-этического и эстетического воспитания учащихся рассматривается как вопрос возрождения общественного сознания современных учителей.

Abstract

Teachers cannot see the historical exhibits of the country, they do not know for sure, and the lessons are endless. If the teacher sees or knows historical relics, he can clarify the lesson by specifying the material in the book. Most importantly, this is one step ahead of the goal of the lesson. The format of professional development of a teacher is much wider. It is not limited to attending courses, seminars and conferences. Includes effective training and practice. The essence of the idea is to attract history teachers to popularize the historical exposition, to see historical monuments in each region of the country, with the special question of sending a special project with a request "to ask for more, but not more." In this regard, the study of local history as a means of patriotic, moral, ethical and aesthetic education of students is considered as a question of reviving the public consciousness of modern teachers.

ӘОЖ37.013.28

К.А. Султанова, Г.Т. Малгайдарова, А.А. Садыкова

аға оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент,
Қазақстан

аға оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент,
Қазақстан

аға оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент,
Қазақстан

БІЛІМ САЛАСЫНЫҢ ЖАҢА КӨКЖИЕГІ–РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ НЕГІЗІ

Түйін

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы «Егемен» баспасы – ел дамуының жарқын үлгісі мен нақты қадамдарын көрсететін келелі ой, салиқалы пікір, батыл шешімдерге құрылған маңызды құжат. Ел Президентінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласын зер сала оқып шықтым. Елбасы елдің бүгінгі мен болашағы туралы ой толқындарын – қуатты сезім ағысымен жүректен өткізе отырып толғана, тебірене сыр шерткенде, таңданыстан бас шайқамау қиын. Оның Отанға, елге, ұлттық құндылықтарға деген сүйіспеншілігі сүйсінтеді. Сонымен қатар бірінші кезекте, білім беру сапасы, сапалы дайындалған педагогтармен анықталады. Білім беру ұйымдарындағы педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету және олардың ішіндегі біліктілікті арттыру бағдарламаларын жаңарту, бірқатар міндеттерді шешудегі берілген ресурсты дамытуды қамтамасыз етуді көздейді, білім алудағы оның қажеттіліктерін қанағаттандыру, тез өзгермелі әлемдегі табысты қамтамасыз ету, мемлекеттің экономикалық дамуы үшін адамдық капиталдың бәсекеге қабілетті дамуы Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудағы зияткерлі жан дүниесі дамыған Қазақстан Республикасының азаматын жалпыға білім беретін мектептерде қалыптастыру болып табылады.

Кілттік сөздер: Ұлттық-рухани тамыр, рухани қазына, жастарды тәрбиелеу, патриоттық рухты сіңіру, руханиятқа, рухани жаңғыруға, «Мәңгілік ел».

Кіріспе

Мемлекет басшысы аталмыш жаңғырудың негізгі қызметі мен ерекшеліктеріне ой жүгіртіп, бұл жаңғырудың маңыздылығына тоқталады: «Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын күдіретімен маңызды» [1]. Саяси, экономикалық реформаларда егеменді еліміз бірқатар жақсы нәтижелерге қол жеткізгені баршаға мәлім. Ол адами құндылықтар, рухани қазына, жастарды тәрбиелеу, олардың бойына патриоттық рухты сіңіре білу жұмысында рухани салаға басымдық берудің қажеттілігін алға қойып отыр. Бұл дегеніміз – ұлтымыздың барлық ұлттық салт-дәстүрлерін, мемлекеттік тіліміз бен әдебиетімізді, мәдениетімізді, ұлттық рухымызды жаңғырту деген асыл ұғымға келіп саяды. Елбасымыздың рухани жаңғыруға, руханиятқа, білім, ғылымға маңыз беруі – үлкен көрегендік пен ұлттың алға ілгерлеуін жылдам қарқынмен жылжытатын қозғаушы күш. Бұл – тәуелсіз еліміздің бақытты болашағы мен алаңсыз келешегі үшін жасалып жатқан жұмыс. Өйткені, рухани байлықтың кемел болғаны бұл жеке азаматтарымыз үшін де, әрбір жеке тұлғадан құралған қоғам, туған еліміз үшін де өте маңызды үдеріс.

Әсіресе, көптен күтіп жүрген латын қарпіне көшу, жазуымызды қалыптастыруға байланысты айтылған мәселесі орынды көтерілді деп ойлаймын.

Теориялық талдау

Мемлекет басшысы 2012 жылы желтоқсан айында жария еткен «Қазақстан – 2050» стратегиясында «2025 жылдан бастап латын әліпбиіне көшуге кірісуіміз керектігін» мәлімдеген болатын. Сондықтан бұл мақаласында Үкіметке нақты тапсырма бере отырып, қай уақытта, қалай латын қарпіне өтетінімізді айтып отыр. Яғни, 2025 жылға қарай іс-қағаздары, мерзімді баспасөз, оқулықтар, бәрі де латын әліпбиімен басылады деген сөз. Бұл қоғамдық ғылымдар үшін міндеттелетін үлкен шара болары анық. Әсіресе, Тіл білімі институтына үлкен жауапкершілік артып отыр. Елбасы биылғы жылдың соңына дейін қазақ әліпбиінің жаңа графикадағы бірыңғай стандартты нұсқасын қабылдау жөнінде, 2 жылда ұйымдастыру және әдістемелік жұмыстар жүргізілетіні айтылған. Әрине, бұған үлкен дайындық керек. Ел болам десең, бесігіңді түзе» дейді ұлы Мұхтар Әуезов. Әрбір білімгер өз жері мен оның байлығының иесі болу үшін жаңа технологияларды меңгеріп, жаңаша өмір сүруге үйренудің жолдарын білуге тиіс. Егер қоғамның даму кілті білімді адамдардың жаңаша қызмет атқаруын керек ететін болса, сол жаңашыл адамдарды, болашақ қоғам мүшелеріне білім мен тәрбие беруді жүзеге асыратын мамандар дайындайтын біздің білім беру ұйымдары Елбасы көздеген бағыттарға лайықты болуы тиіс. Ең бастысы, білім беруге қойылып отырған жаңа талаптарды орындауда көптеген жұмыстар жүргізіліп, жастардың үш тілде білім алуына, жаңа технологияларды білім беру жүйесіне енгізуде өңірімізде келелі жұмыстар атқарылуда.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына арналған Жолдауында «Біздің болашақтағы жоғары технологиялық және ғылыми қарқынды өндірістер үшін кадрлар қорын жасақтауымыз керек» деген сөздері бар. Демек, оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту, заманауи технологияны тиімді пайдалану мәдениетіне тәрбиелеу - педагог кадрлардың басты міндетінің бірі болып отыр.

Біліктілік арттыру - «Өмір бойы білім алу» идеясының негізгі тетігі, тиімді жүйесі. Адамның өмір бойы білім алуы міндетті түрде институт тамамдап, диплом алу емес, өмір бойында біліктілік арттыру арқылы өзін-өзі жетілдіріп отыруы, тұлғалық қажеттіліктеріне сәйкес білім алуы. Бүгінгі күні біліктілік арттыру жүйесінде қашықтықтан біліктілік арттыру аса өзекті. Себебі бұл маманның негізгі жұмысынан қол үзбей-ақ білімін жетілдіруіне мүмкіндік береді. Қашықтықтан оқытуды кеңінен алып қарастыратын болсақ, оның негізінде ХХІ ғасырдың жаңа парадигмасы, басымдығы ретінде танылған Smart education жатыр [2].

Smart education - бұл ортақ стандарт, келісім мен технология негізінде Интернет желісіндегі бірлескен білім берушілік әрекетті жүзеге асыру мақсатында құрылған оқу мекемелері мен профессорлық-оқытушылық құрамының бірлестігі. Яғни бұл контентті бірлесіп құру және пайдалану, бірлесіп оқыту деген сөз. Сондай-ақ, Smart education, немесе «жетелі оқыту», - бұл барлық әлемнің контентінің көмегімен еркін кіруге болатын интерактивті білім ортасындағы икемді оқыту. Smart education ұғымының мәні - білімнің кең көлемді қолжетімділігі. Өз кезегінде, «жетелі оқытудың» мақсаты - білім беру процесін электронды ортаға көшіру арқылы оқыту процесін тиімді ету. Мұндай тұрғы оқытушының білімін көшіріп алып, әрбір адамға қол жетімді етеді. Оқыту әр жерде және үнемі қол жетімді болады. Кітаптық контенттен белсенді контентке көшу «жетелі электронды оқытуға» көшудің тағы бір жағдайы болып табылады. Білімді электронды түрде берудің нәтижелілігі артады [3].

Көптеген дамыған елдерде стандарт болып табылатын Smart Education-ның негізгі идеясы қандай екен? Негізі «Кешегі күні» оқушы үшін жалғыз білім көзі болып мұғалім табылды, сонымен бірге оқушы өз білімін толықтыру үшін кітапханаға, яғни дәл сол мұғалім кеңес берген кітапқа жүгінді. «Бүгін» білім тек оқытушы мен оқушыға ғана емес, оқушылар арасында өзара беріледі. Бұл білімнің жаңа деңгейі болып табылады. Сонымен қатар қазіргі таңда әр түрлі ақпараттық коммуникациялық технологиялар қолданысқа енгендіктен, оқытушы оқушыға білім беру үшін әр түрлі мультимедиалық құралдарды қолданады [4].

Ал «ертеңгі күні» Интернет оқушы үшін ең басты білім көзіне айналады. Оқыту

процесі білім объектілерінің кез келген бағытта оқытушыдан оқушыға, оқушыдан оқытушыға немесе оқушыдан оқушыға жылжуы болып табылады.

Smart Education оқытушылардың контенттермен алмасуына мүмкіндік беретін әлеуметтік желілер мен интернет-қоғамдастықтардың дамуын талап етеді.

Web-технологиялар қарқынды түрде дамып келе жатырған қазіргі кезеңде кітапқа бағытталған дәстүрлі білім беру жүйесіне қарағанда Интернет ресурстарында орналасқан ақпараттан мол білім аламыз. Ал Smart Education білімді синхронды түрде жеткізеді, яғни сайтта жарияланған ақпаратты оқу материалына айналдырады [5].

Smart Education - бүкіл әлемнің оқытушыларының, оқушылардың және олардың білімдерінің бірігуі, яғни білім беру жүйесінің дамуының жаңа стратегиясы. Олай болса, еліміз Қазақстанның интеллектуалды дамуының кілті осыда деп ойлаймын.

«Smart» ағылшын тілінен аударғанда «ақылды» деген мағынаны білдіреді. Ал технологиялық сипатта да осы мағынада жұмсалады. Яғни, ақылды технология, ақылды техника, пайдалануға ыңғайлы, мейлінше ықшам, көп функциялы құрылғыларды атайды. Ал педагогикалық үдеріс тұрғысынан қарастыратын болсақ, оқытудың бұл түрі электронды оқыту, мобильді оқыту, кез келген жерде, кез келген ортада оқыту деген мағынада жұмсалады.

«Smart» жүйесі педагогтар қызметінде ең тиімдісі. Себебі бүгінгі жаһандану заманында күнделікті келіп жатқан ақпараттар легі ішінен ең қажеттісін сұрыптай алуға, өзіне қолдануға, нақты орындалатын, шынайысын таңдайды.

XXI ғасыр - технологиялар ғасыры. Мобильдік құрылғылар, Интернет желілері өмір сүрудің қарапайым күнделікті дағдысына айналып, ақпараттық технология адам өмірінің маңызды бөлшегі болып кірігіп кетті. Сандық қоғам, сандық орта қалыптасты. Дамыған мемлекеттер технологияларды адам игілігіне пайдалану мүмкіндіктерін мейлінше арттырып жатыр. Интернет желілері адамның әр түрлі бағытта дамуына мол мүмкіндік береді. Адам үйде отырып- ақ, кәсіпкерлікпен де, ғылыми-зерттеу жұмыстарымен де, шығармашылықпен де айналыса алады. Әлеуметтік желілер арқылы адамның өзінің барлық мүмкіндіктерін жүзеге асыруына жол ашылды. Ақпараттық қоғамда адамның өзіндік ойлауы, әрекетке шығармашылық тұрғыдан қарап, ыңғайлы жол таба білуі маңызды болып табылады. Соның нәтижесінде интеллектуалды экономика қалыптасып, технологияның қарқынды дамуына мүмкіндік туады.

Ұлт жоспарын орындауда әр саланың өзіндік үлесі болса, ұзтаздар қауымы қосатын үлес – жас ұрпақты жаңа қоғам мүшесі етіп білім мен тәрбие беруді жаңаша құру, оны осы Елбасымыз көрсетіп отырған талаптарға сай орындау деп білемін. «Жалғандық жарға жығады» дейді қазақ даналығы. Біз – бабалар батасы дарыған, ата аманатын аялаған елміз. Сондықтан Елбасы Тәуелсіздік жылдары қоғамды бос демагогия дертінен арылтуға күш салды. Оның орнына елді өркендетер түбегейлі жаңаруларға жұмылдырды. Білім биігіне, ғибратты ғылымға, өнімді еңбекке бағдарлады. Бұл – қалыпты өмірді қауіпті өмірге айналдырмаудың және нақты жаңғырудың қамы. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы тәуелсіз еліміздің даму бағыты өрілген өзекті мақала екені даусыз.

Бұл мақалада сананы жаңғырту, ұлттық болмыстан, ұлттық кодтан айырылып қалмай, оны әлемдік құндылықтармен үйлестіріп, Қазақстанның игілігіне жарату жолындағы мақсат-мүдделер туралы өзекті мәселе көтеріліп отыр.

Елбасымыз Қазақстан үшін қайта түлеудің айырықша маңызды екі үдерісі – саяси реформа мен экономикалық жаңғыруды қолға ала отырып, Біртұтас Ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатынын және бұқаралық сананы қалай өзгертетіні жөнінде алысты болжайтын көзқарастарымен бөліседі. Мемлекет басшысы аталмыш жаңғырудың негізгі қызметі мен ерекшеліктеріне ой жүгіртіп, бұл жаңғырудың маңыздылығына тоқталады: «Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың

маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды.[6]

Саяси, экономикалық реформаларда егеменді еліміз бірқатар жақсы нәтижелерге қол жеткізгені баршаға мәлім. Ол адами құндылықтар, рухани қазына, жастарды тәрбиелеу, олардың бойына патриоттық рухты сіңіре білу жұмысында рухани салаға басымдық берудің қажеттілігін алға қойып отыр. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында 6 бағытқа басымдық берілген.

- Бәсекеге қабілеттілік;
- Прагматизм;
- Ұлттық бірегейлікті сақтау;
- Білімнің салтанат құруы;
- Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы;
- Сананың ашықтығы.

Соның бірі - білім беру жүйесін жаңаша жетілдіру. Осы жүйе бойынша ауқымы кең жұмыстар атқарылып келеді. Құндылықтар жүйесінде тек білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана зор табысқа жетеді. Жастар басымдық беретін межелердің қатарында білімнің үнемі бірінші орында тұруы шарт. Бұл – Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында айтылған ой. Іргелі ілім үйрету арқылы шәкірттерді шынайы патриот қылып қалыптастыруға болады, - дейді шара бастамашылары.

Бүгінгі әлемдік бәсекелестік заманында бізге сергектік пен серпіліс керек. Президент ұсынған тың идеялар - жаңа нәтижелі көкжиектерге бастайтын серпіліс. Бұл ретте барлық оқу орындары қоғамдық сананы жаңғыртудың қозғаушы күші болуы тиіс.

Төл тарихымызды білу де – парыз. Өткенге зер салмай болашақты болжауға болмайтындығын түйсінген жастар конференцияда өздерінің ғылыми жобаларын қорғады. Қоғамдық сананы жаңаша жаңғыртуда мектептер мен жоғарғы оқу орындарының білім беру және жас ұрпақты тәрбиелеу ісінде алар орны ерекше. Табысты болудың ең басты факторы - білім екендігін әркім терең түсінуі керек. Жиында ортаға салынған ортақ ой – осы.

Аталмыш бағыттардың бәрі барынша өзектендірілген және уақыттың талаптарына нақты жауап береді. «Мәңгілік ел» болуымыз үшін бізге ауадай қажетті қасиеттер мен құндылықтардың қайнары тоғысып, ақыл-парасаты толысқан, ғаламдық ғылымды игерген адамдар көп болса, еліміз өркениетті, бәсекеге қабілетті болатыны ақиқат. «Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Елбасының бағдарламасын толық қолдай отырып, рухани мәдениеттің дамуы үшін тағылымды ұлттық тәрбиенің қайнарынан сусындап, биік адами құндылықтардың кемелдену барысында әрбір маман иесі атсалысу керек.

Мемлекет басшысының «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауы біздерге, ғылым адамдарына нағыз прагматикалық, нақты әрі түйінді, еліміздің болашағы үшін тағдыршешті мәселелерді көтерген атаулы құжат болды.

Жолдау біздің еліміздің ширек ғасыр ішіндегі екі жаңғырту үрдісін аяқтап, үшінші, экономикамыздың әлемдік өсімінің лайықты деңгейге жетуін қамтамасыз ететін, жеделдетілген технологиялық жаңғыртылу басымдығына көшуімізді айқындап берді.

Цифрлы технология біздің өмірімізге тәуелсіздігіміздің бастапқы жылдары-ақ батыл енгізіле бастады. Ең алдымен, мектептерді жаппай компьютерлендіру қолға алынды. Компьютерлер кеңседе де, үйде де негізгі ақпараттық құрал ретінде пайдаланыла бастады, ақпаратпен орындалатын кез келген жұмыс компьютер көмегімен жүзеге асырылатын болды. Ақпаратты сақтау да, тасымалдау да жолға қойылды.

Нәтижелер мен талқылау

Елбасының Жолдауында елімізде үлкен экономикалық және технологиялық дүмпу болуы тиістігі баса айтылды. Ал ол үшін, ең алдымен, тағы сол ІТ саласына басымдық

беріледі. Жалпы, Қазақстанда ақпараттық технологияларды мемлекеттік секторға ендіру жұмыстары осыдан он жыл бұрын сәтті басталған. Оған мысал келтіруге болады, ол – «eGov» жүйесі немесе Қазақстанның электронды үкіметі. Дәл осы жүйенің көмегімен бүгінде жүздеген операцияны компьютер алдында отырып-ақ жүргізе аласыз. Құжат ресімдеу, коммуналдық қызмет түрлерінің ақысын, салық, айыппұл, сақтандыру және өзге де қызмет түрлерін үйде отырып төлеуге кез келген қазақстандықтың мүмкіндігі бар. Бұл істер алдағы кезде одан әрі жетілдіріле түседі. Ақпараттық технологиялар қарыштап дамып бара жатқан мына заманда IT саласын дамытпасақ, дамыған 30 елдің қатарынан көріну қиын. Өйткені, өркениетті елдердің барлығы осы цифрлы жүйеге көшіп, өнеркәсібінің дамуын және халқының әл-ауқатын жылдан-жылға жақсартып келеді. Жолдауда Елбасы: «Білім беру ісінде қолданылатын және басқа да перспективалы салаларды дамыту керек. Жалпы халықтың бақуатты өмір сүруі үшін жасалып жатқан шаралар екенін түсінуіміз қажет. Тұрғындардың әл-ауқаты артып, еңсесі тік көтерілгенде ғана Қазақстан дамыған өркениетті елдердің қатарына, яғни алдыңғы «отыздыққа» қосыла алады. Ал, бұл мақсатқа жету үшін еліміз Үшінші жаңғыруды еңсеруі тиіс. Алдағы кезде замана көшінен қалғысы келмеген әрбір азамат, мамандар, ғалымдар мен студенттер ұялы байланыс, телекоммуникация, сандық ТВ, кеңжамақты интернет, ақпараттық технологиялар, Е-үкімет, Е-сауда, интерактивті жарнама және әлеуметтік медиа саласындағы өзекті тақырыптардан тыс қалуына болмайды[7].

Қорытынды

Қорыта айтқанда, Елбасымыздың рухани жаңғыру бағдарламасында жастарымызды отан сүйгіштікке тәрбиелеу мақсатында жас ұрпақты ойлы да іскер, жігерлі де батыл, өзіне-өзі сенімді, интеллектуалды деңгейі биік, жан-жақты азамат ретінде қалыптастыруда жалпы ұстаздар қауымының қызметі өлшеусіз. Еліміздің жеткен жетістіктері аясында жас ұрпақты Отанын сүйуге, ол үшін аянбай қызмет етуге тәрбиелеу – біздің басты міндетіміз. Тұңғыш Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасын қолдап, халқымыздың жарқын болашағының кепілі-ұл-қыздарымызды тәрбиелеп, отанымыздың бақыты үшін еңбек ете берейік. Тұңғыш Елбасымыз екі дәуір түйіскен шақта, бүгінгі жаһандану кезеңінде Қазақстанның игілігіне жарату жолындағы мақсат-мүдделер туралы өзекті мәселе көтеріп, түбегейлі жаңғыру және жаңа идеялар арқылы болашағын баянды ете түсудің теңдессіз тарихи мүмкіндігі беріліп отырғандығына сенім білдіреді.

Мұғалім ретінде маған Елбасының мақаласында айтылған гуманитарлық бағыттағы 100 ең жақсы оқулықтарды әртүрлі тілдерден қазақ тіліне аудару туралы жобасы қатты ұнады. Өйткені, бұл біздің жас жеткіншектер мен мамандарымызға білімі жағынан жаһандық бәсекеге дайын болуға әсерін тигізеді.

Ұлт көшбасшысы атап көрсеткен бұл шаралар еліміздің дамудың жаңа деңгейіне көтерілуіне өз септігін тигізетініне сенімдімін. Нақты жаңғыру – білім биігіне, ғибратты ғылымға, өнімді еңбекке талпыну деп санаймын.

Әдебиеттер тізімі

1. Назарбеу Н. "Қазақстан — 2030" Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы, Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. Алматы: Білім, 1997, 176 б.
2. Мәңгілік Ел: – Оқулық / М.Б. Касымбеков, С.Ж. Пралиев, К.К. Жампеисова және т.б. Абай атындағы ҚазҰПУ. Алматы: «Ұлағат» баспасы, 2015, 336 б.
3. Демеуова Ләззат. Ғаламдық ойлауға бейімдеу. // Қазақстан мектебі, 2003, № 8, Б. 40-41.
4. Жошыбаева Гүлнар. Ұлттық мектеп - ел еңсесі. // Қазақстан мектебі, 2003, № 5, Б. 53-59.
5. Абсатова М.А. Технология интегративного обучения. Алматы: Ғылым, 2004, 140 с.
6. Кобдикова Ж.У. Оқытудың жаңа технологиясы мен оқушылардың даму мониторингі. // Бастауыш мектеп, 2000, №3, Б. 25-30.
7. Абсатова М.А. Технология интегративного обучения. Алматы: Ғылым, 2004, 140 с.

Аннотация

Программная статья Елбасы Республики Казахстан Нурсултана Назарбаева «Ориентация на будущее: духовное обновление». Издательство «Эгемен» является важным документом, созданным для твердой мысли, здравого мнения и смелых решений, отражающим яркий пример и конкретные шаги страны. Я прочитал статью президентской программы «Ориентация на будущее: духовное обновление». Трудно игнорировать мысли Президента о настоящем и будущем страны, когда речь идет о душевной страсти, с сильным чувством страсти. Его любовь к стране, стране и национальным ценностям очень ценится. В то же время качество образования, в первую очередь, определяют квалифицированные преподаватели. Обеспечение профессионального развития педагогических кадров учебных заведений и обновление в них программ профессионального развития, обеспечение развития данного ресурса в ряде задач, удовлетворение его потребностей в образовании, успехи в мире быстро меняющейся экономики, конкурентное развитие человеческого капитала для экономического развития Казахстана. Республика Казахстан обладает развитым интеллектуальным духом в развитии образования это образование школ в общеобразовательных школах.

Abstract

Program article of the President of the Republic of Kazakhstan NursultanNazarbayev “Orientation to the future: spiritual renewal”. Egemen Publishing House is an important document created for solid thought, common sense and bold decisions, reflecting a vivid example and concrete steps of the country. I read an article in the presidential program, Orientation to the Future: Spiritual Renewal. It is difficult to ignore the President’s thoughts about the present and future of the country when it comes to spiritual passion, with a strong sense of passion. His love for the country, country and national values is greatly appreciated. At the same time, the quality of education is primarily determined by qualified teachers. Ensuring the professional development of the teaching staff of educational institutions and updating professional development programs in them, ensuring the development of this resource in a number of tasks, meeting its educational needs, successes in the world of a rapidly changing economy, competitive development of human capital for the economic development of Kazakhstan. The Republic of Kazakhstan has a developed intellectual spirit in the development of education is the education of schools in secondary schools.

ӘОЖ 37.013.88

К.А. Султанова, А.А. Садыкова

аға оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент,
Қазақстан

аға оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент,
Қазақстан

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЖАҢАША БАҒЫТТАР МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҚАЗІРГІ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ ДЕҢГЕЙЛЕРІ

Түйін

Қай мемлекеттің де негізгі тірегі – білімді де білікті, іскер де, белсенді адамдар. Сондықтан қоғам талабына сай, сол қоғамды көркейтетін, дамытатын жастар тәрбелеу ең маңызды мәселе екені даусыз. Қоғамның дамуына қарай ғылым мен техниканың деңгейі де, оны басқару жүйесі де өзгеріп отыратыны белгілі. Осыған орай маман қызметінің мазмұны жаңарып, жаңа мақсат, жаңа көзқарас, жаңа шешімдер мен жаңа мүмкіншіліктерді қажет етеді. Ондай мүмкіншілік тек білім арқылы келеді. Білім – қоғамды әлеуметтік, мәдени-ғылыми прогреспен қамтамасыз ететін ғажайып құбылыс, адам үшін де, қоғам үшін де ең жоғары құндылық. Оның ең негізгі қызметі – адамның менталитетін, адамгершілігін, шығармашылық қабілетін қалыптастыру мен дамыту. Осыған орай егеменді еліміз өзінің дамуының ең басты алғы шарты – білім беру жүйесінің білім ғасырындағы міндеті мен мазмұнын айқындап берді. Білім беру жүйесіндегі жаңа технологиялардың алатын орны, мектепте оқушылардың ауызекі сөйлесу әрекеттерін белсендіру мен қарқынды дамытудың, сапалы әрі тиімді жолы ретінде қазіргі заманғы оқыту технологияларын сабақта қолдану жолдары ғылыми-теориялық тұрғыдан баяндалған.

Кілттік сөздер: Инклюзивті оқыту, мүмкіндігі шектеулі балалар, инклюзивті білім беру, әлеуметтік бейімделу, даму мүмкіндігі шектеулі балалар

Кіріспе

Ұлттық білім үлгісінің негізгі бағыты – адамды қоғамның ең негізгі құндылығы ретінде тану, оның қоғамдағы орны мен рөліне, әлеуметтік жағдайына, психикалық даму ерекшелігіне мән беру, сол арқылы оның рухани жан-дүниесінің баюына, саяси көзқарасының, шығармашылық еркіндігі мен белсенділігінің, кәсіби іскерлігінің қалыптасуына жағдай жасау, мүмкіндік беру. Яғни, ХХІ ғасырдың маманы – жаратылыстану мен гуманитарлық ғылымдар бойынша ой-өрісі кең, жан-дүниесі бай, ұлттық менталитеті жоғары, кәсіби білікті маман, адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасай алатын, басқаның пікірімен санасатын, кез келген ситуациядан шығудың жолын таба алатын, жауапкершілік сезімі жоғары, қоғамда белгілі бір рөл атқаратын, қайталанбайтын дара тұлға болуы тиіс. Ал мұндай мүмкіндіктің негізі – жоғары білімде. Өйткені жоғары білім – үздіксіз білім беру жүйесінің шешуші тетігі. Сондықтан білімгерді тек маман ретінде ғана қарамай, оны өз қоғамының азаматы, жеке тұлға, келешектің иесі, тірегі ретінде тану, соған мүмкіндік жасау қажет. Ұлттық үлгідегі жаңа парадигманың негізгі бір мәселесі – білімгерге іргелі де терең, тиянақты да жүйелі білім беру. Іргелі білім берудің міндеті – адамды ғылыми ойлауға, болмысты тану, оны қабылдаудың әдіс-тәсілдерін білуге, өзін-өзі дамытуға, өз бетімен білім алуға, ізденуге іштей қажеттілігін туғызу.

“Оқыту технологиясы – белгіленген мақсатқа нәтижелі қол жеткізуді қамтамасыз етуде оқытудың формасы, әдістері мен құралдарын ашып көрсетіп, оқу бағдарламасында белгіленген оқытудың мазмұны жүзеге асырылады”, – деп С.Әбенбаев айта келіп, оның құрылымын төмендегідей етіп көрсетеді [1]:

- оқытудың мақсаты;
- білім берудің мазмұны;
- педагогикалық өзара әрекеттестіктің құралы (оқыту және мотивация), оқыту процесін ұйымдастыру;

- оқушы, оқытушы;
- әрекеттің нәтижесі (сонымен бірге кәсіптік даярлықтың деңгейі).

Сонымен қатар, С.Әбенбаев нақтылы педагогикалық процесті талдап жүзеге асыруды “... оқыту технологиясын жобалау процесі деп атауға болады” деп айта келіп, оның құрылымын төмендегідей анықтайды:

- оқу жоспары және бағдарламасына сай оқытудың мазмұнын таңдау;
- оқытушы бағдарлай алатын оқытудың басымды мақсатын таңдау, яғни жобалау барысында білім алушыларда қандай кәсіптік және тұлғалық сапа қалыптасады, міне соны анықтау;
- мақсаттарға немесе басымды бір мақсатқа негізделіп оқыту технологиясын таңдау;
- оқыту технологиясын талдап жасау.

Педагогикалық зерттеулердің нәтижелеріне сәйкес білім берудің қазіргі заманғы технологиясының нұсқауы, төмендегі принциптердің қатысуымен жасалуы тиістігі анықталуда:

- дидактикалық жүйені көрсететін технологияның бүтіндік принципі;
- қойылған мақсатқа жету үшін нақты педагогикалық ортада технологияларды қайта өндіру принципі;
- сәйкес келетін педагогикалық жүйелердің өзін-өзі дайындау механизміне әсер ететін факторлардың приоритеті және педагогикалық құрылымдарының сызықтық емес принципі;
- оқушының жеке тұлға ретінде қалыптасуына және оның танымдық қабілеттілігіне оқыту процесінің бейімделу принципі;
- біріктірілген білімдерді құру үшін оптимальді жағдай жасайтын оқу ақпараттарының потенциалды көп болу (артық болу) принципі.

Педагогикалық технологияның міндеттері:

- әр түрлі қызмет саласындағы іскерлік пен дағдылардың шыңдау, білімнің тереңдігін, беріктігін арттыру;

- мінез – құлықтағы әлеуметтік құнды әдеттер мен формаларды нығайту және арттыру;

- технологиялық құрал-саймандармен жұмыс істеуге үйрету;

- технологиялық ойлау дағдыларын дамыту;

- оқу міндеттері мен қоғамдық пайдалы еңбек ұйымдастыруда технологиялық тәртіпке сай нақты әдеттерді тәрбиелеу.

Педагогикалық технология әр түрлі жағдайлардағы нақты өзара іс-қимылдарды, жүйеленген, бағдарланған, оқыту және тәрбиелеу стандарттарына сай тәсілдер негізінде компьютер мен техникалық құралдар қолдану арқылы да ұйымдастырылады. Бүгінгі таңда білім беру жүйесінің құрылымдарында оқытудың айқындалған көптеген технологияларын пайдаланып жатқандығы белгілі. Болашақ маманға тәжірибе беруде ақпаратпен жұмыс істеу әдістеріне, жаңа білімдерді құру әдістеріне, ең маңыздысы - әлемнің дамуы туралы білімдердің қажетті деңгейін қалыптастыратын әдістерге үйрету. Сондықтан әрбір оқытушыға және оқушыға "оқыту" мен "үйрену" процестерін игеру үшін 3 тілді меңгеруі қажет: ана тілін, ғылым тілін және технология тілін. Сонымен технология көмегімен білімдерді, іскерлікті, дағдыларды игеру процесінде тұлғалық қасиеттің дамуында нәтижелі шешімге жету мүмкіндігі қамтамасыз етіледі [2]. "Педагогикалық технология" оның ішінде "оқыту технологиясы" ұғымын анықтауда, басым көпшілік мамандар оларды үш маңызды жағдайлармен біріктіреді:

- іс-әрекетінің жиынтығы түріндегі қажет ететін үлгіні дәл анықтау негізінде оқытуды жоспарлау;

- оқытуды талап ететін әрекетті қалыптастыруды іріктеген қатаң тізбекті әрекеті түріндегі оқытудың барлық процесін "бағдарламалау".

- алғашқы белгіленген эталонмен оқытудың нәтижесін салыстыру. М.Чошанов оқыту технологиясы негізінен педагогикалық процестегі «Қалай нәтижелі етіп оқыту керек?» мәселесін шешуге бағытталатынын айтады. Оқыту технологиясы жөніндегі ой-пікірлерді саралай келе, біздер оны: біріншіден, оқытудың мақсатқа сәйкес нәтижесіне қол жеткізудегі нақты қадамдарды және олардың үйлесімділігін зерделейтін ғылым саласы; екіншіден, оқытудың нақты жағдайда нәтижелі жүзеге асырылуын белгілейтін жобалау немесе модельдеу; нақты оқыту процесін нәтижелі етіп оқытудағы процес деп білеміз [3].

Б.Қуанбаева өзінің зерттеуінде әдістемелік жүйені технологиялық негізде жетілдіруді төмендегідей дидактикалық талаптарының орындалу негізін белгілейді:

а) оқытудың мақсаты диагностикалық операцияларды анықтаулы тиіс, яғни иерархиялық тізбек түрінде берілген мақсаттар таксономиясы құрылуы қажет;

ә) білім мазмұны мақсаттар таксономиясына сәйкес анықталып, оны анықтау принциптері ізгілендіру тұрғысында қайта қаралуы қажет;

б) оқытудың белсенді әдістерін басым түрде түрде пайдаланып, оқыту әдістерінің басты аспектілерін ескерілген үш деңгейлі моделі құрылып, кеңінен пайдалануы қажет;

в) оқытудың формасы оқушының жеке даму траекториясын, сондай-ақ педагогикалық жағдаяттарға сәйкес жеке, жұптық және топтық формалардың тиімді үйлесуін қамтамасыз ететіндей түрде жетілдіруі тиіс;

г) оқыту құралдарын жетілдіру компьютерлік техника мен ақпараттық технологияларды олардың дидактикалық мүмкіндіктері нақты анықталып, дәстүрлі құралдармен үйлесімді бірге пайдалануға бағытталуы қажет [4].

Жалпы "Педагогикалық технология" түсінігі қаншалықты қолданыста болғанымен, ол жөніндегі түсінік ұғыныңқы болмаған. Білім берудің қазіргі кездегі практикасында бұл ұғым стандартты емес ғылыми көріністерде ереже ретінде қолданылып, педагог жұмыстарының өндірілген әдіс-тәсілдерін, құралдарын білдіреді. В.П.Беспалько технологияны түсіну үшін ең алдымен педагогикалық іс-әрекеттің өндірушілік белгісіне көңіл аудару қажеттігіне зейін

аударарды, әлеуметтік тұрғыдан бұл белгі, технологияның басқа белгілерінен оның жалпылық сипатымен байланыстылығын сипаттайды. Қазіргі білім беру технологияларын Г.К. Селевко технологияның классификациялық параметрлері тұрғысынан: қолдану деңгейі, негізгі дамыту факторы, меңгеру тұжырымы, жеке тұлғаның құрылымына бағдарлау, мазмұн сипаты, басқару типі, ұйымдастыру формалары, балаға ықпал ету тәсілдері, әдістердің басымдылығы, жетілдіру бағыттары, оқушылар категориялары бойынша нақтылап көрсетеді [5].

Еліміздің егемендік алып, қоғамдық өмірдің барлық, соның ішінде білім беру саласында жүріп жатқан демократияландыру мен ізгілендіру мектепті осы кезге дейінгі дағдарыстан шығаратын қуатты талпыныстарға жол ашты.

Білім мазмұны жаңа үрдістік біліктермен, ақпаратты қабылдау қабілеттерінің дамуымен, ғылымдағы шығармашылық және нарық жағдайындағы білім беру бағдарламаларының нақтылануымен байи түсуде. Атап айтқанда:

–Есте сақтауға негізделген оқып білім алудан, бұрынғы меңгергендерді пайдалана отырып, ақыл-ойды дамытатын оқуға көшу;

–Білімнің статистикалық үлгісінен ақыл-ой әрекетінің динамикалық құрылым жүйесіне көшу;

–Оқушыға орташа деңгейде білім беретін бағдарламадан жекелеп, саралап оқыту бағдарламасына көшу.

Кез-келген елдің экономикалық қуаты, халқының өмір сүру деңгейінің жоғарлығы, дүние жүзілік қауымдастықтағы орны мен салмағы сол елдің технологиялық даму деңгейімен анықталмақ. Жалпы қоғам дамуы мен жаңа технологияны енгізу сапалығы осы елдегі білім беру ісінің жолға қойылғандығы мен осы саланы ақпараттандыру деңгейіне келіп тіреледі. Экономикалық күшті дамыған елдердің тәжірибесі экономика, ғылым және мәдениеттің қарқынды дамуының негізгі кілті екендігін көрсетіп отыр. Ендеше қазіргі заманның ақпараттық технологиясын игеру міндетіміз.

Кез келген диалектикалық даму үрдісі секілді нарықтық экономика жағдайына байланысты білім беру жүйесін реформалау ісі де қарама-қайшылықтарсыз емес. Мұның өзі мамандардан кәсіби икемділік пен ұтқырлықты, сан қырлы шығармашылық қызмет пен өзін-өзі басқару, өзін-өзі ұйымдастыру жағдайындағы біліктілікті талап етеді.

Білім беру реформасын одан әрі тереңдете жүргізу жаңа замандық база жасауды қажет етіп отыр. Ең алдыменен, ел экономикасының нарықтық жаңа кезеңіне өту барысындағы білім жүйесін қалыптастыратын заң баптары керек болды [6].

Оқытудың қазіргі технологиялары

Еліміздің егемендік алып, қоғамдық өмірдің барлық, соның ішінде білім беру саласында жүріп жатқан демократияландыру мен ізгіліктендіру мектепті осы кезге дейінгі дағдарыстан шығаратын қуатты талпыныстарға жол ашты.

Қазіргі кезде біздің Республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне еруге бағыт алуда. Бұл педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр: білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің жаңа мазмұны пайда болуда:

– білім мазмұны жаңа біліктермен, ақпараттарды қабылдау қабілеттерінің дамуымен, ғылымдағы шығармашылық және нарық жағдайындағы білім беру бағдарламаларының нақтылануымен байи түсуде;

– ақпараттық дәстүрлі әдістері – ауызша және жазбаша, телефон және радио байланыс – қазіргі заманғы компьютерлік құралдарға ығысып орын беруде;

– баланың жеке басын тәрбиелеуде, оның жан дүниесінің рухани баюына, азамат, тұлға ретінде қалыптасуына көңіл бөлінуде;

– мектеп, отбасы мен қоршаған әлеуметтік ортаның бала тәрбиесіндегі бірлігіне ұмтылыс жасалуда;

– қоғамдық біліммен бара-бар педагогикалық технологияның кеңінен қолданылуына

және ғылымның рөліне мән берілуде.

Оқыту технологиясын жетілдірудің психологиялық, педагогикалық бағыттағы негізгі ой-тұжырымдары төмендегіше сипатталады:

- есте сақтауға негізделген оқып білім алудан, бұрынғы меңгергендерді пайдалана отырып, ақыл-ойды дамытатын оқуға көшу;
- білімнің статистикалық үлгісінен ақыл-ой әрекетінің динамикалық құрылым жүйесіне көшу;
- оқушыға орташа деңгейде білім беретін бағдарламадан жекелеп, саралап оқыту бағдарламасына өту.

Қазір біздің Республика оқу орындары, педагогикалық ұжымдары ұсынылып отырған көпнұсқалыққа байланысты өздерінің қалауына сәйкес кез келген үлгі бойынша қызмет етуіне мүмкіндік алды. Бұл бағытта білім берудің әртүрлі нұсқадағы мазмұны, құрылымы, ғылымға және тәжірибеге негізделген жаңа идеялар, жаңа технологиялар бар. Сондықтан әртүрлі оқыту технологияларын оқу мазмұны мен оқушылардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне орай таңдап, тәжірибеде сынап қараудың маңызы зор.

Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермей сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және де басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі [7].

Қазіргі кезде осы педагогикалық технология ұғымы біздің педагогикалық лексиконымызға берік еніп келеді. Дегенмен, оның мән-мағынасы туралы пікірлер алуан түрлі. Түсіндірме сөздікте: "Технология – бұл қандайда болсын істегі, шеберліктегі, өнердегі амалдардың жиынтығы" делінсе, Б.Т.Лихачев педагогикалық технологияны оқу процесіне белгілі бір мақсат көздей әсер ететін педагогикалық ықпал деп түсіндіреді. Ал, технологиялық үрдісті нақты педагогикалық нәтижеге жетелейтін бірліктердің (өлшемдердің) белгілі бір жүйесі ретінде көрсетеді және педагогикалық технология түпкілікті өзгермейтін механикалық құрылым емес, қайта бала мен мұғалімнің үнемі түрленіп отыратын өзара қарым-қатынасының өзегі, мазмұнды ұйымдастырушы құрылымы.

Педагогикалық технология ұғымының қолданылу деңгейлері

Жалпы педагогикалық жүйе ұғымының синонимі. Оған: мақсат, мазмұн, оқытудың құралдары мен әдістері, оқыту процесінің субъектілері мен объектілерінің әрекет алгоритмі кіреді.

Қорытынды

Қорыта келгенде, жаңа инновациялық педагогикалық технологияның негізгі, басты міндеттері мынадай:

- әрбір білім алушының білім алу, даму, басқа да іс-әрекеттерін мақсатты түрде ұйымдастыра білу;
- білім мен білігіне сай келетін бағдар таңдап алатындай дәрежеде тәрбиелеу;
- өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, дамыту;
- аналитикалық ойлау қабілетін дамыту. Компьютерлік оқыту бағдарламаларының қай қайсы болмасын өз мазмұнынан грамматикалық жұмыс жүргізуді тыс қалдырмайды, белгілі бір грамматикалық құрылымның жұмыстарын қамтиды.

Әрине, барлығын байланыстыру, жүйелеу оңай жұмыс емес, бірақ белгілі бір жетістікке жету үшін, «тілдердің үш тұғырлылығының» болуы үшін, нәтижесін көруге болатын сияқты. Үш тілді болу – қазіргі заман талабы. Өркениет көшінен қалмай, соған сәйкес қадам жасауға, толыққанды білім алуға қол жеткізуге үлесімізді қосуымыз керек. Экономикадағы табыстар мамандардың біліміне, біліктілігіне байланысты екендігін білеміз. Сондықтан біз тек Қазақстанның ішінде ғана емес, әлем деңгейінде бәсекеге қабілетті жаңа мамандарды дайындай білуіміз керек. Қазіргі заман сабағы мұғалімсіз болмайды. Ұлы ағартушы Б.Алтынсарин: «Маған жақсы мұғалім бәрінен де қымбат, өйткені жақсы мұғалім –

мектептің жүрегі» деген екен. Онда «мектептің жүрегі» болумен қатар, жаңа егемен еліміздің ұрпағын жаңа білім нәрін сусындатып, саналы тәрбие, сапалы білім беретін білімді, білікті ұстаз болайық.

Әдебиеттер тізімі

1. Әбдіғалиев Қ. Шоғырландырып қарқынды оқыту жүйесі. // Қазақстан мектебі, 1998, №11-12, Б. 24-35.
2. Таубаева Ш.Т., Барсай Б.Т. Оқытудың қазіргі технологиялары // Бастауыш мектеп, 1999, №3, Б.43-49
3. Қалиев С., Майғаранова Ш., Нысанбаева Г. Тәрбиенің өзекті мәселелері. //Қазақстан мектебі, 1996, №12, Б. 34-38.
4. Крамшенко В. Патриоттық және адамгершілік тәрбиесі // Бастауыш мектеп, 1994, №8, Б. 9-10.
5. Жарқынбеков С. Ерлік –ел мұраты //Бастауыш мектеп, 1996, №3, Б. 42-43.
6. Абсатова М.А. Технология интегративного обучения. Алматы: Ғылым, 2004, 140с.
7. Кобдикова Ж.У. Оқытудың жаңа технологиясы мен оқушылардың даму мониторингі. // Бастауыш мектеп, 2000, №3, Б. 25-30.

Аннотация

Основой любого государства являются образованные, квалифицированные, деловые и активные люди. Поэтому воспитание молодежи в соответствии с потребностями общества и развитие этого общества имеет первостепенное значение. Известно, что уровень науки и техники и система ее управления меняются с развитием общества. В связи с этим содержание деятельности специалиста обновляется и требует новых целей, новых перспектив, новых решений и новых возможностей. Эта возможность приходит только через образование. Образование - это замечательное явление, которое обеспечивает общество социальным, культурным и научным прогрессом и представляет собой высшую ценность как для человека, так и для общества. Его основной деятельностью является формирование и развитие умственных, нравственных, творческих способностей человека. В этой связи наша суверенная страна определила содержание и миссию системы образования в качестве предпосылки ее развития. Роль новых технологий в системе образования была научно-теоретической при объяснении способов использования современных технологий обучения в классе как качественного и эффективного способа активизации и ускорения развития разговорной речи учащихся в школе.

Abstract

The foundation of any state is educated, qualified, business and active people. Therefore, the education of youth in accordance with the needs of society and the development of this society is of paramount importance. It is known that the level of science and technology and its management system change with the development of society. In this regard, the content of the specialist's activities is updated and requires new goals, new prospects, new solutions and new opportunities. This opportunity comes only through education. Education is a wonderful phenomenon that provides society with social, cultural and scientific progress and is of the highest value for both man and society. His main activity is the formation and development of human mental, moral, and creative abilities. In this regard, our sovereign country has identified the content and mission of the education system as a prerequisite for its development. The role of new technologies in the education system was scientific and theoretical in explaining how to use modern teaching technologies in the classroom as a high-quality and effective way to activate and accelerate the development of colloquial speech of students in school.

ӘОЖ37.013.88

К.А. Султанова, А.А. Садыкова

аға оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент,
Қазақстан

аға оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент,
Қазақстан

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРДЕ ИНКЛЮЗИВТІ ОҚЫТУ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ - ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕ РЕТІНДЕ

Түйін

Мүмкіндіктері шектелген балаларда қоршаған орта туралы сәйкес түсінік қалыптастыру көп жағдайда педагогтың оқыту мен тәрбиелеудің түрлі әдістері мен формаларын қолдана отырып, дұрыс педагогикалық процесс ұйымдастыруымен анықталады. Ерекше көзқарасты қажет ететін балалардың дамуы оқу мен тәрбие барысында практикалық әрекеті негізінде құрылады. Сондықтан, бұл балаларды өмірге бейімдеу экскурсия және сабақтар, түрлі ойындар формасында ұйымдастырылып, бала дамуында жетекші орын алады. Инклюзивті оқыту – мүмкіндігі шектеулі балалардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға, адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді. Осы бағытты білім беру жүйесіне енгізу арқылы балаларды адамгершілікке, ізгілікке, қайырымдылыққа тәрбиелей аламыз. Сонымен қоса, инклюзивті оқыту үрдісі балаларды толеранттылыққа тәрбиелеудің бастауы болмақ. Мүмкіндігі шектеулі жандарға деген мемлекет тарапынан көрсетілетін көмек етек жинап, ел болғалы толастамақ емес. Дегенмен бұл әрине мұндай жағдайда аздық, әлі де болса ойланарлық жағдай. Десек те, даму мүмкіндігі шектеулі жандар үшін ел тарапынан бөлінетін көмек пен қамқорлық шектелмесе екен деген ойдамын.

Кілттік сөздер: Инклюзивті оқыту, инклюзивті сынып, интеграциялық білім беру мүмкіндігі шектеулі балалар, инклюзивті білім беру, әлеуметтік бейімделу, даму мүмкіндігі шектеулі балалар.

Кіріспе

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев: «Болашаққа бағдар – рухани жаңғыру» мақаласында «Бәсекелік қабілет дегеніміз – ұлттың аймақтық немесе жаһандық нарықта бағасы, я болмаса сапасы жөнінен өзгелерден ұтымды дүние ұсына алуы. Бұл материалдық өнім ғана емес, сонымен бірге, білім, қызмет, зияткерлік өнім немесе сапалы еңбек ресурстары болуы мүмкін. Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында. Сол себепті, «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдарламалар – ұлтымызды, яғни барша қазақстандықтарды ХХІ ғасырдың талаптарына даярлаудың қамы», - деп көрсетті [1].

Инклюзивті білім беру жүйесі қазіргі кезде өзінің ғылыми негіздері мен әдіснамасын жетілдіруге ұмтылуда. Ол әдіснаманың басты ерекшелігі сонда, бұл сала бойынша бала - оқытуды қажет ететін, бірақ түрлі қажеттілік деңгейлері бар жеке тұлға. Инклюзивтік білім беру түрлі деңгейде оқи алатын түрлі ерекшеліктері бар балаларды қанағаттандыруға икемді болып келетін тәсілді зерттеуде [2].

Осымен де байланысты, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев: «...Бесіншіден, мүмкіндігі шектеулі азаматтарымызға көбірек көңіл бөлу керек. Олар үшін Қазақстан кедергісіз аймаққа айналуға тиіс. Бізде аз емес ондай адамдарға қамқорлық көрсетілуге тиіс – бұл өзіміздің және қоғам алдындағы біздің парызымыз. Бүкіл әлем осымен айналысады. Мүмкіндігі шектеулі адамдар тұрмыстық қызмет көрсету, тағам өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында жұмыс істей алады», - деп мүмкіндігі шектеулі

жандарға қолдау көрсетіп, олардың оқып-білім алуына, еңбек етуіне мүмкіндік туғызу керек екендігіне баса назар аударды [1].

Арнайы білім беруді қажет ететін балалар туралы мәселесі күні бүгінге дейін қазақстандық білім беру жүйесінде ауқымды түрде талқыланып, арнайы зерттеу пәні ретінде қарастырылмай келеді. Ерекше топқа жататын балалардың жалпы білім беру ортасына кіріктіру туралы ғылыми зерттеулер жеткіліксіз немесе жоқтың қасы. Сонымен қатар, жалпы білім беру ұйымдарындағы ерекше оқытуды қажет ететін балалар туралы мәліметтер қорын жасау мәселесіде қажетті дәрежеде қарастырылмай келеді.

Осы ретте, инклюзивтік білім беру жүйесін ұйымдастырып, оның міндеттерін жүзеге асыратын оқушымен бірге маңызды орын алатын тұлға - мұғалімді жан-жақты даярлау мәселесі де өзектілікпен күн тәртібіне қойылады. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен инклюзияның білім беру механизмдерін жасау мен жетілдіру жолында тұрған кедергілер мәселесін қарастыратын болсақ, дәстүрлі оқыту түрі мен оқыту принциптері, олардың икемсіз, адаптивті емес екендігіне негізделген кедергілерді айтуға болады. Білім алу құқығы – бұл кез-келген адамның құқығы. Ал балаларға білім беру – бұл оларды әлеуметтендірудің, қоғам өміріне толыққанды қатысуының негізгі және ажырамас шарты. Қазіргі таңда Қазақстанда жеке тұлғаның мүдделерінің қоғам мүдделерінен басымдық принципі әр адамның құқығы мен еркіндігін сақтауға кепіл беру арқылы көрсетілген. Мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға деген қатынас әлеуметтік оңалту идеясына негізделеді, ол мүмкіндігі шектеулі тұлғаның барынша дербестік пен қоғамдағы тәуелсіздікке жетуін көздейді [3].

Қазіргі таңда инклюзивті білім беру үшін бірнеше кедергілерді атап көрсетуге болады: икемді білім беру стандарттарының болмауы; жалпы мектеп педагогтарының ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың ерекшеліктері туралы, білім беру және түзету үрдісін ұйымдастыру әдістемесі мен технологиясы туралы түсініктерінің болмауы; мектептің педагогикалық ұжымының арнайы даярлығының болмауы, коррекциялық педагогика мен арнайы психология негіздерін білмеуі, еңбекке оқытудың, жеке бағдарламасының, ерте кәсіби бағдарлаудың болмауы;

Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беру мен осы жүйеде қызмет ететін педагогтерді арнайы даярлау – әлі де болса толыққанды игерілмеген тың сала. Осы саланың тұжырымдамалық негіздерін және оны іске асырудың білімдік, ғылыми, оқу-әдістемелік, практикалық және ағартушылық

Инклюзивті оқыту – мүгедек пен дамуында сәл бұзушылығы мен ауытқулары бар балалардың дені сау балалармен бірге олардың әлеуметтендіру және интеграция процестерін жеңілдету мақсатындағы бірлескен оқыту.

Инклюзивті оқыту - барлық кемтар балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепте және мектеп өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді, оқушылардың тең құқығын анықтайды, адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді, барлық балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата-аналарын белсенділікке шақыруға, балалардың білімділік қажеттіліктеріне бейімделуіне жағдай қалыптастыру, яғни жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат [4].

Қазіргі қоғам толыққанды деп есептелмейді, егер қандай да бір адамдар тобына қатысты дискриминациялау бар болса. Мысалы, А.Д.Уорд бойынша, «кез-келген, әділеттілікке және адам құқықтарын сақтауда халықаралық ережелерге ұмтылатын мемлекет, барлық балаларға қажеттіліктері мен қабілеттеріне сай, білім беруде заңдарды басшылыққа алуы керек. Ерекше қажеттіліктері бар балаларға қатысты, мұндай мемлекет оларға жас ерекшеліктеріне сай білім алу мүмкіндігін іске асыру міндетті. Инклюзивті білім беру тұрақты даму, қоғамдағы қалыптылық, күрделеніп келетін қоғамда адамның әлеуметтенуінің негізі болуы тиіс. Адамдардың әлеуметтену мен бейімделу мүмкіндіктері өмірлік жағдайлар

мен жеке тұлғалық қасиеттерге тәуелді емес, олар білім беру жүйесімен тығыз байланысты. Білім беру сөзінің мағынасын кеңінен қарастыратын болсақ – ол адамның пайда болуы, оның өмірінің ерекшеліктері, өмірлік тәжірибені жинақтауы, ал мұның барлығы нақты әлеуметтік–экономикалық жағдайларда индивидуалды–жеке тұлғалық капиталдың өсуіне қажет болады. Инклюзивті білім берудің тереңдігі, жылдамдығы және материалдық тұрғыдан аса үлкен салымдарды қажет етпейтіндігі, оның саяси, әлеуметтік–экономикалық, мәдени мәселелерді нәтижелі шешуге әсер ететін аймақтардың бірі болуын анықтайды. Әлемде өзінің экономикалық және мәдени прогресімен инклюзивті білім беруге міндетті емес бір де бір мемлекет жоқ [5].

Ерекше білімді қажет ететін балалар үшін инклюзивті білім берудің жағымды көрсеткіштері анық:

- инклюзивті ортадағы ерекше білімді қажет ететін балалар, арнайы мектепте оқитындармен салыстырғанда, өздерінің қалыпты деңгейдегі құрбыларымен әлеуметтік өзара байланысқа түсуде жоғары деңгейді көрсетеді.

- Инклюзивті ортада ерекше білімді қажет ететін балалар күрделі бағдарламалар бойынша оқиды, нәтижесі – дағдылар мен академиялық жетістіктердің жақсаруы. Әрине, арнайы мектепке қарағанда жалпыға білім беру бағдарламалары жоғары әрі күрделі білім деңгейін талап етеді. Яғни, мүмкіндігі шектеулі балалар инклюзивті мектепте академиялық міндеттерді шешуге көбірек уақыт жұмсайды, және де, салыстырмалы деңгейде жоғары академиялық нәтижелерді көрсетеді.

- Ерекше білімді қажет ететін балаларды әлеуметтік қабылдау, инклюзивті сыныптарда кіші топтарға бөліп оқытуға байланысты, нәтижелі қалыптасады. Балалар кіші топтарда педагогтың тапсырмасын орындау барысында кейбіреулерінің даму ерекшеліктері бар екендігін ұмытады. Біртіндеп, қалыпты деңгейдегі балалар өздерінің мүмкіндігі шектеулі балалармен ұқсастықтары көп екендігін түсінеді.

- Инклюзивті сыныптарда қалыпты деңгейдегі балалар мүмкіндігі шектеулі балалармен дос болады.

- Инклюзивті білім беру дамуында ерекшеліктері бар балалардың жалпы білімдерінің қалыптасуына әсер етеді.

- Инклюзивті сыныпта оқыған балалар үлкейгенде де даму ерекшеліктері бар адамдармен араласады.

- Қалыпты деңгейдегі балалар (тіпті дарынды, қабілеттері жоғары балалар) білім берудегі инклюзивті бағытта бірқатар жаңаша қарастырылған жұмыс түрлеріне қатысады: жақсартылған білім беру сапасы мен педагогикалық іс-әрекетте қолданылатын түрлі технологиялар мен әдіс-тәсілдердің пайдалануы.

- Ерекше білімді қажет ететін балаларды оқытуда жаңа білім беру технологиялары қажет: мысалы, мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытуда мәліметтік технологиялар өте қажет. Мұндай технологияларды оқыту процесінде қолдану басқа балаларға да пайдалы.

- Инклюзивті білім беру жағдайында материалдық ресурстар мен материалдық қамтудың арттырылуы қалыпты деңгейдегі де және дарынды да балаларға да пайдалы. «Арнайы бағдарламаларға» бөлінген қаржылар тек мүмкіндігі шектеулі балаларды ғана емес, олардың қалыпты деңгейдегі құрдастарына да қолдануға жұмсалуды мүмкін.

Инклюзивті білім беруге қарсы дәлелдер де бар: мұндай жағдайда ерекше білімді қажет ететін балалардың білімділік деңгейі төмендейді, немесе инклюзивті мекеменің оқу процесіндегі бірқатар әлеуметтік, тұлға аралық қиындықтар шешімін таба аламайды деген ой-пікірлер. Бұл дәлелдер орынсыз. Инклюзивті білім берудің негізінде кез-келген балалар дискриминациясын болдырмау және барлық адамдардың құқықтарының теңдігін қамту, сонымен бірге ерекше қажеттіліктері бар балаларға жағдай жасау идеологиясы жатыр [6].

Шетелде инклюзивті білім беру идеологиясының негізінде қалыптандыру концепциясы жатыр (Нирье), яғни, ерекше білімді қажет ететін адамдардың өмірі мен тұрмысы олар тұратын қоғамның жағдайына, ерекшеліктеріне ұқсас болуы керек. Балаларға қатысты бұл

келесі жағдайлармен анықталады:

- Ерекше білімді қажет ететін балалардың барлығына тән қажеттіліктері бар, олардың ең маңыздысы – оның дамуын жылдамдататын махабатты қажет етуі.

- Баланың өмір сүруі қалыпты адамдардың өміріне максималды жақын болуы керек.

- Барлық балалар оқи алады, яғни, даму бұзылысы қандай ауыр болса да, оларға білім алуға мүмкіндік берілуі тиіс.

Білім беру саласының инклюзивті ұйымдарында оқу барысында балалар адамның құқықтары жайлы білімдер алады (әрине бұл жұмыс арнайы жүргізілмейді), ал бұл жағдай дискриминацияны болдырмауға жағдай жасайды. Бірігіп оқуда бала өзінің басқалармен қабылданғанын сезініп, оның қабілеттері мен қажеттіліктерінің ескеріліп, бағалануына жете алады.

Интеграциялану процесінің нәтижелілігі ерекше білімді қажет ететін балалар мен қоғамның жұмсайтын күштеріне байланысты.

Өзара байланыста толеранттылық келесідей қабілеттерде көрініс табады:

- қоршаған адамдардың индивидуалдылығын, өзін-өзі таныту мен өмір сүру тәсілдерінің түрлілігін қабылдау;

- жеке тұлғаны сынаусыз қабылдай алу, басқаның көзқарасын, сенімдерін, ұстанымдарын сыйлай білу;

- қарым-қатынаста басқаның кемшіліктері мен қателіктерін кешіріп, тіл табыса алу;

- адамдардың уайымдары мен жағымды және жағымсыз күйлерінің түрлілігін түсіне алу;

- күрделі өмірлік жағдайларда басқа адамға көмек әрі қолдау көрсете білу.

Түсіну мен өмір сүру тәсілдерінің түрлілігін қабылдау, физикалық, психологиялық, әлеуметтік және басқа да ерекшеліктерді сыйлау, келісімге келуге ұмтылу негізінде құрылған толерантты өзара байланыс ерекше білімді қажет ететін тұлғалардың құқықтарын қорғауға, олардың қоғамға интеграциялануын іске асыруға жағдай жасайды.

Интеграциялық білім беру – ерекше білімді қажет ететін баланы құрдастарының ұжымында оқыту: инклюзивті – inclusive – қосылған, біріктірілген, inclusion – қосу, біріктіру; инклюзивті білім беру – барлық балаларды жалпыға білім беру процесіне толық қосуға, балалардың жасына, жынысына, діні мен этникалық ұстанымдарына, даму тежелуіне қарамастан, отбасының белсенді қатысуы мен баланың жеке қажеттіліктерін әлеуметтік және түзету–педагогикалық қолдау көрсетуге бағытталған мемлекеттік саясат. Ерекше білімді қажет ететін балаларды жалпыға білім беру кеңістігіне жай ғана физикалық қосу инклюзивті білім беру болып табылмайды. ҚР-ң инклюзивті білім беру концепциясы білім беру мекемесінің түрі мен мүмкіндіктеріне байланысты интеграциялаудың әр түрлі модельдері мен түрлерін қолдануды қарастырады. Бұл жағдай түрлі топтардағы балаларды біріктіріп оқытудың жағымды жақтарын іске асыруға жол ашады. Инклюзивті бағыттың интегративтіден айырмашылығы - инклюзивті білім беруде жалпыға білім беру мектептерінде ерекше білімді қажет ететін балалар мен олардың ата-аналарына қарым-қатынас өзгереді. Білім беру идеологиясы оқу процесі мен білім берудің тәрбиелік мәнін күшейтіп, ізгілендіру бағытында өзгереді [7].

Интеграциялық оқытудың бірнеше түрлері мен қалыптары бар.

Толық интеграция – қандай да бұзылыс түрі бар баланы қалыпты деңгейде дамып келе жатқан балалармен бірге мектепке дейінгі топтарда, сыныптарда оқыту. Толық интеграция психофизикалық және тілдік дамуы жас ерекшелік деңгейіне сәйкес немесе жақын, және де балалардың қалыпты құрбыларымен бірге оқуға психологиялық тұрғыдан дайын жағдайында іске асырылуы мүмкін.

Тұрақты, бірақ толық емес интеграция – ерекше білімді қажет ететін мектеп жасына дейінгі балалар мен оқушыларға да пайдалы бола алады. Ол, психо-физикалық дамуы жас ерекшелік деңгейі қалыптыдан сәл төмен, жүйелі және түзету көмегін қажет ететін, бірақ бірқатар пәндер аймағында қалыпты дамыған құрбыларымен бірге оқи алатын, олармен

сыныптан тыс уақыттың көп мөлшерін өткізетін балалар үшін нәтижелі болады.

«Жартылай» интеграция – қалыпты дамудағы құрбыларымен қажетті іскерліктер мен дағдылардың аз ғана мөлшерін меңгере алатын, сыныптан тыс уақыттың аз ғана мөлшерін балалармен өткізе алатын балалармен нәтижелі жүргізіледі.

Ендігі кезекте педагогтерге, ұстаздарға, мұғалімдерге қойылатын талаптардан орындалуы міндетті болатын көптеген жаңа жұмыс түрлері туындап келеді.

Инклюзивті білім беру үдерісінің әлеуметтік-психологиялық ресурстары әр оқушының бойында мынадай маңызды қасиеттердің қалыптасуына тірек болады:

- ынтымақтастықта жұмыс жасауға қабілетті болуы;
- білім беру үдерісіне және сабақтан тыс іс-шараларға белсенді қатысуы;
- жетекшілік етуге және жетекшіге еруге ынталы болуы;
- сыртқы келбетінің қанағаттанарлық болуы;
- қолайлы әлеуметтік мәртебеге ие болуы;
- дене белсенділігі өсуі т.б.

Әлеуметтік орта – мүмкіндігі шектеулі балалар үшін маңызды орпын алады. Осыны ескере отырып, мектепте балалардың тұлға аралық өзара әрекеттесе отырып байланыс құруына арналған кедергісіз орта қалыптастыру керек. А.В.Жигайло мұндай орта баланың тұлғалық қалыптасуының негізі болып табылады деп атап көрсетеді.

Қорытынды

Дамуында ауытқулары бар баланы қалыпты дамыған құрдастарының оң қабылдауына қоршаған ортасындағы ересектердің әсері бар. Мұғалімдер осындай оқушыларды барлық жағдайларда қолдауға және көмек беруге дайын болуы тиіс. Салауатты оқушыларға құрдастарының дұрыс сөйлей алмауын, дұрыс қимылдай алмауын, өздерін басқаша ұстау себептерін түсіндіруі қажет жәнет.б. Осы санаттағы оқушылар үшін арнайы сыныптардың негізгі функциясы, олардың танымдық қабілеттері мен ерекше қажеттіліктеріне сәйкес, тұрғылықты жері бойынша өзінің білім алу құқығын іске асыру болып табылады. Бұл жерде ерекше қажеттіліктері бар оқушыларды қоғамға әлеуметтік бейімдеу мен интеграциялауға, өз баласының тәрбиесі мен дамуындағы отбасының рөлін арттыруға мүмкіндік жасалады.

Мұғалімдер дене дамуы жағынан, зияткерлік дамуы жағынан зақымданған балалармен, қалада не ауылда тұратын түрлі әлеуметтік топтағы балалармен, балалардың басқа түрлі білім беру топтарымен жұмыс істейтін педагогикалық технологияларды игеріп, өзінің жеке тәжірибесіне сай, ұстаздық кәсібінде шығармашылық түрде таңдай алатын және шебер де орынды, нәтижелі етіп қолдана алатын қабілетін жетілдіруі тиіс болып отыр.

Әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар - рухани жаңғыру // Егеменді Қазақстан газеті – Алматы, 2017, №10 (78), Б. 1-2.
2. Исабаева, А.С. Инклюзивное образование: учебное пособие для студентов педагогических специальностей / А. С. Исабаева, А. Т. Сарипбекова. Шымкент: ЮКГУ, 2017, 197 с.
3. Джексенбаева К.О. Дефектология негіздері: Оқу құралы 5В010500– «Дефектология» мамандығының студенттеріне арналған /К. О. Джексенбаева, Ж. У. Керимбекова. Шымкент: ОҚМУ, 2015, 158 б.
4. Сарипбекова, А. Т. Методические указания по практическим занятиям по дисциплине "Инклюзивное образование": для студентов специальности 5В010500 - "Дефектология", 5В010300 - "Педагогика и психология", 5В010800 - "Физическая культура и спорт". Шымкент: ЮКГУ, 2016, 75 с.
5. Зайцев Д.В. Интегрированное образование детей с ограниченными возможностями // Социологические исследования, 2004, № 7, С. 127-132.
6. Зарецкий В.К. Десять конференций по проблемам развития особенных детей - десять шагов от инновации к норме // Психологическая наука и образование, 2005, № 1, С. 83-95.

7. Инклюзивті білім беру жағдайында қызмет ететін мұғалімдердің кәсіби күзiреттiлiктерiне қойылатын талаптарды дайындау бойынша әдiстемелiк ұсынымдар. Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық бiлiм академиясы, 2015, 32 б.

Аннотация

Формирование адекватного понимания окружающей среды у детей-инвалидов во многом определяется организацией правильного педагогического процесса, использованием различных методов и форм обучения и воспитания. Развитие детей с особыми потребностями основано на практическом подходе к преподаванию и обучению. Поэтому приспособления этих детей к жизни организованы в форме экскурсий и уроков, различных игр и играют ведущую роль в развитии ребенка. Инклюзивное образование - определяет равные права детей с ограниченными возможностями и позволяет им участвовать в командной деятельности и развивать навыки, необходимые для взаимодействия с людьми. Внедряя эту область в систему образования, мы можем обучать детей нравственности, добру и милосердию. Кроме того, процесс инклюзивного образования станет отправной точкой для воспитания толерантности. Государственная поддержка людей с ограниченными возможностями не закончится. Тем не менее, это, безусловно, меньшинство в этой ситуации, но все же вдумчивый. Однако я думаю, что поддержка и уход, предоставляемые страной для людей с ограниченными возможностями, не будут ограничены.

Abstract

The formation of an adequate understanding of the environment in children with disabilities is largely determined by the organization of the correct pedagogical process, using various methods and forms of training and education. The development of children with special needs is based on a practical approach to teaching and learning. Therefore, the adaptations of these children to life are organized in the form of excursions and lessons, various games and play a leading role in the development of the child. Inclusive education - defines the equal rights of children with disabilities and allows them to participate in teamwork and develop the skills necessary for interacting with people. By introducing this area into the education system, we can teach children morality, goodness and mercy. In addition, the inclusive education process will be the starting point for promoting tolerance. State support for people with disabilities will not end. Nevertheless, it is certainly a minority in this situation, but still thoughtful. However, I think that the support and care provided by the country for people with disabilities will not be limited.

ӘОЖ37.013.88

К.А. Султанова¹, А.А. Садыкова¹, Р.А. Султанова²

¹аға оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан

¹аға оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан

²аға оқытушы, Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университеті, Шымкент, Қазақстан

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Түйін

Инклюзивті оқыту – барлық балалардың мұқтаждықтарын ескеретін, ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісінің дамуы. Мүмкіндігі шектеулі балаларда дене кемістігіне немесе ақыл-ойының баяу дамуына қармастан, оларда қандай да бір өнерге деген табиғи дарындылық, бейімділік болатыны заңды құбылыс. Сондықтан да инклюзивті оқыту арқылы бала бойындағы қабілетті дер кезінде байқауға, ақыл-ойын дамыта отырып, дарындылығын ұштауға болады. Бұндай мүмкіндікке қол жеткізе білсек, бала болашағына жол ашылары сөзсіз деп білемін. Инклюзивті оқыту негізінде балалар құқығын кемсітпеу, барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, сонымен бірге ерекше оқыту қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру идеологиясы жатыр. Тәжірибе көрсеткендей, қатаң білім

беру жүйесінен балалардың бір бөлігі шығып қалады, өйткені қалыптасқан жүйе мұндай балалардың даралық қажеттілігін қанағаттандыра алмайды. Инклюзивті бағыт мұндай балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастырады.

Кілттік сөздер: Инклюзивті оқыту, мүмкіндігі шектеулі балалар, инклюзивті білім беру, әлеуметтік бейімделу, даму мүмкіндігі шектеулі балалар.

Кіріспе

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының міндеттерінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын жаңарту: мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарын кадрлармен қамтамасыз ету; балаларды мектепке даярлау үшін олардың мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың әр түрлі бағдарламаларына тең қолжетімділігін қамтамасыз ету; мектепке дейінгі ұйымдарды білікті кадрлармен толық қамтамасыз етуді жүзеге асыру және олардың біліктілігін тұрақты түрде арттыру; инклюзивті білім беруді дамыту (мектепке дейінгі ұйымдарды пандустармен, кіреберістермен, көтергіштермен, лифтілермен және жеке гигиеналық жабдықтар, т.б. жарақтандыру) көрсетілген. Инклюзивті оқыту балалардың оқу қызметіндегі қажеттіліктерін қанағаттандырып, оқыту мен тәрбие берудің жаңа бағытын өңдеуге талпынады.

Білім беру саласындағы негізгі халықаралық құжаттарға сәйкес Қазақстан республикасының заңнамасында даму мүмкіндіктері шектеулі балалар үшін білім алуға тең құқықтар қағидаты көзделген. Инклюзивті білім беру – этникалық тегіне, діни сеніміне, экономикалық мәртебесіне және дамуындағы ерекшеліктеріне, жасына, жынысына, қарамастан, барлық балаларды жалпы білім процестеріне толық енгізу және яғни, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат. Мұның басты шарттарының идеяларын Н.Назарбаев өзінің «Қазақстан-2050» Жолдауында «Бір мақсат», «Бір болашақ» деп нақты көрсеткен болатын [1].

Демек, инклюзивті оқыту негізінде балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығару, барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету. Сонымен бірге оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру идеологиясы жатыр. Осы бағыт балаларда оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру жағдайын қалыптастырады.

Инклюзивті оқыту негізінде балалар құқығын кемсітпеу, адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, оларға арнайы жағдай қалыптастыру негізі жатыр. Бала – біздің болашағымыз. Балаларға бәріміз жауаптымыз [2].

Инклюзивті білім берудің мақсаты: мүмкіндігі шектеулі балаларды психологтық-дәрігерлік-педагогикалық қолдауды іске асыру және инклюзивті білім беруді орындау арқылы тең құқылы тұлға болуға мүмкіндік жасау.

Инклюзивті білім берудің міндеттері:

- мектепке дейінгі ұйымдарда инклюзивті ортаны бейімдеу;
- әлеуметтік бейімделу, тәрбиелеу, оқыту қызметіне барлық қатысушылармен ерекше сұранысқа ие балалардың жағымды, өзара қарым-қатынасын қалыптастыру;
- олардың сұраныстары мен мүмкіндіктерін ескере отырып, жан-жақты дамуына жағдай туғызу керек және әлеуметтік тұрғыда дұрыс мінез-құлық қалыптастыру;
- мектепке дейінгі ұйымдарда мүмкіндігі шектеулі балаларға қажетті құралдармен қамтамасыз ету;
- баланың даму деңгейіне таңдап алынған бағдарламаның жеткен жетістіктеріне үнемі бақылау жүргізіп отыру;
- көңіл-күйі, тұлғалық дамуының кемшіліктеріне, жоғары деңгейдегі түзетулер жасау.

Инклюзивті оқытудың негізгі принциптері:

- адам құндылығы оның мүмкіндігіне қарай қабілеттілігімен, жеткен жетістіктерімен анықталады;
- әрбір адам сезуге және ойлауға қабілетті;

- әбір адам қарым-қатынасқа құқылы;
- барлық адам бір-біріне қажет;
- білім шынайы қарым-қатынас шеңберінде жүзеге асады;
- барлық адамдар құрбы-құрдастарының қолдауы мен достығын қажет етеді;
- әрбір оқушы үшін жетістікке жету – өзінің мүмкіндігіне қарай орындай алатын әрекетін жүзеге асыру;
- жан-жақтылық адам өмірінің даму аясын кеңейтеді.

Инклюзивті білім беруді ұйымдастыру 4 кезеңде жүргізіледі:

1. Мектепке дейінгі ұйымда балаға консилиум мамандары кешенді динамикалық бақылау жасау арқылы қамтамасыз етіледі. Консилиум құрамына мектепке дейінгі ұйым меңгерушісінің бұйрығымен дефектолог, логопед, әлеуметтік педагог, психолог, медбике, дене шынықтыру нұсқаушысы, топ тәрбиешісі енгізіледі. Мамандар мектепке дейінгі ұйымға қабылданған мүмкіндігі шектеулі балаларға 2 апта мерзімінде жеке бақылау жүргізеді.

2. Жұмыстың түзетушілік-дамытушылық кезеңінде балаға әсер ететін шаралар кешенін қарастырады. Жетекші әрекет түрін қалыпқа келтіру және жетілдіру, жеке даму кемшіліктерін түзету, яғни мүмкіндігі шектеулі баламен жеке дамыту, түзету жұмыстарын жүргізу.

3. Жұмыстың мектепке дейінгі білім берушілік кезеңі. Балаларды мектепке дейінгі ұйымда оқу іс-әрекетін меңгеру тәсілдеріне үйретуді, әрбір жас кезеңіне тән олардың танымдық белсенділігін дамытуды, сондай-ақ баланың жеке басының мүмкіндіктері мен ерекшеліктерін ескере отырып, топ тәрбиешілері мектепке оқуға даярлауды қарастырады.

4. Әлеуметтік тәрбие жұмысы. Әлеуметтік педагог мүмкіндігі шектеулі балалардың үйіне барып, ата-анасымен пікірлесіп отбасының әлеуметтік жағдайын анықтайды, яғни бала мен отбасының дербестігін арттыруға, дамуында ауытқушылығы бар тәрбиеленушілердің қалыпты дамыған құрдастары арасында арте, толыққанды әлеуметтік кіріктіруге, мектепалды баланың әрекеті мен мінезіндегі адамершілік бағыттарының қалыптасуына, мүмкіндігі шектеулі баланың жеке басының қасиеттеріне бақылау жүргізеді [3].

Инклюзивті білім беру саласын дамытуға арналған бағыттар:

Қоғамның, жалпы білім беретін мектепке дейінгі ұйымдардың мүмкіндігі шектеулі балаларды қабылдауға дайын болуы.

Инклюзивті білім беру идеясын таратуда, шектеулі мүмкіндіктері бар балаларға толерантты, дұрыс қарым-қатынастың қалыптасуына бұқаралық ақпарат құралдарының қатысуын қамтамасыз ету [4].

Мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс істейтін мамандар арасында тәжірибе алмасушылықты қамтамасыз ету, дұрыс тәжірибелерді баспалар, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы тарату.

Аймақтарда инклюзивті білім беру мәселесі бойынша Үйлестіру кеңесін құру.

Ата-аналар қоғамдастығының мүмкіндігі шектеулі балалардың білім алуға құқығын және мүдделерін іске асыруға және оны қорғауға қатысуы, оқыту процесіне және түзету көмегін іске асыруға қатысуы.

Инклюзивті білім берудің көп аспектілік мәселесіне ғылыми зерттеулер өткізу.

Мектепке дейінгі ұйымда инклюзивті оқыту бағытында жұмыс істеу мақсатында педагог қызметкерлерін даярлау.

Педагогикалық жоғары оқу орындарында және колледждерде мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс істеу мақсатында мамандарды даярлау жүйесін жасау.

Арнайы (түзету) мекемелері мен жалпы білім беру мекемелерінің өзара сабақтастықта жұмыс жасауы.

Мүмкіндігі шектеулі балаларды ерте кезден бастап түзетуді қолға алу жүйесінің басымдылығын қолдау.

Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту қызметі жүйесі жұмыстарының нормативтік-құқықтық және ғылыми-практикалық негізін жасау.

Мектепке дейінгі ұйымдарда мүмкіндігі шектеулі балаларды дамыту үрдісінің мониторингін жасау.

Жүйке және дене дамуы бұзылған тәрбиеленушілерге, жанұясына кеңестік көмек көрсету, баласының оқу және тәрбие үрдісіне ата-анасын қатыстыру, өйткені, оларда даму ерекшелігіне деген оң қарым-қатынас қалыптастыру [5].

Инклюзивтік білім беруді шешу жолдары:

- мүгедектік мәселені қоғамда түсіну;
- қатарластарымен қарым-қатынас;
- толыққанды білім беру;
- қоғамға кіріктіру және бейімделу;
- мүгедек емес балаларды түсінуге, пікірлесуге тәрбиелеу;
- даму мүмкіндігі шектеулі балаларды ерте тексеру және түзету-педагогикалық қолдау көрсету мекемелерінің көптеп ашылуы;
- балаға міндетті психологтық-педагогикалық жетелеу жүргізіп, жалпы білім беру процесімен кіріктіру;
- әр бала үшін кіріктірудің мүмкін және қажетті түрін анықтау;
- даму мүмкіндігі шектеулі балаларды ерте анықтап, кешенді көмек көрсету;
- даму мүмкіндігі шектеулі балаларды мектепке даярлау;
- ерекше сұранысқа ие балаларды қанағаттандыру мақсатында жалпы типте білім беру мекемелерін техникалық құрал жабдықтармен толықтыру;
- инклюзивті білім беруді дамыту үрдісінде қоғамдық мекемелерде ата-аналарды қатыстыру.

Мектепке дейінгі ұйымдардың білім беру ортасы баланың білім беру процесіне қосылуын және әр тәрбиеленушінің мүмкіндігіне қарай пайдалы таңдауына мүмкіндік жасайды.

Мүмкіндігі шектеулі балалар инклюзивтік білім алуға логопед, дефектолог, дене шынықтыру нұсқаушысы, психологтың жылдық жоспарларына сәйкес күннің II жартысында өзімен жасты балалармен қатысады (сурет салу, жапсыту т.б.) және мамандардан оқу-тәрбие және танымдық-педагогикалық көмек алады [6].

Даму мүмкіндігі шектеулі балалар жалпы топта тәрбиешілердің ұйымдастырған оқу іс-әрекеттеріне қатысып үлгілік оқу бағдарламасы бойынша білім алады.

Даму мүмкіндігі шектеулі балалар мектепке дейінгі ұйымның өміріне белсене қатысады: іс-шаралар мен ойын-сауықтарға өзге балалармен бірігіп қатысуы, ертегілер мен концерттерді ұжыммен көруі олар үшін шынайы мереке. Осындай шараларға қатыстыру арқылы балалар ұжымда өмір сүріп, құрбыларымен қарым-қатынасқа түсуге үйренеді. Егер бала осы сатыдан өтсе, мектепте оған едәуір оңайырақ болады. Ең бастысы, бұл балалар болашақта жалғызсырамай, өздерімен жасты балалармен бірге тәлім-тәрбие алуды жалғастырады [7].

Қорытынды

Қорыта айтқанда, инклюзивті оқыту мектеп жасына дейінгі балаларды оқуда, түрлі салаларда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастырады. Инклюзивті оқыту – барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектеп өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді. Инклюзивті оқыту – балалардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға мүмкіндік береді. Адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді. Инклюзивті оқыту – барлық балалардың мұқтаждықтарын ескеретін ерекше қажеттілігі бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісінің дамуы. Инклюзивті оқыту балалардың оқу процесіндегі қажеттіліктерін қанағаттандырып, оқытудың жаңа бағытын өңдеуге талпынады. Әр балаға жеке тұлға ретінде қарап, саналы тәрбие-сапалы білім беру өмір талабы болып табылады.

Мемлекетіміздің әрбір азаматы – ұлттық құндылықтарымыз, әр баласы еліміздің ертеңі екенін ескерсек әрбір мүмкіндігі шектеулі балалардың сапалы білім алып, азамат болып

калыптасуына жағдай жасау біздің міндетіміз.

Әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар - рухани жаңғыру // Егеменді Қазақстан газеті – Алматы, 2017, №10 (78), Б. 1-2.
2. Исабаева, А. С., Инклюзивное образование: учебное пособие для студентов педагогических специальностей / А. С. Исабаева, А. Т. Сарипбекова. Шымкент: ЮКГУ им. М. Ауэзова, 2017, 197 с.
3. Джексенбаева К.О. Дефектология негіздері: Оқу құралы 5В010500 – «Дефектология» мамандығының студенттеріне арналған / К. О. Джексенбаева, Ж. У. Керимбекова. Шымкент: ОҚМУ, 2015, 158 с.
4. Сарипбекова, А. Т., Методические указания по практическим занятиям по дисциплине "Инклюзивное образование": для студентов специальности 5В010500 - "Дефектология", 5В010300 - "Педагогика и психология", 5В010800 - "Физическая культура и спорт". Шымкент: ЮКГУ им. М. Ауэзова, 2016, 75 с.
5. Мирзадинова, Н.Р., "Инклюзивті білім беру" пәні бойынша СӨЖ орындауға арналған әдістемелік нұсқау: 5В010400 - "Бастапқы әскери дайындық" маман. студ. / Н.Р. Мирзадинова, А. А. Садыкова. Шымкент: М. Әуезов атындағы ОҚМУ, 2017, 72 б.
6. Инклюзивті білім беру жағдайында қызмет ететін мұғалімдердің кәсіби құзіреттіліктеріне қойылатын талаптарды дайындау бойынша әдістемелік ұсынымдар. Астана: БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015, 32 б.
7. Екжанова Е. А. Двухкомпонентная инклюзивная модель обеспечения прав на образование детей с различным уровнем психофизического развития. // Сборник материалов Международной научно-практической конференции. М.: МГППУ, 2012, С. 23-25

Аннотация

Инклюзивное образование является развитием общеобразовательного процесса, который учитывает потребности всех детей и обеспечивает получение образования детьми со специальным образованием. Для детей с ограниченными возможностями естественно иметь естественную одаренность и склонность к какому-либо виду искусства, независимо от физической или умственной отсталости. Именно поэтому инклюзивное образование позволяет детям своевременно раскрывать свои таланты и развивать свои умственные способности. Я думаю, если мы сможем себе это позволить, это откроет путь для будущего ребенка. В основе инклюзивного образования лежит идеология недискриминации прав детей, равенства всех и создания особых условий для детей с особыми потребностями. Как показала практика, некоторых детей вытесняют из строгой системы образования, поскольку существующая система не отвечает индивидуальным потребностям таких детей. Инклюзивный подход способствует успеху таких детей в обучении и лучшей жизни.

Abstract

Inclusive education is the development of an educational process that takes into account the needs of all children and ensures that children with special education receive education. For children with disabilities it is natural to have a natural talent and a tendency to some kind of art, regardless of physical or mental retardation. That is why inclusive education allows children to timely reveal their talents and develop their mental abilities. I think if we can afford it, this will open the way for the unborn child. The basis of inclusive education is the ideology of non-discrimination of children's rights, the equality of all and the creation of special conditions for children with special needs. As practice has shown, some children are forced out of a strict education system, since the existing system does not meet the individual needs of such children. An inclusive approach contributes to the success of these children in learning and a better life.

UDC 004:37.013

M. Togizbaeva, L. Jaidakbaeva, D. Bastikov

master, M. Auezov South Kazakhstan State University, Shymkent, Kazakhstan
Can.Tech.Sci., M. Auezov South Kazakhstan State University, Shymkent, Kazakhstan
senior lecturer, M. Auezov South Kazakhstan State University, Shymkent, Kazakhstan

EXPERIMENTAL WORK APPLICATION OF TEACHING IN PRIMARY SCHOOL METHODS ON TOPIC "PROGRAMMING IN THE SCRATCH ENVIRONMENT"

Abstract

The article examines the approbation of the methodology for teaching the topic "programming in the Scratch environment" to primary school students.

Objectives of the experimental work:

- 1) introduction of the developed methodology for teaching the topic "Programming from scratch" to primary school students;
- 2) development of the project by primary school students;
- 3) Evaluating the effectiveness of the proposed method.

The implementation of the tasks was carried out in a state educational institution the Experimental method was developed and tested for students of the 4th "A" class. The goal of the course was to create a project that would characterize the students «skills». Students chose the project "electronic piano". In this project, you need to create a small electronic piano with the ability to play sounds, show animation, and play the piano. All students participated in the creation of this project. The results showed that many students have mastered the program and are free to create simple projects.

Keywords: modernization, technology, experimental, animation, movement, animation, control.

Introduction

The article examines the approbation of the methodology for teaching the topic "programming in the Scratch environment" to primary school students.

Objectives of the experimental work:

- 1) introduction of the developed methodology for teaching the topic "Programming from scratch" to primary school students;
- 2) development of the project by primary school students;
- 3) Evaluating the effectiveness of the proposed method.

The implementation of the tasks was carried out in a state educational institution. the Experimental method was developed and tested for students of the 4th "A" class. The goal of the course was to create a project that would characterize the students ' skills. Students chose the project "electronic piano". In this project, you need to create a small electronic piano with the ability to play sounds, show animation, and play the piano. All students participated in the creation of this project. The results showed that many students have mastered the program and are free to create simple projects. A few people have studied the course well, but they will not be able to create their own project without help, or they will create it with errors [1].

Table 1. Results of diagnostics of ability of younger school children to program in the Scratch environment

The level of ability of younger students to program in the Scratch environment	Number of subjects
Excelcnt	5 people
Good	5 people
Bad	2 people

It is worth noting that the subject "computer Science" in the test class only 1 year. Many students do not have the skills to operate the computer. Uncertainly working with manipulators, confused keys. That is, the situation of working at the computer is stressful for them. In this regard, a lot of time was spent on teaching these students to work with a computer (the ability to turn on the computer, use the mouse). Also at this age, 8-9 years, students have a fear of doing "something wrong". Also, taking into account age characteristics, work at the computer should not exceed 15 minutes per lesson.

However, according to the data given in table 1, it is clear that 10 students get their goals, and 5 of them mastered the program well. This suggests that students are well disposed to the algorithmic style of thinking and working at the computer does not cause them discomfort.

From the above, it is concluded that the work on one project should be divided between 3 groups of students. Therefore, the moments that are more difficult should be given to the guys who do better. Students who are just starting to work at the computer, you need to help all the time and monitor the progress of work. This allows all students to participate in the development of the project, and the project will be completed as quickly and efficiently as possible. Also, teamwork allows underachieving students to gradually get rid of the fear of the computer [2].

The project of students was shown at the class during an hour and posted on the website (<http://scratch.mit.edu/>). The demonstration of the project caused students to admire their work, which became a very strong motivation to continue working in the Scratch programming environment.

It is also worth noting that a small group of children wanted to do extra-time programming in the Scratch environment. These classes were more productive, because all the guys were interested in learning the material. The Project "Electronic piano» The goal of the project: students should create a piece of piano that can play sounds, play ready-made melodies and show animation.

Project implementation: students were divided into 3 groups. The first group-creating a piece of piano, writing scripts to play sounds, recording melodies. The second group - development of background and sprites, creation of sound reproduction, assistance in recording melodies. The third group is the development of the sprite movement script.

First, you need to prepare images of the keys in advance. They can be drawn in the graphic editor Paint, or with a photo of the piano carefully cut, as we did in our project. With the help of objects, a fragment of the piano is collected. Each picture is a separate object called a sprite. Each sprite will have to have 2 suits – normal state and pressed state, and play the desired sound (notes). In the end, we should get a piece of the piano. This fragment is created as follows: in the sprite area, click the button to create a new sprite In the window that appears, click, and in the window that appears, select the desired sprite. This procedure is performed as many times as the sprites need to be displayed on the stage. After the fragment is ready, you need to develop a small menu that will simplify the work with the program. The left button "Ready ringtones" is a drop-down menu, i.e. when you click on the button, a new button appears next to it. The right "Stop" button stops the script, stops playing sounds and animations, and information about the project appears on the screen. The main design is ready. In the future, we will return to the design, in order to give our project more interactivity and beauty. But at this stage, all the necessary objects have already been created [3].

Now let's move on to creating scripts for each sprite. Let's start with notes, since all other objects will rely on these scripts. Immediately it should be noted that the note scripts will differ only directly by the note itself, i.e. the sound that this sprite should play. Therefore, it is better to first completely decide what should be in the script of each note, in order to use a ready-made script for all other notes in the future. In this project, the sprite notes should have the following features: when you click on the sprite with the left mouse button-play the desired sound; when playing the finished melody is highlighted at the moment when the note attached to the sprite sounds; go to the suit displaying the not pressed state, at the moment when the "Stop" button is pressed. Select the leftmost note in our fragment, the "salt" note. Search for the sprite of this note in the sprite panel

and click on it twice with the left mouse button – this action will open the script panel for this sprite. You can also click twice with the left button of the mouse on the sprite itself.

Based on this, it can be seen that three scripts are involved in the work of the sprite. The first script plays a sound when you click on the sprite. At the same time, the sprite changes its suit to the next one, i.e. the pressed note, plays the sound at number 43 (note Sol) for a duration of 0.25 seconds and then returns to the original position. The second script is used when the finished melody is played. "When I get 1" means that the execution of this script will be only after receiving the message "1". The message numbers are selected as follows: the leftmost note has message 1, the next one has message 2, and so on. In this case, only the costumes are changed with an interval of 0.25 seconds. The third script cancels the execution of the previous two scripts and returns the sprite to its original position [4].

In order to pass the finished scripts to the rest of the note sprites, you need to click on the beginning of the script (orange container) with the right mouse button and select the button. A copy of the script will appear near the cursor, which "sticks" to the cursor until you click the left mouse button.

The copied script can then be placed in the script window of this sprite, or attached to any other sprite or scene. In our case, you need to attach notes to the next sprite. To do this, click on the sprite of the next note. If everything is done correctly, then near the sprite in which the script was moved, a graphic effect will be performed (a square decreasing in the center). Next, double-click the left mouse button to select the sprite in which we moved the script and change the played note. In order to make fewer errors, it is recommended to copy white note scripts only to identical scripts. Similarly with black notes. So there will be absolutely much less errors.

This method is used for copying other scripts. When copying the second script, you must change the message you receive to avoid repetitions. Messages are created as follows: click the arrow next to the previously selected message with the left mouse button. In the menu that appears, look for the button and click on it. A dialog box appears. In this window, we enter the name of the message, when creating notes, this is the serial number of the note from left to right. When copying the third script, you do not need to change anything, if we copy white note scripts only to white notes, black script – only to black [5].

In advance, you need to understand the number and purpose of messages in the future project. Listing scripts suggests that performing one action-playing music, is divided into many small scripts. This method of implementation unloads the script, Scratch works faster, and is more understandable for perception. Each action, each line has its own script, which makes it easy to find errors or add new scripts, copying old ones and changing a small part. When the script is executed, a large number of messages are involved. This is necessary in order for the program to understand what needs to be done at the moment. The scripts of the verse and chorus lines are very similar, the only difference is the played note and the duration of the sound.

Control scripts are designed to start playing the melody at the right time, namely after clicking on the button, and stop the script execution after playing the entire melody or after pressing the button. The button is used to stop all running scripts, return all sprites to their original position, and display the splash screen.[6]

To make the project interactive, it was decided to add two objects: a loading strip and a dancing and singing creature. The loading bar is used in three cases: when you click the button, after the end of playing music and after clicking on the splash screen sprite. To create an animation, you need to draw several costumes. The listing of the script says that the sprite when it appears begins to change the suit alternately, and when it puts on the last one-it disappears. It turns out a beautiful loading tape effect, implemented in the simplest way.

Dancing and singing being need in order to listen to tunes animation, also includes a karaoke feature, as the stage appear at the right time lyrics.

From the point of view of checking the knowledge of students, the implementation of this script shows the ability of students to work with the block "Movement", "Appearance", "Control"

and "Variables".

The implementation of the script at first glance looks simple, but when used in our project there is a small subtlety-animation should occur only when there is a sound of music. There are two ways to do this: the First way is to calculate the duration of the music playing time and create a script that will play the same amount of time; the Second way is to enter the variable A, which takes the value 0, which tells the script that the animation should be played. After the last line of the chorus is played, the variable A is passed the value 1, and the script stops. After that, the creation of the project is completely completed, the goals and objectives are met. In the future, the project can be varied with different melodies, add sound effects, animation, and more [7].

References

1. Belova G.V. Programmirovaniye v srede LOGO. Pervyy shag [Programming in the LOGO environment. First step]. Moscow: Solon, 2015. 21 p.
2. Bin Nguyen. Ob'yektno-oriyentirovannoye programmirovaniye na IBMSmalltalk [Object-oriented programming in IBMSmalltalk]. Moscow: Dialog-MSU, 2014. 39p.
3. P. T. Bokuchava, Tur S. N. Metodicheskoe posobie po informatike dlya uchiteley 2–4 klassov. [Methodical manual on computer science for teachers of grades 2-4]. Moscow, BHV, 2011. 3p.
4. Butch G. Ob'ektivno-orientirovanny analiz i proektirovaniye s primerami prilozheniy [Object-oriented analysis and design with examples of applications]. Moscow, Williams, 2010. 47p.
5. Velikovich L., Tsvetkova M. Programmirovaniye dlya nachinayushchikh [Programming for beginners]. Moscow, Binom, 2007. 44 p.
6. Gein A. G., Hay A. I., Unerman N. Informatika. Uchebnik dlya 10-11 klassov obshcheobrazovatel'nykh uchrezhdeniy [Computer science. Textbook for 10-11 grades of secondary institutions]. Moscow: Enlightenment, 2015. 28p.
7. Gein A.G. Informatika. 10 klassov obshcheobrazovatel'nykh uchrezhdeniy [Computer science. 10 grades of secondary institutions]. Moscow, Enlightenment, 2010, 35p.

Аннотация

В статье рассматривается апробация методики преподавания темы "программирование в среде Scratch" учащимся начальной школы.

Задачи экспериментальной работы:

- 1) внедрение разработанной методики преподавания темы "Программирование с нуля" учащимся начальных классов;
- 2) разработка проекта учащимися начальных классов;
- 3) Оценка эффективности предложенного метода.

Реализация поставленных задач осуществлялась в государственном образовательном учреждении Экспериментальная методика была разработана и апробирована для учащихся 4 "А"класса. Целью курса было создание проекта, который бы характеризовал навыки студентов. Студенты выбрали проект "электронное пианино". В этом проекте вам нужно создать небольшое электронное пианино с возможностью проигрывать звуки, показывать анимацию и умение играть на пианино. Все студенты участвовали в создании этого проекта. Результаты показали, что многие студенты освоили программу и могут свободно создавать простые проекты.

Түйін

Бұл мақалада бастауыш сынып оқушыларына "Scratch ортасында бағдарламалау" тақырыбын оқыту әдістемесінің апробациясы қарастырылған.

Эксперименттік жұмыстың міндеттері:

- 1) бастауыш сынып оқушыларына "Нөлден бағдарламалау" тақырыбын оқытудың әзірленген әдістемесін енгізу;
- 2) бастауыш сынып оқушыларының жобаны әзірлеуі;
- 3) ұсынылған әдістің тиімділігін бағалау.

Қойылған міндеттерді жүзеге асыру мемлекеттік білім мекемесінде жүзеге асырылады. Эксперименталды әдістеме 4 "А"сынып оқушылары үшін әзірленген және сынақтан өткізілді.

Курстың мақсаты студенттердің дағдыларын сипаттайтын жобаны құру болды. Студенттер "электронды пианино" жобасын таңдады. Бұл жобада дыбыстарды ойнату, анимацияны көрсету және пианинода ойнау мүмкіндігі бар шағын электронды пианино жасау қажет. Барлық студенттер осы жобаны құруға қатысты. Нәтижелер көптеген студенттер бағдарламаны меңгергенін және қарапайым жобаларды еркін құра алатынын көрсетті.

ӘОЖ 74.265

Б.А. Урмашев¹, Д.А. Мурзанова², У.И. Джапарова¹

¹х.ғ.к., доцент, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан

²м.ғ.к., доцент, Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы, Шымкент, Қазақстан

¹магистрант, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан

ОРТА МЕКТЕПТЕ ХИМИЯЛЫҚ ТАЛДАУДЫҢ НЕГІЗДЕРІН АҒЫЛШЫН ТІЛІМЕН КІРІКТІРЕ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Түйін

Мақалада авторлар орта мектепте «Химиялық талдаудың негіздері» элективтік пәнін ағылшын тілімен кіріктіре оқытудың әдістемесін ұсынады. Дәріс сабағының барысында қолданылатын тақырыптық ағылшын және қазақ тілдеріндегі сөздіктің және пәнді игеруді жеңілдету үшін пайдаланылатын қысқаша глоссарийдің үлгілері берілген. Дәріс сабағында және семинарда тақырып бойынша негізгі материал слайд түрінде қазақ және ағылшын тілдерінде беріледі. Сабақтың барысында жиі қолданылатын сөздердің және сөйлемдердің жиынтығы глоссарийдің мазмұнына кіреді. Әдістемені жетілдіру мақсатында оқушылардан сауалнама алынған. Сонымен қатар сабақтың барысында мектептің оқушыларына сапалы әзірленген дидактикалық материалдардың және психологиялық қолдаудың оң ықпал тигізетіндігі көрсетілген. Әр бөлімнің соңында бақылау жұмысы жазбаша және ауызша жүргізілген. Әдістемені қолдану барысында эксперименттік сыныптың оқушыларының білімдері жоғарылаған.

Кілттік сөздер: химия, электив, пән, ағылшын тілі, химия сабағы, кіріктіру, әдіс, қызығушылық, тиімділік, сөздік, глоссарий.

Кіріспе

Мақаланы жазудағы мақсат орта мектепте химиядан элективтік пәндерді ағылшын тілімен кіріктіре оқытудың әдістемесін жасаудың алгоритмін көрсету. Мақсатқа жету үшін орындалуы қажет келесі жұмыстардың негізгі бағыттарын белгілеп алу керек болды. Сонымен қатар, сабақтың жоспарын құру үшін алгоритмге бастапқы параметрлерді белгілеу керек болды:

1. Қандай пәнді ағылшын тілімен кіріктіре оқыту керек? Әрине, кіріктіре оқытылатын пәнді мұғалімнің өзі өте жақсы білуі тиіс. Мысал ретінде «Химиялық талдаудың негіздері» пәні алынды. Бұл жағдайда сабақтың дәріс, зертханалық жұмыстар, практикалық сабақтар түрінде өтілетінін ескеру керек.

2. Химия пәнін ағылшын тілімен кіріктіре оқыту қалай және қандай тәсілмен жүргізіледі? Оқушылардың деңгейін ескеру қалай жүргізіледі? Ескерілетін жағдай қаладағы мектептің жоғарғы сынып оқушылары ағылшын тілінің Elementary деңгейін толық игерген деп санау керек. Кей оқушылардың деңгейі жоғары (Pre-Intermediate, Intermediate) болу мүмкіндігі де ескеріледі.

3. «Химиялық талдаудың негіздері» пәнін ағылшын тілімен кіріктіре оқытудың қандай әдістері және тәсілдері белгілі? Бұл мәселені шешу үшін интернеттен ақпаратты іздеп табу керек болды.

4. «Химиялық талдаудың негіздері» пәнін ағылшын тілімен кіріктіре оқытудың химиядан басқа элективтік пәндерді кіріктіріп оқытудан қандай жалпы ұқсастықтары мен басты айырмашылықтары бар ?

5. Келесі мәселе – ол жасалған алгоритмнің (жобаның) қаншалықты тиімді екенін анықтау.

«Химиялық талдаудың негіздері» элективтік курсының жаңартылған оқу бағдарламасына сай мазмұнын жасау үшін Назарбаев Зияткерлік Мектебі физика және математика мектебінің «Аналитикалық химия» пәнінің мазмұнын негізге алдық [1]. Пәннің мазмұнын құрастыру барысында эксперимент жүргізілетін мектептің материалдық техникалық базасының мүмкіндіктері және «Химия» кафедрасының көрсететін көмегінің дәрежесі ескерілді.

«Химиялық талдаудың негіздері» элективтік курсының қысқаша мазмұны:

1. Кіріспе. Химиялық талдау нысаны, мақсаты және міндеттері. Химиялық талдау шешетін сұрақтар.

2. Химиялық талдаудың негізгі құралдары. Басты өлшем бірліктері және олардың арақатынасы. Заттың мөлшерін белгілеу үшін қолданылатын бірліктер. Молярлық, нормальдық және моляльдық. Масса және көлем. Берілген концентрациядан басқа концентрацияға өту тәсілдері. Стехиометриялық есептеулер. Негізгі аспаптар мен жабдықтар. Ерітінділерді әзірлеу.

3. «Химиялық талдаудың негіздері» пәнінің терминологиясы. Талдаулар, анықтаулар және өлшеулер. Әдістер, тәсілдер, жұмысты жүргізу, хаттамалар. Талдаудың тәсілдерінің жіктелуі.

Пәннің толық мазмұны Modern Analytical Chemistry [2] оқулығының мазмұнына ұқсас. Алайда, спектроскопиялық талдау әдісі «Колориметрияның негіздері» тақырыбымен алмастырылды. Сәйкесінше Газдық хроматография және сұйықтық хроматография әдістері қатты беттегі хроматографиямен алмастырылды. Яғни, химия кабинетінде орындалуы мүмкін болатын жұмыстармен алмастырылды. Тығырықтан шығудың бірден бір жолы – ағылшын тіліндегі мультимедиялық көрсетілімдерді қолдануға болады. Өкініштісі, сол мемлекеттік тілде бұл тақырыптар бойынша презентациялар жоқтың қасы.

Дәріс сабағын өткізу барысында келесі жоспарды қолдануға болады. Интерактивтік тақтада бірінші слайдта сабақтың тақырыбы, дәріс сабағында қарастырылатын негізгі сұрақтар, сабақтың мақсаты мен міндеттері ағылшын тілінде беріледі. Слайдтың мазмұны барлық оқушыларға түсінікті немесе түсінікті еместігі анықталады (сурет 1).

Introduction
What is Analytical Chemistry?
The Analytical Perspective
Common Analytical Problems
Key Terms

Сурет 1. Сабақтың тақырыбы, дәріс сабағында қарастырылатын негізгі сұрақтар

Екінші слайдта Кірісеге тоқталамыз. Кіріспені оқу барысында оқушылардың мәтінді аудармастан алдымен толық оқып шығуын талап етуге болады. Таныс емес бірінші рет кездесіп отырған сөздерді және сөз тіркестерін жеке жазып қоюы керек (бірінші тәсіл). Мысалы:

Chemistry is the study of matter, including its composition, structure, physical properties, and reactivity. There are many approaches to studying chemistry, but, for convenience, we traditionally divide it into five fields: organic, inorganic, physical, biochemical, and analytical. Although this division is historical and arbitrary, as witnessed by the current interest in interdisciplinary areas

such as bioanalytical and organometallic chemistry, these five fields remain the simplest division spanning the discipline of chemistry.

Training in each of these fields provides a unique perspective to the study of chemistry. Undergraduate chemistry courses and textbooks are more than a collection of facts; they are a kind of apprenticeship. In keeping with this spirit, this text introduces the field of analytical chemistry and the unique perspectives that analytical chemists bring to the study of chemistry.

Осы мәтінді оқып, талдаған соң оның аудармасы беріледі және оқушылардың өз беттерінше аударған мәтінімен салыстырылады. Нәтижесінде аударманың біребіріне мағынасы жағынан ұқсастығы анықталады. Мысалы:

Химия - затты, оның құрамын, құрылымын, физикалық қасиеттерін және реакциялық қабілетін зерттеу. Химияны зерттеу үшін көптеген тәсілдер бар, бірақ ыңғайлылық үшін біз оны дәстүрлі түрде бес облысқа бөлеміз: органикалық, бейорганикалық, физикалық, биохимиялық және аналитикалық. Бұл бөлініс тарихи және еркін болғанымен, ол биоаналитикалық және металл органикалық химия сияқты пәнаралық облыстарға қазіргі қызығушылықты көрсетеді, бұл бес облыс химия пәнін қамтитын қарапайым бөлініс болып қала береді.

Осы салалардың әрқайсысында оқыту химияны зерттеу үшін бірегей перспективаны ашады. Химия курстары мен студенттерге арналған оқулықтар - бұл фактілердің жиынтығына қарағанда көп; бұл оқытушылық. Осы ойға сәйкес бұл мәтін оқырмандарды аналитикалық химия саласымен және аналитикалық химиктер химияны зерттеуге әкелетін бірегей перспективалармен таныстырады.

Пәнді ағылшын тілімен кіріктіріп оқытудың басты қиындықтарының бірі ол оқушылардың және мұғалімдердің тілді қажетті деңгейде игермегендігінде [3]. Мұғалімдерді ағылшын тілін қысқа мерзімде игеріп алуы үшін соңғы үш оқу жылдарында мемлекеттің тарапынан басталған Бағдарламаны орындау үшін барлығы отыз мыңға жуық миллиард тенге қаражат жұмсалды.

Осы тақырып бойынша қысқаша сөздікті қолдану тиімді. Осы орайда шиелілік әріптестердің [4] бірінші тәсілін пайдаландық. Біздің сөздіктің ерекше тұсы – сөздік әр тақырып бойынша екі тілде жасалды. Мұндай сөздік тақырып бойынша оқушылардың жылдам болуына ықпал етеді және мұндай сөздіктің жалпы қысқаша сөздіктен тиімділеу екендігі эксперимент сыныбында жүргізілген сауалнамадан да анық байқалды.

Ағылшын курстарындағы сөздіктердің барлығы тақырыптық сөздіктермен қамтамасыздалған. Олардың сөздік қоры (сөздердің орташа саны) шамамен 120 сөз. Кейбір тақырыптарда 147 сөзді және сөз тіркестерін құрайды (Intermediate, Inter Press, Халықаралық тіл Мектебі) [5]. Сөздікті құрастыру кезінде сөздердің кестедегі реті мен мәтіндегі реті сәйкес болуы және мәтіндегі шрифтіпен сәйкес берілуі, жалғауымен және артиклмен сәйкес көрсетілуі маңызды. Бұл оқушылардың тез арада мәтінге бейімделуге ықпалын тигізеді. Біздің осы мақаладан алдында шыққан жұмысымызда сөздікті үш тілде жасаған болатынбыз. Кесте негізгі үш бағанадан құралғанды. Талдау барысында көптеген ағылшын сөздерінің қазақша және орысша аудармамен үндесуін ескеріп сөздікті екі негізгі бағанадан құрастыруды тиімді деп санадық. Мысалы, «реакционная способность», молекула, атом, ион, анион, катион сияқты сөздер. Сөздіктің ықшамды болуы үшін негізгі бағананы екі бөлдік.

Кесте 1 - Тақырып бойынша ағылшынша қазақша сөздіктің үлгісі

Ағылшын	қазақ	Ағылшын	қазақ
matter	зат	arbitrary	еркін
composition	Құрам	area	алаң
structure	Құрылым	simplest	Ең қарапайым
properties	қасиеттері	provide	ілгерілету
reactivity	Реакцияласуы	a unique	ерекше
approaches	Тәсілдер	perspective	келешек
convenience	Келісім	course	пән

traditionally	дәстүрлік	textbook	оқулық
fields	салалар	a collection	Жиынтық, жинақ
division	бөлу	facts	Мәліметтер, фактілер
historical	тарихи	spirit	Руханилық, ой

Химия пәнін ағылшын тілімен кіріктіре оқытудың тағы да бір тәсілі ол негізгі мәтінді қысқартып глоссарийді пайдалану [6]. Келесі кезеңде пәннің глоссарийін дайындау. Глоссарийдің құрамына химиялық талдаудың негізгі терминдерін және түсініктерін енгізуді жоспарладық. Эксперименттік сыныпта оқушылардың сауалнамасы олардың глоссарийді кейбір жағдайларда ғана қолданатындығын көрсетті. Сыныптың жартысы ғана глоссарийдің болуын қолдады және жиырма бес пайызы оны қолданатындығын көрсетті. Сыныптың 10 % тақырып бойынша сөздіктің бар болуы өзі сабаққа толық дайындалып келуге және материалды түсінуге жеткілікті деп санайды. Глоссарийдің құрылымы негізгі екі бағанадан тұрады. Бірінші бағанада ағылшын тілінде термин және оның түсінігі беріледі және екінші бағанада осы терминнің қазақ тіліндегі түсіндірмесінің аудармасы беріледі.

Кесте 2. Ағылшын және қазақ тілдеріндегі тақырыптық глоссарийдің үлгісі

Ағылшын тілінде	Қазақ тілінде
qualitative analysis An analysis in which we determine the identity of the constituent species in a sample.	сапалық талдау Үлгідегі құрамдас түрлердің ұқсастығын анықтайтын талдау.
quantitative analysis An analysis in which we determine how much of a constituent species is present in a sample.	сандық талдау мұндай талдауда біз үлгідегі бар құрамдас бөліктердің қаншалықты екенін анықтаймыз.
characterization analysis An analysis in which we evaluate a sample's chemical or physical properties.	сипаттамаларды талдау мұндай талдауда біз үлгінің химиялық немесе физикалық қасиеттерін бағалаймыз.
fundamental analysis An analysis whose purpose is to improve an analytical method's capabilities.	іргелі талдау Мақсаты аналитикалық әдістің мүмкіндіктерін жақсарту болып табылатын талдау.

Қазақстандық мектептердегі оқушылар үшін ағылшын тілінде жаңадан оқулықтарды шығару барысында олардың мазмұны балалардың білімді игере алу деңгейіне сәйкестендірілуі де маңызды [7]. Қазіргі уақытта көптеген кеңестер сайттарда бар. Алайда, сайттардағы әдістерді талдау жасап барып қолданған абзал.

Қорытынды

Қорытындылай келгенде мақалада ұсынылған үлгі бойынша дәрістің толық мазмұнын ағылшын тілімен кіріктіре оқытуға болады. Дәріс сабағының барысында ұқсас сөйлемдерді пайдалану тиімді. Сөйлемдердің құрылымына оқушының назарын аудару маңызды. Оқушыға ағылшын тіліндегі мәтіндерді ұғынудың олар ойлағандай соншалықты қиын еместігіне олардың көзін жеткізу керек. Ол үшін әр тақырып бойынша әр кезде мұғалім жақсы дайындық жасауы керек және «аянбай тер төгу керек» деген сөздің шын және толықтай өз мағынасында еңбек етуі қажет.

Әдебиеттер тізімі

1. P.J. Higson Seamus. Analytical Chemistry. Oxford: Oxford University, 2004. 464 p.
2. David Harvey. Modern Analytical Chemistry. DePauw: DePauw University, International Edition, 2000. 817 p.

3. Ербол Казистаев. Казахстанских учителей обязали быстро выучить английский язык. Мына сілтемеде: <https://informburo.kz/stati/kazahstanskih-uchiteley-obyazali-bystro-vyuchit-angliyskiy-yazyk-kak-oni-eto-delayut-.html> (13 тамыз 2019 ж.).
4. Бердімұратова Г. Химия пәнін үш тілде оқытудың алғышарттары. Мына сілтемеде: https://ust.kz/word/himiya_panin_us_tilde_oqytydyng_algysarttary-150919.html (10 мамыр 2019 ж.).
5. Clive Oxenden, Christina Latham-Koenig, Paul Seligson. Pre-Intermediate. New English file. Oxford: Oxford University, 2005. 160 p.
6. Химические термины на английском языке. Мына сілтемеде: <https://infourok.ru/himicheskie-termini-na-angliyskom-yazike-1375722.html> (21 қараша 2016 ж.).
7. Майя Тенизбаева. Новые учебники химии, физики и биологии на английском выпустили в Казахстане. Мына сілтемеде: http://lenta.inform.kz/ru/novye-uchebniki-himii-fiziki-i-biologii-na-angliyskom-vypustili-v-kazahstane_a3201053 (28 наурыз 2018 ж.).

Аннотация

В статье авторы рекомендуют методику интегрированного обучения элективного предмета «Основы химического анализа» с английским языком в средней школе. В ходе лекционного занятия представлены образцы тематического словаря на английском и казахском языках и краткого глоссария, используемого для облегчения освоения дисциплины. На лекционном занятии и семинаре основной материал по теме будет представлен в виде слайдов на казахском и английском языках. Набор часто используемых слов и предложений в ходе урока входит в содержание глоссария. В целях совершенствования методики обучения было проведено анкетирование учащихся. Кроме того, в ходе урока было показано, что для учащихся школы положительно влияет качество разработанных дидактических материалов и психологическая поддержка. В конце каждого раздела контрольная работа проводилась в письменной и устной форме. В ходе применения методики повышены знания учащихся экспериментальных классов.

Abstract

In the article, the authors recommend the method of integrated teaching of the elective subject "Fundamentals of chemical analysis" with English in high school. During the lecture session, samples of a thematic dictionary in English and Kazakh languages and a brief Glossary used to facilitate the development of the discipline are presented. At the lecture session and seminar, the main material on the topic will be presented in the form of slides in Kazakh and English. A set of frequently used words and sentences during the lesson is included in the Glossary content. In order to improve the teaching methodology, a survey of students was conducted. In addition, during the lesson, it was shown that the quality of the developed didactic materials and psychological support positively affects school students. At the end of each section, the control work was carried out in written and oral form. During the application of the method, the knowledge of students in experimental classes was increased.

ӘОЖ 74.265

Б.А. Урмашев¹, Д.А. Мурзанова², Е.А. Нұсқабай¹

¹х.ғ.к., доцент, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан

²м.ғ.к., доцент, Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы, Шымкент, Қазақстан

¹магистрант, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан

MULTIMEDIA КӨРСЕТІЛІМДЕРДІҢ ОҚЫТУ ӘДІСІ РЕТІНДЕГІ ТИІМДІЛІГІ

Түйін

Мақалада мультимедиа көрсетілімдердің химия сабақтарында оқыту әдісі ретіндегі тиімділігі көрсетілген. Ол үшін мақала авторлары зерттеу жұмысының алғашқы сатысында ғылыми

әдебиеттерге шолу жасау арқылы мультимедиалық көрсетілімдерге қойылатын талаптарды (нақтылық, көрнекілік, динамика, дыбыс), мультимедиалық құралдардың түрлерін (суреттемелік слайдтар, видеолар, молекулалардың графикалық модельдері), олардың артықшылықтарын (білімнің сапасының жоғарылығы) және кемшіліктерін (иісті сезінбеу) анықтаған. Орта мектепте оқу үрдісінде мультимедиалық көрсетілімдердің дәріс сабақтарында жаңа тақырыпты («Термогравиметриялық талдау») түсіндіру барысында, практикалық сабақтарда зертханалық жұмыстарды және тәжірибелерді орындау кезінде (мыстың сульфатының кристаллогидраты) тиімділігі көрсетілген. Сонымен қатар, эксперименттік сыныптағы оқушылар үшін жоғарыда көрсетілген тақырып дәріс сабағында мыстың сульфатының кристаллогидратының мысалында түсіндірілген. Нәтижесінде оқушылар бақылау сыныбымен салыстырғанда практикалық сабақта тәжірибелік жұмыстарды толық орындап шыққан.

Кілттік сөздер: мультимедиа, көрсетілім, химия, мектеп, оқушы, дәріс, әдіс, тиімділік, ақпарат, технология.

Кіріспе

Соңғы онжылдықта педагогикалық тәжірибеде мультимедиалық көрсетілімдер оқу үрдісінде оқу-әдістемелік қолдаудың бір бөлігі ретінде өзінің орнын нақты алды. Себебі, мультимедиалық көрсетілім білім алушыны оқытуға және үйретуге қолайлы жаңа тәсіл болып табылады. Шетелдік сөздердің түсіндірме сөздігіне сәйкес мультимедиа ақпаратты өндірудің, сақтаудың және берудің (акустикалық, көрнекі және т.б.) әртүрлі құралдарын, сондай-ақ осы технологияны іске асыратын бағдарламалар мен ақпараттық жүйелердің жиынтығын пайдаланатын технологияға жатады. Мультимедиа жақында пайда болған жаңа нәрселерді ашық таныстыру ретінде анықталады. Мультимедиалық көрсетілімнің негізгі міндеті аудиторияны таныстыру нысаны туралы толық ақпаратты ыңғайлы түрде ұсыну [1].

Осы түсінікті көлемді түрде қарастырғанда мультимедиалық көрсетілімдерді пайдалану сабақта үлкен рөл атқарады, қажетті білімді игеру, тілдік қиындықтарды жеңу, мақсаттарға қол жеткізу және оқу үрдісінде үйрену міндеттерін шешуге көмектеседі. Мультимедиалық көрсетілімдерді қолдану тек мұғалімдердің ғана емес, студенттердің және оқушылардың да (жалпы білім алушылардың) қызығушылығын тудырады. Сондықтан білім беру үрдісіне қатысушылар әр жұмыстарды жеке шығармашылық өнімге айналдыруға мүмкіндік беретін осындай көрсетілім дайындауға арналған көптеген ақпарат көздерін пайдалану керек [2].


Ақпараттың үлкен тасқынында мультимедиалық технологиясыз химия пәнін заманауи оқыту мүмкін емес. Ол бір мезгілде бірнеше ақпараттық құралдарды: графика, мәтін, бейне, фотосурет, анимация, дыбыстық әсерлер, яғни, бүгінгі күнгі барлық формаларда қолданылатын компьютерлік технологиялар жиынтығын қамтиды [3]. Сәйкесінше мультимедиалық көрсетілімді пайдалану арқылы тұтастай өтілетін сабақтар да жасалған. Осы орайда мультимедиялық көрсетілімді қолдану арқылы өткен сабақ және мультимедиялық сабақ арасындағы айырманың бар екенін көреміз. Біздің мақала осы екеуінің біріншісі туралы. Алайда мультимедиялық сабақ та және мультимедиалық көрсетілімдер қолданылған сабақ та кез келген пән бойынша сабақтың үш дидактикалық мақсатына оңтайлы және тиімді түрде жауап береді [2].

Оқу аспектісі: оқушылардың оқу материалын қабылдау, оқу объектілеріндегі байланыстар мен қарым-қатынастарды түсіну. Даму аспектісі: білім алушылардың арасында танымдық қызығушылықты дамыту, шығармашылық белсенділігін арттыру, қорытындылау, талдау, салыстыру қабілеті. Тәрбиелеу аспектісі: ғылыми дүниетанымның тәрбиесі, тәуелсіз және топтық жұмысын нақты ұйымдастыруға қабілеттілігі, достық сезімін тәрбиелеу, өзара көмек.

Химия пәнін оқытуда Multimedia технологияның негізінен келесі элементтері кеңінен қолданылады: видео дәрістер, тәжірибелердің орындалу реті және байқау нәтижелері мультимедиалық түсірілімдері, қорытынды жасау, өз бетінше орындалатын тапсырмаларды құрастырғанда.

Дәріс сабақтарында кейбір химиялық элементтердің атомдарының электрондық құрылысын, заттардың және қосылыстардың физикалық және химиялық қасиеттерін сипаттау үшін түрлі түсті слайдтар қолданылады. Мұғалімнің оқитын мәтіні сәйкесінше қатар жүреді. Мысалы, натрийдің атомының электрондық құрылысының сипаттамасы (сурет 1):

Электронное строение атома натрия



Сурет 1. Натрийдің атомының электрондық құрылысының сипаттамасы

Натрийдің атомының электрондық құрылысының сипаттамасы берілген слайдтың ұтымды жағы келесілер: тақтаға жазуға уақыт жұмсалмайды, көрнекі және слайдты бірнеше рет қолдануға болады. Мұғалім өзіне тиімді нұсқаны интернет көздерінен тартады немесе өзі жасайды. Әрине, дайын материалды қолдану уақытты көп үнемдейді.

Сонымен қатар келесі бір слайдтар түсті көрсетеді. Мысалы, мыстың жартылай тотығының (Cu_2O), мыстың тотығының (CuO), мыстың орта тұзының кристалының, осы орта тұздың кристаллогидраттарының ($\text{CuSO}_4 \cdot 5\text{H}_2\text{O}$, $\text{CuSO}_4 \cdot 3\text{H}_2\text{O}$, $\text{CuSO}_4 \cdot \text{H}_2\text{O}$) түстерін салыстыра отырып, ұтымды көрсете алады (суреттер 2-4).

Microsoft Power Point - кез келген талаптарды қанағаттандыратын тартымды презентацияларды құру үшін жасалынатын өте қуатты құрал. Power Point көрсетілімі арқылы кез келген адам, егер қаласа, олардың жұмысының тиімді сүйемелдеуін ұйымдастыра алады. Жоғарыдағы суреттерді бір слайдта көрсету тиімді. Оқушылар оларды салыстыра отырып естеріне сақтайды. Бақылау сұрақтарында осы слайд бойынша міндетті түрде сұрақты беру керек.

Power Point көрсетілімі әртүрлі болуы мүмкін: есептерді шығару жолдары туралы фильм, танымдық саяхат фильмі немесе фотосурет көрсету, және т.с.с. Көрсетілім қарапайым, схемалық болуы мүмкін, және де оларды графика және диаграмма түріндегі көптеген иллюстрациялармен, арнайы дыбыстық әсерлермен толықтыруға болады. Мультимедияның тек иісті сезіну, суықты немесе жылуды сезіну әсерлерін бере алмауы кемшіліктердің бастысы. Мұның бәрі оның жасаушысының қиялын және дағдыларын дамытуға байланысты.



а



ә

Сурет 2. Мыстың жартылай тотығының (Cu_2O) түсі (а) және мыстың тотығының (CuO) ұнтағы (ә)



а



ә

Сурет 3. Мыстың сульфатының кристаллогидраты ($\text{CuSO}_4 \cdot 3\text{H}_2\text{O}$) (а) және Мыстың сульфатының түйірлері (CuSO_4) (ә)



Сурет 4. Мыстың сульфатының ұнтағы ($\text{CuSO}_4 \cdot \text{H}_2\text{O}$)

Қазіргі заманғы білім беруде мультимедияны пайдалануға бағытталған білім беру іс-шараларын ұйымдастырудың әдістері, технологиялары туралы сұрақтар өте маңызды және өзекті болып келеді. Сабақта мультимедияны қолдану әдістері мен тәсілдері әртүрлі. Бірақ олар енгізілген кезде біз тек бір тапсырманы орындаумен шектелмеуіміз керек. Сабақты қызықты етуге тырысамыз. Мультимедиялық көрсетілімдер қолданылатын сабақтардың басты бір артықшылығы - білім сапасын арттыру. Мультимедиялық көрсетілім тек қана білім беруді ұсыну үшін ғана емес, оларды бақылау, біріктіру, қайталау, синтездеу, жүйелеу және де дидактикалық функцияларды сәтті орындайды [4, 5].

Егер мультимедиялық көрсетілімдер белгілі талаптарды қанағаттандырса, онда оларды шебер қолдану мұғалімге материалды ыңғайлы және визуалды түрде ұсынуға мүмкіндік береді. Тіпті қарапайым графикалық құралдарды қолдану өте тиімді құрал болып табылады. Сапалы мультимедиялық көрсетілімдерді химия сабақтарында қолдану оқушыларды қызықтырады және оқуға деген қызығушылықты жоғарылатады. Дегенмен, арнайы эффекттермен (қалқыған сөздер, шашылған сөйлемдер, түрлі түсті отшашулар) байланысты көрсетілімдер шамадан артық болмауы керек. Берілген материал мен ілеспе әсерлер арасындағы теңгерімді табу қажет. Бұл ереже барлық мультимедиялық презентацияларға қолданылады, әсіресе, білім беру презентацияларына талап ерекше жоғары [6].

Мультимедиялық көрсетілімдерді сабақта қолданудың келесі бір шарты - белгіленген дидактикалық және когнитивтік мақсаттар мен міндеттерді қатаң сақтау. Өйткені мультимедиа дидактикалық тапсырмаларды жүзеге асырудың құралы ғана. Басқаша айтқанда, мультимедияны қолданумен сабақтың сәтті өтуі пайдаланылған материалдардың сапасына және мұғалімдердің көрсетілімді жобалау қабілеттеріне байланысты. Сондықтан, мультимедиялық көрсетілімдердің тақырыптың мазмұнына сай ұйымдастырылуы негізгі басымдық болып табылады. Осы орайда сапалы сабақты құруды көздейтін мұғалімдердің белгіленген тұжырымдамалық педагогикалық ұстанымдарды назарда ұстауы маңызды [7].

Мультимедиялық көрсетілімдерді пайдаланған кезде келесі талаптар қарастырылуы керек:

- сабақтың тақырыбының қойылған мақсатпен және міндеттермен сәйкестігі;
- мультимедиялық көрсетілімнің тақырыптың мазмұнын мүмкіндігінше толық қамтуы;
- мотивациялық сәттер; мотивациялық сәттерді функционалдық сауаттылықпен байланыстыру;

- миға шабуыл кезеңі;
- ойды қозғау сәті (зертханалық тәжірибені бірнеше рет қайталап көрсету тиімді);
- сыни ойлау кезі;
- бақылау сұрақтары;
- өз бетінше жұппен немесе топпен орындалатын жаттығулар мен тапсырмалардың жиынтығы;

Қорытынды

Қорытындылай келгенде, мұғалім сабақта мультимедиалық көрсетілімдерді тиімді қолданғанда оқушыға берілген білімнің сапасы жоғарылайды. Ұсынылған әдістемені пайдалану және тәсілдерді қолдану сабақта оқушыларды белсендіреді, олардың химия пәніне деген қызығушылығын арттырады және оқу материалын оңай түсінуге мүмкіндік береді. Мультимедиалық көрсетілімдерді пайдаланып қызықты және сапалы сабақ өту әр кезде мұғалімнің шеберлігіне және өзінің пәніне деген құрметіне байланысты болып қала бермек.

Әдебиеттер тізімі

1. Дмитрий Лазарев. Презентация: Лучше один раз увидеть! М.: Альпина Паблишер, 2011, 142 с.
2. Губина Т. Н. Мультимедиа презентации как метод обучения // Молодой ученый, 2012, Том 3. № 3 (38), С. 345-347.
3. В.П. Джаджа. Мультимедийные технологии обучения. Учебное пособие. Самара: СФ ГБОУ ВПО МГПУ, 2013, 98 с.
4. Абдраманова Г.Б., Таженова С.К. Оқу үрдісінде мультимедиа технологияларын қолдану // Молодой ученый, 2015, Том 1. № 7 (87), С. 8-9.
5. Абдраманова Г.Б., Байзулдаева Г.О. Инновациялық технологиялардың білім берудегі ролі // Молодой ученый, 2015, Том 1. № 7 (87), С. 4-6.
6. Князева Г.В. Применение мультимедиа технологии в образовательных учреждениях. Мына сілтемеде: <http://www.cyberleninka.ru/article/n> (20 қараша 2017 ж.).
7. Төлеген А. Орта мектептің химия пәндерін оқытуда мультимедиалық технологияларды қолдану әдістемесі. Дипломдық жұмыс. Шымкент: ОҚМУ, 2019, 63 б.

Аннотация

В статье показана эффективность мультимедийных презентаций как метода обучения на уроках химии. Для этого авторы статьи на начальном этапе исследовательской работы путем обзора научной литературы определили требования к мультимедийным представлениям (точность, наглядность, динамика, звук), виды мультимедийных средств (иллюстрированные слайды, видео, графические модели молекул), их преимущества (высокое качество знаний) и недостатки (отсутствие запаха). Показана эффективность мультимедийных презентаций при объяснении новой темы («Термогравиметрический анализ») на лекционных занятиях, при выполнении лабораторных работ и опытов на практических занятиях (анализ кристаллогидрата сульфата меди) в средней школе. Кроме того, вышеуказанная тема для учащихся экспериментального класса объясняется на лекционном занятии на примере кристаллогидрата сульфата меди. В результате учащиеся экспериментального класса полностью выполнили опыты на практическом занятии по сравнению с контрольным классом.

Abstract

The article shows the effectiveness of multimedia presentations as a method of teaching chemistry lessons. To do this, the authors of the article at the initial stage of research work by reviewing the scientific literature identified the requirements for multimedia representations (accuracy, visibility, dynamics, sound), types of multimedia tools (illustrated slides, videos, graphic models of molecules), their advantages (high quality of knowledge) and disadvantages (lack of smell). The effectiveness of multimedia presentations in explaining a new topic ("Thermogravimetric analysis") in lectures, in performing laboratory work and experiments in practical classes (analysis of copper sulfate crystallohydrate) in high school is shown. In addition, the above topic for students of the experimental class is explained in a lecture session on the example of copper sulfate crystallohydrate. As a result, the students of the experimental class completely completed the experiments in the practical class compared to the control class.

**ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ, ӨМІР ТУРАЛЫ ҒЫЛЫМДАР
ЕСТЕСТВЕННЫЕ НАУКИ, НАУКИ О ЖИЗНИ
NATURAL SCIENCES, LIFE SCIENCES**

УДК 373.167.1:514

Н.Қ. Аширбаев, Б.А. Орынбек, Л.Ж. Кулбаева

ф.-м.ғ.д., профессор, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан

магистрант, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан


ВЕКТОРЛЫҚ-КООРДИНАТАЛЫҚ ӘДІСПЕН ГЕОМЕТРИЯЛЫҚ ЕСЕПТЕРДІ ШЕШУ

Түйін

Векторлық-координаталық әдіс координаталық әдіс пен векторлық әдісті біріктіреді. Координаталық әдісте жазықтықтағы және кеңістіктегі нүктенің координаталарының тікбұрышты координаттар жүйесінде берілу және оларды табу әдістері қарастырылады. Кеңістіктегі тікбұрышты координаттар жүйесі деп абсцисса өсі, ординат өсі және аппликат өсі деп аталатын координаталарының ортақ бас нүктесі бар үш өзара перпендикуляр координаталық түзулерді айтады. Векторлық әдісте вектор ұғымы және соған қатысты анықтамалар, теоремалар мен қасиеттер ескерілуі керек. Бұл әдіс скаляр көбейтінді, векторлар арасындағы бұрыш, векторлар арасындағы қашықтық, векторды базис бойынша жіктеу формулаларын негізге ала отырып жүзеге асырылады. Элементар геометрияның көптеген есептерін шешуде векторлық-координаталық әдіс тиімді әдістердің бірі болып табылады. Бірақ шын мәнінде бұл әдіс тек екі формулаға негізделген: векторлардың арасындағы бұрыштың косинусы формуласы және нүктеден жазықтыққа дейінгі арақашықтық формуласы.

Кілттік сөздер. вектор, координата, арақашықтық, бұрыш, скаляр көбейтінді, нүкте, жазықтық, параллель, перпендикуляр.

Есеп 1. Тік $ABC_1A_1B_1C_1$ призманың табан жазықтығында сүйір бұрышы $A-30$ градусқа тең тік бұрышты үшбұрыш жатыр. Призманың төменгі табанының кіші катеті және жоғарғы табанының гипотенузасының ортасынан өтетін қиманың ауданын табыңыз, егер призманың табандарының арақашықтығы A төбесінен ізделінді қимаға дейінгі арақашықтыққа тең және ол 6 -ға тең болса (сурет 1) [1].



Сурет 1 - Тік призма

Шешуі. 1) Координаталар жүйесін сызбада көрсетілгендей етіп саламыз, С және М нүктелерін қосып, MN -ді B_1C_1 -ге параллель сызып(BC -ға да параллель) берілген қиманы тұрғызамыз.

2) Айталық $BC = m$ болсын. Онда $AC = \frac{\sqrt{3}}{2} \cdot 2m = \sqrt{3}m$ [2].

3) Нүктеден жазықтыққа дейінгі арақашықтық формуласын қолдану үшін, бізге А нүктесінің координаталарын, жазықтыққа түсірілген нормальдің координаталарын және d -нің мәнін табуымыз қажет.

4) $A(0; \sqrt{3}m; 0)$; $M\left(0; \frac{\sqrt{3}}{2}m; 6\right)$; $C(0; 0; 0)$; $B(m; 0; 0)$.

5) $\overline{CM}\left(0; \frac{\sqrt{3}}{2}m; 6\right)$; $\overline{CB}(m; 0; 0)$; $\begin{cases} \overline{n} \cdot \overline{CM} = 0 \\ \overline{n} \cdot \overline{CB} = 0 \end{cases}$; $\begin{cases} \frac{\sqrt{3}}{2}mb + 6c = 0 \\ ma = 0 \end{cases}$; $\begin{cases} a = 0 \\ c = -\frac{\frac{\sqrt{3}}{2}mb}{6} = -\frac{\sqrt{3}}{12}mb \end{cases}$;

анықталмаған теңдеулер жүйесін алдық, айталық $b = 12$, онда $\begin{cases} a = 0 \\ b = 12 \\ c = -\sqrt{3}m \end{cases}$. Сонымен

$\overline{n}(0; 12; -\sqrt{3}m)$, $d = 0$ екендігін алдық [3].


6) $p(A; MCB) = 6$; $\frac{|0 \cdot 0 + 12\sqrt{3}m - \sqrt{3}m \cdot 0|}{\sqrt{0 + 12^2 + 3m^2}} = 6$; $\frac{12\sqrt{3}m}{\sqrt{144 + 3m^2}} = 6$; $2\sqrt{3}m = \sqrt{144 + 3m^2}$;

$12m^2 = 144 + 3m^2$; $9m^2 = 144$; $m = 4$.

7) MC -көлбеу, PC -соның проекциясы, $PC \perp CB$, яғни $MC \perp CB$ және MC -тік бұрышты

$MNBC$ трапециясының биіктігі. $S_{ODAI} = \frac{4+2}{2} \cdot \sqrt{36 + \left(\frac{\sqrt{3} \cdot 4}{2}\right)^2} = 3\sqrt{36+12} = 3\sqrt{48} = 12\sqrt{3}$.

Есеп 2. Дұрыс төртбұрышты $ABCD A_1 B_1 C_1 D_1$ призманың табан қабырғасы 2, бүйір қыры 5-ке тең. AA_1 қырынан $AE : EA_1 = 3 : 2$ шартын қанағаттандыратын E нүктесі алынған. ABC және BED жазықтықтарының арасындағы бұрышты табыңыз(сурет 2) [4].



Сурет 2 - Дұрыс төртбұрышты призма


Шешуі. $A(0;0;0)$, $D(2;0;0)$, $B(0;2;0)$, $E(0;0;3)$

$$\begin{aligned} & \overrightarrow{EB}\{0;2;-3\}, \overrightarrow{ED}\{2;0;-3\}, \vec{n}\{A;B;C\} \\ & \begin{cases} 2B-3C=0 \\ 2A-3C=0 \end{cases} \Rightarrow \vec{n}\{3;3;2\} & \vec{k}\{0;0;1\} \\ & \cos \varphi = \frac{2}{\sqrt{9+9+4}} = \frac{2}{\sqrt{22}} \end{aligned}$$

Есеп 3. Төртбұрышты $SABD$ пирамиданың табанында қабырғалары $AB = \sqrt{5}$ және $BC = 2$ болатын $ABCD$ тіктөртбұрыш жатыр. Пирамиданың бүйір қырларының ұзындықтары $SA = \sqrt{7}$, $SB = 2\sqrt{3}$, $SD = \sqrt{11}$ тең (сурет 3) [5].

а) SA -пирамиданың биіктігі екендігін дәлелдеңіз.

б) SC түзуі мен ASB жазықтығының арасындағы бұрышты табыңыз [7].



Сурет 3 - Төртбұрышты пирамида

Шешуі. $A\{0;0;0\}$, $B\{0;\sqrt{5};0\}$, $C\{2;\sqrt{5};0\}$, $D\{2;0;0\}$, $S(x;y;z)$

$$\begin{cases} \sqrt{x^2 + y^2 + z^2} = \sqrt{7} \\ \sqrt{x^2 + (y-5)^2 + z^2} = 2\sqrt{3} \\ \sqrt{(x-2)^2 + y^2 + z^2} = \sqrt{11} \end{cases}$$

$$\begin{cases} x^2 + y^2 + z^2 = 7 \\ x^2 + (y-5)^2 + z^2 = 12 \\ (x-2)^2 + y^2 + z^2 = 11 \end{cases}$$

$$(x-2)^2 - x^2 = 4 \Rightarrow x = 0, \quad (y-\sqrt{5})^2 - y^2 = 5 \Rightarrow y = 0$$

$$ASB: x = 0, \quad \vec{i}\{1;0;0\}, \quad S\{0;0;\sqrt{7}\}, \quad \overrightarrow{SC}\{2;\sqrt{5};-\sqrt{7}\}$$

$$\sin \varphi = \frac{2}{\sqrt{4+5+7}} = \frac{1}{4}.$$

Векторлық- координаталық әдіс бүгінгі таңда есептерді шешуде өте сұранысқа ие әдістердің бірі болып табылады және ол математикалық, физикалық, астрономиялық және техникалық есептердің іс жүзінде барлық түрлерін шешуге мүмкіндік береді. Ол басқа әдістерге қарағанда артықшылығы сол, ол күрделі геометриялық салуларды қажет етпейді.

Дегенмен, әрбір есеп үшін координаттар жүйесін дұрыс таңдап, енгізе білу өте маңызды. Бұл әдістің кемшілігі сол, ол көбінесе үлкен көлемдегі есептеуді қажет етеді [6].

Әдебиеттер тізімі

1. Ершова А.П., Голобородько В.В. Самостоятельные и контрольные работы по геометрии для 11 класса. М.: ИЛЕКСА, 2010. 208 с.
2. Геометрия, 10-11: учебник для общеобразовательных учреждений: базовый и профильный уровни. Л.С.Атанасян, В.Ф. Бутузов, С.Б. Кадомцев и др. М.: Просвещение, 2007, 256 с.
3. ЕГЭ-2012. Математика: типовые экзаменационные варианты: 10 вариантов/ под ред. А.Л.Семенова, И.В.Ященко. М.: Национальное образование, 2011, 112 с.
4. Ященко И.В. Математика: интенсивный курс подготовки к экзамену. М.: Айрис-пресс, 2003, 432 с.
5. Смоляков А.Н. ЕГЭ по математике: задания группы С. Смоляков А. Н., Сидельников В. И. Москва: Пре-Принт, 2013, 205 с.
6. Ершова А.П., Голобородько В.В. Самостоятельные и контрольные работы по геометрии для 11 класса. М.: ИЛЕКСА, 2010, 208 с.
7. Геометрия, 10-11: учебник для общеобразовательных учреждений: базовый и профильный уровни. Л.С. Атанасян, В.Ф. Бутузов, С.Б. Кадомцев и др. М.: Просвещение, 2007, 256 с.

Аннотация

В развитии геометрии важное значение имело применение алгебры к решению геометрических задач, которое со временем переросло в отдельную науку – аналитическую геометрию. Векторно-координатный метод помогает упростить решение задачи, избежав представления сложных геометрических конфигураций. Векторно-координатный метод актуален на сегодняшний день, т.к. находит свое применение в разных областях науки и общественной жизни. Векторно-координатный метод соединяет в себе метод координат и векторный метод. В координатном методе целесообразно знакомиться с прямоугольной системой координат, способами нахождения и задания координат точки на плоскости и в пространстве. Прямоугольной системой координат в пространстве называются три взаимно перпендикулярные координатные прямые с общим началом координат, которые называются осью абсцисс, осью ординат и осью аппликата. В векторном методе должны рассматриваться понятия вектора и связанные с ним определения, теоремы и свойства. В данном методе необходимо затронуть скалярное произведение, угол между векторами, расстояние между векторами, разложение вектора по базисам.

Abstract

In the development of geometry, the application of algebra to the solution of geometric problems was important, which eventually grew into a separate science — analytic geometry. The vector-coordinate method helps to simplify the solution of the problem, avoiding the representation of complex geometric configurations. The vector-coordinate method is relevant today, because finds its application in various fields of science and public life. The vector-coordinate method combines the coordinate method and the vector method. In the coordinate method, it is advisable to get acquainted with a rectangular coordinate system, methods for finding and setting the coordinates of a point on a plane and in space. A rectangular coordinate system in space refers to three mutually perpendicular coordinate lines with a common origin, which are called the abscissa axis, the ordinate axis and the applicate axis. In the vector method, the concepts of the vector and related definitions, theorems and properties should be considered. In this method, it is necessary to touch on the scalar product, the angle between the vectors, the distance between the vectors, the decomposition of the vector into bases.

ӘОЖ 372.851

Н.Қ. Аширбаев¹, Ж.Н.Аширбаева¹, А.Н.Аширбаева²

¹ф.-м.ғ.д., профессор, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан

¹п. ғ.к., доцент, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан

²оқытушы, Оңтүстік Қазақстан политехникалық колледжі, Шымкент, Қазақстан

ЖАЗЫҚТЫҚТА НҮКТЕЛЕРДІҢ ГЕОМЕТРИЯЛЫҚ ОРНЫН ТАБУҒА КООРДИНАТАЛЫҚ ӘДІСТІ ПАЙДАЛАНУ

Түйін

Геометрияда есептерді шығару үшін әр түрлі тәсілдер қолданылады, олар-синтетикалық(таза геометриялық) әдіс, түрлендірулер әдісі, векторлық,координаталық әдістер және тағы басқалары. Олардың мектепте алатын орны әртүрлі. Негізгі тәсіл синтетикалық болып табылады,ал қалғандарының ішінен жоғары орынды алатын координаталық әдіс, өйткені ол алгебрамен өте тығыз байланыста. Синтетикалық әдістің үлкен мүмкіндігі, ол түйсік, болжамдар, қосымша салулар арқылы қол жеткізеді. Координаталық әдіс мұны талап етпейді: есептерді шешу көп жағдайда алгоритмделген болып табылады, бұл көбінесе іздеуді және есепті шешуді жеңілдетеді. Бұл әдісті зерттеу геометрия курсының ажырамас бөлігі болып табылады деп айтуға болады. Бірақ, координаталық әдіспен есептерді шешуде алгебралық есептеулердің дағдысы қажет және жоғары дәрежеде ойлауды қажет етпейтінін ұмытпау керек, бұл өз кезегінде оқушылардың шығармашылық қабілеттеріне теріс әсер етеді. Сондықтан координаталық әдісті қолдана отырып, әртүрлі есептерді қалай шешу керектігін үйренуге мүмкіндік беретін координаталық әдістің үйрету әдістемесі қажет, бірақ геометриялық есептерді шешу үшін осы әдісті негізгі әдіс ретінде қарастыруға болмайды.

Кілттік сөздер: Нүкте, қашықтық, жазықтық, координата, бұрыш, теңдеу,фигура, шеңбер, радиус.

Нүктелер жиынынан фигуралар жасалады. Белгілі бір қасиетке ие болатын, ортақ талапқа бағынатын жазықтық нүктелерінің жиынын нүктелердің геометриялық орны(қысқаша НГО) дейді. Аналитикалық геометрияның әдістері нүктелердің геометриялық орнын табуға көмектеседі [1].

Циркуль мен сызғыштың көмегімен салу есептерін шешудің пәрменді әдістерінің бірі конструктивтік жиындар әдісі немесе нүктелердің геометриялық орындары әдісі болып табылады. Координаталық әдіс жазықтықтағы осындай жиындардың қасиеттерін зерттеуде қолданылады. Сонымен қатар, жиындарды зерттеу үшін координаталық әдісті қолдануға ыңғайлы болатын, мысалы, жазықтықтағы екінші ретті қисықтардың немесе кеңістіктегі екінші ретті беттердің қасиеттерін зерттеу сияқты басқа топтардың есептерін атауға болады. Біз кейбір жиындардың қасиеттерін қарастырамыз және оларды элементар геометрияның есептеріне қолданылуын талқылаймыз. Енді нүктенің геометриялық орнын анықтайтын бірнеше есептер қарастырайық [2].

Есеп 1. Аполлоний шеңбері. Жазықтықтағы берілген екі нүктеге дейінгі арақашықтықтарының қатынасы 1-ден өзгеше оң λ санына тең болатын жазықтықтағы нүктелердің геометриялық орнын табыңыздар (сурет 1) [3].

Шешуі. А нүктесі координаталар басында, ал В нүктесі абсцисса өсінің оң жағында жататындай тік бұрышты декарттық координаталар жүйесін таңдап аламыз. Егер a – АВ кесіндісінің ұзындығы болса, онда А және В нүктелерінің координаталары: $A(0;0)$, $B(a;0)$ болады. Айталық, $M(x; y)$ нүктесі ізделінді жиында жатса, онда $|AM|:|MB| = \lambda$. Олай болса

$$|AM| = \sqrt{x^2 + y^2}, \quad |MB| = \sqrt{(x-a)^2 + y^2} \Rightarrow \frac{\sqrt{x^2 + y^2}}{\sqrt{(x-a)^2 + y^2}} = \lambda.$$


Бұдан алатынымыз

$$\sqrt{x^2 + y^2} = \lambda \sqrt{(x-a)^2 + y^2}.$$

$$\begin{aligned} x^2 + y^2 &= \lambda^2 x^2 - 2\lambda^2 ax + \lambda^2 a^2 + \lambda^2 y^2, \\ (\lambda^2 - 1)x^2 - 2\lambda^2 ax + (\lambda^2 - 1)y^2 + \lambda^2 a^2 &= 0. \end{aligned}$$

Түрлендіру нәтижесінде төмендегі теңдеуді аламыз:

$$\begin{aligned} (\lambda^2 - 1) \left(x^2 - 2 \frac{\lambda^2 a}{\lambda^2 - 1} x + \frac{\lambda^4 a^2}{(\lambda^2 - 1)^2} \right) + (\lambda^2 - 1) y^2 &= \frac{\lambda^4 a^2}{\lambda^2 - 1} - \lambda^2 a^2 \Rightarrow \\ \left(x - \frac{\lambda^2 a}{\lambda^2 - 1} \right)^2 + y^2 &= \frac{\lambda^2 a^2}{(\lambda^2 - 1)^2}. \end{aligned}$$



Сурет 1 - Нүктелердің геометриялық орны

Алынған теңдеу центрі $Q\left(\frac{\lambda^2 a}{\lambda^2 - 1}; 0\right)$ және радиусы $\frac{\lambda a}{|\lambda^2 - 1|}$ -ге тең болатын шеңберді анықтайды. Олай болса, егер нүкте қарастырылып отырған жиында жатса, онда ол нүкте алынған шеңберде жатады. Енді керісінше жорық. Айталық, М- кез келген нүкте, оның координаталары табылған шеңбердің теңдеуін қанағаттандырады. Онда ол координаталар теңдеу алынғанға дейінгі барлық қатынастарды, соның ішінде мына теңдікті де қанағаттандырады

$$x^2 + y^2 = \lambda^2 x^2 - 2\lambda^2 ax + \lambda^2 a^2 + \lambda^2 y^2.$$


$\lambda > 0$ болғандықтан, теңдіктің екі жағынан квадрат түбір алсақ, төменгі теңдікті аламыз

$$\frac{\sqrt{x^2 + y^2}}{\sqrt{(x-a)^2 + y^2}} = \lambda.$$

М нүктесі осы жиында жатыр. Сонымен біз нүктенің координаталары шеңбердің теңдеуін қанағаттандырғанда ғана осы жиынға тиесілі болатынын дәлелдедік [4].

Аполлоний шеңберінің центрі АВ түзуінде жататындықтан, оны циркуль және сызғыш көмегімен оңай салуға болады. Ол үшін осы шеңбердің АВ түзуімен қиылысатын Р және Q нүктелерін табу жеткілікті(сурет 2). Салуға арналған есептерде λ саны екі кесіндінің қатынасы ретінде берілуі тиіс: $\lambda = \tilde{m} : \tilde{n}$. Р және Q нүктелерін салу әдісі сызбада көрсетілген.


RS және ST кесінділері \tilde{n} -ға тең, AS кесіндісі \tilde{m} -ға тең. SP түзуі ТВ түзуіне параллель, ал SQ түзуі RB-ға параллель. Бұрыштың қабырғаларында параллель түзулерді қиятын пропорционал кесінділер туралы теорема бойынша: $\frac{AP}{PB} = \frac{AQ}{QB} = \frac{m}{n}$.



Сурет 2 - Аполлоний шеңбері

Есеп 2. Жазықтықта А және В нүктелері берілген. С нүктесі ABC үшбұрышының AD медианасының ұзындығы тұрақты болатындай етіп өзінің орнын ауыстырып тұрады. С нүктелерінің жиынын табу керек [5].

Шешуі. А(0,0), В(1,0) болатындай етіп тік бұрышты координаталар жүйесін енгізейік. Айталық, С(x,y) болсын (сурет 3). Кесіндіні қақ бөлу формулаларына сүйеніп D нүктесінің координаталарын С, В нүктелері арқылы өрнектейміз $D\left(\left(\frac{x+1}{2}\right),\left(\frac{y}{2}\right)\right)$ Есептің шарты бойынша $AD = c = const$.



Сурет 3- ABC үшбұрышы

Екі нүктенің ара қашықтығының формуласын қолданып табамыз $AD^2 = \left(\frac{x+1}{2}\right)^2 + \left(\frac{y}{2}\right)^2 = c$ немесе $(x+1)^2 + (y)^2 = 4c$ шеңбердің теңдеуі шықты. Сонымен есептің шартын қанағаттандыратын нүктелердің геометриялық орны центрі $O(-1,0)$ нүктесі, радиусы $\sqrt{4c}$ болатын шеңберді анықтайды.

Есеп 3. А және В нүктелері берілген. А және В нүктелеріне дейінгі ара қашықтықтарының квадраттарының айырмасы тұрақты k санына тең болатын жазықтықтағы нүктелердің геометриялық орнын табыңыздар(сурет 4) [6].


Шешуі. Айталық, М нүктесі берілген жиында жатсын, онда: $|AM|^2 - |BM|^2 = k$. А нүктесі координаталар басында, ал В нүктесі абсцисса өсінің оң жағында жататындай етіп тік бұрышты декарттық координаталар жүйесін енгіземіз. Бұл координаталар жүйесінде $A(0;0)$, $B(a;0)$ болады, мұндағы a - АВ кесіндісінің ұзындығы. Егер М нүктесінің координаталары $M(x; y)$ болса, онда

$$\left(\sqrt{x^2 + y^2}\right)^2 - \left(\sqrt{(x-a)^2 + y^2}\right)^2 = k \Rightarrow x = \frac{k+a^2}{2a}$$

Керісінше, кез келген $M(x; y)$ нүктесін аламыз, бұл нүктенің координаталары алынған теңдеуді қанағаттандырсын. Онда $2ax - a^2 = k$, бұдан:

$$x^2 + y^2 - (x^2 - 2ax + a^2 + y^2) = k \Rightarrow \left(\sqrt{x^2 + y^2}\right)^2 - \left(\sqrt{(x-a)^2 + y^2}\right)^2 = k.$$

Сонымен, М нүктесі қажетті шартты қанағаттандырады. Ізделінді нүктелердің геометриялық орны АВ кесіндісіне перпендикуляр болатын түзу болып табылады. А нүктесінен осы түзуге дейінгі қашықтық $\frac{k+a^2}{2a}$ -ға тең.



Сурет 4 - Жазықтықтағы нүктелердің геометриялық орны

Есеп 4. А және В нүктелері берілген. А және В нүктелеріне дейінгі ара қашықтықтарының квадраттарының қосындысы тұрақты k санына тең болатын жазықтықтағы нүктелердің геометриялық орнын табыңыздар (сурет 5) [7].

Шешуі. Тік бұрышты декарттық координаталар жүйесін координаталар басы АВ кесіндісінің ортасы, ал абсцисса өсі осы кесіндіден тұратындай етіп енгіземіз. Онда, егер $2a$ - АВ кесіндісінің ұзындығы болса, онда осы координаталар жүйесінде $A(-a;0)$, $B(a;0)$ болады. Егер


$$\left(\sqrt{(x-a)^2 + y^2}\right)^2 + \left(\sqrt{(x+a)^2 + y^2}\right)^2 = k$$

теңдігі орындалатын болса, онда $M(x; y)$ нүктесі осы жиында жатады. Түрлендіруден кейін

$$x^2 + y^2 = \frac{k^2 - 2a^2}{2}$$

теңдеуін аламыз.

Керісінше, егер кейбір нүктенің координаттары осы теңдеуді қанағаттандырса, онда нүкте берілген жиынға тиесілі екендігін оңай тексеруге болады. Сонымен, ізделінді нүктелердің геометриялық орны центрі АВ кесіндісінің ортасы және радиусы $\sqrt{\frac{k^2 - 2a^2}{2}}$ болатын шеңберді анықтайды.



Сурет 5 - Шеңбер

Әдебиеттер тізімі

1. Мельникова Н.Б. Геометрия: векторы и координаты в пространстве. Мельникова Н.Б., Литвиненко В.Н., Безрукова Г.К. М.: Просвещение, 2007, 120 с.
2. Вольфсон Б. Подготовка к ЕГЭ и ГИА-9: учимся решать задачи /Вольфсон Б.И., Резницкий Л.И. М.: Легион, 2011, 129 с.
3. Шарыгин И.Ф. Математика для поступающих в вузы: учебное пособие. И.Ф.Шарыгин. М.: Дрофа, 2006, 479 с.

4. Ященко И.В. Математика: интенсивный курс подготовки к экзамену. М.: Айрис-пресс, 2003, 432 с.
5. Смоляков А.Н. ЕГЭ по математике: задания группы С. Смоляков А.Н., Сидельников В.И. Москва: Препринт, 2013, 205 с.
6. Корянов А.Г. Задача 18 (С4) ЕГЭ Математика 2015. Планиметрические задачи на вычисление и доказательство (типовые задания 18 (С4)). / А.Г.Корянов, А.А.Прокофьев. Москва-Брянск: Препринт, 2014, 39 с.
7. Кожухов С.К. Планиметрические задачи с неоднозначным ответом. // Математика в школе, 2011, №5, С. 11-15.

Аннотация

В геометрии применяются различные методы решения задач - это синтетический (чисто геометрический) метод, метод преобразований, векторный, метод координат и другие. Они занимают различное положение в школе. Основным методом считается синтетический, а из других наиболее высокое положение занимает метод координат потому, что он тесно связан с алгеброй. Изящество синтетического метода достигается с помощью интуиции, догадок, дополнительных построений. Координатный метод этого не требует: решение задач во многом алгоритмизировано, что в большинстве случаев упрощает поиск и само решение задачи. Можно с уверенностью говорить о том, что изучение данного метода является неотъемлемой частью школьного курса геометрии. Но нельзя забывать, что при решении задач координатным методом необходим навык алгебраических вычислений и не нужна высокая степень сообразительности, а это в свою очередь негативно сказывается на творческих способностях учащихся. Поэтому необходима методика изучения метода координат, позволяющая учащимся научиться решать разнообразные задачи координатным методом, однако не показывающая этот метод как основной для решения геометрических задач.

Abstract

In geometry, various methods of solving problems are used - a synthetic (purely geometric) method, transformation method, vector, coordinate method, and others. They occupy different positions in the school. The main method is considered to be synthetic, and of the other the highest position is the method of coordinates because it is closely related to algebra. The elegance of the synthetic method is achieved by intuition, guesswork, additional constructions. The coordinate method does not require this: the solution of problems is largely algorithmized, which in most cases simplifies the search and the solution of the problem itself. It is safe to say that the study of this method is an integral part of the school course of geometry. But we must not forget that the problem solving coordinate method requires the skill of algebraic calculations and do not need a high degree of intelligence, and this in turn has a negative impact on the creative abilities of students. Therefore, we need a method of studying the method of coordinates, allowing students to learn how to solve a variety of problems coordinate method, but does not show this method as the main for solving geometric problems.

**ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР
ЭКОНОМИЧЕСКИЕ НАУКИ
ECONOMIC SCIENCES**

УДК 338.431

К.К. Елтаева

магистрант, Казахский агротехнический университет имени С. Сейфуллина, Нур-Султан, Казахстан

ГОСУДАРСТВЕННАЯ ПОДДЕРЖКА СРЕДНЕГО И МАЛОГО БИЗНЕСА

Аннотация

В данной статье написана краткая история государственной поддержки среднего и малого бизнеса, а также важность его влияния на экономику страны. Поддержка малого и среднего бизнеса со стороны государства остается важным и необходимым инструментом, который напрямую влияет на рост экономики и благосостояние казахстанцев, а также поможет побороть безработицу и улучшить финансовое состояние горожан. На сегодняшний день средний и малый бизнес играет не маловажную роль во внутренней валовой продукции Казахстана. В статье рассмотрены общие понятие и функции государственной поддержки и их направления, выявлены наиболее часто запрашиваемые вопросы со стороны предпринимателей, были изложены ряд точных и наиболее эффективных ответов на вопросы предпринимателей, а также был и упоминался комплекс мер для решения этих вопросов со стороны государства.

Ключевые слова: государственная поддержка, средний-малый бизнес, предприниматели.

Государственная поддержка и развитие малого предпринимательства осуществляется путем: 1) оказания финансовой поддержки; 2) организации сети центров поддержки малого предпринимательства; 3) организации деятельности бизнес-инкубаторов; 4) передачи субъектам малого предпринимательства в доверительное управление или аренду не используемых более одного года объектов государственной собственности; 5) безвозмездной передачи субъектам малого предпринимательства в собственность объектов, переданных в аренду или доверительное управление для организации промышленного производства и развития сферы услуг населению по истечении года с момента заключения договора в случае выполнения предусмотренных им условий в порядке, установленном Правительством РК. Указанные направления и способы осуществления государственной поддержки субъектов малого предпринимательства были разработаны с учетом опыта зарубежных государств в этой области. В 70-х гг. XX в. в условиях энергетического кризиса и экономической депрессии, явившихся следствием излишней концентрации капитала и перенасыщением рынка товарами, работами, услугами произошла переоценка ценностей, и на первый план вышли вопросы развития и поддержки малого и среднего предпринимательства. Начиная с 80-х гг. многие страны стали постепенно переходить от индустриального к постиндустриальному пути развития экономики, что привело к закрытию, пере специализации, концентрации многих крупных предприятий, особенно в промышленных центрах, больших городах и индустриальных регионах [1]. Для улучшения экономической ситуации и снижения социальной напряженности стали разрабатываться государственные и региональные программы оздоровления депрессивных районов, направленные на оказание мер поддержки субъектам малого и среднего предпринимательства, реализация которых способствовала экономическому и социальному развитию некогда депрессивных регионов. При этом следует учитывать, что такие программы осуществляются не от случая к случаю (как это нередко имеет место в практике нашего государства), а систематически и целенаправленно. Здесь также нужно обратить внимание на то, что число таких государственных программ значительно превышает привычные для нас цифры.

Международная практика показывает, что без оказания мер государственной поддержки субъекты малого бизнеса обречены на банкротство, поскольку именно они весьма уязвимы ко всем рыночным изменениям и потрясениям. Вместе с тем малый бизнес выполняет стабилизирующую функцию в сфере экономики, позволяет создать и поддерживать конкурентную среду, обеспечивает равный доступ к осуществлению предпринимательской деятельности для всех ее участников. В современных условиях необходимо использовать весь комплекс мер как экономического, так и административного характера, с тем, чтобы создать наиболее оптимальные условия для развития малого и среднего предпринимательства в нашей стране.

Развитие малого и среднего предпринимательства является одним из условий успешного реформирования экономики. Создание и развитие сектора малого и среднего предпринимательства является основой социальной реструктуризации общества, обеспечивающей подготовку населения и переход всего хозяйства страны к рыночной экономике. Настоящая работа во многом обусловлена потенциалом малого и среднего предпринимательства как движущей силы становления и развития рынка. В настоящее время в Республике Казахстан в сфере предприятия малого и среднего бизнеса занято более 1 млн. человек. Предприятия малого и среднего предпринимательства формируют более 11 % бюджета страны, их доля в ВВП составляет 17%, устойчиво и увеличивается объем инвестированных в них средств. По доле в ВВП малое и среднее предпринимательство занимает II место, после нефтяного сектора [2]. Достигнутый уровень формирования малого и среднего предпринимательства по-прежнему требует изучения проблем его становления и роста: разработки эффективных и гибких методов оценки, анализа, управления и прогнозирования перспектив развития. Государственная политика поддержки и развития малого и среднего предпринимательства и выстраивается новая идеология взаимоотношений государства и предпринимательства, основной целью, которой является повышение конкурентоспособности страны. В программах говорится, что государство поддержит инициативы казахстанского среднего и малого бизнеса, направленные на трансферт передовых технологий, привлечение иностранных инвесторов для создания современных импортозамещающих производств, с перспективой экспортной ориентированности, а также системно выстроит свое взаимодействие с бизнесом на основе формирования эффективных институтов сотрудничества, как на республиканском, так и региональном уровнях. Концентрация ресурсов государства и бизнеса на развитии приоритетных секторов экономики будет сопровождаться интерактивным процессом согласования решений государства и бизнеса, использования современных информационных систем мониторинга и конкретных инструментов реализации. Таким образом, о правильной направленности вектора государственной поддержки предпринимательства в Республике косвенно свидетельствует политика развитых стран [3]. В целом, важность различных направлений государственной поддержки в большей степени отмечали те предприниматели, опыт предпринимательской деятельности которых составляет более 6 лет. Статистически значимых отличий в восприятии важности различных направлений государственной поддержки в разрезе областей Казахстана не зафиксировано. Обобщая информацию, можно выделить следующие основные проблемы и ограничения, являющиеся наиболее актуальными для малого и среднего бизнеса:

- 1) Проверки контролирующими и налоговыми органами;
- 2) Снижение покупательской способности и сложности в поиске рынков сбыта;
- 3) Высокий размер арендной платы;
- 4) Недостатки системы налогообложения субъектов малого и среднего бизнеса;
- 5) Высокая конкуренция;
- 6) Проблема финансирования бизнеса;
- 7) Проблема поиска и подбора кадров;
- 8) Отсутствие необходимой техники и оборудования.

Малый бизнес – дело трудное и сопряженное с многочисленными рисками и опасностями. “Плюсы” и “минусы” этой формы экономической деятельности можно проиллюстрировать с помощью SWOT-анализа (SWOT). Проблемы, препятствующие развитию малого бизнеса в Казахстане, отличаются своей комплексностью и не могут быть решены в короткие сроки. Современное состояние развития сектора малого бизнеса диктует необходимость пересмотра стратегии его государственной поддержки. Новая стратегия должна строиться с учетом отраслевых и региональных особенностей развития малого бизнеса. При этом основными компонентами данной стратегии можно предложить:

- Совершенствование действующего нормативно-правового обеспечения;
- Содействие в расширении путей взаимодействия малых предприятий с крупными;
- Совершенствование системы налогообложения;
- Совершенствование финансово-кредитных механизмов;
- Устранение административных барьеров [4].

Поддержка развития общественного движения предпринимателей — это комплексная реализация указанных компонентов позволит в среднесрочной перспективе сформировать благоприятные условия для развития сектора малого бизнеса в Казахстане. Региональная инфраструктура поддержки малого и среднего предпринимательства в Республике Казахстан представлена на сегодняшний день большим количеством различных организаций, оказывающих представителям малого и среднего бизнеса помощь по всем возможным направлениям – от консультаций по вопросам создания собственного дела и выбора организационно-правовой формы до поиска партнеров за рубежом и привлечения инвестиций. Используя опыт развитых стран по развитию малого и среднего бизнеса, Правительство проводит углубленную политику по реформе финансового сектора и комплексному развитию инфраструктуры поддержки малого предпринимательства: расширение сети центров малого бизнеса, бизнес-инкубаторов, консалтинговых, лизинговых и других фирм, создание банков данных специализирующихся на обслуживании малых предприятий. В настоящее время упрощен порядок регистрации субъектов малого предпринимательства - введены типовые уставы, размер регистрационного сбора уменьшен в 4 раза; упрощена процедура сертификации продукции для субъектов малого предпринимательства; введены льготы по регистрации недвижимости и права на землю; сокращено число контролирующих и инспектирующих государственных органов и платных услуг, осуществляемых ими; проводятся тендеры по передаче субъектам малого предпринимательства, занимающимся производственной деятельностью, неиспользуемых площадей и земель, а также объектов незавершенного строительства; введена система упрощенного бухгалтерского учета для субъектов малого предпринимательства. Таким образом, в настоящее время в области поддержки предпринимательства существует большое количество различных институтов, сформированы базовые принципы, формы и механизмы поддержки [5]. Подводя итоги проведенного исследования можно сказать, что количество предприятий малого бизнеса растёт из месяца в месяц, причём рост поступательный, не имеющий каких-либо скачков и спадов, это обстоятельство характеризует предпринимательство в стране как стабильно развивающееся [6]. Наряду с определенными наработками в Казахстане имеются серьезные проблемы, требующие проведения коренной реорганизации деятельности в осуществлении политики качества. Состояние дел в этой области в настоящее время позволяет констатировать отставание в Казахстане от европейских стран примерно на 12-14 лет. Нетрудно представить, что, если уже сейчас не начать целенаправленную работу в этом направлении, указанный разрыв значительно увеличится [7].

Список литературы

1. Адуков Р. Х., Алтухов А. И. Совершенствование государственного управления агропромышленным комплексом страны // Менеджмент и бизнес-администрирование, 2007, № 1, С. 40-53.

2. Предпринимательский кодекс Республики Казахстан от 29 октября 2015 года № 375-V ЗРК. Статья 92
3. Ширшова Л.В. Анализ развития малого и среднего предпринимательства в РК // Вестник. Серия экономическая, 2011, № 2, С. 116-123.
4. Воевутко А. Ю. Государственная поддержка малого и среднего бизнеса в Казахстане // Финансы Казахстана, 2011, № 5, С. 37-40.
5. Ауезканов А.Б. Предпринимательская деятельность - объективная основа организации малого бизнеса // Финансы Казахстана, 2009, № 3-4, С. 73-76.
6. Нечаев В. И., Бирман В. Ф., Санду И. С., Бершицкий Ю. И., Боговиз А. В. Организация инновационной деятельности в АПК. М.: КолосС, 2012, 296 с.
7. Петрова С. Ю. Механизм государственного регулирования аграрного сектора России // Вестник НГИЭИ, 2012, №11, С. 52-61.

Түйін

